Алайда көрсетілген авторлардың тізбегі көп болғанымен әрекетсіздік кезіндегі себепті байланысты жоққа шығаратын заңгерлер де кездеседі. Мәселен, М.Д.Шаргородскийдің ойынша: «Әрекетсіздіктің өзі жеке алғанда ешнәрсе тудыра алмайды, ал әрекетсіздік кезіндегі жауаптылық, пайда болған зардапқа қатысты әрекетсіздіктің себептілік сипаты үшін емес, адам өзіне жүктелген міндетті жүзеге асырмай, зардаптың пайда болуын тойтаруға байланысты өзіне қойылған талапты орындамағаны үшін туындайды» [4, с.183-188].

Сонымен қатар, М.Д.Шаргородский әрекетсіздік қозғалыстың белгілі-бір нысаны болып табылатынын жоққа шығармайды. Бірақ ол үшін ғалымның ойынша, әрекетсіздік оқшауланбай, құбылыстардың жалпы ара-қатынасында қарастырылу қажет. Ол былай деп көрсетеді: «Әрекетсіздікті оқшауламай қоғамдық қатынастардың ара-қатынасында қарастырсақ, әрекетсіздіктің себептілік сипатында сөз жоқ, бірақ себеп және сал-

дар екеуі ара-қатынастардан ажыратып алынғанда ғана әрекет етеді және талдауға жатады, ал бұл жағдайда әрекетсіздіктің себептілік сипаты жойылады» [5, с.50]. Барлығы да екі құбылыс әрекет ететін ара-қатынасқа, шарттарға байланысты. Себеп және салдарды оқшаулау қағидасы ара-қатынас қағидасына кедергі болады.

Шетел қылмыстық құқығында әрекетсіздік кезіндегі себепті байланыс туралы мәселені алғашқылардың бірі болып 1836 жылы көтерген Люден. Оның айтуынша: «Жеке әрекетсіздіктің өзі себептілік сипатына ие бола алмайды, ал оған жол жөнекей болатын әрекет, пайда болған зардаптың себебі болып табылады» [6, с.87].

Сонымен қатар, Меркель және Глазер сияқты заңгерлер пайда болған нәтиженің себебі адамның белсенді әрекеті дей келіп, әрекетсіздік ешқандай нәтиже әкелмегендіктен оны екінші сатыға ығыстырады [7, р.139].

Бірақ ойлап қарасак, әрекетсіздікке алғы шарт болатын белсенді әрекеттің болмауы да мүмкін. Болған жағдайдың өзінде белсенді әрекет кінәсіз болып, нақты кінә кейіннен яғни себептілік сипаты жоқ әрекетсіздік жағдайында туындауы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда себепті байланыс мәселесі қалай шешілуі қажет?! Көріп отырғанымыздай бұл жерде қылмыстық жауаптылықтың объективтік және субъективтік жақтарында қарама-қайшылық бар. Демек, Меркель мен Глазердің тұжырымдаған алғы шарт болып табылатын адамның белсенді әрекеті мен одан кейін болатын әрекетсіздіктің бірлігін дәлелдеу жүзеге аспай қалады. Осы орайда орыс заңгері И.Я.Фойницкий былай деп көрсетеді: «Әрекетсіздік үшін жауаптылықты негіздеу алғы шарт болып табылатын кінәлінің белсенді әрекетіне байланысты болса, сонда қылмыс жасаудың жеке нысаны болып табылатын әрекетсіздікті қылмыстық құқықтан мүлде алып тастау қажеттілігі туындайды. Әрекетсіздік қылмыс жасаудың жеке нысаны ретінде қарастырыла алмайды, ол белсенді әрекеттің бір бөлігі болып табылады» [8, с.214-219]. Бірақ И.Я.Фойницкий әрекетсіздіктің жеке мағынасы жоқтығын дәлелдей алмады.

Н.Д.Сергеевский: «Әрекет және әрекетсіздік ұғымдарын ғылымда ажырата білу пайдалы және қажет» деп дұрыс көрсеткен [6, с.127]. Әрекетсіздік кезіндегі себепті байланысты жокқа шығаратын тұжырымдар өз қорытындысын мынаған негіздейді: әрекетсіздіктің өзі белсенді болмағандықтан ол механикалық әсер ете алмайды. Әрекетсіздіктегі себептілік туралы сөз қозғалғанда, қоғамға қауіпті зиян тигізу емес, қоғамға қауіпті зардапқа тойтарыс бермеу туралы айтылуы қажет. Адам өзіне жүктелген міндеттерді орындамауы салдарынан қоғамға қауіпті зардаптың пайда болуына тойтарыс бермейді.

Қоғамдық өмірде әрекетсіздік яғни адамның енжар мінез-құлқы белгілі бір жағдайда орасан зор

қоғамға қауіпті зардаптар туғызады. Оның негізі адамның өзіне жүктелген міндеттерді орындамауы. Мысалы, ҚРҚК-ң 370 бабының 1 бөлігі: «Қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса» қылмыстық жауаптылықты көздейді [9]. Осыған байланысты белсенді әрекет жолымен қылмыс жасалғанда себепті байланысты анықтаудың барлық талаптары мен шарттары адамның қоғамдық қауіпті әрекетсіздігі мен соның салдарынан туындаған қоғамдық қауіпті салдардың арасындағы себепті байланысты анықтауға да қолданыла алады деп ойлаймыз.

А.Н.Ағыбаев: «Әрекетсіздік қылмыстық-құқылық мағынаға ие болу үшін мынандай бірнеше белгілердің жиынтығына сәйкес келуі тиіс деп дұрыс көрсеткен. Осы белгілердің жиынтығы:

1. Әрекетсіздіктің нақты көрінісі неде, яғни айыпкер адам өзіне жүктелген нақты қандай міндеттерді істемеді?

2. Әрекетсіздік жасаған адам осы нақты әрекеттерді істеуге міндетті ме?

3. Осы әрекеттерді ондай адамның істеуге нақты мүмкіндіктері болды ма?» [10, 71 б.].

Әрекетсіздік кезіндегі себепті байланысты анықтап, қылмыстық жауаптылық мәселесін шешу үшін А.Н.Ағыбаевтың жоғарыда атап көрсеткен белгілерін анықтау қажет.

Сонымен қатар, адамның әрекетсіздігі басқа адамды (жәбірленушіні) белсенді әрекет жасауға мәжбүрлеуі мүмкін, яғни әрекетсіздіктің ниеттік мағынасы да бар деп айтуға болады. Бұл жағдайда әрекетсіздік қылмыс жасаудың тәсіліне айналады. Мысалы, көзі соқыр адамды жетектеп алып жүруші алдындағы шұңқыр туралы алдын ала ескертпейді, соның себебінен, көзі соқыр адам шұңқырға құлап өледі. Осы мысалдан көріп отырғанымыздай әрекетсіздік басқа адамның жүріс-тұрысына ниет жасайды. Бірақ әрекетсіздік ниет арқылы ғана әсер етіп себебін тигізбейді, ол сыртқы ортадағы себептіліктің жалпы тізбегіне қосыла алады. Мысалы, күзетші мемлекеттік мүлікті сақтау жөніндегі өзінің құқылық міндетін орындауға күні бұрын әдейі ұқыпсыз қарап, басқалардың осы мүлікті ұрлауына жол береді. Сөйтіп кәсіпорынды көп мөлшердегі материалдық залалға ұшыратады. Осы мысалдағы күзетшінің әрекетсіздігі себептілік тізбегінің дамуында қажетті бөлік болып табылады.

Адамдардың өзіне жүктелген белгілі бір, та-



лаптар орындау міндеттілігі әртүрлі жолдармен белгіленеді:

1) барлық азаматтардың заң талабын орындау міндеттілігі. Мысалы: қылмыс туралы хабарламау (ҚРҚК-ң 434 бабы). Қылмыстық Кодекс дайындалып жатқан немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыс туралы хабарлауды Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына (осы баптың ескертеуінен басқа) міндет етіп қояды; немесе Қазақстан Республикасының есі дұрыс, 18 жасқа толған ер азаматтары әскери қызметті өтеуге міндетті. Қылмыстық кодекстің 387 бабының 1 бөлігі, әскери қызметтен босату үшін заңды негіздер болмаған кезде әскери қызметке шақырудан жалтарған жағдайда қылмыстық жауаптылық жүктейді;

2) азаматтардың қызмет талаптарынан туындайтын міндеттер, яғни адамның қызмет немесе атқарып жүрген кәсіптік аясынан пайда болатын міндеттер. Мысалы, ҚРҚК-ң 316 бабының 1 бөлігі: «Салғырттық, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның өз міндеттерін қызметіне адал қарамауы немесе ұқыпсыз қарауы салдарынан орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса» қылмыстық жауаптылық көзделген;

3) адамның адамгершілік нормасынан туындайтын міндеттер. Мысалы, ҚР ҚК-ң 119 бабының 1 бөлігі: «Өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы және сәбилігіне, қарттығына, науқастығына қарай немесе өзге де дәрменсіз күйі салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қолдану мүмкіндігінен айырылған адамды көрінеу көмексіз қалдыру, егер кінәлі адамның сол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған немесе сол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған не оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйге өзі түсірген жағдайларда» қылмыстық жауаптылық жүктейді;

4) жанұялық және туыстық қатынастардан туындайтын міндеттер. Мысалы, ҚРҚК-ң 139 бабы: "Ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы не кәмелетке толған еңбекке қабілетті адамның өзінің еңбекке қабілетсіз ата-анасын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам жалтаруы не еңбекке қабілетті адамның еңбекке қабілетсіз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден алты айдан астам жалтаруы" үшін қылмыстық жауаптылық көрсетілген .

Қылмыстық құқық әдебиеттерінде «аралас

әрекетсіздік» деген термин қарастырылады. Адам өзінің алғашқы әрекетімен қоғамға қауіпті зардаптың пайда болуына мүмкіндік жасайды, содан кейін сол зардапты тойтаруға мүмкіндігі болса да, кінәлі түрде әрекетсіздік етіп зиянды салдарды тудырады. Мәселен, хирург, қайғылы оқиғадан кейін зардап шеккен адамды емдеу барысында, ішін кесіп ашады. Содан кейін жатқан ауру адам өзінің қас жауы екенін танып қойып, әдейі ота жасауды тоқтатады. Соның нәтижесінде ауру өледі. Бұл жердегі хирургтың алғашқы әрекеті /операция/ құқықтық жағынан пайдалы деп айтуға болады; ал дәрігер өзінің пайдалы әрекетін тоқтатқанда, ол құқыққа қайшы және кінәлі /қасақана/ сипатқа ие болады.

Адамның алғашқы жасайтын әрекеті кінәнің абайсыз нысанында да болып, одан кейінгі әрекетсіздік қасақана болуы да мүмкін.

Сонымен адамның әрекетсіздігі мен одан туындайтын қоғамға қауіпті зардап арасында себепті байланыс болатынына көзімізді жеткіздік. Жоғарыда көрсетілгенді тәмәмдай келе, біріншіден, адам қоғамдық қатынастар саласында өз міндетін атқару қажеттілігі әрекетсіздік пен қоғамға қауіпті салдар арасындағы себепті байланысты бекіту үшін жеткіліксіз. Ол үшін талап етілетін міндетті орындамаған адамның, сол міндетті орындау үшін нақтылы мүмкіндігінің болуы екінші шарт болып табылады. Үшінші шарт, адамнан заңмен талап етілетін әрекетті жасау, қоғамға қауіпті зардаптың пайда болуының алдын алу керек. Әрекетсіздік кезіндегі себепті байланысты анықтау ерекшелігі міндетті адам жасауға тиісті әрекет жасалса, ол қылмыстық нәтиженің туындауының алдын алатын ба еді деген мәселені шешу қажетігінен де туады. Бұл сұраққа оң жауап берілгенде ғана себепті байланыс қолда болады.

Сайып келгенде, біздің ойымызша әрекетсіздік пен одан туындайтын қоғамға қауіпті нәтиженің арасындағы себепті байланыс туралы мынандай қорытындыға келуге болады:

Біріншіден, қоғамға қауіпті әрекетсіздік, себепті байланыстың дамуына қажетті алғы шарт болып табылады.

Екіншіден, қоғамға қауіпті әрекетсіздік белгілі бір жағдайда себептілік тізбегінің дамуындағы байланыстырушы бөлік болып табылады.

Үшіншіден, адамға белгілі бір қоғамдық қатынастар аясында, ол атқаруға тиісті міндеттер жүктелуі керек.

Төртіншіден, адам сол міндеттерді орындауға толық мүмкіндігі болу қажет .

Бесіншіден, адам мүмкіндігі болған әрекетті орындау, қоғамға қауіпті зардаптың алдын алуы тиіс.

Осы шарттар орын алғанда кінәлінің қоғамға қауіпті әрекетсіздігі мен одан туындаған зардап арасында себепті байланыс орын алады.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2014. – 51 б.
2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің статистикалық есептері / pravstat.prokuror.kz
3. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы. / adilet.zan.kz/
4. Шаргородский М.Д. Причинная связь в уголовном праве, «Ученые труды ИЮН», вып.Х, 1947. - С.412.
5. Шаргородский М.Д. Некоторые вопросы причинной связи в теории права. // Советское государство и право, 1956. №7. С.38-51.
6. Сергеевский Н.Д. О значении причинной связи в уголовном праве. ч. II. Ярославль. – 1880.- 544 с.
7. Merkel- Liermann, Die Lehre von verbrechen und strafe, Stuttgart, 1912, 133-139 p.
8. Фойницкий И.Я. Мошенничество по русскому праву, ч.II, СПб, 1871, С. 214-219.
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ / adilet.zan.kz/
10. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Оқулық.Толықтырылып, екінші басылуы.- Алматы: Жеті жарғы, 1999.- 320 б.

**Балтабаев Сабырғали Амантайұлы**

Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының  
Ғылыми-зерттеу институтының Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі және  
басқару мәселелерін зерттеу бойынша орталығының бастығы, з. ғ. к., полиция подполковнигі  
(Қарағанды қаласы, 87012772469; baltabaev.sabyrgali@mail.ru)

**АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ  
ОТБАСЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ  
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ ТӘЖІРИБЕСІ**

**Түйін.** Мақала отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылықпен күрес жүргізудің халықаралық-құқықтық тәжірибесі, нақтырақ, Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританиядағы осы құқық бұзушылықтармен күрестің құқықтық тетіктері мәселелерін зерттеуге арналған. Бұл мемлекеттердің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық көріністерімен күрес тәжірибесі әлемдегі алдыңғы қатарлы болып табылады. Осыған орай, осы саладағы халықаралық тәжірибе отандық заңнаманы жетілдіру үшін қажет.

**Резюме.** Статья посвящена вопросам изучения международно-правового опыта противодействия насилию в сфере семейно-бытовых отношений, в частности, правовым механизмам борьбы с данными с правонарушениями в Соединенных Штатах Америки и Великобритании. Опыт этих государств по борьбе с проявлениями насилия в отношении женщин является передовым в мире. В этой связи изучение международного опыта в данной сфере необходимо для совершенствования отечественного законодательства.

**Summary.** Article is devoted to the study of international legal experience to reaction violence in family relations, in particular, the legal mechanisms to reaction these offenses in the United States and the United Kingdom. The experience of these states to reaction violence against women is the best in the world. In this regard, the study of international experience in this area is needed to improve the domestic legislation.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылықпен күресте шетел мемлекеттерінің тәжірибесін саралай келе, біз Америка Құрама Штаттары (әрі қарай – АҚШ) мен Ұлыбритания сияқты мемлекеттерге ерекше көңіл бөлдік, себебі, бұл мемлекеттердің тұрмыстық негіздегі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша тәжірибесі орасан зор [1, 237-247].

АҚШ-та отбасындағы зорлық-зомбылық бойынша хабарламаларға ықпал ететін, отбасындағы зорлық-зомбылықтан немесе қайталанатын зорлық-зомбылықтан қорғау үшін Соттық тыйымды алуды («Тыйым салушы сот бұйрығы» деген атпен белгілі) қажет ететін топтар жұмыс жасайды. Соттық тыйым салу арызданушының отбасылық зорлық-зомбылық құрбаны болу қаупі бар деп санауға негіз болған жағдайда қолданылады.

Соттар «Отбасындағы зорлық-зомбылық туралы» АҚШ Федералды заңының ережелерін қолдана отырып, отбасында зорлық-зомбылыққа уақытша немесе тұрақты тыйым салады. Мұнда зорлық-зомбылық кез келген заң бұзушылық болып табылады – ол: ауырлатушы мән-жайлары бар шабуыл жасау, ұрып-соғу, зорлау, ұрып-соға отырып зорлау, қудалау, отбасы мүшесін ұрлау, заңсыз бас бостандығынан айыру, отбасы мүшесін отбасының басқа мүшесінің өлтіруі немесе тән жаракаттарын немесе өлім келтіретін кез келген қылмыс болуы мүмкін.

Арызданушы сотқа отбасы мүшесіне сот тыйымын салуға жүгінеді. Сот тыйымының екі түрі бар:

1. Соттық уақытша тыйым салу, сот отбасында анық тікелей қауіп бар деп шешкенде тағайындалады. Мұнда кінәлі тұлға үйіне, арызда-

нушының жұмысына келу мүмкіндігінен уақытша айырылады, отбасында зорлық-зомбылық актісін жасауға тыйым салынады. Уақытша тыйым салу мерзімі 15 күн, алайда жеткілікті негіз болғанда ұзартылуы да мүмкін;

2. Тұрақты тыйым салу. Қорғаудың мұндай түрі жәбірленуші тұлғаға отбасылық зорлық-зомбылық құрбаны болуы қаупі бар деп санауға жеткілікті негіз болғанда қолданылады. Қолданылу мерзімі ол өзгертілгенше немесе алып тасталғанша жалғасады [2, 47-48; 52-55].

Тұрақты соттық тыйым салу келесілерге мүмкіндік береді: жауапкерді арызданушыға немесе отбасының кез келген мүшесіне зорлық-зомбылық әрекетін жасаудан ұстау, жауапкерді отбасындағы зорлық-зомбылықпен күрес бойынша ресми тіркелген орталыққа жолдау, жауапкерді соттық тыйым салынғаннан кейін бірден барлық қару мен оқ-дәрілерді полиция бөліміне тапсыруға мәжбүрлеу.

Заңға сәйкес, ата-ананың біреуі отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты ауыр қылмыс үшін сотталған болса, ол адамға кәметке толмағандарды тәрбиелеумен айналысуға тыйым салынады.

АҚШ-та, басқа да елдердегі сияқты отбасылық зорлық-зомбылықтың жасанды латенттілігі бар. Полиция офицерлері отбасылық жанжалдармен айналысқысы келмейді және көп жағдайда үй ішіндегі төбелес жайында қоңырау түскенде қандай да бір әрекет жасауға асықпайды. 80-жылдардың орта тұсында әйеліне шабуыл жасалған жағдайлардың не бары 1%-де ғана қамауға алу қолданылғаны есептелді [3].

Америка Құрама Штаттарының кейбір психологтары мен әлеуметтік қызметкерлері полиция



белсенді бітімгерші болуы тиіс деп есептейді: тұрмыстық жанжалдарды тергейтін офицерлер қамауға алудың алдында жанжалды мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешуге тырысуы керек, тіпті келісімге келе алмайтын ерлі-зайыптыларға ақыл-кеңес берулері тиіс. Басқалары әсіресе әйелдер топтарының мүшелері бұл ұсынысқа сын айтады, олар әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық қолданатын ерлерге ақыл-кеңес бергеннен гөрі, оларды жазалау керек деп есептейді.

Криминолог-зерттеушілер Миннеаполисте эксперимент жасау барысында отбасында зорлық-зомбылық қолдану мүмкіндігін азайтуда ақыл-кеңес беру немесе қамауға алудың тиімді екенін анықтауға тырысты. Зерттеуге қатысқан полицейлер оқиға болған жерге келгенде ең алдымен жағдай зерттеу шарттарына сай келетінін анықтады: отбасылық жұптың екі мүшесі де бар ма, шабуыл соңғы төрт сағат ішінде жасалды ма және шабуыл соттық қарауға жата ма (яғни ұрып-соғу қамауға алатындай соншалықты қатты болды ма, алайда ауыр жарақаттар келтірмейтіндей және өмірге қауіп төнетіндей қатты болмауы тиіс). Одан кейін тиісті оқиға бойынша келесідей үш салдардың бірі орын алады: 1) шабуылдаушы қамауға алынады; 2) офицерлер жанжалдың қатысушыларын тыңдайды және кикілжінді жою бойынша ақыл-кеңес беруге тырысады; 3) офицерлер ер мен әйелді бір-бірінен ажыратады, шабуылдаушыны бірнеше сағатқа отбасынан алшақтатады. Қамауға алынғандар түрмеге ұзақ уақытқа тоғытылмауы керектігін түсіну керек; олардың 40% бір күн ішінде босатылды, 90% бір аптадан кейін немесе одан да ерте босатылды. Одан әрі не болатынын және зорлық-зомбылық қолдану қайталатынын анықтау үшін бұл отбасыларға 6 ай бойы бақылау жүргізілді.

Зерттеу қорытындылары келешектегі агрессиялық мінез-құлықтың алдын алудың ең күшті құралы екенін көрсетті. Полицияның ресми жазбаларына сәйкес өз әйелдеріне озбырлықпен қарағаны үшін қамауға алынған ерлердің 10% келесі 6 ай ішінде қайта қамауға алынған екен. Зорлық-зомбылықты қолдану жағдайларының қайталануы деңгейінің төмендігі өз әйелдеріне қарсы зорлық-зомбылық қолданғаны үшін қайта қамауға алынғандардың ішінде ақыл-кеңес тыңдағын ерлер 19% және отбасынан алшақтатылған ерлер 24% құрады.

Жасалған жаңалықтар әлеуметтік саясат үшін тәжірибелік тұрғыдан маңызды болды және эксперимент тұтас ұлттың назарын өзіне аударды. Миннеаполистің полиция бөлімінің нәтижелерге таң қалғаны сонша, отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайларына деген өз көзқарасын өзгертті. Зерттеушілердің өздері отбасындағы физикалық зорлық-зомбылықтың қарапайым жағдайларының өзінде, әрине қамауға алу қолданылмайтын себепті негіз болған жағдайдан басқа, қамауға алуды қолдану керек деп шешті [4].

Ұлыбританияда отбасылық зорлық-зомбылық салдарынан әр үш күн сайын бір әйелден қаза табады. Жүргізілген зерттеулер бойынша 1995 жылы отбасылық зорлық-зомбылықтың 6, 6 миллион жағдайы тәркелген, бұл отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбандары әйелдер де, ер адамдар да болған. Әр төртінші жағдайда әйелдер 16 жасынан зорлық-зомбылыққа душар болған. ПМ жүргізген №191 «Отбасылық зорлық-зомбылық: сауалнама арқылы Британдық қылмыстарға шолу жасау нәтижелері» зерттеулеріне сәйкес отбасында зорлық-зомбылыққа шыдай берген сайын бұл мәселе ушыға түсетінін анықтады. Көбіне, отбасылық зорлық-зомбылықтан жәбір көргендер полицияға жүгінгенге дейін отбасындағы кемсітуге ұзақ уақыт бойы душар болады, көптеген жағдайда бұл факт көрсетулерде айқындалмайды.

Отбасылық зорлық-зомбылық халықтың кез келген таптық, діни, жыныстық немесе ұлттық топтарына тән. Отбасылық зорлық-зомбылыққа әйелдер де, ер адамдар да душар болуы мүмкін. Дегенмен, отбасылық зорлық-зомбылықтың көпшілік актілері әйелдерге қарсы ерлер тарапынан жасалады. Тәжірибе көрсеткендей, ерлермен салыстырғанда әйелдер өмірі барысында зорлық-зомбылыққа көбірек душар болады, қайталанатын зорлық-зомбылыққа жағдайларына жиі ұшырайды, тән жарақатын жиірек алады және медициналық көмекке жиі жүгінеді, қорқытуға ұшырайды.

Сонымен қатар, Ұлыбританияда отбасылық зорлық-зомбылықтың жасанды латенттігі де бар. Полиция тіркемеген отбасылық зорлық-зомбылықтың елеулі саны да орын алып отыр.

Көбісі полициядан көмек сұрағаннан кейін құқықбұзушыны жауапкершілікке тартудың ресми процедураларынан бас тартады. Мұндай бас тарту өзінің серіктесін, балаларды, мүлкін, үйін, отбасын, жұмысын жоғалту үрейімен, қаржылық тұрақсыздық тәуекелімен, отбасының басқа мүшелерінің тарапынан мұндай зорлық-зомбылық қолдау табады деген қорқыныспен, бұдан да алапат зорлық-зомбылыққа ұшырау қорқынышымен байланысты болуы мүмкін. Полиция офицерлері мұндай реакцияға түсіністікпен қарауы тиіс, алайда жәбірленуші тарапынан мұндай көзқарас полицияны өзінің негізгі рөлі – жәбірленуші мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуден, қылмыс орын алған жағдайда, кінәліні жауапкершілікке тартудан алаңдатпауы керек.

Сондай-ақ, фактілер, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тәуекелі ажырасу шегінде тұрған отбасыларды, қаржылай тұрақсыз отбасыларды, сондай-ақ өзінің табысы жоқ және серіктесіне тәуелді әйелдер тұратын отбасыларда жоғары болатынын көрсетті.

Ұлыбританияда полиция жалғыз өзі отбасылық зорлық-зомбылықпен күресте қауқарсыз, сондықтан өзге де ресми ерікті агенттіктермен, соның ішінде Crown Prosecution Service (Корольдік айып-

тау бөлімі); сотталған қылмыскерлерге бақылау жасау қызметімен; заңгерлермен және медицина қызметкерлерімен; тұрғын-үй департаментімен; әлеуметтік қызмет бөлімімен; Әйелдерге Көмек көрсету ұйымымен және өзге де әйелдер ұйымдарымен және агенттіктерімен ынтымақтастық жасау керек деген қорытындыға келді [5, 3-6].

Қылмыстылықты қысқарту бойынша түрлі ұйымдармен және жергілікті форумдармен бірлесе қызмет ету арқылы адамдарға отбасылық зорлық-зомбылық құрбандары болуға мүмкіндік бермейтін стратегияларды дамыту қажет. Зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау мен көмек көрсету бойынша бағдарламаларды мұқият зерттеу керек. Ренжітушіні қамауға алу мен жазалаудың өзінде құрбан зор қолдауға зәру болады. Жәбірленушілерге көмек көрсету уақытша немесе тұрақты баспанаға қол жеткізуді, мектепті ауыстыруға көмектесуді, қаржылық көмек көрсетуді, азаматтық нұсқамалар алу мен адамның үрейі мен қиындықтарын тыңдау және түсіну дайындығын қамтиды.

Барлық ұйымдардың бірлесе қызмет етуінің мақсаты құрбанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жеткілікті қолдау мен көмек көрсету болып табылуы тиіс. Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес нәтижелерінің тиімділігіне қол жеткізу үшін тек қана құқық қорғау жүйесінде жұмыс жасайтын ғана емес, барлық агенттіктер тарапынан тиісті реакция мен қолдау қажет болады.

Отбасылық зорлық-зомбылық жағдайында полицейлердің міндеті құрбандар мен балаларды (қажет болған жағдайда) зорлық-зомбылықтан қорғау болып табылады. Қамауға алу қажеттілігіне толық негіздер болған жағдайда күдікті ұсталуды керек. Кері жағдайда полиция қамауға алмау туралы өзінің шешімін түсіндіруі керек. Полицияның келесі бір міндеті болып айыпталушыны жауапкершілікке тарту болып табылады. Полиция тергеу жүргізгенде құрбанның ауызша және жазбаша арыздарына негізделіп қана қоймай, оқиғаның жалпы сипатын қарастыруы тиіс. Зерттеулердегі барлық актілерді жинаудың беріктігі іс бойынша сәтті қарау мүмкіндіктерін арттырады, әсіресе құрбан нақты көрсетулер бере алмаған жағдайда.

Британдықтар мемлекеттік және ерікті агенттіктермен бірлесе отырып қызмет етудің бұл мәселелерді шешудегі маңыздылығын атап өтеді.

Отбасылық зорлық-зомбылық жасалған жағдайда британдық полицейлердің шешулері тиіс бірнеше міндеттері бар: зорлық-зомбылық ісі бойынша тергеу жүргізу; құрбанға көмек көрсету; құрбанды үнемі ақпараттандыру; агенттіктермен байланысты үзбеу. Мұнда полицейлердің сәйкес білімдері мен қабілеттерін қолдануы маңыздылығы аталып өтеді, бұл психологиялық көмек беру бойынша қызмет көрсету ғана емес, істі тергеу дегенді білдіреді. Әкімшілік қызметтерді азаматтық персонал жүзеге асырады. Полицейлер персоналдың әрбір

мүшесі үшін лауазымдық нұсқаулар дайындаулары және басшы тағайындаулары тиіс.

Британдық заңгерлердің жүргізген зерттеулері тиісті басқару мен отбасылық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша штаб-квартира тарапынан бақылаудың аздығы отбасындағы зорлық-зомбылық ресми басымдықтардың соңғылары болуына әкеп соғады. Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күрестің мақсаттары мен әдістерінің сәйкестігін қолдау мақсатында осы мәселемен шұғылданатын органдарға өз саясатын дайындау барысында Корольдік Бас айыптаушымен байланыс жасау және келесі негізгі бағыттарды қамту ұсынылды:

- негізгі міндеттері құрбан мен қажет болған жағдайда баланы қорғау екенін жариялау;
- істі толық тергеу қажеттігі;
- алғашқы әрекеттер туралы ереже және тергеу бойынша стандарттар минимумы;
- қайта құдалау терминін анықтау;
- сәйкес құқықтық құзыреттіктерді баяндау;
- офицерлермен және өздері отбасылық зорлық-зомбылық құрбандары немесе құқықбұзушы болатын азаматтық персоналмен жұмыс бойынша басшылық;
- агенттіктер арасындағы серіктестіктің маңыздылығы;
- отбасылық зорлық-зомбылық бойынша бірлескен форумдардың жобаларын дайындау және кездесулерді ұйымдастыруға қатысу;
- отбасылық зорлық-зомбылықтың (кемсіту динамикасы) басқа зорлық-зомбылық түрлерінен айырмашылығы туралы ақпараттарды тарату маңыздылығы;
- полиция офицерлері үшін және қолдау көрсететін барлық персонал үшін, сондай-ақ, бақылау бөлмесінің персоналы және ақпараттарды табыстайтын персонал үшін ақпараттық тренингтер үшін нұсқамалар;
- саны аз топтар мәселелері;
- қажет болған жағдайда офицерлердің отбасылық зорлық-зомбылық бойынша қызметтік нұсқауларын дайындау;
- саясатты тұрақты бағалау мен бақылау маңыздылығы;
- тіркеу мен жазбаларды жүргізудің маңыздылығы;
- отбасылық зорлық-зомбылық бойынша мәліметтер туралы ақпараттары;
- басқа агенттіктерге сілтеме жасау бойынша хаттамалар.

Отбасылық зорлық-зомбылықтан жапа шеккендердің көбісі өзінің ренжітушісін сот алдында жауапкершілікке тарту үшін жауапты болғысы келмейтінін айтады. Алайда олар қайта зорлық-зомбылық құрбаны болғысы келмейтінін мәлімдейді. Мұндайда полиция әділ болуы тиіс және заң талаптарын орындауы тиіс. Егер зорлық-зомбылық жасау фактісі анық болса, кейбір жағдайды қоспағанда, жәбірленушінің көрсетулеріне қарамастан,

істі сотқа жолдау міндетті болып табылады. Істің сотқа жолданбауының себептері тіркелуі тиіс. Істің сотқа жолдау туралы шешім қабылдау құқығы The Crown Prosecution Service қызметіне тиесілі, ол бекітілген саясатқа, үкім шығарудың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес, сондай-ақ қоғам мүдделерін ескере отырып қызмет етеді. Соттық қудалау мүмкін болмайтын ерекше себептер болған жағдайда, олар тіркеуден өтуі тиіс. Офицерлер жәбірленуші сотқа біраз уақыт өткеннен кейін жүгіне алатынын естен шығармауы тиіс. Қайткенде де, құрбан түсінушілікке, аяушылыққа және қолдауға құқылы болып табылады. «Тыныштықты бұзушыларды» қамауға алу кезінде олардың тарапынан қоғамдық тыныштықты сақтау туралы міндеттеме алу керек.

Қылмыс үшін айып тағылғанда, бұл қажетті шара деп саналған жағдайда айыпталушы қамауға алынуы мүмкін екенін білу қажет. Айыпталушыны қамауға алу мүмкін болмаған жағдайда, полиция өзінің шартты кепілдік алу құқығын қолдана алады. Бұл полицияға айыпталушының сотқа қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жәбірленушіге жақындауға тыйым салу құқығын береді. Мұндай кепілдемені бұзған жағдайда полиция айыпталушыны қайта қамауға алуға құқылы.

Егер айыпталушының белгілі бір әрекеттерінің алдын алу қажеттігі туындаса, кепілдіме қайтарылуы немесе «консервациялануы» мүмкін. Мұндай жағдайға келесілер жатады:

- кепілдеме қолданылу кезінде қылмыс жасау;
- куәлардың көрсетулеріне араласу немесе тергеуді қиындатудың басқа да жағдайлары.

1976 жылғы Кепілдеме туралы актінің 47(3) бөліміне сәйкес күдіктіні ұстау үшін фактілердің саны жеткіліксіз болса, күдікті жіберіледі, бұл полицияға іс бойынша қосымша фактілер жинауға мүмкіндік береді. Бұл жәбірленушіге болған істің мән-жайларын тағы бір ойлауға, шама келсе, арыздануға мүмкіндік береді.

Егер күдікті кепілдеме негізінде бостандыққа жіберілсе, бұл туралы жәбірленуші хабарлануы керек. Полиция жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдануына бақылау жасауы тиіс.

Корольдік айыптаушы нақты іс бойынша шешім қабылдауы үшін полиция болған жағдай

бойынша неғұрлым толық ақпарат беруі керек. Полиция айыптаушыларға барлық тиімділігімен жүргізуге мүмкіндік береді және қамауға алу жағдайында жәбірленуші мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Істі жүргізуге қажетті ақпарат келесілерді қамтуы керек:

- қарым-қатынастардың даму тарихы және орын алған зорлық-зомбылық бойынша барлық жағдайлар;
- жәбірленушіге келтірілген тән жарақаттары (медициналық анализ, фотосуреттер және жазбаша сипаттамасы);
- құқықбұзушының қару қолдануы;
- құқықбұзушы тарапынан қорқыту;
- болған жағдайдың балаларға әсері;
- құқықбұзушы тарапынан зорлық-зомбылықтың қайталану мүмкіндігі;
- қазіргі уақыттағы құқықбұзушы мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынастар мәртебесі;
- қарым-қатынастардың істі жүргізуге әсері және жәбірленушінің еркіне қарсы айыптау;
- іс жабылған жағдайда жәбірленушінің өз қауіпсіздігі және балалардың қауіпсіздігі туралы пікірі.

Кейбір жағдайда мұндай ақпарат зорлық-зомбылық жасалғаннан кейін бірден қолға түспейді, бірақ оны аз мерзім ішінде Корольдік айыптау Орталығына табыстау керек. Оны іс бойынша болып жатқан кез келген өзгерістер жөнінде хабардар ету керек.

Соңғы жылдары Ұлыбритания мен АҚШ-тың полициялары өзінің қызметін айтарлықтай жетілдірді. Осыған байланысты мұндай құқықбұзушылықтарды тіркеу артып келеді, себебі, жәбірленушілер полиция қызметіне сенімі артты, олардың кәсібилігі жұмыс деңгейін арттырады және зорлық-зомбылықтың өзіне деген көзқарасты өзгертеді, ол американдықтар мен британдықтар тарапынан қалыпты жағдай болып саналмайды Біздің ойымызша, шетел мемлекеттерінің отбасылық-тұрмыстық саладағы қарым-қатынастар саласындағы қылмыстардың алдын алу мен болдырмау бойынша тәжірибесіне назар аудару керек және оны Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тәжірибелік қызметінде қолдану қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Д. Ражфорд. Великобритания. Практика применения мер борьбы с бытовым насилием // Актуальные проблемы предупреждения преступности в Республике Казахстан. Сборник материалов научно-практической конференции. Алматы: ТОО «Баспа», 2001.
2. Женщина и бытовое насилие (учебно-практическое пособие). Алматы. 2003.
3. Straus, M. A., & Gelles, R. J. (1990). *Physical violence in American families: Risk factors and adaptations to violence in 8, 145 families*. New Brunswick, N. J. : Transaction.
4. Sherman, L. W., & Berk, R. A. (1984 a. 1984 b). *The Minneapolis domestic violence experiment*. Police Foundation Reports (April). Washington: Police Foundation.
5. *Ненадежность гендерной защиты / Под ред. Б. Г. Тугельбаевой. – Бишкек: Ассоциация «Диамонд», 1996. - 117с.*



**Аралбаева Айгерим Адилловна**  
заң ғылымдарының кандидаты,  
тел. 87714158103 aralbaeva81@mail.ru

**Тасыбаева Сауле Кенесбаевна**  
құқық магистрі, Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының аға оқытушысы

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЖҮЙЕСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Түйін.** Мақалада Қазақстан Республикасының банктік жүйенің кейбір мәселелері қарастырылады. Өзектілігі: еліміздің экономикасының маңызды секторларына шетелдік капиталды тартуда, еліміздің қаржы жүйесін дамытуға және халықаралық қаржы-несие қатынастарын дамытуға Қазақстан Республикасының қаржы несие жүйесінің қатысушыларының құқықтық мәртебесі қарастырылады. Сонымен қатар, АҚШ-тың Федералдық Резерв Жүйесі, Швецияның Орталық Банкі және банк жүйесінің құрылу тарихы Қазақстанның Ұлттық банкінің құқықтық мәртебесімен салыстырмалы түрде қарастырылған. Қазақстан Республикасының банктік құқықтық қатынастарына және банктік заңнамасына халықаралық банктік және экономикалық процесстердің әсер етуі айқын көрінетіндігі баяндалған. Банктік қызметке қатысты банктік және басқа да заңнаманы жетілдіру процесінде ескеруді қажет ететін факторлары бүгінгі таңдағы Қазақстанның банктік заңнамасымен салыстырмалы түрде сипатталған.*

***Резюме.** В статье рассматриваются некоторые вопросы развития банковской системы Республики Казахстан. Актуальность: в Республике Казахстан участники финансово-кредитных отношений играют важную роль в привлечении иностранного капитала для развития приоритетных секторов экономики, содействуют развитию финансового рынка страны, также содействуют развитию и укреплению международных финансово-кредитных отношений. Также проведен сравнительный анализ правового статуса и исторического развития центральных банков Республики Казахстан и других зарубежных стран, в частности: Швеции и США. В статье указано, что международные банковские и международные экономические процессы оказывают большое влияние на банковские правоотношения и банковское законодательство Республики Казахстан. Рассмотрены факторы влияющие на развитие банковских правоотношений и банковского законодательства Казахстана.*

***Summary.** This article about the banking system of the Republic of Kazakhstan. Relevance - In the Republic of Kazakhstan the participants of financial-credit relations take important role in attraction foreign capital in order to develop the main sectors of economy, assist in development of country's financial market, also assist in development and strengthens of international financial-credit relations. Also, a comparative analysis of the legal status and historical development of the central banks of the Republic of Kazakhstan and other countries, including: Sweden and USA. The article pointed out that the international banking and international economic processes have a great impact on the banking relationship and the banking legislation of the Republic of Kazakhstan. The factors affecting the development of banking relationships and banking legislation of Kazakhstan.*

Банктік құқықтық қатынастарға қатысты ізденіс мәселелері мен ғылыми зерделеу мән-жайларына байланысты зерттеулер тек 2000 жылдан (банктік құқықты кешенді құқық саласы ретінде танудан) бастап жүргізіле бастады.

Бүгінде егемен Қазақстандағы нарықтық экономиканың даму қарқындылығы және тиісінше жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы банк жүйесінің қазіргі заманғы айрықша маңыздылығымен шартталынған банктік сектордың экономикалық қызметіне, сондай-ақ оның нормативтік құқықтық реттелуі тиімділігіне тікелей байланысты деп санаймыз. Өйткені Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жұмыс істеп жатқан банк жүйесі және банктер мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыруға, сондай-ақ елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей ықпалын тигізеді.

Осындай мән-жайға орай, айта кететін маңызды жайт, 1995 жылғы 30 наурызда және

31 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заң күші бар Жарлығы - бүгінде Қазақстан Республикасының Заңдары елдің банктік секторын реформалау ісінің қызу ортасында көрініс таба отырып, Қазақстан Республикасы банк жүйесінің халықаралық банктік стандарттарға, сондай-ақ нарықтық экономика қағидаларына сай құқықтық және экономикалық іргетасын қалап, әрі бекіткен болатын.

Қазақстан Республикасының банк жүйесіндегі осындай банктер ел экономикасының тиісті секторларының өсуіне септігін тигізеді. Өйткені банк жүйесі экономика және әлеуметтік аялары мүдделеріне аса маңызды қызметтер көрсетеді және олардың мән-жайына бейімделеді.

Сонымен, Қазақстан Республикасының банк жүйесі банктік заңнама негізінде қарқынды дамып жатқан, ел егемендігі мен экономикалық

қауіпсіздігін сақтауға ат салысатын экономика секторы ретінде көрініс тауып отыр.

Осы банк жүйесін, оның ауқымындағы банктік қызметті және банктік заңнаманы ғылыми зерделеп, зерттеу жүргізіп, талдау жасамас бұрын Қазақстан Республикасы банк жүйесінің ұлттық даму тарихы мен дәстүрлі ерекшеліктерін қарастыру қажет деп ойлаймыз.

Кеңестік биліктің дәуірлеп тұрған кезінде Қазақстанның өз банк жүйесі болған жоқ. Себебі кеңестік республика аумағында КСРО Мемлекеттік банкінің орталықтандырылған ақша-несие жүйесінің бөлімдері мен филиалдары жұмыс істеді. Осыған орай Қазақстан банк жүйесінің даму, қалыптасу тарихы КСРО мен революцияға дейінгі Ресей банк жүйесінің даму тарихымен тығыз байланыстырылған болатын. Кезінде патшалық Ресейдің банк жүйесі құрылымынан: мемлекеттік банк, акционерлік банктер, қалалық банктер, ипотекалық несиелік банктері мен басқа да банктер орын алды.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін банк ісін ұйымдастыруда мемлекеттік монополия қағидасы іске асырылды. Кеңестік биліктің алғашқы жылдарында мемлекеттік банктермен қатар кооперативтік және жекеше, мемлекеттік-капиталистік, шетел капиталының қатысуымен мемлекеттік емес басқа да несиелік мекемелер құрылды.

КСРО Мемлекеттік банкінің құқықтық мәртебесі жөніндегі айтылған Р. О. Халфинаның мынандай пікірін айтып өтсек болады: «КСРО Мемлекеттік Банкі екіжақты құқықтық мәртебеге ие болып келеді. Бір жағынан Мемлекеттік банкі - мемлекеттік басқару органы болса, ал екінші жағынан - ол шаруашылық субъектісі. Мемлекеттік Банкі қызметінен «мемлекеттік басқару құзыретін атқарушы мемлекеттік басқару органының және шаруашылық субъектісі ретіндегі заңды тұлғаны көрсек болады» [1, 8 б.].

Қазақстанның банк жүйесіне келсек, ол Қазақ КСР 1990 жылғы 7 желтоқсандағы «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңына сәйкес реформалау сатысынан өтуі барысында таза мемлекеттік моделден аралас моделге көшкен болатын.

Аталған Заңға сай республикада жоғарғы деңгейінде Қазақ КСР Мемлекеттік банкі (қазір Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі), ал төменгі деңгейінде сол кезде жұмыс істеп жатқан барлық басқа мемлекеттік мамандандырылған банктер (Өнеркәсіп құрылыс банкі, Агроөнеркәсіп банкі, Тұрғын үй әлеуметтік банкі, Сыртқы экономикалық банк) және жаңадан құрылып жатқан әртүрлі мемлекеттік емес

банктер (акционерлік, кооперативтік, шаруашылық серіктестігі нысанындағы, жекеше және т. б.) бар екі деңгейлі банк жүйесі қалыптастырылды. Бұл жердегі өзіндік ерекшелік барлық банктердің (мемлекеттік, мемлекеттік емес) мәртебесі теңестірілді және «коммерциялық» деген категориямен біріктірілді [2, 110 б.].

Сонымен, 1990 жылғы 11 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында қабылданған екі: «КСРО мемлекеттік банкі туралы» және «Банктер және банктік қызмет туралы» заң елдегі банк жүйесінің құрылу принциптерін және т. б. мән-жайлардың құқықтық негіздерін айқындады. Банктер жөнінде екі заңның қабылдануы банк жүйесін екі деңгейлі сызба бойынша дамыту қажеттілігіне байланысты болды. Осыған орай банк жүйесінің жоғарғы деңгейінде одақтас және автономды республикалардың орталық (мемлекеттік, ұлттық) банктерімен бірыңғай орталық банктер жүйесін құра отырып КСРО Мембанкі орын алды. Банк жүйесінің екінші (төменгі) деңгейінде әртүрлі коммерциялық банктер: акционерлік, кооперативтік, инвестициялық, инновациялық, салалық және салааралық банктер орналасты [3, 11- 35 бб.].

Банк реформасы банктердің халық шаруашылығымен байланысын нығайту мақсатында жаңадан Агроөнеркәсіп банкі, Тұрғын үй әлеуметтік банкі, Жинақ банкі, Коммерциялық-кооперативтік банкі, Сыртқы экономикалық банкі т. б. банкілерді құрды. Банк жүйесінің басты буыны – КСРО Мемлекеттік банкі [4, 191 б.].

Сөйтіп, 1993 жылғы 13 және 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңы мен «Қазақстан Республикасындағы банктер туралы» Заңдарға дейін қалыптасқан банк жүйесі осындай сипатта көрініс тапқан болатын. Аталған Қазақстан Республикасының Заңдарында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі банк жүйесінің жоғарғы деңгейін көрсететін орталық банк ретінде айқындалған (1-бап, 1-абзацы). Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкпен - Қазақстан Республика орталық банкімен, мемлекеттік, жекеше, акционерлік, бірлескен және шетелдік банктер желісімен көрсетілген (2-бап, 1-абзацы) [5, 119-137бб.].

Қазақстан Республикасы банк жүйесінің екінші деңгейінде: Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Халықтық банкі және оның салымшыларының мүдделерін қорғау туралы» Жарлығына сәйкес қайта құрылған Халықтық банк (бұрынғы ҚР мамандандырылған коммерциялық жинақ банкі), Қазақстан Респуб-

бликасы Президентінің 1994 жылғы 16-шілдедегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкі құру туралы» Жарлығына сәйкес жаңадан құрылған мемлекеттік экспорт-импорт банкі (Қазақстан Эксимбанкі), Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі «Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісін құру туралы» Жарлығына сай жаңадан құрылған Мемлекеттік даму банкі, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік медетші банкі туралы» Жарлығына сәйкес төрт жылдан аспайтын мерзімге құрылған Мемлекеттік медетші банк орналасып, жұмыс істеген болатын.

Осыған байланысты 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының банктік жүйені дамытуға байланысты алатын орны ерекше екендігін атап өту қажет. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына назар аударсақ, онда оның 4)-тармақшасында Қазақстан Республикасының Президенті: «Парламенттің келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады» деп көрсетілгеніне көз жеткізуге болады [6, 15 б.].

Осы ретте, басқа мемлекеттердің банктік жүйесінің ерекшеліктерін салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, көпшіліктің сеніміне ие болған, үкіметке қызметтер көрсетуінің нәтижесінде эмиссиялық айрықша құқық берілген аса ірі банктер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында көптеген елдің банк секторынан орын алған болатын.

Алғашқы орталық банк 1668 жылы құрылған Швецияның Орталық Банкі – Рикс банк болып табылды. 1694 жылы құрылған Англия банкі үкіметтің қаржылық органы болғанымен жекеше компания ретінде жұмыс істеген. 1844 ж. Пиль заңына сәйкес оған монополиялық эмиссиялық құқық, кейінірек ерекше мәртебе берілген. 1946 жылы Англия Банкі мемлекет қарамағына өткен.

Нарықтық экономиканы қалыптастыру процесіндегі Орталық банктің орны мен рөлі мынандай: «АҚШ банк жүйесі ұйымдастыру мен басқаруды орталықсыздандыруымен ерекшеленеді. Ал Германияның банк жүйесі керісінше, орталықтандырылуымен көрініс табады. Ресейдің орталық банкі коммерциялық банктердің қалыптасуына және қызметтер көрсетуіне зор ықпалын тигізді. Басқа елдерде орталық банктердің қалыптасуы коммерциялық банктер жүйесінің дамуымен қатар жүргізілді. Орталық

банк валюталық және қор операцияларын жүзеге асырады, макроэкономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып ақша және кредит саясатын жүргізуге ат салысады, ақша массасының сапалы болуын сақтауға және қайта қаржыландыруды ұйымдастыруға жауапты болады. Орталық банк экономика және банктік іс саласындағы нақтылы мәселелерді жедел шешуге септігін тигізеді. Орталық банктің макроэкономикалық көрсеткіштерді, яғни инфляция темпін, ақша бағамы деңгейін, бюджеттің жай-күйін, ІЖӨ өсуін қалыптастыруға қатысуы заңнамалық негізде бекітілген және ол оның міндеті болып табылады.

Міне, нарықтық қатынастардың өркендеті даму үрдісіндегі АҚШ-та да коммерциялық банктердің қызметіне тигізілетін мемлекеттік басқару құралдарының реттеуші-мәжбүрлеуші ықпалының да қатаң сипатта болатынына көз жеткіздік.

Осы АҚШ-ның банк жүйесі жөнінде кейбір авторлар: «доллар бағамының төмендеуі объективті стихиялық сипатқа ие болғандықтан, АҚШ өзінің күш-қуатын ішкі экономикалық процестерге әсер етіп жатқан доллар бағамының төмендеуін реттеуге бағыттап отыр» дейді [7, 90 б.].

Сонымен, банк жүйесінің жоғарыда баяндалған мәселелерін қарастыру нәтижесінде Қазақстан Республикасы банк жүйесінің тиісті нормативтік құқықтық актілер негізінде жұмыс істейтін әртүрлі банктердің тиісті екі деңгейдегі өзара экономикалық және әкімшілік байланыстарын білдіретініне көз жеткіздік. Дегенмен, банк жүйесінің толық ұғымын, мән-жайын әлі де болса айқындап, әрі жан-жақты ашып көрсету қажет сияқты.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы банктердің, елдің банк жүйесінің және тиісті банктік құқықтық институттардың нормативтік құқықтық негізін құрайтын, барлық банктік іс-әрекеттер мен мәмілелерді, сондай-ақ оларға байланысты банктік қатынастарды құқықтық реттейтін, мемлекеттің ақша-несие әрі қаржы саясатын жүргізудің құқықтық негізін құратын Қазақстан Республикасының арнаулы және жалпы заңнамалық актілерінің (заңдарының) жиынтығы болып табылады.

Ал, Қазақстанның банк жүйесі тікелей Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы негізінде жұмыс істейтін және осы жүйені құрайтын банктердің банктік операцияларын, мемлекеттік экономикалық және әкімшілік реттеуді, өзіндік басқару-реттеуді жүзеге асыратын



нарықтары мен инфрақұрылымдары бар, екі деңгейлі құрылым ретінде тиісті банктер мен басқа да қаржылық-несиелік институттардан қалыптасқан ел экономикасының банктік секторын білдіреді.

Сонымен, банктік құқықтық қатынастар күрделі әрі аралас нысандағы әлеуметтік-экономикалық өзара іс-әрекеттер барысында туындап, қалыптасатын конституциялық, қаржылық, азаматтық және әкімшілік сипатты-мазмұнды қоғамдық қатынастар ретінде банктік және өзге де заңнаманың реттеуші ықпалымен қамтылған экономикалық банктік қатынастар болып табылады. Оның субъектілері өзара сайма-сай заңи құқықтары мен міндеттерінің негізінде банктік және өзге де заңнамалық акті нормасының талаптарына сәйкес іс қимылдарды, сондай-ақ нақтылы банктік қызметті іске асырады.

Қазақстан Республикасының банк жүйесіндегі банктік құқықтық қатынас банктік заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге және банктік лицензияларға орай нақтылы айқындалып берілген субъективтік құқыққа ие болу және оны пайдалану, сондай-ақ нақтылы айқындалып жүктелген заңи міндетті құру немесе атқару процесінде іске асырылатын, банктік құқық нормаларының талабына сай банктік құқықтық қатынас субъектілерінің өзара қатынастарының нысаны болып табылады. Қолданыстағы банктік заңнама тұрғысынан оның нормаларын іске асыру банктік қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын банктік құқықтық қатынас субъектілерінің тиісінше мінез – құлықтары мен іс-қимылдарына орай уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін құқықтық – биліктік реттеу әрі қадағалау – бақылау сипатында көрініс табады.

*Қолданылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Халфина Р. О. Правовое положение Госбанка СССР // Известия АН СССР. Отделение экономики и права. - 1947. - №1. - С. 3-15
- 2 Сулейменов М. К. и др. Право и предпринимательство в Республике Казахстан. / Сулейменов М. К., Покровский Б. В., Худяков А. И., Жакенов В. А. - Алматы: Жеті жарғы, 1994. – 145 с.
- 3 Саниев М. С. Банковская система в условиях рыночной экономики. - Алма-Ата: Ана тілі, 1991. – 112 с.
- 4 Саяси экономия. Оқулық. - Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
- 5 Сборник нормативных актов, регулирующих правовые основы рыночных отношений в Республике Казахстан / Сост. С. Ф. Хасанов. - Алматы: Рауан, 1994. – 335 с.
- 6 Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года. С изменениями и дополнениями, внесенными Законами Республики Казахстан от 2011 года. - Алматы: Юрист, 2014. – 44 с.
- 7 Питер С. Роуз Банковский менеджмент. Предоставление финансовых услуг / Пер. с англ. – 2-ое изд. - М. : Дело, 1997. – 768 с.

**Бытымбаев Аманғалий Мұқашұлы**

Қазақстан Республикасы ПМ Алматы академиясының PhD докторанты,  
полиция капитаны amanbm@mail.ru

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

*Түйін.* Аталған мақалада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы мен маңызы қарастырылып экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа авторлық түсінік берілген.

*Резюме.* В данной статье рассмотрены понятия и значимость экологических уголовных правонарушений и дано авторское понятие экологическим уголовным правонарушениям.

*Summary.* In this article considered concept and meaningfulness ecological criminal offence and an authorial concept is given to ecological criminal offences.

Қазіргі уақыттағы экология, жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың маңызды және күрделі ұштасуындағы даму кезеңінде. Бүгінгі таңдағы экологиялық мәселелер көп жағдайда әлеуметтік мәселелер ретінде қарастырылуда. Егер бұрын экология тек биологиялық ғылым ретінде болса, ХХ ғасырдың ортасынан бастап табиғат пен адамның өзара әрекеттестігі туралы ғылымға айналуға бастады. Экология түсінігінің мазмұнын алғашқы жаратылыстанудың ғылымдық мағынасымен шектеу мүмкін емес және оның қажеті де жоқ. Өйткені, мұндай жағдайда оны адам мен қоғамға жатқызу мүмкіншілік толықтай жоққа шығарылуы мүмкін. Бұл жөнінде И. П. Герасимов экологиялық мәселелерге зерттеу жүргізе отырып, осы тұрғыдағы пікірлерімен бөліседі [1, 76 б.].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, өзіндік мазмұны мен ерекше қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір түрі болып табылады. «Экология» терминін ғылымға алғаш рет Э. Геккель 1866 жылы жалпыға бірдей морфология деген атаудағы жұмысында қарастырғандығын О. С. Колбасов өз еңбегінде атап өтеді [2, 5 б.].

Екінші реформа – заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Осы арқылы меншік құқығына кепілдік беру, соттардың тәуелсіздігі арқылы экономиканың дамуына ықпал ететін меншік иесі құқығын сақталады, кәсіпкерлік үшін жағдай жасалып, келісім міндеттерін қорғауға кепілдік беріледі. Бұл ретте Елбасы судьяларды таңдау, оларға қойылатын кәсіби біліктілік талаптары – сот жүйесінің әлсіз тұстары екендігін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судьялар жабық корпорацияға айналмауы тиіс керісінше, қоғамға ашық болуы керек. «Судьялар сот жүйесінде кемінде 5 жыл істеген болуы қажет. Олар қатаң іріктеуден өтуі шарт және аз дегенде 1 жыл тәжірибеден өтуі қажет.

Үшінші реформа – экономиканы әртарап-тандыруға негізделген индустриаландыру және экономикалық өсім. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауда олқылықтар орын алып отырғанындықтан, аграрлық секторға бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде, олар қосымша құны төмен өнімдердің өндірісін субсидиялауға жұмсау керек. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне түсетін салықтық жүктеме жоққа тән болса да, жаңа кешенді бағдарлама негізінде ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу секторы дамымай отыр. Осы мәселені өңдеу барысында трансұлттық компаниялардың қатысуымен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыруға ауылшаруашылық маманда-

рын тарту керек[3].

Төртінші реформа – бірыңғай болашақ ұлтын қалыптастыру. Шындығында, бүгінгідей аласапыран заманда қоғамда саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау саясаты мейлінше маңызды. Бұл жолда Қазақстанның қалыптасқан өзіндік үлгісі де баршылық. Бірқатар ұлт өкілдері Қазақстанның ортақ шаңырағы астында бас қосып, бүкіл әлем үшін ынтымақ пен берекенің үлгісіне айналды. Қазақстан бейбітшіліктің ордасы ретінде әлемге кеңінен таныла бастады. Міне, осыны одан сайын берік ете түсу керек. Елбасы да қазақстандық бірыңғайлықты ары қарай нығайту туралы айтқанда, бұны азаматтық қағидатқа негіздеудің қажеттілігін алға тартты. «Барлық азаматтар құқықтың бірдей көлемін пайдаланатын, бірдей жауапкершілік жүгін арқалайтын және тең мүмкіндіктерді иеленетін болады. Азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғұламалық және білімпаздық культі, зайырлы ел – толерантты ел, міне, Мәңгілік ел идеясы базасындағы топтастырушы құндылықтар осы. Бұл жағдайда азаматтық – орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасына айналады», - деді Мемлекет басшысы.

Бесінші реформа – транспарентті және есепті мемлекет деп аталады. Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекетті дамытудың негізгі бес бағыты мемлекеттік басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, 1996 жылдан бері әлемде БҰҰ-ның бастамасымен мемлекеттік басқару сапасын зерттеуге арналған жаһандық зерттеу жүргізіліп келеді. Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекетті дамытудың негізгі факторларының бірі – шешім қабылдау үдерісінің ашықтығы. оны дамытудың негізгі тиімділігі мынада:

-біріншіден, қабылданатын шешімнің сапасын арттырып, жан-жақты талқылауды қамтамасыз етеді;

-екіншіден, шешім үшін жауапкершілік тек мемлекеттік органдарға ғана емес, үкіметтік емес сектор өкілдеріне де жүктеледі;

-үшіншіден, қоғамдық пікірді, азаматтардың талап-тілектерін ескеруді қамтамасыз етеді;

- төртіншіден, қоғам әрі халық тарапынан мемлекетке, әсіресе билік пен мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

Менің тұжырымдауымша, әлемдік тәжірибеден байқағанымдай, мықты бәсекелес мемлекет қалыптастырып, дамыған қоғам құру үшін кез-келген елдің 40-50 жылды қамтитын реформасы болуы қажет. Алдымен – күшті мемлекет пен экономикамызды оң реформалап, содан сон – саясатымызды білікті реформалармен бекітетін болсақ, тек сонда ғана мемлекет нағыз мықты қалыптасқан болады. Бес институционалдық реформа ел бірлігін бекемдеп, ең бастысы жан-жақты тұрақтылықты нығыздай түспек. Өйткені, әлемнің

барлық табысты әрі мықты деген мемлекеттерінің өзі осыған ұқсас жолдармен етек жайған. Осы реформа аясында айтылған және бір жаңалық – мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізу. Елбасы бұл ретте жалақыны шенеуніктің, мемлекеттік қызметкердің еңбек өнімділігіне, басқарушылық үдеріске қосқан үлесіне байланысты төленуі тиістігін алға тартып отыр. Яғни, әрбір жылдың қорытындысына сәйкес, саяси қызметшілерге қызметінің нәтижелеріне және экономикада жеткен табыстарына қарай бонустар, ал әкімшілік қызметшілерге сыйақы төлеу мәселесі қарастырылуы керек. Бес институционалды реформада айтылған бастамалардың қай-қайсысы болмасын, «баршаға бірдей осы заманғы мемлекет» те, «заңның үстемдігі» де, «орнықты экономика» да, «ашық және халыққа есеп беруші мемлекет» те елдің тұрақтылығына, бірлігіне тікелей байланысты.

«Соңғы жылдары кейбір елдердің азаматтары еңбек етуді ұмытты. Наразылық шерулері «сәнге» айналды. Адамдар митингіге шығуға күнделікті жұмысқа барғандай асығатын болды. Себебі, сол үшін оларға арандатушылар жалақы төлейтін болды, күн сайын. Осының салдарынан сайлау жұртты біріктіретін емес, бауырларды бөлетін, ағайынды араздастырып, бір-біріне қару кезендіретін болды. Көшедегі қарабайыр саясатшылық пен тек сайлаудан сайлауға дейін өмір сүру ақылды елдің жолы емес. Елге қызмет ету үшін емес, мансап үшін билікке ұмтылу абырой әпермейді», - деді Елбасы.

Осылайша сайлау төңірегіндегі сөздерін сабақтаған Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ұлы Абайдың сөздерін де жұртшылықтың есіне салды. «Абай үшінші қара сөзінде былай дейді: Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғанына жауап берумен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпен, келесі кандидатпен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы «тағы да болыс болып қалуға мүмкіндік болар ма екен?» деумен күні өтеді. Абай «сонда несі қалды?» дейді. Қандай шындық! Жүз жыл бұрын айтып кеткен шындық», - деді Нұрсұлтан Назарбаев. «Сайлау құр әншейін сайлау өткізу үшін емес, елді бірлікке шақырып, жұртты еңбекке ұйыту үшін болса ғанибет. Сондықтан да, мен бұған дейін айтып кеткен төрт мақсатты орындап, содан кейін саяси мәселелерге көшкеніміз жөн. Бұл жолды да дүниежүзілік тәжірибенің өзі көрсетіп отыр», - деп түйіндеді Елбасы [4].

2015 жылдың 29 сәуір күні Инаугурация кезінде президенттік билік етуге жаңа мандат алған Нұрсұлтан Назарбаев «халық» сөзін 17 рет, «ел» дегенді 15 мәрте, «мемлекет» ұғымын 14 және «ұлт» сөзін 12 рет атап өтті. Ұлт деген сөзді Мемлекет басшысы бір ғана этносқа қатысты емес, тұтас ел халқы туралы айтқан кезде қолданды. «Қазақстандық біртектілік азаматтық қағидатына

негізделуі тиіс. осындай жағдайда біртектілік орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады. Әр азамат елдің табысы оның өзінің де табысы екенін сезінуі тиіс. Қазақтарға мемлекет құраушы ұлт ретінде ерекше жауапкершілік жүктеледі. Қазақтар қазақстандық біртектілікті қалыптастыруға маңызды ықпал жасауы керек. Тілдердің үштұғырлылығын – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту – қоғамды топтастырудың, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі» [5].

Бес институционалды реформаны жариялаған кезде «Мемлекеттің конституциялық акт аса маңызды құжат ретінде ресімделген «Мәңгілік Ел» идеясы жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі қатарында көрінуі тиіс. Сонымен қатар, бес институционалды реформасындағы болашағы біртұтас ұлт идеясын жүзеге асыру үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының Стратегиясын қайта қарап, заман ағымына қарай өзгерістер енгізу – уақыт талабы. Әлемдік тәжірибеде ұлт деген атауға жеке конституциясы бар этностарды атайды.

Ендігі кезекте осы шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын дамытудың келесідей негізгі механизмдерін атап өтуге болады:

- үкіметтік емес ұйымдар;
- краудсорсинг;
- интернет-технологиялар;
- сараптамалық талдау орталықтары.

Жоғарыда көрсетілген механизмдер толыққанды әрі негізгі механизмдер ретінде қарастырылмау керек, себебі 5 институционалды реформаны жүзеге асыру жоспары әлі талқылану үстінде. Сонымен қатар шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын дамытудың басқа да механизмдері бар. Сонымен, шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын дамытудың негізгі механизмдерін қарастырып өтейік.

Басын ашып бастар болсақ, үкіметтік емес ұйымдар- кез келген реформалардың сәтті жүзеге асырылуының бір факторы – билік пен азаматтық қоғамның бірлескен жұмысы. Үкіметтік емес ұйымдар халықтың негізгі өзекті мәселелерін анықтап, қоғамдағы үдерістердің барометрі қызметін атқарады. Үкіметтік емес ұйымдарды шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін заңнамаға қоғамдық сараптама, қоғамдық мониторинг жүргізуде, шешім дайындау барысында талқылау мен пікірталас ұйымдастыруда қатыстыру маңыздырақ. Жоғарыда аталған мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекеттесуі қоғамдық және сараптамалық кеңес, консультациялар, баламалы есеп дайындау шеңберінде жүзеге асуы мүмкін. Әсіресе үкіметтік емес ұйымдардың рөлі мемлекеттік саясатты даярлау, жергілікті мәселелер бойынша шешімдер шығару кезеңдерінде өте маңызды болып табылады[6].

Келесі кезекті соңғы уақытта азаматтарды саяси үдерістерге тартудың жаңа әдісі ретінде

«краудсорсинг» әдісі қолданылуда, әсіресе әртүрлі краудсорсингтік компаниялар өткізу технологиясы үлкен танымалдыққа ие болғанын атап өту керек. Соңғы жылдары саяси салада халықтың белсенділігін арттыру мақсатында краудсорсинг технологиясы жиі қолданылады. Сонымен қатар бұл технология аймақтық мәселелерді халықпен бірлесе отырып, олардың пікірін ескеріп шешуге мүмкіндік береді. Демек, краудсорсинг халықтың пікірін ескеру, саясатқа араластыру технологиясы ретінде 2003 жылдан бері қолданыла бастады. Бұл термин мемлекет және қоғам, бизнес алдында тұрған мәселелерді шешу мақсатында ақпараттық технологиялар негізінде адамдардың ресурстарын жұмылдыру үдерісін білдіреді. Краудсорсинг әртүрлі заң жобаларын әрі басқа да мемлекеттік бастамаларды талқылауда жиі қолданылады. Әдетте, талқылаулар дауыс беру арқылы онлайн режимде, не нақтылы пікірлерді жинау жолдарымен жүзеге асырылады. Краудсорсинг басқа да тәсілдермен қатар, саясаттағы азаматтық белсенділікке жаңа мүмкіндіктер беріп, демократиялық қоғамның мақсатына жетуге негіз болады. Сол себепті, транспарентті және есеп беруші мемлекетті дамыту идеясын краудсорсинг технологиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Қазіргі уақытта краудсорсинг технологиясының қоғамдағы мәселелерді шешуге халықты тарту үлгісі ретінде 2015 жылы БҰҰ-ның «Beyond – 2015» атауымен жүзеге асырылған жобасын атап өтуге болады. Бұл жоба жастардың әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысуына бағытталған. БҰҰ-ның арнайы агенттігі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде кем дегенде 80 елдің жастарына жаһандық әрі аймақтық әлеуметтік маңызды мәселелерді талқылап, оларды шешу жөнінде өз идеяларымен бөлісуге мүмкіндік берді. БҰҰ жүзеге асырған бұл краудсорсингтік үш айлық жоба мыңнан астам бірегей идеяларды жинақтап, осы идеяларға 27 мыңнан астам пікір мен түсініктемелер жинап, әлем бойынша 16 миллионға жуық халықты жұмылдыруға мүмкіндік берді. Мысалы, Исландияда 2012 жылы Twitter, Facebook әлеуметтік желілерін қолданушылар Конституция жобасын талқылаған еді. Финляндияда 2012 жылы «Ашық министрлік» ([www.avoinministerio.fi](http://www.avoinministerio.fi)) жаңа заң жобаларын халықпен бірлесіп талқылауға арналған краудсорсингтік платформа іске қосылды [7].

Кейінгі уақытта Қазақстанда да бұл тәжірибе жақсы қолданыла бастады.

3. Интернет-технологиялар, яғни электронды үкімет- бір жағынан, елді басқару үдерістеріне халықты қатыстыру механизмдерінің бірі, екінші жағынан, ол мемлекеттік аппарат қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Электронды үкіметтің әлемдік рейтингісі құрамында электронды қатысу индексі бар. ол үш негізгі көрсеткішпен бағаланады: 1) электронды ақпарат – мемлекеттік орган-

дар сайттарындағы ақпараттың толыққандығы; 2) электронды консультация – мемлекеттік органдар сайтында мультимедиа көмегімен кеңес беру; 3) электронды шешім – саяси шешімдерді талқылауға және қабылдауға азаматтары қатыстыру деңгейі, яғни мемлекетімізде жоғарыда аталған үш көрсеткіш бойынша жұмыстарды жетілдіру өзектілігі айқын көрінеді.

4. Сараптамалық талдау орталықтары ХХ ғасырдың басындапайда болып, қазіргі заманғы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыруда шешуші рөлді иелене отырып, әлемдік саясатты қалыптастырушы негізгі факторларының бірі болып табылады. Сонымен қатар сараптамалық талдау орталықтары– қоғам мен ел өміріндегі күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар мен жолдарын көрсетіп, ішкі және сыртқы саясат мәселелеріне талдау жасап, баға беруге бағытталған күрделі құрылымдық жүйесі бар, пәнаралық тұрғыда зерттеу жүргізетін сарапшылардың кәсіби қауымдастығы. Мемлекетте сараптамалық талдау орталықтарын дамыту маңыздылығын олардың басқа зерттеу ұйымдарынан айырмашылығын анықтау негізінде де көрсетуге болады. Сараптамалық талдау орталықтарын университеттермен, ғылыми институттармен, мемлекеттік органдармен салыстырғанда мемлекеттік

саясатты, даму стратегиясын қалыптастыруға қатысу мүмкіндігі жоғары. Университеттегі зерттеу жұмыстары көп жағдайда теориялық сипатқа ие, ал мемлекеттік органдарда зерттеу жұмыстарын жүргізу қиын, себебі мемлекеттік қызметкерлердің жұмысы ұйымдастыру, сәйкестендіру сипатындағы мәселелерді шешуге бағытталған. Бірақ мемлекеттік органдардың университеттердегі ғылыми-зерттеулерден артықшылығы – мемлекеттік қызметкерлер шынайы саясат мәселелерімен айналысатындықтан, зерттеу жұмысына қажет мәліметтер базасы, ақпарат жиынтығы осы мемлекеттік органдарда шоғырланған, яғни олардың зерттеулерінде шынайы мәліметтерді пайдалану мүмкіншілігі бар.

ДСҰ-на ену әлемдік экономика интеграциясына, дүниежүзінің жетекші 30 елі қатарына еруге және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындауға барынша жағдай туғызады.

Бес институционалды реформа «Мемлекеттің конституциялық маңызы бар құжаты секілді аса маңызды құжаты ретінде ресімделуі керек. Осы бес институционалды реформада қарастырылған «Мәңгілік Ел», «Отансүйгіштік» идеясы да жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі қатарында көрінугі тиіс деп ойлаймын.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Бьюкенен П. *На краю гибели. Изд. : АСТ, 2008 г.*
2. Жусупов С. Е. *Политическая аналитика. Исследования. – Алматы: «Арна-б», 2008. – 714с. – С. 181*
3. Назарбаев Н. *Тарих толқынында. – Астана. – 190 бет.*
4. *Егемен Қазақстан», 31. 30. 2015 (<http://egeмен.kz>).*
5. *Качество государственного управления //gtmarket. ru, 18 сәуір 2015 жыл.*
6. *Почему Краудсорсинг так выгодно применять в политике?//<http://crowdsourcing.ru>, 18 сәуір 2015 жыл.*
7. *Пять направлений применения Краудсорсинга в политике // <http://crowdsourcing.ru>, 18 сәуір 2015 жыл.*



**Сырлыбаев Марат**

докторант PhD докторантуры ИПДО Алматинской академии МВД РК,

магистр права, капитан полиции

тел. 8 (727) 337-66-62, e-mail: msyrlybaev@inbox.ru

## **ВЫЯВЛЕНИЕ, УСТРАНЕНИЕ И ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ СЛЕДСТВЕННЫХ ОШИБОК В ДОСУДЕБНЫХ СТАДИЯХ УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА**

**Түйін:** Бұл мақалада, автор тергеу практикасын жетілдіру кейбір мәселелерін қарады, қылмыстық істерді тергеу сапасын жақсарту, құдалау және қылмыстық іс жүргізу принциптерін жұмысына заң үстемдігі. Сонымен қатар, автор алдын ала тергеу құқық қорғау органдарының олқылықтар мен кемшіліктерді шешу үшін кейбір идеялар ұсынды.

**Кілт өздер:** Конституциялық құқық, қылмыстық - іс жүргізу құқығы, құқықтары мен бостандықтары тергеу қателер, қателер себептері, бұзу, тергеуші, тәжірибе, заңдар, қылмыстық іс жақсарту, тергеу тиімділігін арттыру, тергеу органдары, прокурор, полиция.

**Резюме:** В настоящей статье автор рассмотрел некоторые вопросы совершенствования следственной практики, повышения качества расследования уголовных дел, обеспечения законности в деятельности органов уголовного преследования и соблюдения принципов уголовного процесса. Автор также предложил некоторые идеи по устранению упущений и недостатков в правоприменительной практике органов предварительного расследования.

**Ключевые слова:** Конституционные права, уголовно - процессуальный закон, права и свободы, следственные ошибки, причины ошибок, нарушение, следователь, совершенствование практики, законность, уголовное дело, повышение эффективности расследования, органы дознания, прокурор, правоохранительные органы.

**Summary:** In the real article an author considered some questions of perfection of inquisitional practice, upgrading of investigation of criminal cases, providing of legality in activity of organs of the criminal proceeding and observance of principles of criminal procedure. An author also offered some ideas on the removal of omissions and defects in правоприменительной practice of organs of the pre-trial hearing.

**Keywords:** the Constitutional rights, criminally is a judicial law, rights and freedoms, inquisitional errors, reasons of errors, violation, investigator, perfection of practice, legality, criminal case, increase of efficiency of investigation, organs of inquest, public prosecutor, law enforcement authorities.

В основе уголовного процесса Республики Казахстан, как и любого правового государства, лежит принцип законности. С ним согласуются цели и задачи уголовного судопроизводства, все другие принципы, все институты этой отрасли права. Он распространяется на все стадии уголовного процесса, в том числе и досудебные. Действия и решения органов и должностных лиц, ведущих процесс, детально регламентированы законом и должны полностью соответствовать ему.

Придание законности статуса основополагающего принципа строго ограничивает уголовно-процессуальную деятельность установленными законом рамками, обеспечивает ее направленность на достижение сформулированных в законе задач: быстрого и полного раскрытия преступления, избличения виновных, их справедливого наказания.

Не менее важна и другая сторона значения принципа законности в уголовном процессе: обеспечение прав, свобод, законных интересов человека и гражданина, потерпевшего от преступления, подозреваемого, обвиняемого, любого другого лица, попавшего в сферу уголовного судопроизводства.

Особую актуальность в законотворческой и законоприменительной деятельности она приобрела с провозглашением Конституцией РК 1995 г. человека, его прав и свобод высшей ценностью, а соблюдение, защиту этих прав и свобод - обязанно-

стью государства. защите прав и свобод человека и гражданина на предварительном следствии и в суде посвящены многие нормы подписанных Республикой Казахстан международных правовых актов [1].

Неуклонное соблюдение следователями требований принципа законности позволяет избежать значительного количества допускаемых при расследовании уголовных дел следственных ошибок. Последовательное осуществление принципа законности - необходимое условие правильной корректировки законодательного регулирования порядка расследования в готовящемся Уголовно - Процессуальный Кодекс (УПК) РК, а также принятия обоснованных управленческих решений в сфере правоприменительной деятельности соответствующих государственных органов.

Повышение эффективности расследования преступлений зависит преимущественно от качества правоприменительной деятельности и прежде всего обусловлено профессиональным уровнем и добросовестностью работников органов дознания и следователей. Однако важная роль в этом

принадлежит также совершенствованию законодательной регламентации предварительного расследования.

Правовые основы выявления, устранения и предупреждения следственных ошибок в досудебных стадиях уголовного процесса как раз и состоят

из предусмотренных уголовно-процессуальным законодательством правовых процедур эффективной регламентации процесса расследования уголовных дел.

Существует настоятельная необходимость решения ряда вопросов законодательного характера в новом проекте УПК РК.

На количестве допускаемых следственных ошибок, на эффективности предварительного расследования, безусловно, сказались бы реформации в дифференциации форм расследования.

Рост числа заказных убийств, преступлений, совершенных бандами и иными организованными преступными группировками, убийств, совершенных маньяками, захваты заложников и беспрецедентные требования выкупа за них, террористические акты, немислимые финансовые махинации и коррумпированность в органах государственной власти и управления, массовые беспорядки с явно политическим оттенком позволяют принципиально ставить вопрос о специальном порядке расследования особо тяжких преступлений [2].

Для надлежащего обеспечения раскрытия и расследования особо тяжких преступлений законодатель в проекте УПК РК должен в изъятие из общей процедуры расследования предусмотреть:

а) особую подследственность таких дел, мы полагаем, что расследование подобных преступлений необходимо поручать смешанной следственно-оперативной группе из числа «элитных» подразделений прокуратуры, МВД, КНБ, Агентство по делам государственной службы;

б) особое оперативное обеспечение расследования таких дел, позволяющее расширить возможности по использованию в качестве доказательств виновности лиц результатов оперативно-розыскной деятельности;

в) особый порядок получения в процессе доказания показаний потерпевших и свидетелей, позволяющий исключать какое-либо воздействие со стороны обвиняемого и его окружения на данных участников;

г) возможность проведения до возбуждения уголовного дела определенных экспертиз (судебно-медицинских, судебно-криминалистических и др.), результаты которых в дальнейшем могли бы быть использованы как доказательства;

д) возможность задержания по подозрению в совершении преступления на срок более 48 часов с уведомлением судьи, который по опыту ряда зарубежных стран (США и др.) активно отслеживал бы результативность деятельности правоохранительных структур по сбору доказательств для предъявления задержанному лицу обвинения и устанавливал бы сроки задержания (промежуточный, предельный, к примеру, до 15-30 суток).

Заслуживает поддержки предложение О. Д. Жука о создании специализированной межрегио-

нальной прокуратуры по осуществлению надзора за соблюдением законов органами, осуществляющими оперативно-розыскную деятельность и предварительное расследование дел о преступлениях, совершенных членами организованных преступных формирований [3].

«Сотрудники этой прокуратуры поддерживали бы обвинение в судах по таким делам. Наряду с созданием специализированного следственного аппарата решение вышеуказанного вопроса в значительной степени улучшило бы возможности оперативных служб в борьбе с организованной преступностью».

Жесткий прессинг со стороны виновных лиц и их окружения, который испытывают в настоящее время потерпевшие и свидетели по значительному количеству уголовных дел (особенно по тяжким и особо тяжким преступлениям), неминуемые в таких ситуациях отказы потерпевших, свидетелей от дачи показаний, изменение показаний, вынужденная дача ложных показаний и, как следствие этого, «развал» расследуемого или расследованного и рассматриваемого в суде уголовного дела, в число актуальных задач выдвигает быстрее принятие Закона РК «О государственной защите потерпевших, свидетелей и других лиц, содействующих уголовному судопроизводству», действие которого резко сократило бы количество следственных ошибок по уголовным делам [4].

1. Укрепляя процессуальные гарантии и процедуры расследования основной массы преступлений, особенно тяжких, особо тяжких, необходимо разгрузить суды и следователей от уголовного судопроизводства по нетяжким преступлениям за счет широкого применения упрощенных производств. Как правильно отметил П. Ф. Пашкевич, «сокращенное производство - это обычная нормальная форма по малозначительным делам».

Дифференциация форм расследования в уголовном судопроизводстве в сторону упрощения должна развиваться в новом проекте УПК РК следующим образом:

1. Выделение из числа уголовно наказуемых деяний уголовных проступков, за которые могут быть применены все уголовные наказания, кроме лишения свободы.

Идеи оптимального решения проблемы о преступлениях небольшой общественной опасности неоднократно поднимались учеными-юристами, в частности В. Курляндским и работавшими с ним учеными, которые разработали даже Кодекс уголовных проступков.

Уголовные проступки, исходя из характера их общественной опасности, предусмотренных за них уголовных наказаний, а также судебной процедуры назначения такого наказания, были бы промежуточным видом правонарушений между административными правонарушениями и пре-

ступлениями. Именно для уголовных проступков была бы применима протокольная форма досудебной подготовки материалов, которая, по справедливой оценке С. Л. Лоя, решает следующие задачи:

1) приближение ответственности к моменту совершения преступления и повышение ее эффективности;

2) упрощение порядка производства по выделенной категории преступлений, усиление внимания административных органов на них и повышение тем самым уровня неотвратимости наказания;

3) сокращение объема работы следственных органов;

4) соотносимость процессуальных затрат правоохранительных органов и тяжести совершенных преступлений.

2. Введение новой формы дознания по делам, производство предварительного следствия по которым не обязательно [5].

Данная новация предусмотрена в проекте УПК РК и ее следует расценивать в качестве альтернативы протокольной форме. Поскольку

здесь предусмотрено больше гарантий установления истины по делу и более полно обеспечиваются права личности, новая форма дознания представляется оправданной и удачной.

Такое нововведение оправданно еще и потому, что отражает то различие, которое должно существовать между дознанием и предварительным следствием и которого, к сожалению, нет в действующем УПК РК. Несмотря на общую направленность на решение задач уголовного

судопроизводства, дознание и предварительное следствие достаточно самостоятельные правовые институты и виды процессуальной деятельности, о чем свидетельствуют их цели.

Представляется обоснованной позиция Следственного комитета МВД РК о нецелесообразности ведения предварительного следствия по единой процессуальной процедуре как следователями, так и органами дознания, что предусмотрено проектом УПК РК. Такое предложение соответствует содержащемуся в уголовном процессе функциональному принципу, в соответствии с которым основной функцией следователей является расследование преступлений, а органов дознания розыскная и оперативно-розыскная работа. Органы дознания должны сосредоточить свои усилия на раскрытии, а не на расследовании преступлений. А если они участвуют в расследовании, то должны выполнять неотложные следственные действия по делам, по которым обязательно производство предварительного следствия, а также проводить дознание в измененной проектом УПК РК форме.

Говоря о дознании, нельзя не остановиться на предложениях МВД, звучащих при обсуждении проекта УПК РК: расследование по неочевидным

преступлениям до установления личности обвиняемого должно вестись органом дознания, а не следователем. И лишь после раскрытия преступления дело должно быть передано для дальнейшего расследования следователю.

Такие предложения не будут выдерживать никакой критики, по крайней мере, до тех пор, пока профессиональный, образовательный уровень кадров органов дознания хотя бы сравняется с профессиональным, образовательным уровнем следователей правоохранительных ведомств.

3. Сокращения числа следственных ошибок можно достичь за счет широкого применения на стадии предварительного расследования института прекращения уголовных дел.

Ведь не секрет, что суды в настоящее время перегружены уголовными делами, рассматривают их с большими нарушениями процессуальных сроков, что за прошествием времени подчас искусственно порождает ситуации с появлением следственных ошибок (изменение показаний участниками процесса, забывание существенных деталей происшедшего события и т. д.) [6].

Очевидно и то, что на практике довольно широко распространен взгляд на расследование прекращаемых дел как на второстепенную работу, и господствующим показателем в оценке труда следователей признается количество дел, направленных в суд с обвинительным заключением.

На самом деле принципиальных различий между теми и другими уголовными делами нет и не должно быть.

Правильное освобождение лиц от уголовной ответственности не противоречит целям и задачам уголовного судопроизводства.

При прекращении уголовных дел по нереабилитирующим основаниям уголовно-процессуальным законом установлен целый ряд гарантий личности:

1. Согласие лица, совершившего общественно опасное деяние, на прекращение уголовного преследования, что равносильно добровольному признанию своей вины перед государством и обществом.

2. Отсутствие возражений на прекращение дела со стороны потерпевшего, что равносильно отказу от судебной процедуры разрешения правового спора.

3. Особые условия для прекращения дела:

- лицо впервые совершило нетяжкое преступление;

- изменилась обстановка, и лицо или совершенное им деяние перестали быть общественно-опасными (ст. 6 УПК);

- лицо, совершившее общественно опасное деяние, деятельно раскаивается (ст. 7 УПК);

- признание того, что исправление несовершеннолетнего, совершившего общественно опас-

ное деяние, может быть достигнуто путем применения принудительных мер воспитательного воздействия (ст. 8 УПК);

- лицо, совершившее общественно опасное деяние, примирилось с потерпевшим и загладило причиненный потерпевшему вред (ст. 9 УПК).

4. Необходимость получения согласия прокурора на прекращение уголовного дела.

5. Возможность для заинтересованных лиц обжаловать прекращение дела прокурору или в суд (ч. 5 ст. 209 УПК).

При данных гарантиях основная задача правосудия — справедливое и законное разрешение правового спора в интересах личности, общества и государства может быть успешно разрешена и вне рамок судебного разбирательства, тем более что возможности судебного контроля за прекращением уголовных дел и при необходимости процедура судебного разбирательства дела наличествуют.

Изложенное выше позволяет высказать следующее:

- прокуроры, начальники следственных отделов должны быть более требовательны к качеству расследования прекращенных дел, так как в них в значительном количестве случаев содержатся следственные ошибки;

- в ведомственные показатели эффективности работы следователя необходимо внести корректировки, позволяющие основным показателем считать количество расследованных дел.

Таким образом, гибкая регламентация в уголовно-процессуальном законе различных форм расследования уголовных дел - от усложненных (по особо тяжким преступлениям), обычных (по остальным преступлениям) и до упрощенных (дознание), а также применение протокольной формы по уголовным проступкам, усмотрения прокурора на возбуждение и финал уголовного преследования - это и есть те правовые основы, которые способствовали бы созданию оптимальных условий для расследования и предупреждения значительного количества следственных ошибок по уголовным делам [7].

#### Список использованной литературы

1. Ароцкер Л. Е. Тактика и этика судебного допроса. М., 2009.
2. Барабаи А. С. Сущность уголовного процесса и его роль в формировании ответственности правонарушителя. Красноярск, 2007.
3. Власов В. И. Расследование преступлений. Проблемы качества. Саратов, 2008.
4. Жук О. Д. Особенности возбуждения уголовных дел о преступлениях, совершенных организованными преступными формированиями. Томск Изд-во Томск, ун-та, 2006.
5. Карнеева Л. М. Привлечение к уголовной ответственности. Законность и обоснованность. М., 2001.
6. Лось С. Л. Протокольное производство в уголовном процессе. Томск, 2006.
7. Пашкевич П. Ф. О процессуальной экономии в досудебных стадиях советского уголовного судопроизводства. // Проблемы совершенствования советского законодательства / Тр. ВНИИСЗ. М., 2004.



**Салкебаев Талғат Смағұлұлы**

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының PhD докторанты,  
полиция подполковнигі. Қарағанды қаласы,  
тел: 8 701 566 94 02, salkebaev@mail.ru.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖЕРГІЛІКТІ  
ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МОДЕЛІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ**

***Түйін.** Автор мақаласында ішкі істер органдарының кадрлық саясатының меритократиялық мен ашықтық қағидаттарының жүзеге асуы аясын кеңейтуді ұсынады; құқық қорғау органдарындағы мансаптылық ерекшеліктері және жергілікті полиция қызметінің құрылуына байланысты жаңа жағдайға бейімделу әдістерін анықтайды. Жергілікті деңгейде жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға қатысты тәуекелдік қауіп-қатер тұстарды қарастыруға ұмтылады.*

***Резюме.** В настоящей статье автор предлагает расширение сферы действия принципов меритократии и прозрачности в кадровой политике органов внутренних дел. Обозначена специфика карьерного роста в правоохранительных органах и способы ее адаптации к новым условиям, связанным с созданием местной полицейской службы. Рассматриваются риски, связанные с организацией противодействия коррупции на местном уровне.*

***Summary.** In the real article an author offers expansion of sphere of action of principles of transparency in skilled politics of organs of internal affairs. The specific of career advancement in law enforcement authorities and methods of her adaptation mark to the new terms related to implementation of the next stage of Plan of nation. Certain system solutions of row of questions are offered on the selection of employees of police and forming of their anticorruption motivation.*

Қазақстан Республикасының 2015-жылғы 2-қарашадағы «Жергілікті полиция қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 388-V Заңына сәйкес елімізде жергілікті полиция қызметінің жаңа моделі құрылды [1]. Бұны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын (бұдан әрі – Ұлт жоспары) орындаудың нақты көрінісі деуге әбден болатындай. Қазақстан Республикасының 2014-жылғы 23-сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы жаңадан толыққан 9-1-бабы бойынша жергілікті полицияға - учаскелік инспекторлар, ювеналдық (кәмелетке толмағандар ісі), әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, жол-патрульдік полиция, табиғатты қорғау полициясы, қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау бөліністері телінетін болды [2].

Алайда, сөз болып отырған жаңа модельдің әлеуметтік-бағыттылығы қаншалықты тиімді? Құқықтық ережелерге сәйкесті жүргізген нормативтік талдауға арқа сүйей отырып, қазірдің өзінде мұндай тоқтамнан қандай тәуекелдік қауіп-қатер туындайтынын болжай аламыз ба? Ғылыми мақаламыздың арқауында осы мәселенің маңызды аспектілері мен тәуекелдік тұстарына тоқталып, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметінің моделіне талдау жасап көргіміз келеді.

Ұлт жоспарының №30-қадамында атқарушы органдарға және жергілікті қауымдастыққа есеп беретін жергілікті полиция қызметін құру қарастырылған болатын. Ал №31-қадамда этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің

іс-әрекеттеріне шағымданған азаматтардың арызын қарау жөніндегі қоғамдық кеңес жүйесін құру арқылы полицияның ашықтығын қамтамасыз ету ұсынылады.

Қоғамдық кеңестің мәртебесі мен өкілеттіктері заңнамалық жолмен Қазақстан Республикасының 2015-жылғы 2-қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» №383-V Заңында бекітілген [3]. Алайда біздің пікірімізше, қоғамдық кеңестердің өкілеттіктеріне қатысты бөлігі, заңнамалық тұрғыдан, мемлекеттік басқарудың республикалық және жергілікті деңгейде жергілікті полиция қызметінің моделін есепке алмай, барлық мемлекеттік органдар бойынша жинақталып шешімін тапқан.

Мәселен, 2015-жылғы 2-қарашадағы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» №383-V Заңының 5-бабында қоғамдық кеңестерге «қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау» өкілеттіктері берілген. Осы қараудың қорытындысында Қоғамдық кеңес сәйкесті мемлекеттік органға ұсынымдар жасап, ол бойынша бір ай ішінде сол мемлекеттік органның басшысы немесе оның орнындағы тұлғаның қолы қойылған шешімді жауап қайтарылатыны айқындалған [3].

Осындай орайдан алғанда, Ұлт жоспарында қарастырылғанмен салыстырар болсақ, ішкі істер органдарының Қоғамдық кеңесінің өкілеттіктері мейлінше шектеулі. Осының негізінде біз жергілікті полиция қызметінің моделі шала, жартылай жүзеге асқан, оны осы күйінде алсақ тиімсіз болмақ деген тезистерді айғақтайтын уәждер келтірсек дейміз.

Біріншіден, Ұлт жоспарында әдеп нормаларын бұзған полицейлердің әрекетіне азаматтардың өтініш-арызы сөз болады. Нақтылай айтқанда, әңгіме өзегі әдеп нормаларын бұзғаны үшін қызметкерлерді тәртіптік жауаптылыққа тарту жөнінде болып отыр. Алайда бұл ереже (№31 қадам) Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңында «қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау» делініп, иіні жұмсақталған. Бұл басқаша рең алып, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қатысты нақты істер бойынша нақты шешім шығару туралы сөз қозғамайды.

Бұл Қоғамдық кеңес мәртебесінің қадағалаушыдан кеңестік-кеңесшіл органға өзгергенінің көрінісі. Кеңес орындауға міндетті емес, ұсыным жасау ғана сипаттағы шешімдерді қабылдай алады. Бұл өзге мемлекеттік органдарға оңтайлы болса да, құқық қорғау органдары үшін тиімді болмасы анық. Ішкі істер органдарының кісәпірлік жағымсыз имиджі, қызметтердің ашықтығына, тиімділігіне қатысты туындаған жайсыз мәселелер мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт жоспарына сәйкесті шаралар енгізу қажеттілігін тудырды. Алайда, біз көріп отырғандай, қоғамдық кеңестің бұл үлгісінде жаңалық жоқ, өйткені аумақтық ішкі істер органдарындағы бұл секілді қоғамдық кеңестер кеңестік-кеңесшілдік рөлін бұрын да атқарған болатын, оның тиімділігі тым төмен-тін.

Әйтсе де құқық қорғау органдары жанындағы қоғамдық кеңестердің өкілеттіктерін регламенттейтін нормалардың нақты бір азаматтардың нақты бір лауазымды тұлғаларға қатысты арыз-өтініштері бойынша құқықтық негізде шешім қабылдауды қамтамасыз етуі тұстары күшейтілуі тиіс деп білеміз. Ендеше қоғамдық кеңестердің шешімі ұсынымдық сипатта емес, өктемдік сипатта болып, орындамаушылық үшін жергілікті полиция қызметінің басшыларына жеке жауаптылық қарастырылғаны жөн.

Екіншіден, жергілікті өңірдегі менеджмент (басқару) жүйесіне жергілікті полиция қызметінің қаншалықты кіріккеніне талдау жүргізудің қажеттілігі бар. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2001-жылғы 23-қаңтардағы «Мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 29-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі жергілікті маслихаттың келісімімен ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшыларын тағайындайды. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына үміткерді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

ұсынады. Жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына үміткерді (қала, қалаішілік аудан) облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті полиция қызметінің басшысы ұсынады. Жергілікті полиция қызметінің басшысы лауазымына үміткер Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес ішкі істер органдарының кадр резервінде тұрған қызметкерлерден тағайындалады.

Сонымен бірге облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың әкімі жергілікті деңгейде ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметінің алдына жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктегі аумақта қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойып, олардың орындалуын қадағалап, жылына кемінде екі рет ішкі істер органдары жіргілікті полиция басшыларының есептерін тыңдайды.

Көріп отырғанымыздай, жергілікті полиция қызметінің есептілігі реттік есеп беру нысанында жүзеге асқан: жергілікті полиция қызметінің басшысы жергілікті полиция қызметі жөнінде жыл сайын кемінде екі рет атқарушы билік өкілдері алдында есеп береді, жыл сайын бір рет – жергілікті тұрғындарға, ал учаскелік полиция инспекторы сәйкесті әкімшілік-аумақтық бірліктегі әкімшілік аумақта тұратын тұрғындар алдында тоқсан сайын кемінде бір рет есеп береді (Қазақстан Республикасының 2014-жылғы 23-сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңының 9-1-бабы).

Әйтсе де өкінішке қарай, осы жерде жергілікті қауымдастыққа полицияның есептілігі моделінің қандайда бір құқықтық нәтижелері байқалмайды. Есептілік жөніндегі жоғарыда келтірілген нормалар, шынтуайтында есептілік механизмі емес, тұрғындарды аппараттандыру механизмі болып табылады. Өйткені жергілікті қауымдастықтың шынайы өмірге сәйкес келмейтін олардың есебін қабылдамауға мүмкіндігі жоқ.

Оның үстіне жергілікті қауымдастық жергілікті полиция қызметін бағалай алмайды, полиция қызметі туралы арақідік ақпарат алып тұратын бақылаушы ғана. Бұрын біз өзіміздің жарияланымдарымызда ішкі істер органдары қызметін тиімді бағалау мәселесін көтерген едік, әрі қызмет көрсеткішінің қорытындысында міндетті түрде полиция жұмысының қоғамдық бағасы ескерілуі керектігін көптің алдына көлденең тартып, ортаға салған болатынбыз. Өкінішке орай, бұл тұрғыдан алғанда қоғамдық кеңестер мен маслихаттар жергілікті полиция қызметінің нәтижелілігіне ықпал ете алмайтынын жасырмауымыз керек.

Біз талдау жасап отырған модельде бұл өкілеттіктерге әкімдер ғана ие. Мұның өзі жергілікті өзін-өзі басқару мазмұнына қайшы келеді, өйткені қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік бір адамның қадағалауы емес, қоғамдық бақылау ая-

сындағы құбылыс екені сөзсіз. Жергілікті полиция моделін әлеуметтік тапсырыс іспетті тұжырымға сәйкес жігілдіру қажет. Онда әкім ғана емес, маслихат пен қоғамдық кеңестен тұратын жергілікті қауымдастық та ішкі істер органдары алдына нақты міндеттер қойып, оның орындалуын қадағалай алады.

Мәселен, жекеленген әкімшілік-аумақтық бірлікте жергілікті халықтың мазасын алған мал ұрлау мәселесі барынша шығандап көтеріліп тұр делік, өйткені бұл ауданның немесе облыстың еңбекке қабылетті тұрғындардың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысады, жалғыз мал ғана тіршілік көзіне айналған. Әлбетте, жергілікті полиция қызметінің алдына бұл саладағы қылмыстардың санын азайтып, алдын алу шараларын ұйымдастыру секілді нақты міндет-талаптар қойылады. Бұл белгілі бір нәтижеге жетпейінше жергілікті полиция қызметі үшін басты міндеттер қатарында болуы тиіс. Полиция жұмыстарының нәтижесі жергілікті тұрғындардың күткеніндей болып шықпаса, олар қоғамдық кеңестер мен маслихаттар арқылы бұл бойынша тәртіптік және ұйымдық сипатта нақты шешімдер қабылдауы қажет (жергілікті деңгейде бюджеттік қаржыландыру көлемін өзгерту, штат санын қысқарту/көбейту, бөліністерді жабу, т. б. с. с.).

Ендігі бір тәуекелдік қауіп-қатер тудыратын фактордың бірі – жергілікті полиция қызметін әкімдерге бағындырып қойылуы деп білеміз. Бұның жемқорлыққа, қабылданған шешімдердің ашық болмауына тікелей апарып соғары кәдік. Өйткені қазақстандық қоғамның даму векторы одан әрі демократизациялауға бағыт алуы тиіс, жергілікті өзін-өзі басқаруда бір тұлғалық басқарудан алқалық (коллегиальность) басқаруға ауыстырылуы қажет.

Сонымен қатар соңғы жылдары біз жергілікті басшыларды жауапқа тартқан көптеген сот үдерістерінің (процестерінің) куәсі болып жүрміз. Онда

қылмыстық топтар құрып, ауыр, ерекше ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарына басшылық жасағаны үшін жауапқа тартылған облыстық әкімдер айыпталуда. Аумақтық ішкі істер органдарының бірорталыққа бағынуымен салыстырғанда, сыбайлас жемқорлықтан туындайтын тәуекелдік қауіп-қатер жергілікті полиция қызметіне ықпалы тіптен күштірек.

Осыған байланысты, әкім сияқты жеке бір лауазымды тұлғаға бағынуға негізделген жергілікті полиция қызметінің бұл моделіне күмәнмен қараймыз. Тағы да қайталай кетейік, қолданыстағы заңнамада бекітілген механизм есептілік механизмі емес, ақпараттандыру механизмі ғана екенін баса көрсеткіміз келеді.

Осылайша алғанда, нақты бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі кәдуілгі учаскелік полиция инспекторының тоқсан сайынғы жасайын есебі формальды сипат алады, өйткені ол ішкі істер органдарының қызметін тиімді бағалайтын жалпы тұжырымдық моделінен тым алшақ жатыр. Оның жеке көрсеткіштері мен жалақысы жергілікті тұрғындарының көңілінен шығуына, қанағаттануына тәуелді емес, сондықтан да өз қызметінің тиімділігін үнемі арттырып отыруға оның ниеті де құлқы да болмайды.

Ұсынылып отырған бұл талдауымызға сын көзбен қарасақ та, жалпылай алғанда бұның мәні жергілікті полиция қызметін одан әрі жетелдіруге және Ұлт жоспарын нақты орындауға бағытталғандығында жатыр. Мәселен, 2016-жылғы 2-қаңтарда Ақордада өткен бас қосу жиынында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «мемлекетте есеп беруді қалыптастыру міндеттеріне сәйкес, барлық деңгейдегі атқарушы билік тұрғындар алдында есеп беріп отырады. Басшыларға жеке жауаптылық жүктеледі. Мұнда жалған реформалар жасауға ұмтылу үзілді-кесілді болмауы тиіс. Оң өзгерістерге кедергі жасайтындар отырған лауазымдарынан алынып тасталады» [4].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. "Егемен Қазақстан" 10. 11. 2015 ж., № 215 (28693).
2. Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2014 г., № 8, ст. 48; № 16, ст. 90; № 19-I, 19-II, ст. 96; № 23, ст. 143; 2015 г., № 1, ст. 2; № 16, ст. 79
3. "Казахстанская правда" от 13. 11. 2015 г., № 218 (28094); "ЕгеменҚазақстан" 13. 11. 2015 ж., № 218 (28696) текстте қойылмаған сноска
4. Қолжетімді режимде: <http://informburo.kz/novosti/v-kazahstane-planiruetsya-prinyatie-patrioticheskogo-akta.html>

**Ахметов Даурен Төлегенұлы**

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының PhD докторанты,  
полиция подполковнигі, тел: 8-777-967-53-93, salkebaev@mail.ru.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ  
ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ**

*Түйін.* Осы мақалада ерекше жағдайларда ІО қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және ұйымдастырушылық-құқықтық шараларын жүзеге асырудың құқықтық реттелуінің мәселелерін жетілдіру қарастырылады. Бар мәселелерге талдауды жүргізудің негізінде көрсетілген жағдайларды жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынылады.

*Резюме.* В данной статье рассматриваются проблемы охраны общественного порядка и обеспечение общественной безопасности ОВД и проблемы совершенствования правового регулирования в осуществлении организационно-правовых мероприятий ОВД в особых условиях. На основе анализа имеющихся проблем вносятся предложения по их совершенствованию.

*Summary.* This article is considered the problems of public order and public security police department and the problem of improving the legal regulation in the implementation of organizational and legal measures of OIA in the special conditions. Based on the analysis of existing problems to make proposals for their improvement.

Мақаламыздың арқауы отандық күшті құрылымдарының ішіндегі саны жағынан алғанда ең қомақтысы да салмақтысы — Ішкі істер органдарының төтенше жағдайдағы қызметінің ұйымдастырылу-құқықтық негіздері мен тәжірибесін ой елегінен өткізіп, кемшін қалып жатқан тұстарын анықтап, жетілдіру бойынша ұсыныс жасау бағыттарын айқындауға арналады. Өйткені тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы ширек ғасыр төңірегінде қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қандай да болмасын құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстылықпен күресуді тікелей міндетіне алған полиция институтының дамуы және оны дамыту теориясы мен тәжірибесі, сонымен қатар мемлекет және өзін-өзі басқару жүйесіндегі полиция қызметінің құқықтық негізі әлі де болса саралай түсуді қажет ететін күн тәртібінде тұрған келелі міндеттердің қатарына жатады. Соңғы кездегі қоғамымызда орын алып отырған құқық бұзушылық, жаппай тәртіпсіздік төңірегіндегі келеңсіз құбылыстар бізді алаңдатпай қоймайтыны анық.

Бір анығы, қазақстандық ғалымдардың сүбелі еңбектерінде полиция органдарының ұйымдастырылуы, салалық құрылымдық ерекшеліктері және онда қызмет атқарудың құқықтық негіздері, қызметтік бағыттары ғылыми тұрғыда талқыға түссе де, бұл бағыттағы атқарылған істер толықтай шешімін тауып болды деп кесіп-пішіп айта алмас едік.

Жаңғырған жаңа замандағы тәуелсіз мемлекет құру бағытында, өкінішке орай, экономикадағы, әлеуметтік және саяси саладағы қарама-қайшылық тенденциялары мен күрмеуі қиын жағдайлары қылмыстылықтың күрт өсіп кетуімен тікелей ұштасып жатыр. Қоғамдағы орын алатын кемшіліктер — қылмыстылықтың айнасы десе болғандай. Ендеше отандық ішкі істер органдары тәжірибесінің озық жақтарын қаперге ала отыра, қызметін жетілдіру заман талап еткен бірден-бір күрделі мемлекеттік

мәселеге айналып отыр. Оны жүзеге асыру барысында тәртіп сақтау институтының, оның ішінде ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру ерекше рөл атқарады.

Кейінгі жылдарда бұл салада бірқатар игілікті жұмыстар атқарылды: ішкі істер органы жұмысының құқықтық базасын жетілдіруге мүмкіндік беретін бірнеше заңдар, Президенттік және Үкіметтік нормативтік-құқықтық актілер қабылданды, оларды дамыту тұжырымдамасы қолға алынып, қаржылық, материалдық-техникалық, мамандармен қамтамасыз ету шаралары және т. б. жүзеге асырылуда.

Алайда іс жүзінде тәртіп сақтау органының осы маңызды буынының тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру одан да нақтырақ болуы қажет екендігін көрсетеді. Бұл үдерістің жан-жақты ғылыми зерттеу базасында ғана жүзеге асырылатыны да белгілі. Сондықтан да қазіргі жағдайда ішкі істер органы алдында тұрған барлық кешенді бағдарламаларды ойластыру және олардың қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу қазақстандық заң ғылымы алдында тұрған өзекті міндет.

Бұл орайда теория, құқықтық регламент, полиция қызметін ұйымдастыру — елімізде тәртіп сақтау механизмінің ең бір маңызды элементі. Бұл тәртіп сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік құрылым жолдары жөніндегі біздің түсінігіміздің кеңеюіне ықпал етіп, тәртіп және құқық бұзушылықпен күрестің әдістері мен түрлеріне жаңа сапалық рең беріп, отандық институттардың жетілуі жолындағы жұмыстарды, теориялық және практикалық нақты шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етуді керек етеді. Өйткені дүниежүзілік қауымдастықтың толық қанды мүшесі болған Қазақстан Республикасы әр азаматының экономикалық, әлеуметтік, сондай-ақ өз құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді міндетіне алып, адам ғұмырындағы осы негізгі тұғырлардың бірі бұзылса, оның құқығын қорғауға ішкі



істер органдары арқылы кепілдік беріп отыр. Сондықтан мұндай құзырлы органдарға әрбір адамның құқығын бұзу сияқты қылмыстық жайттардың алдын алу, құқықтық қорғау әлеуетін арттыру жүктелуде. Дәл осының құқықтық негіз ретінде «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңының 2-тарауы 6-бабының 13-тармағында Ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған өкілеттіктерде «жаппай тәртіпсіздік, топтасып бағынбаушылықтың жолын кесу» міндеті жүктелген. Енді еңбегіміздің өзегіне айналған күрмеуі қалың қыры мен сыры мол осы мәселеге кеңінен тоқтала кетсек дейміз [1].

Мемлекетіміз өзінің ішкі-сыртқы саясатында адам өмірінің қазына-байлығын, еркіндігі мен бостандығын, құқығы мен міндетін белді арқауға, бағдар алар темір қазығына айналдыруға ұмтылуда дедік. Әйтсе де еліміздегі қалыптасқан демократиялық ахуал құнарлы игіліктерді тудырып қана қоймай, қоғамның бұрын байқалмаған көлеңке жақтарын да кілегейдей алдыңғы қатарға шығаруда. Босансу мен тоқмейілісуді көтермейтін бүгінгі заманның алмағайып қиындықтары адамдардың белгілі бір бөлігіне моральдық-психологиялық тұрғыдан салмақ салуда. Басқа түскен ауыртпалықты көтере алмай, без бүйрек, тесік өкпе боп, әбден жүйкесі тозған әлжуаз адамдардың саны күн санап артып келетінін бұқаралық ақпарат құралдары да уәждеп айтып, телеарналар да кеңінен көрсетіп-ақ жүр.

Күнделікті өмірдің көп қыртысты қат-қабат шытырман оқиғалары, тұрмыстың қиындығы, діндегі ала-құлалық, тиісті еңбек ақысын ала алмау, саяси сахнадағы идеялық көзқарастар жойқыны кей адамның жүйкесіне тікелей әсер етіп, кей адамдар топтаса келе, жаппай тәртіпсіздік секілді келіссіз де келеңсіз әрекеттерге баруда. Өмірдің қайнаған қазанынан алынған осы тақылеттес кері құбылыстар сананы адастыратындай ықпалы бар екенін психолог-мамандар қауымы дәлелдеп бағуда.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, топтасқан құқық бұзушылықтың алдын алып, жолын кесуді алғашқы кезде әкімшілік полиция күштері ғана жүзеге асырады. Бұл сатыда құқықты бұзып топтасқандарға бір немесе бірнеше ғана полиция қызметкерлері қарсы тұрады. Қоғамдық тәртіпті сақтап, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қылмыстылықпен бетпе-бет кездесетіндердің алдыңғы легі солар. Бұл жағдайда полицейлердің іс-әрекеттерінің айтарлықтай маңызы бар. Топтасып дауласу орын алған тұста азаматтарға полицейлердің мейлінше сыпайылық танытқан жөн. Бұзақы топтың алдында дауға себепші болғандарды қамауға алу мақсатында топтан алып шығып ұстаудан дау ушығып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан әуелгі кезеңде ескерту жасап, шектеу қою, қатал әрекеттерге барудан бас тарта тұрған абзал. Қоғамдық тәртіп бұзылған тұстағы полиция нарядының

әділетті әрекетіне халық әдетте түсіністікпен қарайтыны белгілі. Ал бұған керісінше полиция қызметкерлері арнаулы құралдар мен оқ ату қаруларын сөзге келмей бірден қолданатын болса, бұл даудың жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуі әбден ықтимал. Ол үшін топтасқан құқық бұзушылық орын алған жағдайда, әуелде елеусіз көрінген оқиғаның, кейіннен үлкен дабыраға ұласып кетпеудің жолдарын қарастыра білу керек. Оның бірден бірі амалы – іс насырға шаппай, ушықпай тұрып, полицейлердің дұрыс келіссөз жүргізу арқылы сол бойда шешімін табу болып табылады. Полицейлердің келіссөз жүргізе алу шеберлігінің қажеттілігі осы жерде айқын байқалады. Бұның өзі замана болмысына сай қазіргі қоғамымыз қажет етіп отырған халықпен тікелей араласатын әкімшілік полицияның күрделі бөлігін құрайды десек, артық кетпейміз. Ішкі істер органдары қызметкерлеріне келіссөз жүргізу шеберлігін меңгерулері ауадай қажетті зәру іс дейтініміз сондықтан.

Осыған байланысты күш қолданудан, орынсыз шешім қабылдаудан бұрын қызметкерлер іс-қимылын реттейтін, келіссөз жүргізе алу жолдарын қарастыратын жол-патрульдік полицейлерге арналған арнаулы жадынама (памятка) дайындалғаны дұрыс деп білеміз. Мұны ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы ұсынысымен ІІМ қарасты ғылыми орталықтарындағы ғалым мамандар дайындаса тіптен құба-құп [2, 1].

Жасыратыны жоқ, әр нәрсені желеу етіп, құқыққа қайшы әрекетке барып, қоғамдық қатынастарға қолсұғу жайттары күнбе-күн күнделікті болып жататын, үйреншікті селт еткізбейтін қатардағы оқиғаға айналып кету қаупі бар. Соңғы уақытта еліміздің түкпір-түкпірінде болып өткен жарылыстар мен атылыстар (Ақтөбе және Жаңаөзен қалаларындағы оқиғалар) осының нақты айғағы. Бұл сияқты теріс қылықты келеңсіздіктер ізін суытпай сол бойда шешімін табуды қажет ететіні белгілі. Бұндай заңға қайшы келетін кері құбылыстардың біздің топырақта ғылыми негізде байыпталуы әлі де болса кем түсіп жатыр. Бұл мәселелер полиция қызметкерлері үшін ғана арнайы дайындалатын жадынамалық, әдістемелік нұсқаулықтар түрінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық көлемде ашықтан-ашық еш бүкпесіз, егжей-тегжейлі кеңінен сөз етуді қажет ететін толғағы жетіп піскен мәселе деп білеміз.

Ендігі бір тілге тиек етеріміз – Ішкі істер органдары қызметін құқықтық-ұйымдастырылудағы кейбір кемшіліктерге келіп саяды. Алысқа бармай-ақ бұған мысал ретінде Жаңаөзен қаласындағы болған жаппай тіртіпсіздік оқиғасын алсақ та жеткілікті. Қолдағы бар деректер 2011 жылғы 16-желтоқсанда сағат 11-лер шамасында алғашқы ақпарат түскен сәттен бастап арнаулы жедел жоспарларына сәйкес Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті жеке құрамды жинап, оны жаппай тіртіпсіздік орналын жерге апару тура-

лы шешім қабылданғанын көрсетеді. Болған оқиға дереу ҚР ІІМ-не, облыс әкіміне, облыстық құқық қорғау органдарының басшылығына тегіс хабарланады. ІІД бастығы, оның орынбасарлары арнайы жоспарында көзделгендей күш-құралдарға басшылық жасау үшін оқиға орын алған жерге жедел жеткен. Міне, осы кезде ІІД жеке құрамын жеткізу үшін оларды көлікпен қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Осы туындаған кемшіліктерге сәкес жаппай тәртіпсіздіктің алдын алуға және болдырмауға қиыншылықтар туғызды. Оқиға барысында арнаулы құралдар мен арнаулы көліктерді қолдануда да кемшіліктер орын алады. Қолданыста өлімге апарып соқтырмайтын қарулардың (травматикалық, газдық қарулар, т. б. ) жоқтығы байқалады. Күннің суығынан цистернада жиналатын судың, агрегат, буындардың қатып қалуы себепті «Су-атқыш» автокөлігі қолданылмады. Осының бәрі де ІІД қызметін ұйымдастырудағы олқылықтарды басынша әйгілеп берді. Бұл кемшіліктер тек Маңғыстау облыстық ІІД-не ғана тән емес, сондай-ақ өзге өңірлердегі жедел араласу қызметіне ортақ екені анықталды. Осыдан келіп, елімізде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету бойынша орын алған бұл фактілердің негізінде бірқатар ұсыныстар жасағымыз келеді:

1) мұндай жаппай тәртіпсіздікпен айқындалатын дағдарыс кезінде Алматы, Астана қалалары мен облыстар әкімдері басшылық жасайтын Аймақтық жедел штаб құрылуы қажет. Бұл штаб қандай да бір дағдарыс туындағанда мемлекеттік құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің күш мен құралын үйлестіруді жүзеге асыратын болады [3, 1].

2) 2003 жылғы 8 ақпандағы «Қазақстан Республикасының Төтенше жағдай туралы» Заңының 4-тарауының «Төтенше жағдайды енгізуде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер» туралы сөз болатын 15-бабына қосымша ретінде мынадай толықтырулар енгізілсе дейміз [4];

а) азаматтардың тұрғын үйлеріне және басқада бөлмелеріне, олардың жер учаскелеріне, мекемелердің, ұйымдардың және кәсіп орындардың аумақтарына және олар мен жалдайтын бөлмелерге кедергісіз кіру меншіктің нысанына қарамастан (ҚР шет ел мемлекеттерінің дипломаттық өкілеттіктерден басқа), және қылмыс жасаған сезікті адамдарды іздеу кезінде оларды қарау, сондай-ақ ол жерлерде қылмыс жасалды деген немесе қылмыс жасалып жатыр немесе қайғылы жағдай жасалды деген толық мәліметтер болған жағдайда;

б) мекемелердің, ұйымдардың және кәсіп орындардың көлік құралдарын кедергісіз пайдалану, меншіктің нысанына қарамастан (ҚР шет ел мемлекеттерінің дипломаттық, консулдық және басқада, халықаралық ұйымдардың, сонымен қатар арнайы бағытталған өкілеттіктердің көлік құралдарынан басқа), қоғамдық бірлестіктердің немесе азаматтардың көлік құралдарын төтенше жағдай

болған жерге бару үшін, азаматтарды емдеу мекемесіне апаруға, азаматтарға жедел медициналық көмек көрсету, қылмыс жасаған адамдарды іздеу және оларды полицияға жеткізу;

в) қызметтік мақсатта мекемелердің, ұйымдардың, кәсіп орындардың және қоғамдық бірлестіктердің байланыс құралдарымен кедергісіз пайдалану, меншіктің нысанына қарамастан (ҚР шет ел мемлекеттерінің дипломаттық, өкілеттіктерінен басқа);

г) мекемелерден, ұйымдардан және кәсіп орындардан меншік нысанына қарамастан полиция қызметкерлерімен қызметтік міндеттерін орындауға қажетті ақпаратты қайтарымсыз және тегін алу, егерде ақпаратты алуға тиісті заңмен көрсетілген басқа да тәртіп көрсетілген жағдайлардан басқа;

д) коменданттық уақыт аяқталғанға дейін бұзған, сонымен қатар өзінің жеке басын қуәландыратын құжаттар өзімен бірге болмаған азаматтарды ұстауға;

е) ІІО және ішкі әскер жауынгерлеріне қызметкерлеріне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында әскери қаруды және арнайы техниканы қолдануды қарастыру. Қолдану тәртібін төтенше жағдайлардағы жеке бұйрықпен қарастыру қажет [5, 2].

3) әрбір өңірде жедел жасақ отрядтарын құру, оның штаттық санын анықтау, құқықтық регламентін белгілеу керек. Мұндай жасаққа арнаулы дайындығы бар қызметкерді қабылдау әрі жаппай тәртіпсіздік орын алған жерлерге жедел жасақтың жеке құрамын жеткізу, оларды үй-жайға орналастыру, тамақпен қамтамасыз ету, тағы басқасы бар арнаулы күштер мен құралдарды үнемі дайындауға ұстау;

Мұндай жедел араласу құрылымдардың пайдалануы Ішкі істер департаменттерінің жеке құрамына кіретін өзге бөлімдер қызметкерлерінің өз міндеттерін еш кедергісіз, қалтқысыз орындауға толықтай мүмкіндік берер еді. Ал мұның қызметкерлердің атқаратын міндеттерін сапалы орындауда оң әсерін тигізеді анық [6, 1-2].

4) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» № 380-ІV Заңының «Қызметкерлердің атыс қаруын, арнаулы құралдар мен дене күшін қолдану» көзделген 8-тарауына жаппай тіртіпсіздікте құқық қорғау органдары қызметкерлерінің табельдік қаруы мен арнаулы құралдарын қолдану бойынша ұсыныстар дайындалса [7].

5) жол-патрульдік полиция қызметкерлері келіссөз жүргізе алу өнерін үйренсе, осы мақсатта салалық білікті мамандар қатыстырылып, солардың күшімен жадынамалар (памятка) мен әдістемелік нұсқаулықтар дайындалса [2, 1-2].

6) Жаңаөзен қаласындағы жаппай тәртіпсіздікке қатысты деректерге жүгінсек, кезінде жергілікті жұмыспен қамтамасыз ететін мекемелердің басшылары қол астындағы жұмысшылардан нараз-

ылық акциясына қатыспау туралы жазбаша хат талап еткен. Оның үстіне азаматтардың конституциялық талаптары бұзылып, жұмыс берушінің жұмысшыларға еңбек ақыларын уақытында төлемеуі ұжымдарда әлеуметтік-еңбек дауларын туғызған. Осындай орайда, жергілікті жұмыспен қамту мекемелері басшылығына ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 87-бабында көрсетілген айыппұл салу талаптары орындалуы қажет, онда «Еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарды бұзу» бойынша мынадай айыппұлдар көзделген:

1. Жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде төлемеуі, сол сияқты жұмыс берушінің кінәсінен төлемді кешіктірген кезеңіне өсімпұлды есептемеуі және төлемеуі – лауазымды адамдарға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – лауазымды адамдарға – қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының үстеме жұмысқа, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу, сондай-ақ түнгі уақыттағы еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарын бұзу – лауазымды адамдарға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл

салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – лауазымды адамдарға – қырық, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [8].

Осыған байланысты бұл баптың үшінші бөлігі бойынша 100 ден 200-ге дейін айлық көрсеткішке дейін, ал 4-бөлігі бойынша 200-ден 500-ге дейін АЕК айыппұлы көлемін көбейтуді ұсынамыз. Сондай-ақ кәсіпорын қызметін 90 тәулікке дейін әкімшілік тоқтата тұру, ал лауазымды тұлғаларды бір жылдан үш жылға дейін дисквалификациялау санкциясы енгізілсе дейміз [3, 3].

Сонымен бірге жұмыс берушінің әрекетінде қылмыстық құрам бар деп танылса, яғни еңбек ақысына бөлінген қаражатты мақсатсыз жұмсалғаны анықталса Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 156-бабына сәйкес жауаптылыққа тартылатын болады. Сондықтан ҚР Қылмыстық кодексі 148-бабының 3-тармағы «ақша, қаражатты өзге мақсаттарға жұмсалыуына байланысты» дейтін жолдармен толықтырылуы қажет [3, 3-4; 9].

Түйіндей келгенде, ПД қызметінің жай-жапсары өмір мен арнаулы қызметтердің диалектикалық қарым-қатынасы тұрғысында сөз етіліп, қоғамдағы ойып алар өзіндік орны, кәсіптік сипаттарына қатысты алуан-алуан теориялық мәселелері түбегейлі шешімін табуы керек етеді.

Бұл тұжырымдардың байыталуы да кезегін күтіп тұрған өзекті іс. Зады, жаппай тәртіпсіздікте, топтасқан құқық бұзушылық жасалған кездегі ішкі істер органдары қызметінің түрлі кырларын қаузап ашу, оларды тыңғылықты зерттеу осы күннің еншісіндегі зәру мәселе екеніне көзіміз анық жетіп отыр.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы // Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2015.
2. Қазақстан Республикасы ПМ Ақтөбе облысы ПД Штаб басқармасының 2014 жылғы 14 қаңтардағы шығыс № 2/2-44 ұсынысы.
3. Қазақстан Республикасы ПМ Манғыстау облысы ПД 2014 жылғы 10 қаңтардағы шығыс № 5/9-31-101 ұсынысы.
4. Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8-ақпандағы № 387 Заңы // «Егемен Қазақстан» 2003 жылғы 15 ақпан №37.
5. Қазақстан Республикасы ПМ Ақмола облысы ПД 2014 жылғы 16 қаңтардағы шығыс № 1-5/6-56/2592 ұсынысы.
6. Қазақстан Республикасы ПМ Қостанай облысы ПД 2014 жылғы 13 қаңтардағы шығыс № 1-5/2-20/130-и ұсынысы.
7. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Алматы: Юрист, - 2015.
8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі. Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2015.
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2015.

**Таңбазар Белес Жандосұлы**  
Қазақ-орыс халықаралық университетінің магистранты

**Жумагазиева Райса Шамшединовна**  
заң ғылымының кандидаты, доцент  
Ақтөбе қаласы, тел. :87013472687, raisa\_zerip@mail.ru

## **БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ**

***Түйін.** Бұл мақалада автор банкроттық туралы заңды қолдану тәжірибесінің жаңа бағыттарын зерттеп қолданыстағы жаңа заңнаманы жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.*

***Тірек сөздер:** Дәрменсіздік, оңалту, Азаматтық кодекс, Қазақстан Республикасы.*

***Резюме.** В данной статье автор исследует новые направления практики применения законодательства о реабилитации и банкротстве и в связи с этим автор вносит новые предложения по совершенствованию действующего законодательства.*

***Ключевые слова:** Банкротство, реабилитация, Гражданский кодекс, Республика Казахстан.*

***Summary.** In this article the author examines the new directions of the practice of law on rehabilitation and bankruptcy, and in this connection the author makes a new proposal to improve existing legislation.*

***Tags:** Bankruptcy, Rehabilitation, Civil Code of the Republic of Kazakhstan.*

Ел экономикасының дағдарысқа ұшыраған кезінде банкроттық туралы заң қалай жүзеге асса, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың тағдыры соған тәуелді және оның маңызы зор. 2014 жылғы 7 наурыздағы шыққан Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының [1] атқаратын роліне келетін болсақ, ол көптеген күрделі және қауыпты жағдайларға тосқауыл болалады, яғни, банкроттыққа жататын кәсіпорындарда ірі әлеуметтік жанжалдардың болуының алдын алу үшін қажет, бюджетке салық түсімдерінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін, елдегі стратегиялық маңызды салаларды сақтап қалу үшін және, бір ескеретін жай, ол жаппай жұмыссыздықтан туындайтын әлеуметтік катаклизмалар елдің қауыпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. 2015 жылдың 10 айында Қазақстанда 1948 компания банкрот деп жарияланды олардың 1 трлн 200 миллиард теңге кредиторлар алдында берешектері бар, оның ішінде 280 млрд. мемлекет алдында. 2013 жылмен салыстырғанда, еріксіз түрде таратылуы заңды тұлғалардың саны 40% -ға өсті. Сонымен қатар, олардың үштен бірі Алматы және Астана қалаларында орналасқан[2].

Барлық Орталық Азия елдерінің экономикасы неғұрлым нарықтық көршілес елдерге қарағанда Қазақстан дағдарыстан ең қатты зардап шеккен ел болып саналады. Дағдарыс кезінде, кез келген мемлекеттің заңдарының ең қажет заңның бірі банкроттық заң болып табылады. [3] Әлемдік тәжірибеде банкроттық туралы заңдар бастапқыда екі түрлі бағытта дамыды. Олардың бірі банкрот-борышкердің таратылуымен жалғасқан, банкроттықты несие берушілерге қарыздарды қайтару тәсілі ретінде санаған британдық модель қағидаларына негізделген. Екінші бастаманың негізі американдық модельде жатқан болатын. Заңдардың мұндағы негізгі мақсаты компанияны қалпына келтіру,

оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру болып табылды.

Әлемдік дағдарыстың әсерінен барлық мемлекеттерде, соның ішінде дамыған елдердеде банкротқа ұшырап жатқан компаниялар көбейіп бара жатыр. Мұнай бағасының төмендегені Ұлыбританияда мұнай-газ секторында елеулі қаржылық проблемалар туғызды. 2015 жылы, 2013 жылы 2014 жылы 18 және 6 салыстырғанда Ұлыбритания мұнай мен газ (55% дейін) 28 компанияларды банкрот, Financial Times компанияның Moore Stephens мәліметіне сілтеме жасап, жазады[4]. Қытайдың Shanshui Цемент Group компаниясы ірі цемент өндірушілердің бірі дефолтты жариялады. Ол 2 млрд юань (314 миллион доллар) жалпы сомасы, оның облигациялар бойынша пайыз төлей алмай отыр. Компания өзінің қарызын қайта құрылымдау және дефолт мүмкіндігін жоққа шығармайды, ал өтеу мерзімі облигациялар бойынша 2020 жылы аяқталады[5]. Тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген талдау нәтижесінде, биыл 153 жағдайларда сотқа дейінгі іс қозғады. Жалпы алғанда, бірыңғай тізілімінде lzhepredprinimatelstvo және банкроттық қарсы күресте 244 материал тіркелген - Статистика Ресми келтірді. – Тергеуге шейінгі аудиттің болмауына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық (98) қылмыс құрамы жоқ деп тоқтатылған тоқтатылған. Жалпы сот өндірісінде тоқтатылуына байланысты 17 жағдайларда астам болды. Статистика көрсетілгендей, осы санаттағы жағдайларды сот шолуының дамыған практикасы шын мәнінде жоқ. Бұл, бәлкім, қылмыстық банкроттық Жоғарғы Соттың қаулысы болмауында[6].

Қылмыстық банкроттық Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық Кодексінің 237-240 баптарында қарастырылған[7]. 237-бапқа сәйкес оңалту және банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттерге мыналар жатады: Бірін-



шіден, мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттаманы не экономикалық қызметін көрсететін өзге де құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау, егер бұл әрекеттерді құрылтайшы (қатысушы), лауазымды адам, заңды тұлғаның органдары, дара кәсіпкер, сол сияқты борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер берілген адам оңалту немесе банкроттық кезінде немесе банкроттықты күнілгері біле отырып, жасаса және олар ірі залал келтіруі. Екіншіден, өзінің шын мәнінде дәрменсіздігін (банкроттығын) білетін құрылтайшы (қатысушы), лауазымды адам, заңды тұлғаның органдары, дара кәсіпкер, сол сияқты дәрменсіз борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер берілген адам банкроттық рәсімі немесе оңалту рәсімі кезінде басқа кредиторларға көрінеу залал келтіре отырып, жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын құқыққа сыйымсыз қанағаттандыруы, егер бұл іс-әрекет ірі залал келтіруі. Ал, 238-бапқа сәйкес әдейі банкроттық, яғни жеке мүдделері немесе өзге адамдардың мүдделері үшін құрылтайшының (қатысушының), лауазымды адамның, коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның, заңды адам органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде жасалған, ірі залалға немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан, төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы деп белгіленген. Бұрынғы Қылмыстық заңнамаға қарағанда дәрменсіздікке қатысты қоғамға қауыпты іс-әрекет деп танылатын қылмыстық құқық бұзушылық саны көбейген 239-бапқа сәйкес төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу деп белгіленген. Мүлкін немесе мүліктік міндеттемелерін, мүлкі, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтерді не мүлкі туралы өзге ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттаманы не экономикалық қызметін көрсететін өзге де құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау, егер ірі залаға әкеп соққан төлем қабілетсіздігіне әкелген бұл әрекеттерді (әрекетсіздікті) құрылтайшы (қатысушы), лауазымды адам, коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам, заңды тұлғаның органдары, сол сияқты дара кәсіпкер жасаса және оданда күрделі жағдай осы баптың екінші тармағында көзделген, оған сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, банктің ірі қатысушысы-жеке тұлғаның, ірі қатысушысы-заңды тұлғаның бірінші басшысының не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы

зейнетақы қорының, банктің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның басқару органының немесе атқарушы органының функцияларын тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адамның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, жинақтаушы зейнетақы қорын, банкті мәжбүрлеп таратуға әкеп соққан төлем қабілетсіздігіне әкелген қасақана әрекеті (әрекетсіздігі) деп танылған. Ал, 240-бапқа сәйкес жалған банкроттық құрылтайшының (қатысушының), лауазымды адамның, коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның, заңды адам органдарының, сол сияқты дара кәсіпкердің әрекеттері және (немесе) қабылдаған шешімдері нәтижесінде кредиторларға тиесілі төлемдерін кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу немесе борышын азайту, сол сияқты борышын төлемеу үшін кредиторларды жаңылыстыру мақсатында өзінің төлем қабілетсіздігі туралы көрінеу жалған хабарлауы, егер бұл іс-әрекет ірі залал келтірсе деп бекітілген. Барлық осы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін ең үлкен жаза үш жыл бас бостандығынан айыру бекітілген. Бұл жағдаймен келісу қиын, себебі әрбір жағдайда борышкердің бережағының мөлшері әр түрлі, сондықтан бас бостандығынан айырудың мерзімі баламалы түрде болуы қажет, мысалы үш жылдан он жылға шейін, бұл аздап болса да қылмыстың банкроттық жасалмауына тосқауыл болуы әбден мүмкін деп есептейміз.

Қазіргі кезде бір үлкен жетістіктердің бірі деп Қазақстанда банкроттық тәртібін өзгертуге бағытталған ұсынысқа назар аударған жөн деп есептейміз. Үкімет банкроттық рәсімін өзі кезінде бизнесті сақтауға бағытталған оңалту және банкроттық туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу пакетін Парламент Мәжілісіне ұсынылған. Сондай-ақ, банкроттық кез келген сатысында бейбіт реттеудің мүмкіндігі қарастырылған. Қаржы министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, осы алғышарттың бірі есеп айырысу шартын бекіту үшін берешек жалақының толық өтелуі болып табылады, есеп айырысу келісім барлық кредиторлардың келісімімен болуы қажет және конкурстық іс жүргізу соттың оны бекітілгеннен кейін тоқтатылады. Сондай-ақ, банкроттық процесінде кәсіпкер субъектісін сақтау мақсатында, мүліктік кешен толық көлемінде, кәсіпорынның бөлігі ретінде сауда маркасымен және тауар таңбасын, меншік иесі құқығын барлығын бірге сату мүмкіндігін ұсынады. Сонымен қатар, заң жобасында, барлық даулар банкрот деп тану, оңалту рәсімін бір судьяның қарауына шоғырландыру қарастырылған. Апелляция бойынша сот шешімдерін қайта қарауға шектеулер қарастырылған[8].

Біздің елдің қолданыстағы заңнамасы бойынша банкрот болып тек жеке кәсіпкер мен заңды тұлға табылады, ал шет мемлекеттерінің заңнама-

лары бойынша жеке тұлғаға банкрот болып саналуына мүмкіншілік берілген, біздің пікірімізше, бұл жағдай бүгінгі таңда шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі. Жеке тұлғаны банкрот деп тану азаматтардың құқықтық мәртебесінің қорғалуының бірден-бір кепілі болар еді деп санаймыз. Егер заңға жеке адамды банкрот деп тану еңгізілсе оның материалдық жағдайы қандай болуы қажет және қай мемлекеттік орган оны растайды, тағы коррупцияның дамуының бір жолына айналып кетпейді ме, соның барлығы қоғамды және ел азаматтарын толғандыратыны сөзсіз.

Қазіргі кездегі банкроттердің реструктуризация кезінде көп құжат, мәлімет жинағанша банкрот

деп танылған соттың бір құжат шешім қабылдауға негіз деп танылғаны дұрыс деп санаймыз. Ол адамдар: жұмыссыз қалғандар, екі жасқа толмаған нәресте бағып отырған ата-аналар немесе асырап алушылар, мүгедектер т. б. сонан соң отбасына кірістің мөлшері белгіленуі қажет, әрине бұл жерде көптеген әлеуметтік жағдайлар ескерілуі қажет, соның ішінде, бала саны, коммуналдық төлемақының мөлшері, азық-түлік қоржынының құныдеген сияқты өлшемдер ескерілуі қажет деп есептейміз. Біздің пікірімізше, банкроттық процесті әліде онтайландыру жолдарын табуымызға болады, оның бірі, егер даусыз болса электрондық жүйемен қарауды зерттеу қажет деп есептейміз.

#### *Қолданылған әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V ҚРЗ және 2014 жылдың 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы кейбір заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №177-V ҚРЗ оңалту және төлем қабілетсіздігі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу».
2. Татьяна Ковалева, Қазақстанда қылмыстық банкроттық жағдайлары көбейген: //www.zakon.kz/-1 Қазан 2015
3. Дерья Атабаев Қазақстанда кім өздерін банкротпын деп мәлімдей алады? <http://prodengi.kz/2010> жылғы наурыздың 31 күні
4. Жыл ішінде Ұлыбритания мұнай-газ компанияларының банкроттық саны 1, 5 есе 25 % өсті <http://www.finmarket.ru/25> қаңтар 2016
5. Сергей Мануков «Эксперт Online» 12 қарашада, 2015 Қытайда, банкроттық саны артуда <http://expert.ru/>
6. Татьяна Ковалева, Қазақстанда қылмыстық банкроттық жағдайлары көбейген: //www.zakon.kz/-1 Қазан 2015
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Астана, Ақорда, 2014 жылғы 3 шілде № 226-V ҚРЗ, 311 бет
8. Үкімет банкроттық тәртібіне өзгерістер енгізу ұсынылады: 2016 жылдың қаңтар/[vlad.kz/novosti/](http://vlad.kz/novosti/)

**Таңбазар Белес Жандосұлы**

Қазақ-орыс халықаралық университетінің магистранты

**Жумагазиева Райса Шамшединовна**

заң ғылымының кандидаты, доцент

Ақтөбе қаласы, тел. :87013472687, raisa\_zerip@mail.ru

**БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ  
КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

*Түйін.* Бұл мақалада автор кісі банкроттық туралы заң және оны қолдану тәжірибесінің кейбір аспектілеріне қатысты мәселелерді зерттеп, хаңа заңнамадағы ұйқас құрамдармен салыстырып қолданыстағы жаңа заңнаманы жетілдіру жолдарын ұсынып отыр.

*Тірек сөздер:* Дәрменсіздік, оңалту, Азаматтық кодекс, Қазақстан Республикасы.

*Резюме.* В данной статье автор исследует проблемы практики применения законодательства о реабилитации и банкротстве на практике и в связи с этим автор вносит новые предложения по совершенствованию действующего законодательства.

*Ключевые слова:* Банкротство, реабилитация, Гражданский кодекс, Республика Казахстан.

*Summary.* In this article, the author examines the problems explores the challenges the practice of law on rehabilitation and bankruptcy practice and in this regard, the author makes a new proposal to improve existing legislation.

*Tags:* Bankruptcy, Rehabilitation, Civil Code of the Republic of Kazakhstan.

Банкроттық - борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 6 бабының 2-ші тармағында меншік міндет жүктейтіні көзделген, бұл банкрот болған жағдайда меншік иегеріне заңда көзделген тәртіппен міндеттер жүктелетінін айқындайды. [1] Банкроттық деген сөз италия тілінен алынған, ол «banca totta» деген сөзден шыққан, ол «сынған, дымы қалмаған орындық» деген мағынаны білдіреді. Орта ғасырдағы Италияда күйзеліске ұшыраған кредиторлар борышкерлердің сатып тұрған орындарын жермен жексен қылып, ал өздерінің мойнына арқан салған. Ал қазыргі кезде бұл қарым-қатынастар заң мен реттеледі. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамада және Қазақ энциклопедиясында мына анықтама берілген: Банкроттық — кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі салдарынан өз жұмысын мәжбүрлі тоқтатуы. Әдетте, фирманың банкроттығы, көбінесе, олардың шығыны кірісінен асып кетуі салдарынан туындайды. Мұндай жағдайда борышқор тек соттың шешімі бойынша ғана банкрот деп танылады. Борышкердің - жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның ақшалай міндеттемелер бойынша несие берушілердің талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбегіне ақы төлеу жөнінде есеп айырыса алмауы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі сот белгілеген оның дәрменсіздігі деп түсініледі[2]. «Doing Business» Дүниежүзілік банк

рейтингінің «Төлем қабілетсіздігін шешу» индикаторы Қазақстан 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Төлем қабілетсіздігін шешу» индикаторы бойынша өз позициясын 19 пунктке жақсартып, 63-ші орынды алды. Ұстанымды жақсартуға Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» жаңа заңын, әкімшіліктер мен борышкерлердің қызметіне камералдық бақылау енгізу, олардың жауапкершілігін күшейтуді 2014 жылы қабылдау есебінен қол жеткізілді. Банкротқа дейінгі және банкроттық кезеңдерде іс-сынайтын камералдық бақылауды жалғастыру керек күш-жігерін жандандыруға және банкроттық бақылауды қалпына келтіру рәсімдерін мемлекеттік бақылау шараларын күшейту бөлігі ретінде қарастырылды. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 777 «Ережесін бекіту туралы мен анықтамалар мүлікті сату (активтері) борышқордың (банкрот) электрондық сауда-саттықты ұйымдастырушы» қаулысы қабылданды. Есепті кезеңде, ол 59, 000. 0 миллион теңге кредиторлық берешек 5800, 0 млн шешіледі деп мәлімдеді. Банкроттық процеске қатысатын барлығы 753 дебиторлар оңалту процесіне қатысатын 79 дебиторлар.  $79 * 100/832 = 9, 0\%$  Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының 2 Заңы жарияланды «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V ҚРЗ және 2014 жылдың 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы кейбір заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №177-V ҚРЗ оңалту және төлем қабілетсіздігі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу». 7 қаулы және 10 бұйрық бекітілді. ҚР Үкіметінің Оңалту процесі мен банкрот әкімшілерінің қызметіне камералдық бақылау ережесі 03. 07. 2014 жылғы №760 қаулы-

сы бекітілді. 12 желтоқсанда Мемлекеттік Кірістер комитетінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің мақсатында кеден, салық және қаржы полициясы біріктіру байланысты, 2014 №143-п реттеу, жоғарыда, оның ішінде нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізуге 18.03.2015 жылы тапсырды[3]. 2014 жылдың наурыздың 7-і қабылданған Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық» туралы заңына сәйкес дәрменсіздік - кредиторлардың ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуге, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз етуге борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі. [4]. «Оңалту және банкроттық» туралы заңды қолданғанда тәжірибеде барлық қолданушылардың біркелкі түсінуден біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2015 жылдың 2 қазанда «Оңалту және банкроттық» туралы заңды қолдану тәжірибесіне қатысты нормативтік қаулы қабылданды [5]. Нормативтік базаның үздіксіз толықтырылып отыруы біздің зерттеп отырған мәселенің күрделілігінің дәлелі. Жоғарыда аталған заң заңды күшіне енгеннен бастап кәзіргі кезеңге шейін сәйкес бірнеше мыңдаған мекеме дәрменсіз деп танылды. Осы актілерге сәйкес Банкроттық ерікті не ықтиярсыз түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер борышкер өзінің төлем қабілетсіздігі жайында сотқа арыз берсе, онда ол ерікті банкрот болып табылады. Алайда борышкер арызын соттың тиісті шешімінсіз кері қайтарып ала алмайды. Ал, ықтиярсыз Банкроттық туралы іс қозғауға кредит берушінің талабы негіз болады. Кейде фирмалардың алған қарыз ақшаларын жасырып қалу мақсатымен “жалған Банкроттыққа” ұшырау деректері де кездеседі. Бұл теріс әрекет ретінде танылып, заңмен қудаланады. Банкроттыққа ұшыраған кәсіпорынның кредит берушіге қарызын және басқа да міндетті төлемдерін өтеу туралы үшінші жақтың кепілдігі болмаған жағдайда сот баспасөзде борышкердің қаржы жағдайын жақсартып, кредит берушілердің тілек-шағымдарын қанағаттандыруына жәрдем беруге қабілетті заңи тұлғалар мен азаматтарға арналған тендр жариялай алады. Егер бір ай ішінде мұндайлар табылмаса, кәсіпорынның Банкроттықғы туралы іс заң құжаттарында көрсетілген тәртіппен қаралады да кәсіпорын мемлекеттік тіркеу регистрінен шығарылып, таратылады. Экономикалық, қызмет саласындағы қылмыс, коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты жеке кәсіпкердің жеке мүддесі немесе өзге адамдардың

мүддесі үшін төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы, ірі зиянға немесе өзге де ауыр залалдарға апарып соғуы. Коммерциялық ұйым басшысының немесе оның меншік иесінің, сол сияқты жеке кәсіпкердің жеке мүддесі немесе өзге адамдардың мүддесі үшін төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы ірі зиянға немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, экономикалық қызмет саласындағы қылмыс болып табылады. [6] «Банкроттық» ұғымы экономикада, құқықта, саясатта, психологияда көбінесе жеке-жеке, бір-бірінен бөлек қолданылады, сондықтан тиісті ғылым өкілдері ұғымды бір жақты түсіндіреді, оның мазмұнын өз ғылымы шегінде ғана қарастырады. «Банкроттық» «дәрменсіздік» терминінің синонимі ретінде жиі пайдаланылған. Дәрменсіздікті экономикалық, қаржылық және заңдық деп бөліп қарайды. Экономикалық дәрменсіздік өндірістік қорларды тиімсіз пайдаланудың салдары болып саналады. Қаржылық дәрменсіздік кәсіпорын өз қарыздарын уақытылы өтеуге қабілетсіз болған жағдайда туындайды. Борышкерді банкрот ретінде мойындау туралы өтініш негізінде сот банкроттық жайында іс қозғаған сәттен бастап кәсіпорын заңды түрдегі дәрменсізге айналады.

Белгілі ғалымдар А. Диденко, Р. А. Алшанов, Е. М. Арын, М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин, Құнанбаева Д. Ә., С. К. Бекмолдинің пікірімен келісе отырып, олардың пікірінше, зерттелетін категорияның нақ экономикалық мазмұнына және оның құқықтық реттелуіне ерекше мән берілуі қажет. Басқаша айтқанда, банкроттық – арнайы экономикалық сот мойындаған экономикалық дәрменсіздік, оның тәжірибелік алғы шарты ағымдық төлемдерді орындамау ғана емес, сонымен қатар оны жою үшін негіз болып табылатын қарыздарды жабуға қажетті активтердің жеткіліксіздігімен де байланысты төлем қабілетсіздігі болып есептеледі. Дамыған шет елдермен салыстырғанда, ұлттық экономикадағы дәрменсіздік институтына деген сұраныс құрылымы өзіндік ерекшелікке ие. Ең алдымен, оны жоқ және салықтық есебін ұсынбайтын кәсіпорындар (шағын кәсіпорындар) санын қысқарту, сол сияқты төлем тәртібін (ірі кәсіпорындар үшін) қамтамасыз ету құралы ретінде мемлекет талап етеді. Шаруашылық жүргізуші субъектілер банкроттық институтына борышкер бизнесін (ірі кәсіпорындар, қаржылық құрылымдар) тартып алу, өтімді активтерді шығару және жинақталып қалған борыштан құтылу мақсатында сұраныс туғызады (менеджерлер, жергілікті органдары). Арнайы мүдде тұрғысынан біріккен топтардың әдейі рента иелену мақсатында банкроттық процедураны басым пайдалануы Қазақстанда банкроттық институтын құру институционалды өзгерістер жасауға бағытталған тәсіл ретінде сол институттың бұрмалану мысалы болып табылатындығын көрсетті. Нарықтық қатынастарға көшумен байла-



нысты қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарда «Банкроттық» ұғымы пайда болды[4]. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы оңалту және банкроттық рәсімдерін жетілдіруге бағытталған, жеделдетілген оңалту рәсімін, оңалту рәсімін қолдану және борышкерді банкрот деп тану негіздерін белгілейді, сондай-ақ оңалту және банкроттық рәсімдерін жүргізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды. И. Ансофф, Э. Доллан, М. Мескон, Ж. Ришар, Т. Стоун және т. б. шетелдік белгілі ғалымдардың еңбектерін зерттей отырып әр түрлі елдердің заңнамаларында қабылданған құқық түрлері мен әдістері түрліше болғанымен, барлық заңнамалық жүйелерде меншік құқығы мен оның кепілдігі басты орын алады. Борышкерді дәрменсіз (банкрот) деп жариялау немесе борышкердің өз дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы өзі жария етуі осы мүліктік құқығын жүзеге асыру (немесе жою) үшін алдыға қойылады. Сөйтіп, құқық заңды тұлғаның дәрменсіздігін соттың жария етуі түрінде көрініс табады. Заңды тұлғаны жою оның құқықтары мен міндеттемелері мирасқорлық жолымен басқа тұлғаларға көшірілмей тоқтатылуына апарып соғады. Сондықтан, көптеген зерттеушілердің пікірінше, банкроттық категория ретінде негізінен заңдық қатынастарды білдіреді. Қарыздық қатынасты құқықтық рәсімдеусіз елестету мүмкін емес, сол себепті бүгінгі күні банкроттық бойынша әдебиетте оның анықтама-сына құқықтық тұрғыдағы көзқарас басым көрі-

неді.

Біздің ойымызша, қарыздық қатынастарды зерттеудің бастапқы пункті өзара тығыз байланысты, бірақ салыстырмалы түрде өзінше екі жақты, яғни экономикалық мазмұн мен заңдық форманы нақты анықтап айыру болуы тиіс, алайда оларды жылжытуға да, бір-біріне қарама-қарсы қоюға да орын жоқ. [6] Банкроттықты алдын алу саласында мемлекеттік саясатты дамыту тұжырымдамасы банкроттық институтының қазіргі бар құрылымдарын нығайту және жаңаларын құру бойынша ережелерді қамтуы тиіс. Біздің ойымызша, банкроттық саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың тиісті механизмдерін жасақтау мақсатында ұйымдарды сауықтыру бойынша тұрақты негізде біртұтас Үйлестіру Кеңесін құру қажет. Бұл Кеңестің құрамына салалық ведомстволардың, сот органдарының, салық органдарының, атқарушы билік органдарының және т. б. өкілдері кіруі тиіс[7]. Осы ұсыныспен келісе отырып, біз, бүгінгі күндегі Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясатын ескере отырып, көптеген шетелдік кәсіпкерлермен қосылып жұмыс жасап жатқан заңды тұлғалардың бар екендігін ескере отырып Халықаралық Үйлестіру Кеңесін құру қажет. Бұл Кеңестің құрамына жоғарыда көрсетілген қатысушылардан басқа қай мемлекеттің кәсіпкеріне немесе заңды тұлғасына қатысты болса, сол мемлекеттің өкілдері қатысуы тиіс. Бұл «Оңалту және банкроттық туралы» жаңа заңын қолдану тәжіри-

бесін жетілдіру мақсатында жасалуы тиіс.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы(1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 1998 жылғы 7 қазанда ҚР Конституциялық заңымен енгізілген өзгерістері және толықтыруларымен), (соңғы өзгерістер 2007ж 21 мамыр ҚР заңымен енгізілді).
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) N 269-ХІІІ 27. 12. 1994 жылғы (2015. 24. 11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
3. Оңалту және банкроттық рәсімдерді өткізуін бақылау <http://www.minfin.gov.kz/>
4. Қазақстан Республикасының Заңы «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V ҚРЗ және 2014 жылдың 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы кейбір заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №177-V ҚРЗ оңалту және төлем қабілетсіздігі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу».
5. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2015 жылдың 2 қазанда қабылданған «Оңалту және банкроттық» туралы заңды қолдану тәжірибесіне қатысты нормативтік қаулысы
6. Бекмолдин С. К. Экон. ғылым. канд. ғ. дәреж. алу үшін дайындалған диссертацияның автореф. Экономикалық қатынастар жүйесіндегі банкроттық институты: қызмет етуі және жетілдіру тетіктері(Қазақстан Республикасы материалдары негізінде) Қазақстан Республикасы Алматы, 2009ж.
7. Құнанбаева Д. Ә. Қазақстан Республикасында ұйым дәрменсіздігін реттеудің ерекшеліктері және әлемдік тәжірибеҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. №6 (88). 2011-13 бет.

**Каратаева Малика Бакытовна**

магистрант Евразийской юридической академии имени Д. А. Кунаева.  
doktorant2014@mail.ru

## КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ПРОКУРАТУРЫ

**Резюме.** В статье исследуются теоретические аспекты понятия и содержания конституционно-правового статуса прокуратуры, составляющего основу ее правового статуса. Автор выделяет такие элементы конституционно-правового статуса прокуратуры, как: компетенция прокуратуры; принципы ее деятельности; положения, определяющие место прокуратуры в системе органов государственной власти; нормы, регулирующие организацию системы органов прокуратуры. Делается вывод о том, что в Конституцию РК необходимо внести изменения в части определения статуса прокуратуры.

**Ключевые слова:** конституционно-правовой статус, компетенция прокуратуры, место прокуратуры в системе органов государственной власти, функции прокуратуры.

**Summary.** The article studies theoretical aspects of the concept and contents of the constitutional-law status of the public prosecutor's office in Russia being a basis of legal status of it. The author accentuates such elements of constitutional-law status of the public prosecutor's office as: provisions determining of the place of the prosecutor's office in the system of agencies of state power; competence of the public prosecutor's office; principles of it activity; provisions regulating organization of the prosecutor's office. Then the author draws a conclusion that the Constitution of the Republic of Kazakhstan to be amended in the part of determination of status of the public prosecutor's office.

**Key words:** constitutional-law status, competence of the public prosecutor's office, the place of the prosecutor's office in the system of agencies of state power, functions of the prosecutor's office.

**Түйін.** Мақалада құқықтық мәртебесі негізін құрайтын прокуратураның конституциялық-құқықтық мәртебесі ұғымы мен мазмұнының аспектілері зерттеледі. Автор прокуратураның конституциялық-құқықтық мәртебесінің мынадай элементтерін бөледі: прокуратураның құзыреті; оның әрекетінің қағидаттары; мемлекеттік өкіметі органдарының жүйесінде прокуратураның орнын белгілейтін ережелер; прокуратура органдарының жүйесін ұйымдастыруын реттейтін нормалар. ҚР Конституциясына прокуратураның мәртебесін белгілеу бөлігінде өзгеріс енгізуге қажет екені туралы қорытынды жасалады.

**Кілт сөздер:** конституциялық-құқықтық мәртебе, прокуратураның құзыреті, мемлекеттік өкіметі органдарының жүйесінде прокуратураның орны, прокуратураның қызметі

Рассмотрим конституционно-правовой статус прокуратуры, и ее место и роль прокуратуры в механизме государства.

Конституционный статус — важная часть правового статуса прокуратуры. Он включает конституционные нормы о деятельности прокуратуры; закрепление в них места, роли и назначения органов прокуратуры в механизме разделения и взаимодействия властей, полномочия по реализации возложенных ... функций [1, с. 674].

Республика Казахстан приняла концепцию разделения власти на законодательную, исполнительную и судебную ветви власти, что зафиксировано в ее Конституции [2]. Однако сама Конституция подтверждает, что механизм государства Казахстан создан на более широкой концептуальной основе, выходящей за пределы теории разделения государственной власти на три ветви. И это видно из статуса Президента, статуса Конституционного Совета, статуса прокуратуры Республики Казахстан. Рассмотрим ее место и роль в механизме государства.

Конституция РК включает раздел VII «Суды и правосудие», посвященный судебной власти, в которой имеется отдельная статья (ст. 83), закрепляющие конституционно-правовой статус прокуратуры. В этой модели прокуратура подчиняется

Президенту Республики и является многофункциональным органом и сохраняется в виде единой централизованной системы, надзирающей за состоянием законности и деятельностью всех ветвей государственной власти.

Прокуратура Республики Казахстан не относится ни к одной из ветвей государственной власти в соответствии с действующей Конституцией и принятым на ее основе законодательством [3, с. 438].

Прокуратура Республики Казахстан составляет единую централизованную систему с подчинением нижестоящих прокуроров вышестоящим и Генеральному Прокурору республики. Она осуществляет свои полномочия независимо от других государственных органов, должностных лиц и подотчетна лишь Президенту республики. Из указанных конституционных положений можно вывести, по крайней мере, три характерные для прокуратуры черты. Первая — прокуратура составляет единую централизованную систему. Следовательно, прокуратура Республики Казахстан является особой, обособленной системой государственных органов от других органов государства. Вторая ее черта вытекает из первой — прокуратура осуществляет свои полномочия независимо от других государственных органов и должностных лиц. Это

означает, что ни один государственный орган, начиная с Парламента и заканчивая местными представительными органами, от Правительства до местных исполнительных органов, ни одно должностное лицо, ни одно из звеньев судебной системы не вправе вмешиваться в деятельность всех органов прокуратуры. Однако это не означает, что прокуратура абсолютно независима и функционирует сама по себе. Она составляет особую часть механизма государства и должна быть подотчетна тому, кто руководит государством. Таким высшим должностным лицом в республике является Президент, который выступает от имени государства и народа. Прокуратура выступает от имени государства в пределах своих полномочий.

Как правильно подмечено А. К. Котовым и А. А. Котовым, институт прокуратуры необходим всенародно избираемому Президенту республики как гаранту Конституции в качестве функционального инструмента для защиты конституционного строя, прав и свобод человека и гражданина, надзора за законностью [3, с. 3]. Это третья характерная черта прокуратуры Республики Казахстан.

Прокуратура не относится к законодательной власти. Но это не означает, что прокуратура отстранена от законопроектной работы Парламента. Конституция Республики Казахстан 1995г. за Генеральным прокурором не предусматривает права законодательной инициативы [3, с. 439]. Осуществляя надзор за соответствием законов, других нормативных правовых актов Конституции, выступая от имени государства в суде, осуществляя другие полномочия, органы прокуратуры накапливают громадный фактический материал, характеризующий качество и эффективность законодательства, выявляющий его недостатки и противоречия и т. д.

Поэтому, думается, что предоставление права законодательной инициативы Генеральному прокурору, несомненно, усилит роль прокуратуры, будет способствовать укреплению законности.

Участие прокуратуры в законопроектной работе может осуществляться путем [3, с. 440]:

- включения ее представителя в состав рабочих групп при разработке проектов законов;
- передачи законопроектов на официальные заключения;
- приглашения представителя прокуратуры для разъяснения ее позиции по законопроектам в комитетах, на пленарных заседаниях и т. д.

Прокуратура Республики Казахстан не относится к исполнительной власти. В соответствии с Конституцией Республики Казахстан исполнительные органы во главе с Правительством, включая местные исполнительные органы, составляют единую систему и образуют особую ветвь государственной власти. Исполнительная ветвь власти не только образует единую, особую систему исполнительных органов, которые осуществляют особую

функцию. Они согласно Конституции Республики Казахстан обеспечивают проведение общегосударственной политики исполнительной власти в сочетании с интересами и потребностями развития соответствующей территории (ст. 87).

Если прокуратуру ввести в состав исполнительной ветви власти, то она в лучшем случае может осуществлять контроль за законностью деятельности исполнительных органов. Но и это сомнительно. Генеральный прокурор, подчиненный Правительству, не может осуществлять надзор за последним и т. д. [3, с. 441]

Прокуратура не относится и к судебной ветви власти. В суде она представляет интересы государства. Мнение представителя прокуратуры может не совпадать с решением суда. В постановлении Конституционного Совета от 6 марта 1997 г. № 3 сказано, что положение п. 1 ст. 83 Конституции: «Прокуратура представляет интересы государства в суде» — следует понимать как конституционно определенное направление деятельности прокурора (прокуратуры). Конкретные полномочия прокурора по осуществлению представительства интересов государства в суде закреплены Законе Республики Казахстан «О Прокуратуре Республики Казахстан» [4] — это, во-первых. Во-вторых, по Конституции прокуратура обладает правом опротестования правовых актов, противоречащих Конституции и законам республики.

**Immersion:** Students are instructed in a foreign language for entire school day. Immersion programs differ from submersion programs in that immersion is usually designed to teach “majority language speakers” (standard English speakers, in this case) a foreign language. Most of the students who are able to participate in such a program are of higher socioeconomic status, and always participate voluntarily. Such programs tend to be very effective in fostering bilingualism in its students.

**Two way / dual language:** is similar to immersion, but schools try to gather about the same number of minority and majority language students in each class in the program, and usually team teach about half of the curriculum in the native language of the minority and half in the native language of the majority language students. This shows that both languages are equally valued, and students can learn from each other.

**CLIL (Content and Language Integrated Learning):** It is an approach for learning content through an additional language (foreign or second), thus teaching both the subject and the language. The idea of its proponents was to create an “umbrella term”

which encompasses different forms of using language as the medium of instruction [7].

Above are the developed bi- (multi) lingual education models. However, it is difficult to say which model of bi- (multi) lingual education is going to be implemented in Kazakhstan. The study of bi- (multi) lingual education has been conducted by several scholars in Kazakhstan, but focusing on sociolinguistic aspects [8, 9]. Therefore, we face some difficulty in studying the experience of bi- (multi) lingual education background in Kazakhstan. Scholars from Nazarbayev University have recently started conducting empirical research on multilingual education system and internationalization of higher education in Kazakhstan, the findings of which will be a valuable evidence for the development of multilingual education system in Kazakhstan [10].

### CONCLUSION

As it is noticed, education system in Kazakhstan, tri-lingual education reform in particular has been discussed mostly by policymakers on a state level and we can claim that the empirical data is essential source for implementing a sound reform in education system. In this sense, the classical approach in implementing new reform by educational department officials and Daryn Republican Scientific - Practical Centre specialists need to be reconsidered in order to refer to experienced scholars’ support (knowledge and experience) in the field. Taking into consideration the points mentioned above we think that the content of new education reform, i. e., trilingual education system in particular will be developed and school administrators, teachers, parents and school-children will be aware of this fact.

### References

1. Fierman, William. "Identity, Symbolism, and the Politics of Language in Central Asia." *Europe-Asia Studies*, 2009: 1207-1228.
2. Gaipov, D., Yaylaci, Y., Çiğ, K., & Guvercin, S. (2013). *Formation of Multilingual Educational System in Kazakhstan: Kazakh-Turkish High Schools. Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 103, 416-424.
3. <http://agkipr.kz/archives/602>
4. L. Bloomfield; *Language*. Holt, New York (1933)
5. Grosjean, F. 1989. *Neurolinguists, beware! The bilingual is not two monolinguals in one person. Brain and Language* 36:3-15.
6. Mackey, W. F. (2000). *The description of bilingualism. The bilingualism reader*, 26-54.
7. <https://en.wikipedia.org/w/index.php?search=Types+of+bilingual+education&title=Special%3ASearch&go=Go>
8. Б. Х. Хасанов, *Национальные языки, двуязычие и многоязычие: поиски и перспективы*, (Алма-ата, 1989);
9. Сулейменова, Э. Д. (2010). *Языковая политика и русский язык в школах Казахстана. Вестник Центра международного образования Московского государственного университета. Филология. Культурология. Педагогика. Методика*, 1, 102-107.
10. Kurakbayev, K., Bridges, D., Iztayeva, A., & Omarbekova, A. (2014). *Development Of Secondary Education Curriculum Of Kazakhstan In The Context Of Contemporary Reforms. Research Week*, 194.

\* In fact, in the Middle ages, the languages used on the territory of Kazakhstan were called Qipchak, Shagatai.

\*\*Usually, only boys were able to go to medreseh as girls were busy with household work at home depending on cultural traditions of that time.

\*\*\*Kazakh-Turkish High Schools, funded by local state and coordinated by KATEV educational foundation and are of three types: Boys’ school, girls’ school and a few mixed ones.

**Жайнарбаева Назгуль Нурланқызы**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің I курс магистранты  
Nazka\_love92@mail.ru

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АҚАН СЕРІ ОБРАЗЫ**

*Түйін.* Бұл мақалада Т. Әлімқұловтың «Көк қаршыға» повесті және С. Жүнісовтің «Ақан сері» романындағы Ақан сері образының ерекшеліктері мен жаңа қырлары талданылған.

*Резюме.* В данной статье рассматривается образ Акана сери и его новые черты на основе повести Т. Алимкулова «Көк қаршыға» и романа С. Жунисова «Ақан сері»

*Resume.* In this article discusses the imagine of Akan Seri and his new features based on the story of «Kok karshyga» by T. Alimkulov and novel of «Akan Seri» by S. Zhunisov.

Ақан сері жайлы сөз бастағанда әрине Тәкен Әлімқұловтың «Көк қаршығасы» мен Сәкен Жүнісовтың «Ақан серісін» айтпай кету мүмкін емес. Екеуі де Сал Серіні ар қилы жағынан сипаттап, өмірінің белгілі бір кезеңіне тоқталған. Тәкеннің Ақанына келер болсақ, жазушы Ақанның мінезін, өмір сүруге деген махаббатын керемет жеткізген. Суреттеген кезде табиғаттың әр қимылын, оның ішінде көлдің көрінісін, желдің суылын, қамыс сыбдырын, қанат сусылын адам алдындағы пейзаж сияқты бейнелеп келтірген. Сол арқылы Ақанның жан сұлулығымен қоса табиғат сұлулығын да ұштастырғысы келгендей. Ақанның қартайған шағын, сал-серілікті тоқтатса да, штей өнерге деген сағынышы бар екенін білдіреді. Сөз арасында ақанның портретін өз сөзімен келтіреді: «Сүйір сақалы ақсудың қанатындай екен. Әлі қызыл шырайы қашпаған нұрлы бетінің жақ сүйегіне шыққан жуан екі ақ қыл бадырайып тұр. Қалың қарағайдың ішіне біткен қисық екі қайындай, мүлдем оғаш. »[1, 325 б]. Осы орайда Ақанның бейнесі алдыңызға келіп, қартайған әнші-ақынның жан сыры ашылып, психологиясы терең күйде бой көрсетіп тұрғандай. Әрине, Тәкен ағамыз Ақанның өмір сүру салтын сөздің майын тамыза отырып, нақышына келтіріп, әсерлеп, бабымен жеткізген. Күйшінің әсем келтірген әуеніндей, құлағыңда ғажап үні қалып қалады. Композициялық шешімімен, баяндау тәсілімен, ширақ шымырлығымен де барлық шығарма лирикалық әуен болып, әсерлі, әсем бір дүниеге айналған.

Мұнда Ақан образынан басқа, оның баласы Ыбан, Тінә болыс пен оның інісі Қанафия, Шорағазы, Шауқарлар бейнесі де келтірілген. Бұл кейіпкерлер жайлы көп сөз қозғамаса да, олардың кейіптері естен кетпес кейіпкерлердің санатына қосылып қала берген.

Тағдырдың сынағы мейлінше көп түскен бір адам болса, ол - Ақан. Өнерге деген махаббатымен, өзгеше қалып-қасиетімен жалпақ елге сүйкімді болса да, қызғаныш пен көре алмаушыларға

әрине сүйкімсіз болған еді. Ақан өміріне қызығу бір бөлек нәрсе де, оны оқырман қауымға әсерлі де, қызықты қылып жеткізе алу мүлдем басқаша. Әрине әркімнің ойында өз Ақанының бейнесі бар. Оқушы қауым оның әніне, ақындығына, серілігіне әбден қанық. Біреу ауыздағы аңызды білсе, енді біреу өмірдегі шындығын жақсы біледі.

Тәкен Әлімқұлов тағдыры қиын, дүниесі жұмбақ-Ақан сері жайында қалам тартқан, Ақан серінің ақырғы шағына көз жіберген. Елсіз көлдің жағасында, қасына мылқау баласын ғана серік етіп, өзін ың-жыңнан азат етіп, тән мен жан бостандығына жол берген Ақан серіні көре аламыз. Айналасын қоршаған адамдардың пендешілігін көп көріп, қолында билігі бардың қараңғылығынан торығып, баянсыз махаббаттан жүректе сызаты қалып, қасірет артқан Ақанды көре аламыз. Біз білетін Ақаннан жат адам сияқты. Біздің Ақан М. Жұмабаев айтқандай: «Ақанның өмірі ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір». Ақанды айтқан кезде, ең алғаш болып әрине серілігі, астындағы жүйрік аты, қолындағы қаршығасы, құмай тазысы, айналасындағы сұлу қыздар мен халықтың қошемет-құрметі елестейді. Бірақ өкінішке орай серінің өмірі А. Жұбановтың пайымдауынша «қарлы-боранды», «жауынды-шашынды» болып өткен. Тәкен Әлімқұловта өз туынысында Ақанның оқырманға аса белгісіз, жұмбақ болып тұрған кезіне тоқталған. Бірақ жазушы осы кезеңге, Ақанның басынан өткен көпшілік біле бермейтін мезгілге әдейі соққан. Қиял дүниесіне еркін шомып, түйсікпен тану үшін алған. Повестің басында-ақ: «Төрінен көрі жуық кезінде елсізге лаққанда, Сарыарқаның сансыз көлінен Ақанның таңдағаны-осы Қамысты»-деп жазады. Осылай елсіз жерді мекендеген шалдың көңілі, күннің райымен бірге түрленіп тұратынын байқауға болады. Айналадағы табиғат, көлдің көркем бейнесі Ақанның нағыз ойдың, тазалықтың адамы екенін анық көреміз. Автор Ақанды Сері деген сөзден

аулақ қылып, ойын-сауық, қызығушылыққа құнықтырудан аулақ. Оның бірнеше себебі болған. Ақан қартайған шағында елінен, өнерінен алыстауға мәжбүр болса да, гуманизм мен намыстан ешқашан алыстамаған. Қаламгер оқушы назарына мәлім болып жүрген серілік кезеңі жайлы сөз қозғамай, жұмбақ перде астындағы трагедиялық қыр-сырларына тоқталуды жөн көрген және соны мейлінше әсерлі етіп жеткізе білген. Жат жерде, өзгеше аймақта Ақанның ермегі табиғатқа тәуелді. Жазықты аралайды, орманды кезеді, қимылсыз көлді тамашалайды. Табиғат құшағына ене отырып, бұл дүниенің бәрі пендешілік екенін түсінеді. Осы уақытта Ақан «мансаптың алды-ыстық, арты өкініш» екенін нақты түсінген. Қолында билігі бар қауымның Ақанның өнерін түсінбей, өзіне ұқсамаған адамды иттің етінен жек көретін. Жүйрік тұлпары –Құлагерден, қаршығасы –Көкжендеттен, қыраны – Қараторғайдан айырып, ең соңғысы өзінің де жүйріктігіне де қол сала бастағандай. Өзінің елден алыстап, жұбанышын тыныш табиғаттан, балалық шағының айнасы қалпынд көрінетін кең даладан тапқан. Тәкен ағамыздың суреттеген кезі міне осы, Ақанның жалғыз серігі Ыбанмен күн кешуі, ойдың сан-сағына салынуы. Ақанның шаттық-дәурен кезеңін сипаттаса, ақынның шын бейнесін толығымен ашып, сипаттай алмай қалатын сияқты. Осындай кезеңде ақын тек осы дүниені емес, өлімнен кейінгі өмірді де ойлайды. Сүйегі туған жерінде қалса екен оймен, іштей тынады.

Қаламгер табиғаттың райын, адамның ішкі дүниесімен байланыстырып жазады. Ақанның өмірі тек қана сұр түске боялған шақта, ақынның тіршілігіне қанық бояуларды қосқысы келеді. Ойда жоқта қаршығаның қанат сыбдырынан, Ақанның жүрегі құлындай шырқырап, шыр айналғандай болады. Тағдырдың бұйрығындай, таусылар кезеңнің әсем бір уанышындай болған бұл кезеңді, әңгіменің өзегіне айналдырып жіберу шын суреткерді айқындайды. Қаршығаны қолға түсірудің айласын, амалын қарастырады, өмірге құлқыны ашылғандай болады. Ішінен тағдыр шіркін жіберген ақырғы сыйы шығар деп, осы құстан қапы қалмайын деп ойлайды. Ақанның үйреткен қаршығасы тағы да озық болып шығады. Ішітарлар мұны да көре алмайды, ақыр соңында қаршығаның да түбіне жетеді. Повестің соңында Ақанның Тінә болыстың үйінде түтінге тұншығып өлген қаршығасын көріп, мұңға батқан ақанды көреміз. Өзегі өртеніп бара жатса да, Құлагерін жоғалтқандай қайғырмады, жыламады, тек құстың қанатының астынан екі тал қауырсынын жұлып алып, қара барқыт кәмзолының төс қалтасына салды. Тәкен Әлімқұлов Ақанның көңілінде қайта тұтанған, қайта бүршік

атқан үміт, біраз уақытқа жұбаныш болған, ақырғы қызығынан айрылған сәтін осылай сипаттайды. Алғашында «Көкқаршыға» атанған хикаяның кейіннен «Ақырғы уаныш» аталуында осындай сыр бар еді. [2, 17 б]

«Т. Әлімқұловтың «Көк қаршыға» әңгімесінде Ақанның өмірінің соңында қолына қондырған, жабыққан көңіліне жұбаныш сыйлаған сыйлаған көк қаршығаны қызғаныштан түтінге тұншықтырып өлтірген Тінә болыстың ақынға жасаған астамшыл әрекетін, көпе-көрнеу көрсеткен қиянатын суреттеу арқылы қаламгер шығарма аяқталар тұста күллі оқиғаны ширата, ширықтыра түскен еді. Қартайған шағында да Ақанның қыр соңынан қалмаған қиянатшыл ортаның осындай іс-әрекетін бейнелеу арқылы қолында билігі барлардың зорықшыл әрекетіне әділетсіздік деп баға береді»[3], -деген жас ақын Бағашар Тұрсынбайұлының пікірі бар еді.

Осындай ақырғы кезеңді оқиғаның өзегіне айналдыру, нағыз суреткердің үлкен дарынын танытады. Ақан күші кеткен денесінің дірілін әрең басып, бір уақытта: Төре–қараға қор болған қайран елім-ай!-деп көзінің жасы шығып кетті. Жазушы повестің ақырғы жағына Ақанның сөзін келтіре, сол сөзбен терең ой тастап отырғандай. Бұл повестің көркемдігін одан ары арттыра түскендей. Кейіпкердің жанып тұрған соңғы отын, соңғы жылуын өшіріп тастағанын өз сөзімен келтіріп отыр. Сонымен қоса оқырманға да, терең ой таста отыр. Төренің үйінде түтінге қақалып өлген қаршығадай, опасыз биліктің түтіні қара халықты шетінен улап бара жатқанын көрсеткісі келгендей. Серісін, ақынын көре алмаған, қадірлей алмаған билеушілер, жалпақ елдің еңсесін биіктетуі екіталай екенін тұспалдап отырғандай. Міне, повестің аяғы осындай өкінішпен аяқталып, еріксіз ойға жетелейді.

Жазушы Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» романы Ақанның барлық өмірі мен өнерін толық суреттеген туындылардың бірі. Ақан серінің барлық қуанышы мен күйініші керемет сипатталып, оқырманды тебіrentпеуі мүмкін емес. Шығармада қарапайым халықтың Ақанға деген қарым -қатынасын былай сипаттайды: «Ақан қай ауылда болмасын –Ақан. Еңкейген кәріден еңбектеген кәріге дейін біледі»[4, 50 б. ], -деп жазған. Жазушы Ақанның өмірін бейнелеу арқылы халықтың саяси-әлеуметтік өмірін, тарихи деректерін көркем сөзбен қағаз бетіне түсірген. С. Жүнісов елдің сүйіктісі жайлы терең бойлап, көптеген тың мәліметтерді жазады. Ақан жайлы барлық шындықты ащы қылдырмай, қылықтап, қызықтырып баяндайды. Ақынға тән қасиеттер, өлең –жырды төгіп салу, саятшылық, аң-құс жаратылысын тану жайлы романның басынан бастап-ақ терең сипатталады.

С. Жүнісов Ақанның әрбір қасиетін өмірдің өрнектерімен ұштастырып, кесте тоқығандай әсемдеп береді. Ешкімге де бағынбай, жазық далада басшылық етіп жүрген Бірішек те Ақанның айналасынан, тапқырлығынан аса алмайды. Шығарма желісінде Құлагердің бәйгедегі жеңістері, қасқырдан кем түспейтін Басаралы, көкте ешкімге орнын бермейтін Көкжентеті, осылардың бәрі Ақан өмірінің қадау-қадау кезеңдерімен сабақтасып жатады.

«Жазушы Ақан бейнесінің полотнолық бет-бедерін суреттеуде өмірдегі Ақан сері Қорамсаұлының басынан кешкен, өзінің тағдырының ең көшелі, бетбұрысы айқын, жанға батар ауыр сәттеріндегі оқиғалар арқылы үлкен әдеби-эсте-

тикалық толғаныстар негізінде туындысының көркемдік идеясын асқақтата білді. Осы жолда, меніңше, талантты прозаик ретінде Сәкен аға ең бірінші ұстазы М. Әуезовке сүйенді деп пайымдау керек»[3], - деген филология ғылымдарының докторы Н. А. Ахаттың пайымдауын айтуға болады.

Қос жазушының шынайы таланты мен талғамы нақты айқындалған бұл туындылар әдебиетіміздің жауһары екені сөзсіз. Екі шығарма бір-бірін толықтыра отырып, Ақан серінің барлық өміріне шолу жасап өткізгендей. Ақанның барлық қасиеттерін әр түрлі жағдайда сипаттап, бойындағы тұнған дарынын көрсетіп кеткен. Қазіргі прозада бұл бейненің толық ашылғанына көзіміз жетті.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Әлімқұлов Т. Шығармалары. 3 том. -Алматы:ҚАЗАҚПАРАТ. 2013. -380 бет.
2. Тоқбергенов Т. Тоғыз тарау. Әдеби сын. Жазушы. 1974. -224 бет.
3. *Adebiportal.kz/blog*
4. Жүнісов С. Ақан сері. Роман. 1-кітап. -Алматы:Жазушы. 2003. -376 бет.



Ілиясова Динара Серікбайқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы

## ОРЫС ТІЛДІ ТОПТАРДА ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІККЕ ҮЙРЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

**Түйін.** Жоғары оқу орындарында қазақ тілін тілдік құзіреттілік арқылы үйретудің ең оңтайлысы – тілдесім арқылы дамыта отырып меңгерту. Тілдесім сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс болғандықтан, оқытушы мен студент тарапынан жан-жақты жауапкершілік қажет. Себебі тілдесім тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Қазіргі ақпарат көздері көп уақытта мемлекеттік тілді үйретуде заманауи әдіс-тәсілдердің, инновациялы оқытудың алар орны ерекше. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру, рөлдік ойындар, жазылым жұмыстарына негізделген тапсырмалар, өзін-өзі бағалау өлшемдері тұтаса келе тілдесім әрекетінің дамуына ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** тілдесім әрекетінің түрлері, оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, жаңаша оқыту тәсілдері, бағалау критерийлері.

**Резюме.** Методы развивающего обучения казахского языка через общения – метод, который влияет повысить языковой компетентности обучающихся. Так как общение является особым явлением, охватывающим всех аспектов разговорной деятельности, нужна всесторонняя ответственность со стороны преподавателя и студента. Потому что общение, являясь самым важным показателем языкового отношения, способствует фактическому использованию чтения, письма, произношения и аудирования. В современных источниках информации особую роль в обучении государственному языку играют современные инновационные методики образования. В развитии действий общения компетентно способствуют организация самостоятельных работ студентов, ролевые игры, задания, основанные на письменные работы, критерии самооценки и т. д.

**Ключевые слова:** виды действий общения, чтение, аудирование, произношение, письмо, методы инновационного обучения, критерии оценки.

*Methods of the Kazakh language acquisition through communication is a set of methods that influences improving language proficiency of students. Since communication is a special phenomenon, covering all aspects of conversational activity, we need a comprehensive liability from teachers and students. Due to its being the most important indicator of linguistic relations communication contributes to the actual use of reading, writing, pronunciation and listening skills. Modern innovative methods of education play an important role in teaching the state language. Independent work of students, role plays, tasks that are based on the written work, the criteria of self-assessment, and others contribute to the the development of communication skills.*

**Key words:** types of communication, reading, listening, pronunciation, writing, innovative teaching methods, evaluation criteria.

Өскелең жас ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін ұстаздар ғылыми-педагогикалық инновациялық іс-әрекет негіздерін меңгеруі шартты нәрсе. Өйткені ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген ХХІ ғасырда жеке тұлғаны қалыптастыру олардың басты міндеті болып саналады. Сондықтан да бұл ұстаздан үнемі шығармашылық ізденісті, жаңа әдісті қолдануды талап етеді. Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында жаңа технологияларды қолдану мәселесі кеңінен талқыланып жүр. Бұл тек қана жаңа техникалық тәсілдер емес, сондай-ақ оқытудың жаңа формалары мен әдістері. Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты студенттің коммуникативтік мәдениеттілігін және тілді практика жүзінде меңгеру шеберлігін дамыту.

Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға, оның кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алуға қажетті жағдайлар жасау» деп атап өтілген [1, 33]. Сондықтан, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықара-

лық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, таңдаған бағытқа сәйкес пәндердің тереңдетілген деңгейде оқытылуын қамтамасыз ету әрбір ұстазға міндет деп түсіну керек.

Оқытушының міндеті – студенттердің қазақ тілін үйренуге қолайлы жағдай туғызу, яғни студент өзінің шығармашылық белсенділігін көрсете алатын оқытудың тәсілін қолдану. Жоғары оқу орындары негізінен Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік бағдарламаға сай оқу әдістемелік кешені бойынша сабақтар жүргізеді. Сол бойынша тілдік құзіреттілікке баулудың түрлі әдістемелерін оқытушы өзі дайындайды. Қай заманда, қай қоғамда болмасын, уақыт талабына сай адам санасын, оның ойлау қабілеті мен мәдени деңгейін жоғары сатыға көтеру тәрбие берудің қайнар көзі болып келеді. Адамның рухани байлығы адамгершіліктен бастау алатын болса, жас ұрпақты жақсылыққа баулитын ұстаздардың өздері де игі ниетті, терең білімді, үйретудің қыр-сырын меңгерген парасатты, ізденімпаз, шығармашыл жан болуға тиісті. Оқытушының міндеті беретін білім көлемін арттыру емес, оны тіл үйренуші өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей әдіс-тәсілдермен жеткізе білу. Егер ұстаз шәкіртіне «Мен не білетін едім?»,

«Мен нені білдім?», «Мен осы біліміммен не істей аламын?» деген сұрақтар төңірегінде ойлануына ықпал ете алса, онда алға қойылған мақсат орындалады. «Мұғалім дайын ақпаратты, ой түйінін балалардың санасына құйғанмен, олардың өздерінің ойлау мен еркін сөйлеуіне мүмкіндік берілмей, шығармашылық, арман, қиял қанатының шарықтау шегіне жеткізуге жағдай жасалмайды. Көптеген жағдайларда баланың ой еңбегі өзі де ойлап үлгермеген, санасына жетпеген, ерекше әсер етпеген ережелерді, формулаларды жаттап алуға тура келеді. Соның нәтижесінде ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды. Бұл – баланың оқуға деген ынтасын жоятын үлкен кемістік. Ол үшін баланы ережелер мен формулалар «қоймасына» айналдырмай, ойлауға үйрету керек» [2, 19]. Сондай-ақ, бұл күрделі мәселеде баса ескерілер тұстың бірі – үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік болмаса, сөйлеудің қаншама жолдарын меңгергенмен, ол жасанды рөл атқарады да, бірте-бірте өзінің өміршеңдігін жоятындығы. Демек, бұл бағытта да ойлану әрқайсымызға қажет деп білеміз. Осы орайда қазақ тілін сапалы үйретуді басты нысан етсек, ол тілдесім әрекетінсіз болмайтыны түсінікті.

Тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім (общение) – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі. Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы. Тілдесім – адамдардың бір-бірімен түсінісуі ғана емес, сонымен қатар бір-біріне ойы, көзқарасы, пікірі жағынан ықпал етуі. Адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен, қалай сөйлесуіне байланысты тілдесім түрлеріне жататындар:

- \*- Ресми тілдесім;
  - Бейресми тілдесім;
  - Қалыптасқан тілдесім;
- \*- Кәсіби (мамандыққа қарай) тілдесім;
  - Әлеуметтік тілдесім;
  - Дербестік тілдесім [2].

- Ресми тілдесім – тіл үйренушілерге ресми қарым-қатынастың элементтерін үйрету, ондағы сөз қолданыстарды, жағдаяттарды, ресми материалдарға қатысты меңгерту. Мысалы, қазақ тілі сабағына қатысты «мәтінді мазмұндаңыз», «баяндаңыз», «осы мәтінге қатысты бірнеше сұрақ дайындаңыз», «автордың айтар ойына тағы не қосар едіңіз», «сіздің сұрағыңызға орай мынадай жауап айтуға болады», «эссе тақырыбын өзіңіз тандаңыз»

деген секілді көптеген тілдесім үлгілерін келтіруге болады.

- Бейресми тілдесім – тіл үйренуші ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, адаммен қарапайым қарым-қатынастың элементтерін білуге үйрету. Мысалы, «сізден сұранайын деп едім», «өзімді жайсыз сезініп тұрмын», «егер рұқсат берсеңіз, мен қайталайын деп едім», «бүгін дайын емес едім», «диктантта алған бағама келіспеймін», «анам сәлемдеме беріп жіберген еді, пойыздан күтіп алмақ едім», «жатақханада кезекшілік кестесі бар» деген тәріздес сөздік оралымдарды үйретуге болады.

- Қалыптасқан тілдесім – әр адамның өмірдегі өз орнына сай бір-бірімен тілдесуі, түсінісуі. Бұған әрбір ата-ана баласынан сұрайтын «қарның ашып қалған жоқ па?», «сабақ үлгерімің қалай?», «ақшадан қысылып жүрген жоқсың ба?» деген сөздік қолданыстардан бастап, студенттер өздері жиі қолданатын «үйге не тапсырма берілген еді?», «емтиханға дайындалып жатырсың ба?», «бірінші сабақ қай дәрісханада?», «кертең деканатта топ старосталарының жиналысы болады», «дүкенге барсаң, бізге айран ала салшы», «шамды сөндірейін бе?» деген секілді көптеген өмірлік жағдаяттық тілдесімдер жатады.

- Кәсіби тілдесім – тіл үйренушілерге белгілі бір мамандықтың саласына байланысты сөйлесудің үлгілерін, мамандыққа қатысты сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету. Бұл бағытта математиктерге, заңгерлерге, филологтарға, тарихшыларға, сәулет өнеріне, құрылысқа, басқа да сала бойынша өзіндік кәсіби сөздері мен сөздік оралымдары бар тілдесім ұсынылады.

- Әлеуметтік тілдесім – адамның қоғамдағы орнын, беделін, қызметін ескере отырып құрылатын тілдік қарым-қатынас. Мұнда сөйлеуші адамдар бір-бірінің қоғамдағы әлеуметтік рөліне, атқарып отырған қызметіне, жасына, жолына қарай тілдеседі: «Ержан Серікұлы! Ертеңгі жиналыстың күн тәртібін нақтылап алайын деп едім», «Жартыжылдық жоспардың орындалуы бойынша журналистердің сауалына жауапты жазбаша түрде ұсынсақ дейміз», «Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, еңбек сіңірген әріптестерімізге арнайы алғыс айтқым келеді», т. б.

- Дербестік тілдесім – адамның қызметіне, беделіне, әлеуметтік орнына қарай, жеке басының қасиеттеріне қарай, өзіне тән барлық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдесу, сөйлесу. Бұлар көбіне журналистердің сұхбатында, интервью берушіге қояр сауалды дайындағанда, сұхбаттасушының өмір жолына шолу жасағанда, алдағы мақсаттары мен ел өміріне қатысты көзқарастарын талдағанда, жазушылардың шығармашылығына шолу жасай отырып, оны оқырманға таныстырғанда, белгілі бір танымал тұлға, лауазым иелерімен сұхбатта-

су барысында қолданылады. Көрсетілген тыңдалымдардың әрқайсысы бойынша топтық, жұптық рөлдер беріліп, тапсырмалар орындатылса, есте қалу, сөзді жылдам меңгеру мүмкіндігі артады. Оқытушы жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тыңдаушы бойындағы талант көзін ашып, сөздік қорын көбейтіп, өз бетінше ізденуге ықпал етеді. Тіл үйренушіні жоғарыдағы қадамдарға бағыттауда оқытудың мазмұнын, түрін, әдісін дұрыс таңдай білу қажеттілігі туады. Қазақ тілін мектеп қабырғасында он жыл оқыса да, қарапайым сөйлесу үлгісін меңгермеген жастар жеткілікті. Олар жоғары оқу орнында бас-аяғы бір жыл ішінде мемлекеттік тілді «қайталап шығып», сол жеткен деңгейінде қалады. Олардың қазақ тілін меңгеру көрсеткіші біз күткен деңгейден көп төмен екендігі жасырын емес. Тіпті қазақ отбасында өсіп, тәрбиеленген баланың да кейбіреуі өз тілінде өте нашар сөйлейді. Бұндай келеңсіз жағдайлардың басты себебі – тілдік қажеттілікті туғызбаудан екендігі анық. Жоғары оқу орындарының оқытушылары осы бір жыл ішінде білім алушының он жылда үйренбеген тіліне деген қызығушылықты туғызып, оның тілдік деңгейін көтеруге тиісті. Ол үшін оқытушы мына әрекеттерді ұстану керек:

- Білім алушының жеке пікірін тыңдау, оның бұрын меңгерген білімдері мен түсініктерін дамыта білу;

- оларды мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыру және оқыту;

- міндеттерді шешу әдіс-тәсілдерін студенттерге түсінікті жолмен құру және көрсету;

- білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқуын марапаттау;

- олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- жеке және бірлескен жұмыстарды үйлестіріп, қолдану.

Бұл әдіс-амалдар мен оқыту технологиялары ақпараттық технологияларды қолдану құзіреттілігін талап етеді. Оқытушы сабақтарда оқытудың сапасын арттыру үшін жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, интернет ресурстарымен жұмыс жасауға (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау); электронды оқулықтарды пайдалана отырып, жұмыс жүргізуге, тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдануға, сол арқылы ақпаратты саралап, зерттеуді студенттерге ұсынуы тиіс.

Әдіскерлер тіл үйрену барысында мынадай динамикалық мультимедиялық құралдардың түрін қолдануға болатынын айтады: «Презентация – аудиовизуальдық құралдарды пайдалана отырып ақпаратты көрнекті беру. Бұл компьютерлік ани-

мация, графика, видео, музыка және дыбыстық құрылғылардың үйлесіп, бір ортаға ұйымдастырылуы; анимация – қозғалыстағы картиналар қатары; бейнефильмдер және бейнетаспалар (күйтабақ ойнатқыш) – қозғалыстағы бейнелерді көрсету арқылы шынайы қатысымдық әрекетті дамытады, оқу материалының қызықты, проблемалы, дәлелді болуын қамтамасыз етеді». [3, 175].

Қазақ тілін оқытуда үлкен нәтижелерге қол жеткізіп, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда сапалы деңгейге шығаратын оқыту технологияларының бірі – дамыта оқыту технологиясы.

Дамыта оқыту идеясы бойынша студентке оқу мақсаттарын қоюда, шешуде ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау және жинақтау арқылы жүзеге асады. Оқытушы сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде болады. Шешім табылған кезде студент өз еңбегінің дұрыс, бұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйренеді. Сондай-ақ оқушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік береді.

Атап көрсетілген тілдесім түрлерін меңгерту үшін оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым құзіреттіліктері түгелімен қамтылуы керек. Тілді меңгерудің сапасын арттыру үшін белсенді оқыту кезеңі қажет болады. Бұл кезеңді іске асырудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар. Олар «болжау кестесі», «ойлан», «жұптас», «ортаға сал», «білемін, білгім келеді», «үйренгенім» деген қадамдардан басталып, оқытушы оларға сұрақ қоя білуді үйретуі, өзара оқыту, топпен болжау, топпен зерттеу, тағы басқа да қызықты амалдарды қолдануы керек. Осындай әрекеттер өз жемісін ұзаққа созбай бере бастайды. Тіл үйренуші алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бірігіп берілген тапсырмаларды орындайды, дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды немесе «Әссе жазу, бес жолды өлең» тәсілдерін пайдаланады. Қазіргі оқыту үрдісінде оң әсерін көрсетіп жүрген әдістердің бірі – «топқа бөліп шығармашылық тапсырмалар беру». Мысалы, сіз топтағы студенттерді екі, не үш топшаға бөліңіз. Оларға дайын мәтінді бөліктерге бөліп ұсыныңыз. Сіздің таңдап алған мәтіннің газет бетінде жарияланған өзекті мақала болсын делік. Мақаланың бас жағы бір топшаға, ортасы екіншісіне, соңғы бөлігі үшінші топшаға беріледі. Топтың атауы болғаны дұрыс. Бірінші топшадағылар оқып шығып, бұдан ары қарай не боларын жорамалдауы керек. Соны жазады, яғни өздерінше дамытады және аяқтайды. Екінші топшадағылар бұл мақаланың бас жағы қалай болуы мүмкін, қалай аяқтаған дұрыс, өздері болжам жасайды, аяқтайды. Үшінші топша басын, ортасын өздерінше пайымдайды, өзара ақылдасып, бірінші және екінші бөлігін жазып шығады. Үш топ та берілген уақыт шеңберінде жұмыс істеуі керек. Әдетте мәтін көлеміне қарай 10-12 минуттан артық уақыт берілмейді. Болғаннан кейін «Кемел келешек» (шартты

атау) тобы берілген мәтінді айтып береді, қалай жалғастырғанын және қалай аяқтағанын жазғандары бойынша оқиды. «Елжандылар» (шартты атау) да, «Дарынды жас» (шартты атау) да солай істейді. Бұндай тәсіл студенттердің қызығушылығын ғана туғызып қоймай, сыни ойлауға, мәтінді дамытуға, редакциялауға, тіпті түзетуге, өңдеуге де оң әсер етеді. Бұл тәсілдің екінші бір қыры бар. Негатив мақалаларды позитивке айналдыру, сұхбаттағы келеңсіз сұрақты (жауапты) жағымды қалыпқа айналдыртуға да тапсырма берілгені дұрыс. Сонда студенттердің азамат ретіндегі, тұлға ретіндегі бейнесі қалыптаса бастайды. Қазіргі нарықтық замандағы болып жатқан қиыншылықтардың өтпелі екендігіне, кез келген сәтте оптимист болуға тырысатын дағдыға ие болады. Сыни ойлай білетін жас – қоғамда өз орнын адаспай таба білетін тұлға. Ол алдымен белгілі бір құбылыс туралы түсінігін, содан кейін пікірін, артынан сұрағын қалыптасыра алады. «Студенттің мәселені тани білуі, алған білім, біліктерін жаңа тапсырмаларды шешуге, міндеттер қоя білуге тәрбиелейді. Сабак үрдісінде олар тереңнен оқуға үйренеді, өз бетімен ізденіп білім алудың жаңа жолдарын, тәсілдерін білуге бейімделеді. Бұл өз бетінше жүргізілетін жұмыстарға реферат жазуға, қолжазбалар дайындау, баспасөз беттерінен, оқулықтардан ақпарат алу, түрлі хабарламалар дайындау жатады»[4, 19] дегендей, білім алушыны көбіне өзін-өзі дамытуға итермелеу керек, бағыттау керек.

Осы орайда білімді бағалау өлшемін ескеру өте маңызды фактор. Студент білімін бағалау – оқытушы тарапынан әділ және ашық болуға тиісті әрекет. Оқытушы оқу бағдарламаларындағы күтілетін нәтижелерге жету мақсатында студенттердің білім алудағы жеке даму жолына назар аударуы қажет. Олардың оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау критерийлерімен сәйкестігіне орай бағалағаны дұрыс. Ағымдық және аралық бағалаудың соңы қорытынды (емтихан) бағасына ұласады. Көп ретте оқытушылар тарапынан студенттер шәкіртақысыз қалмасын деген ниетпен бағаны асыра қоятыны белгілі. Сондай болатынын білетін студенттер кейде тілге жауапсыз қарайды. Бұның соңы қазақ тілін жеткілікті меңгермеген жастардың көбеюіне әкеп соғады. Сондықтан оқытушылар тарапынан олардың өзін-өзі жетілдіру, өз бетінше дайындалу, білгенін, түсінгенін жиі айтқызу, бағалау өлшемдерін нақты көрсете отырып, балл қою әдістері қолданылғаны жөн. Қазақ тілінің бар мүмкіншілігін жастарға үйретуде ұстаздар әрқашан жаңашыл тұлға ғана емес, заманауи оқыту әдістері мен амалдарын терең меңгерген, білім алушыларды өз білім-біліктілігімен баурай алатын жан бола білгені абзал. Осындай жағдайда ғана мемлекеттік тіл өз тұғырына қонар еді, өзіміз куә болып жүрген келеңсіз жайттардан (қазақ тілін үйренуге талпынбайтындардан) айығар едік. Тіл мәртебесін көтеру отансүйгіш кез келген адамның парызына айналар еді.

#### Әдебиеттер:

1. «Қазіргі кезеңдегі жоғары педагогикалық білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі материалдары. – Алматы, 2008. – 167-170 б.
2. Мұқанов М. И. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 2002. – 118 бет.
3. Досмаханова Ә. А. Қазақ тілін мультимедиялық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі. Дисс. автореф. – Алматы, 2008.
4. Сәтбекова А. А. Қазақ тілін сапалы оқытудың ғылыми-әдіснамалық негізі // «Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы үздіксіз білім беру модернизациясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. II том. – Алматы, 2007. – 143-148 б.



**Иманбай Асыл**

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Түркітану» 2-курс магистранты,  
Астана, +7 775 4157578,

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮБІРЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

*Түйін.* Бұл мақала қазақ және түрік тілдеріндегі түбірлердің зерттелуі және зерттелуіне үлес қосқан ғалымдар мен олардың еңбектері жайында.

*Резюме.* Данная статья представляет собой исследования, вклад ученых и их работы в изучении корней в казахском и турецком языках.

*Summary.* This article presents a study, the contribution of scientists and their works in the study of the roots in the Kazakh and Turkish languages.

Түбір - уақыт өсімен адаммен бірге дамитын танымының өлшеуіші. Адам әлемді тану үшін жинақтаған барлық іліміне тілді тіреніш етсе, ал тіл өз кезегінде түбір арқылы сол ілімді таңбалап отырады. Түбір проблемасының күн тәртібінен түспей отыруы тілдің ең негізгі бірлігі ретінде бірнеше сатылы даму жолынан өтіп, тілдің барлық өзгерісін бойынан өткеріп отыруымен байланысты. Түбір туралы қазақ тіл білімінде де айтылған пікірлер аз емес. Қазақ ғалымдарының түбір пікірлері бірібірімен үндесіп жатады.

Қазақ тіл білімінде жалпы түбірлер тарихының өзі ғылыми тұрғыдан дәйектеліп, тіпті өзіндік мектеп қалыптастырып үлгерген. Түбірлер туралы алғашқы ғылыми дерек М. Қашқаридан басталса, қазақ тілінің теориялық деңгейге көтерілуі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады десек қателеспейміз. Ғалым «буыншы әріптер» деп дауысты дыбыстарды ағайды да, «буындардың бір әріптілерін бір бөлек, екі әріптілерін бір бөлек шығарып жазыңдар» деп жазған екен. «Түбір сөз дегеніміз – бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз», – деп анықтама берген де А. Байтұрсынұлы [1, 108].

Қазақ тіл білімінде түбірлер туралы, сондай-ақ Қ. Қ. Жұбанов, С. А. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев, К. Аханов, Ә. Төлеуов, С. Исаев, М. Т. Томанов, А. Ы. Ысқақов, Ә. Т. Қайдаров, Е. З. Кажыбеков, Ә. Қ. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, Ә. Ибатов, А. Хасенова және т. б. қазақ тіл білімпаздарының іргелі зерттеулері мен тұжырымдары бар.

Түрік тіліне байланысты деректер, негізінен, шетел ғалымдар тарапынан зерттелгені мәлім. Бүгінге дейін жасалып келген зерттемелер, Күн-Тілі (Güneş-Dil) теориясымен шағастырылып келгендері де бар. Түрік тілі – ең көне тілдердің бірі. Түрік тілінің де көне ескерткіштерінің бірі болып Орхон-Енисей (VI) жазбалары табылады.

Сондай-ақ, тағы бірнеше жазбалардың болғаны мәлім. Мысалы: Göktürk Yazısı (Көктүрк Жазбасы), Uygur, Mani, Soğd, Çin, Tibet, Süryani-Nasturi, Brahmi Yaısı, Pässe-Pa, Peçenek, Kuman, İbrani, Yunan, Ermeni, İslav, Latin - İslav, Arap, Yeni Türk gibi Yazıları [2, 32-46].

Бір буынды сөздердің тарихи даму, қалыптасу жүйесін тануда түрік пен қазақ тілдерінің зерттелу деңгейі, қарастырылған мәселелердің шешімі мен тұжырымы бірдей емес. Сондықтан әр тілдегі бір буынды сөздердің зерттелу барысын айқындап алу бірінші кезектегі мәселе.

Қазақ тіліндегі түбірлердің және түбір негіздердің зерттелуіне келетін болсақ, ғалым А. Ысқақов түбірдің ерекшеліктерін ескере келе, оған екі түрлі анықтама береді:

1. «Сөздің өз алдына тұрып, мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағына бөлшегі. Мысалы: Бас. бастық, басшы, басқар, басқарма деген түбірлес сөздердің бәріне форма жағынан да, мағына жағынан да төркін ретінде қызмет ететін түбір бас сөзі.

2. Әрі қарай бөлшектенбейтін, морфемаларға мүшеленбейтін, нақтылы бір зат я құбылыс жайындағы немесе әрекет жайындағы ұғымды білдіретін (я атау үшін қолданылатын) белгілі бір дыбысты я дыбыстық құрамды айтамыз» [3, 86-87].

Бұл анықтаманың біріншісі қазіргі тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, түбірдің мағына білдіріп, дыбыстық құрамының тиянақтылығын басшылыққа алады. Ал екінші анықтама даму үстіндегі түбірдің номинациялық қасиетіне байланысты ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып берілген. Одан әрі қарай ғалым «түбірлік сөз» терминін келтіреді: «Түбірлік сөз деген статистикалық күй-жайын анықтау, тексеру үшін аса қажет, ал түбір деген ұғым - динамикалық ұғым» [3, 89].

Түбірдің тарихи дамуы жайлы алғаш теориялық зерттеу М. Томановтың қаламынан туған. Тарихи түбірлердің дамуын автор түбір синкретизмі негізінде анықтайды да, ол туралы былай деп жазады: «. . . арт – етістік, арт – зат есім; ары, әрі – үстеу, арқа – зат есім: осы түбірден арқала – етістік, ортақ, түбір – ар. Егер осы келтірілген мысалдарды байырғы түбірлер деп қарасақ, есім мен етістіктердің түбір сәйкестігін – бір ғана түбірден (немесе фонетикалық құрамы бірдей түбірден) әрі есім, әрі етістік жасалғанын көреміз» [4, 104].

Белгілі ғалым Ә. Ибатовтың «Сөздің морфологиялық құрылымы» атты еңбегінде сөздердің

лексика-грамматикалық бөлігінің құрылым жүйесі өзінше сараланады. Ғалым XIV ғасыр жазба ескерткіштерінің, тілі негізінде зерттеу жүргізе отырып, түбірлердің жалпы сипатын былайша жіктейді: 1. Түпкі түбірлер (этимологиялық өлі түбірлер); 2. Негіз түбірлер (жеке айтылатын тірі түбірлер); 3. Туынды негіздер (туынды түбірлер) [5, 66]. Ғалымның пікірінше, түпкі түбірлер деп – бірнеше сөздің құрамында айтылып, бірақ жеке дербес сөз ретінде қолданылмайтын, тек сөздерді іштей морфологиялық тұлғаларға бөлшектеп жіктегенде ғана анықталатын түпкі түбір морфеманы айтамыз.

Түбірлердің табиғатын танытудағы іргелі еңбек – Ә. Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиялық зерттеуі. Аталған еңбек – қазақ тіл білімінде емес, жалпы түркітану кеңістігі үшін маңызы зор, күрделі туынды. Автор мол тілдік материалдар негізінде қазақ тіліндегі моносиллабтардың фоно-морфо-семантикалық құрылымын қарастырады.

Ғалым жасаған мына тұжырымдама түркітанушы ғалымдар тарапынан дәйексөз ретінде алынып жүр. Оның мәнісі бұл пайымдаудың ғылыми тереңдігінде болса керек: «На наш взгляд, тюркский корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения происходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога.

Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слово – динамики» [6, 24].

К. Аханов түбір мен негіздің өздеріне тән қасиеттері мен ерекшеліктерін былайша талдап көрсетеді: «Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, сөздің негізі ары қарай бөлшектенуге келмейтін бір ғана түбірдің өзінен (мысалы: қол; жас және т. б.) құралған жалаң негіз (непроизводная основа) түрінде де, екі немесе одан да көп морфемалардан (мысалы: қол – тық - та; жас – тық) құралған туынды негіздер де ұшырасады. Жалаң негізден (непроизводная слова), яғни тек жалаң түбірдің өзінен құралған сөздер түбір сөздер деп аталады, туынды негізден, яғни түбір мен жұрнақтың қосындысынан құралған сөздер туынды сөздер деп аталады [7, 273]. Ғалым бұдан ары аффикстерге тоқталады да, олардың түбір мен негізге тигізетін әсері арқылы олардың ерекшеліктерін жеке-жеке былай көрсетеді: «Түбір (негіз) – сөздердің әр түрлі лексика-грамматика топтары үшін бірдей ортақ морфема ретінде қызмет ете алады. Ал негіздің түбірден айырмашылығы сол, ол сөздердің әр түрлі лексика-грамматикалық тобының формаларына ортақ болып келеді [7, 275]. Зерттелген еңбектерге сүйене отырып, онда айтылған тұжырымдарды са-

ралай келе, түбір мен негіздің айырмашылықтарын былай көрсетуге болады:

Түбір сөздің толық лексика-семантикалық мағынасын білдіретін, тілдің әрі қарай бөлшектенуге келмейтін ең кіші бөлшегі. Ал негіз сөздің толық мағынасын бергенімен, тарихи тұрғыдан түбір мен аффикстерге ажырап кетеді. Негіздерді түбірлес сөздерді топтастырғанда салыстырамыз да, дыбыстық құрамын ажыратамыз.

Түбір морфологиялық деривациялық процессте өзгеріске ұшырамайтын сөздің негізгі заттық, лексика-семантикалық мағынасы. Ал түбірдің дамуына себеп болатын семантикалық процестер (мағынаның жіктелуі, даралануы және т. б.) негіздің мағынасын құрайды.

Түрік тілінің зерттелу барысын біз шартты түрде мынадай екі топқа бөліп қарастырамыз:

1. Ресей тіл біліміндегі түрік тілінің зерттелу жайы;

2. Түркиядағы түрік тілінің зерттелу жайы.

Ресейдегі түрік тілінің зерттеле бастауы, А. Н. Кононовтың пікірінше, француз миссионерінің «Турецкая грамматика» еңбегінің аударылып, Санкт-Петербург пен Мәскеуден бастырылып (1876-1877) шығуымен байланысты [8, 291]. Бұдан кейінгі іргелі еңбек – 3000-ға жуық сөз бірліктерін қамтыған «Турецкий лексикон» (XVIII ғ.) деп аталатын, авторы белгісіз түрікше-орысша сөздік. Аталған еңбек бүгінде Петербургтегі Ресей Ғылым Академиясының шығыс бөлігіндегі қолжазба қорында сақтаулы.

Сондай-ақ түрік тіліне қатысты О. И. Сенковскийдің "Карманная книга для русских войнов в турецких походах" (1828-1829ж. ж.) деп аталатын екі бөлімнен тұратын сөздігі мен грамматикасы бар.

Түрік тілінің грамматикалық құрылымына бойлаған ғылыми деректі МА. Казембектің "Общая грамматика турецко-татарского языка" (Қазан қаласы, 1839 жылы) еңбегінен кездестіреміз. Еңбекте алғаш рет түрік тіліндегі сөздердің грамматикалық мағынасы сараланып, сөз табына жіктеледі. Морфология деңгейіне қатысты көптеген теориялық мәселелердің негізі қаланады.

Ал 1867 жылы В. А. Максимовтың Санкт-Петербург қаласынан жарық көрген «Опыт исследования тюркских диалектов в Худавендгяре и Карамании» деген зерттеуінде түрік тілінің негізгі диалектісі – анатолий диалектісі зерттеліп, көптеген диалектілік тілдік бірліктердің фонетика-лексикалық, грамматикалық сипаттамасы беріледі.

МА. Терентьев өзінің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» атты зерттеуінде түрік тілі деректері негізінде оның грамматикалық жүйесін түсіндіреді. Осы теориялық еңбектің ғылыми нәтижесі ретінде кейін «Хрестоматия» оқулығы жарық көреді. Бұдан кейінгі іргелі зерттеулер ИА. Березин, В. В. Григорьев, В. Д. Смирнов,

В. А. Гордлевский сынды ғалымдардың қаламынан туған.

Кеңес үкіметі тұсында жазылған А. Н. Кононовтың «Грамматика современного турецкого литературного языка» атты зерттеуі қазіргі түрік тілінің грамматикасы мен фонетикасын, лексикологиясын мүмкіндігінше толық қарастырған еңбек болып саналады.

Ал Г. Алекберин мен Г. Р. Мирза-задениң «Учебник турецкого языка», Ф. П. Гайдаровтың «Учебник турецкого языка», С. Майзельдің «Учебник турецкого языка» т. б. еңбектері қазіргі түрік тіл деректері негізінде жазылған.

Енді Түркиядағы түрік тілінің зерттелуіне келетін болсақ, әдетте, түрік тілі грамматикасының атасы ретінде Бергамалы Кадри аталатынын айтамыз. Оның «Муиессерет ұл-улум» атты ғылыми зерттеуі 1530 жылы жарық көреді. Аталған еңбектің жазылуына араб грамматикасының негіз болғаны көрінеді.

АН. Кононов түрік тілінің зерттелу жүйесіндегі негізгі екі кезенді атап көрсетеді:

1. Араб грамматикасының күзіретіндегі кезең;
2. Түрік тілінің өзіндік бағыт ала бастаған кезеңі.

Осы жіктемеге сүйене отырып, біз түрік тіліндегі негізгі зерттеулерді былай деп келтіреміз. Біріншісі – Фуад-эфенди мен Джевдет-эфендидің 1851 жылы Стамбул қаласында жарық көрген «Осман тілінің ережелері» атты еңбегі. Бұл еңбекте түрік тілінің дыбыстық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері кеңінен таратылып қарастырылады.

Екінші бір топ Стамбулда жарық көрген Z. Korkmaz'дың «Gramer terimleri sözlüğü», M. Vaha'ның «Türkiye Grameri», T. Banguoglu'ның «Ana hatlarıyla Türk Grameri», A. Emre'нің «Türk Dilbilgisi», T. Gencan'ның «Orta Okullar için Dilbilgisi» атты еңбектерін қамтиды. Көрсетілген зерттеулерде бір буынды сөздердің тарихы туралы деректер нақты болғанымен, дыбыстардың артикуляциялық-акустикалық сипаты мен тілдің морфологиялық құрылымынан мол мағлұматтар бар.

Ал XX ғасырдың соңғы он жылдығында жазылған түрік тіл біліміндегі теориялық зерттеулер жалпы тіл білімінің дамуына үлесі бар іргелі еңбектердің басын құрайды. Терминдер, негізінен, таза түрік тілінде берілген. Айталық, Zeuner Korkmaz сын есім түбір жөнінде «Osm. sezgi ismi. Eсім түбір – нақты (somut) не жалпы абстракт зат атауын (soyut) немесе олардың сапа, жағдай және ара қатынасын көрсететін, құрылымдық тұрғыдан алғанда ары қарай бөлшектенбейтін есім. Мысалы: el (қол), ayak (аяқ), baş (бас), iş (іс), taş (тас), kuş (құс), gönül (көңіл), sarı (сары), iç (іш), alt (аст), üst (үст), pek (өте)» [9, 90] деген пікір айтады. Сондай-ақ іргелі зерттеулерінің бірі «Türkiye Türkçesi Grameri» еңбегін атауға болады. Еңбекте түбірге мынадай анықтама береді: «Kökler, kelimelerin yapısında yer alan bütün ekler çıkarıldıktan sonra, daha küçük parçalara ayrılmayan ve kelimelerin temel anlamlarını oluşturan öğelerdir» [10, 102]. Егер сөзбе сөз аударатын болсақ «Түбір - сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі.

Қолымыздағы бар материалдар мен деректерге сүйене отырып, мынадай тоқтамға келеміз. Тегінде түрік тілінің қазіргі грамматикалық сипаты мен негізгі даму заңдылықтары жеткілікті зерттеліп, анықталған. Дегенмен түрік тіліндегі бір буынды түбірлердің сипаты, көне даму тарихы, әсіресе өзге түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу әлі күнге дейін жеткілікті қолға алына қоймағанын айтамыз.

Сөздің шынайы болмысын танып-білу әрдайым тұлға мен мазмұнды бірлікте қарауды талап ететіндіктен жалпы түркі лексикалық қорының негізін құрайтын түбірдің семантикалық дамуы да адам санасымен, дүниетанымымен тікелей байланысты құбылыс ретінде семасиологиялық жүйенің сан қырлы заңдылықтарына орай психо-физиологиялық процестермен өзара сабақтастықта жүріп отыруы түбір туралы мәселені одан әрі күрделендіре түседі.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
2. Коç N, Hengirmen M. Türkçe öğreniyoruz -2. – Ankara, 1992. – 58 s.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1974. – 408 б.
4. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 614 б.
5. Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.
6. Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в тюркских языках. – Алма-Ата, 1986. –328с.
7. Аханов К. А. Тіл білімінің негіздері. –Алматы, 1993. – 496 б.
8. Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в тюркских языках. – Алма-Ата, 1986. –328с.
9. Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü. – Ankara. 1995. – 865 s.
10. Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. – Ankara, 2014. – 1027 s.

**Кузнецова Татьяна Анатольевна**

старший преподаватель кафедры европейских и восточных языков  
+7-705-310-70-75, tatyanakuznetsova.1969@list.ru

**Матасова Ирина Николаевна**

магистр иностранной филологии, преподаватель  
кафедры иностранной филологии и переводческого дела  
Карагандинского государственного университета им. академика Е. А. Букетова,  
г. Караганда, +7-701-385-69-81, irina041283@mail.ru

## MANIFESTATION OF THE NATIONAL CHARACTER IN PROVERBS AND SAYINGS (ON THE EXAMPLE OF THE ITALIAN LANGUAGE)

***Түйін.** Мақалада итальяндықтардың ұлттық сипатының кейбір ерекшеліктерінің мақал - мәтелдерден көрініс табуын анықтауға талпыныс жасалған. Отбасы, еңбек, достық, киім, тағам ұғымдарына деген көзқарас қарастырылады. Мысал ретінде Италияның түрлі аймақтарында қолданылатын мақал - мәтелдердің әдеби тілдік нормадағы аудармасы келтірілген.*

***Резюме.** В статье сделана попытка определить некоторые черты итальянского национального характера, которые прослеживаются в пословицах и поговорках. Рассматривается отношение к таким понятиям как семья, труд, дружба, одежда, пища. В качестве примеров приводятся пословицы разных областей Италии в переводе на литературный итальянский язык.*

***Summary.** The article attempts to identify some of the characteristic features of the Italian national character, which can be traced in proverbs and sayings. Relation to such concepts as family, labour, friendship, clothes, and food is considered. Proverbs of different Italian regions translated into the literary Italian language are provided as examples.*

Если позиция журналиста-теоретика А. Сатыбалдиева относительно переводов состояла в непосредственном переводе с языка оригинала, то Б. Жанабаев высказал несколько иную позицию: «Казахская областная газета тогда в основном выходила в переводе, то есть печатала материалы русскоязычных журналистов в переводе на казахский. Это было неправильно. Я обратился в обком партии с предложением разделить газеты по язы-

ковому признаку, дать казахской газете полную самостоятельность. В обкоме меня поддержали. И уже 9 января 1965 года вышел в свет первый номер газеты «Еңбек туы», полностью состоящий из материалов журналистов казахской редакции. Это было большим событием». (4) Относительно этого республиканские газеты «Социалистік Қазақстан» и «Казахстанская правда» одинаковы были только в освещении официальных правительственных новостей, а в остальном казахскоязычные журналисты не копировали русскоязычных. Такого же подхода требовал и Б. Жанабаев.

Будучи редактором областной газеты, Б. Жанабаев вел сбалансированную работу с руководством области. Газета непосредственно подчинялась обкому партии. И положительно отзывался об Асанбае Аскарове, государственном и партийном работнике, возглавлявшим три области республики – Джамбульскую, Алма-Атинскую и Чимкентскую. Во всех этих возглавляемых им областях он тщательно подбирал кадры на руководящую должность в областных газетах, выявляя, прежде всего, профессиональные качества.

Такие же отношения Б. Жанабаев поддерживал и с последующими руководителями области. Так, Хасан Бектурганов, будучи грамотным и компетентным руководителем, оказывал всемерную поддержку работе областной газеты. «Советовал писать оперативно, не публиковать крупные, объемные материалы, которые не привлекают читателей», заключает Б. Жанабаев о рекомендациях Х. Бектурганова. За профессионализм руководством области Б. Жанабаев был выдвинут на долж-

ность главного редактора, и получил одобрение и утверждение от первого руководителя республики Динмухамеда Кунаева. Что касается других областных газет республики, то ситуация в них была идентичной как в Джамбульской области.

В период перестройки, начиная с 1985 года, с руководящих должностей уходили кадры, занимавшие высокий пост долгое время. Это коснулось также и сферы журналистики, опоры государственной идеологии. Им инкриминировались очковитирательство и приписки за период «застоя». Тем не менее, в Казахстане журналистика в этот период накопила большой опыт и профессионально оформилась на высокий уровень. Но готова ли была она к работе на международном уровне после провозглашения национальной независимости в 1991 году? Это уже другой вопрос.

Важным является то, что кадры, подготовленные в те времена, достойно развили журналистику современного пост-советского Казахстана, и теперь на арену уже выходит третье поколение журналистов. С появлением Интернета произошли изменения как в обществе, так и в журналистике. Наступление и распространение глобальной информационной сети есть существенный прогресс. Появилась электронная журналистика, но в нем уже иные принципы и подходы. В век компьютеров и интернета молодое поколение перестало читать серьезную литературу. Чтение всемирной литературы было истинным богатством. И в электронной журналистике его надо сохранить, ибо опыт старшего поколения журналистов остается бесценным.

#### *Литература:*

1. [http://www.np.kz/people/12850-kasym\\_sharipov\\_gazeta\\_dojjdet\\_do\\_bojjca.html](http://www.np.kz/people/12850-kasym_sharipov_gazeta_dojjdet_do_bojjca.html)
2. Сатыбалдиев Ә. Сөз қазынасының кенісі. Астана: Аударма баспасы, 2008, 284 б.
3. «Казахстанская правда», 5 ноября 2011 года
4. <http://ztgzt.kz/recent-publications/mudrost-prixodit-s-godami.html>

**Сейітжанов Зұфар Нұрсапаұлы**  
ф. ғ. д., профессор, 87771870956

**Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы**  
ф. ғ. к., доцент, sk. 61@mail. ru 87017373245

**Имаханбет Райхан Сахыбекқызы**  
ф. ғ. к., доцент, gai\_im@mail. ru, 87013296402

**Оспанова Ақнұр Абдужапарқызы**  
философия докторы (PhD), аға оқытушы, aknur.ospanova@mail. ru, 87021998686

## АҚАННЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІ

*Түйін.* Мақалада Ақан Қорамсаұлының арнау өлеңдері талданады. Ақан Қорамсаұлы – поэзия жанрында елеулі мұра қалдырған ақын. Ақан Қорамсаұлының арнау өлеңдері көбіне белгілі бір адамдарға қарата айтылған сын-сықақ түрінде болып келеді. Ақын өз дәуіріндегі қоғамдық ортаның қыр-сырына үңіліп, кейбір кереғар өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырып отырған. Адам бойындағы кем-кетікті бетіне айту үшін сын-сықақты күрес құралына айналдырған. Халық мүддесін қорғап, әділдікті жақтаған. Кейде жамандыққа жақындардың іс-әрекетін көптің көз алдына шығарады. Қандай жағдайда адам адамдық қалып-қасиетті сақтау керек деген тұжырымға келеді.

*Кілт сөздер:* поэзия, арнау өлеңдері, ақын, өлең, достық, сыйластық, өнер, жанр, адамгершілік парыз, ізгілікке жол ашу.

*Резюме.* В статье анализируются стихи посвящения поэта Акана Корамсаулы. Акан Корамсаулы поэт, оставивший весомое наследие в поэзии казахской литературы. Свои стихи посвящения поэт традиционно посвящает определенной личности и в них присутствует критический сарказм. Поэт придавал большое значение актуальным вопросам общества своего времени и преобразовывал негативные явления действительности в художественную правду в своих произведениях. Поэт использовал сарказм как средство борьбы и разоблачения негативных качеств человека своего времени. В своих произведениях поэт боролся с несправедливостью и защищал интересы простого народа. Иногда наглядно показывает народу низкие, недостойные поступки. Поэт считал, что человек должен сохранить свою человечность на протяжении всей жизни вопреки всем трудностям.

*Ключевые слова:* поэзия, стихи - посвящения, поэт, стихи, дружба, уважение, искусство, жанр, гуманный долг, путь к справедливости

*Summary.* In the article are analysed verses of dedication of poet Akana Koramsauuly. Akana Koramsauuly poet, leaving a ponderable legacy in the poetry of kazakh literature. The verses of dedication a poet traditionally dedicates certain personality and there is critical sarcasm in them. A poet gave a large value the pressing questions of society of the time and transformed the negative phenomena reality in an artistic true in the works. A poet used sarcasm as mean.

*Keywords:* poetry, verses are dedications, poet, verses, friendship, respect, art, genre, humane debt, way to justice.

Ақан Қорамсаұлы – поэзия жанрында елеулі мұра қалдырған ақын. Сонда ақын мұрасының жанрлық түрі қандай? «Жанр әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Көркем әдебиет – арнасы кең, көп салалы өнер. Әдебиет туындыларының құрылыс-қалпы, мағыналық сыйымдылығы, көркемдік сипат белгілері әр алуан бола береді. Сондықтан әдеби шығармалардың жүйесін тауып жіктеп-топтауға, түр-түрге бөлуге үлкен мән беріледі. Көркем шығармаларды тегіне қарай және бітім-тұлғасы, өмірді бейнелеу өзгешелігі жағынан жіктеп-ажырату ерте заманнан бастап-ақ кездеседі. Осылай әдеби нұсқаларды тегіне, түр-түріне қарай ажыратып бөлу негізінде жанр деген ұғым қалыптасқан» [1, 145-б. ].

Демек поэзия сырттай қарағанда бір тұтас нәрсе сияқты көрінеді, бірақ іштей қарағанда оның да жанрлық түрлері көп екенін байқаймыз. Ақан мұрасындағы жанрлық түрдің бірі – арнау өлеңдер.

Сонда арнау өлең деген не? «Арнау – адамның яки ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайрыла сөйлеуі» [2, 285-б. ]. Арнау түрінде жазылған өлеңдер әлем әдебиетінде соның ішінде қазақ поэзиясында да баршылық. Қазақ арнау өлеңдерінің де бұлақ көзі тереңнен арна тартады. Зерттеушілердің айтуына қарағанда сонау VI-VIII ғасырлардағы Орхон ескерткіштерінде «Түркі халқы тыңдаңдар!» деп басталатын арнау өлең бар екені белгілі.

Ақанның арнау өлеңдерінің көлемі шағын болып келді. Оның «Ғазиз ақынға» арнауында Басасыз шаттандырып «Құлагерді», Басқан сайын ашасыз ішкі зарды.

Ақмола уезінің өнерпазы Мадақтамай болмайды Ғазез ерді [3, 162-б. ], - деп Ғазиз ақынның әншілігін жоғары бағалайды.

Ақан өмірінің трагедиялы сәтіне байланысты шыққан «Құлагерді» шырқауы ақынның жүрек



жарасын дөп басып, оның мұң-наласына шоқ тастағандай болады. Сондықтан өз әнін естіп қуанса, екінші жағынан мұңаяды. Өтіп кеткен жақсы күндері есіне түскендей болады. Сөйте тұра өнерпаз Ғазизге үлкен ілтипат білдіре сөйлейді. Оны мадақтап «жігіттің жауһар дүріне, жаннаттың гүліне» балайды.

Жігіттің дүрри жауһар дүрі екенсіз,  
Дүние жаннаттың гүлі екенсіз.  
Нағашы атаң дұрыс айтқан бәрімізге  
Әншінің барып тұрған сыры екенсіз.

Алдымен Ғазиздің азаматтығын лайықтап бағалап, бас қосулар, жиын-тойдың гүлі, «жігіттің дүри жауһар дүрі екенсіз» деп мұндай қасиет екінің біріне бұйыра бермейді. Сол себепті оған құрметпен қараған, өнеріне ден қойған. . .

Дем айдап Көкшетауға келіп қапсыз,  
Жақсымен танысуға жүр екенсіз.  
Елдегі ақын-әнші екеу болса,  
Дәл соның қатарында бірі екенсіз.

Бұл – Ақан секілді атақты өнер иесінің Ғазиз ақынға берген әділ бағасы. Қараөтелдік Ғазиз әншінің не үшін Көкшетауға келгенінен хабар табамыз. Өзінің әнін шырқап, Көкшетауға дәм тартып келіп қалған Ғазиз ақынға ерекше достық, сыйластық көңілін танытады.

Ақанның «Жүсіпке айтқаны» арнауында жоғарыдағы өлеңдей мадақ сөз жоқ. Алдымен дүние жалғанның өтпелілігін еске салады. «Байқасаң бәрімізден дүние қалар». Ендеше өмірге қонақ адамдардың бір-біріне деген ниеті дұрыс болуы қажет. Кейде біреулер білместік танытса, тәубесін ұмытып кететіндер де аз болмайды. Жүсіптің асындай теріс қылығын байқап қалған Ақан:

Білесің өсиетін ата-бабаң,  
Қараңдар кем-кетікке келсе шамаң.  
Тірлікте мен болдым деп өте кетпе,

Бәрінен адамзатқа осы жаман [3, 189-б. ], - дейді.

Ақылсыздық па, астамшылық па қайсысы болса да ақын әдеп-моральдық нормаларын бұзбауды еске салады. Алғаш көрген адамға аман-сәлем жасау парыз. Осындай халықтық қағиданы бұзу ниеті қара болмаса көкірегінде көзі жоқ, пендешілік болып табылады. Бұл атадан балаға ауысып келе жатқан жол-жосыққа да сыйымсыз. Сондықтан өз ұпайым түгел деп менменсіп асқақтаудан сақ болуды талап етеді. Ал, реті келсе кем-кетікке қарайласу, біреуді мұқтаждықтан құтқару – адамгершілік парыз, ізгілікке жол ашу. Адам жақсылықтан жаңылмауға міндетті.

Төрелер ширатады есіп мұртын,  
Алмайды еш тендікке елі-жұртын.  
Әдейі тойға келіп қарамайсың  
Томпиған неге керек сенің сыртың.

Адам қандай жағдайда да адамдық қалпын сақтауы керек. Тойға келген Жүсіптің екіжүзділік көрсетуі Ақанға ұнай қоймайды. Бүкіл халық қадір

тұтатын ақын оның бұл кейпін өткір сынмен әжуаға айналдырады. Мінін бетіне басады. Адам кісілік пен кішілік сияқты қасиеттерді жоғалтып алмауы тиіс. Өзгені сыйламау – өзіңді сыйламау деген сөз. Ақын «Томпиған неге керек сенің сыртың» деуі орынды айтылған сын. «Өзге адамның көкірегі тек өз сезімінің ғана ұясы болса, ақын жүрегі баршаның кеудесін кеулеген желқұздың өтінде тұрады, солардың дертінің тамыршысы, сертінің сарапшысы болады. Барлық жүректердің дүбірі мен дүрсіліне ол өз пернесінің дірілін қосады. Барлық адамдар қылығындағы жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық ақын жүрегінен жаңғырық табады. Соны текетірес күрес алаңына айналдырады. Онсыз ақын да тіршілік жоқ» [4, 245-б. ].

Ақанның «алмайтын еш тендікке елі-жұртын» сияқты Жүсіптің тым менмен, өзімшіл қылығына күйінетін себебі – осы. Шағын өлең арқылы-ақ Жүсіптің мінез қырлары ашылып қалады. Ақынның енді бір өлеңі «Баламаңдай» деп аталады.

Бастығы бес жігіттің Баламаңдай

Мен оны жібермеспін кегімді алмай, -

дегеніне қарағанда Баламаңдайдың бір ісінің ұнамай қалғаны анық. Ақын оған кектене сөйлеп, есе қайтаратындай сыңай танытады. Бұдан соң төре (әкім) мен молдаға қарата сөз сабақтап:

Төре де бай мен молда менің ісім,

Тиісті істемейді олар ісін.

Қиянатты артыққа шығармақпын,

Өмірім ұзын болса сол жұмысым [4, 190-б.

], - деген жолдар өткен күнге ғана емес, бүгінгі пенделерге де қаратылып айтылғандай көрінеді. Өздерінің лайықты істерін дұрыс атқармағандарға шүйіледі. Ақынның нысанаға алып отырған адамдарының кейбірі дәлдікті сақтамаған тәрізді не тура жолдан тайып кеткендері аңғарылады. Әрине, адам періште емес, пенде болған соң кейде ағаттық жіберіп алуын да жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан «қиянатты артыққа шығарамын».

Ақан алдына үлкен мақсат қойғандай сезіледі. Бұл оның бір күндік қана мәселесі емес, «өмірім ұзын болса сол жұмысым» деп қиянат атаулымен өмір бойы күресуді міндет етеді. Өлеңнің идеясы жекелеген адам бойындағы міндерді шенеп, кісілік қасиеттерді бұзбауды ұғындыру міндетім деп біледі. Ақынның «Нұртазаға», «Шалабай», «Бір болысқа» деген өлеңдері мансап иесі – болыстарды мінездеуге арналған. Мәселен, «Нұртазаға» арнауында былай дейді:

Сен неге қарамайсың, жаман болыс,

Кеше де болған жоқ па ағаң болыс.

Үлкенге сәлем тағзым қылмас па еді

Шомат пен кешегі өткен Шопан болыс,

Астыңа сүннет атын мінгізермін

Көкшеде басын қасса тамам болыс [3, 191-б. ].

Аман-сәлемі жоқ, үлкенді құрметтей білмейтін көр кеуде Нұртаза болыстың білімсіздігін тура бетіне айтады. Сенің алдында өткен Шомат пен

Шопан сынды болыстардың үлкенге сәлем – тағзымы болғанын есіне салады. Өмір – тіршілік заңын терең білетін Ақанның мансабына мастанған болысқа көңілі толмайды. Оның да ерсі қылығын тіке бетіне айтады. Елі сыйлап сері атандырған Ақанға болыстың менмендік көрсетуі кісілікке жат қылық болатын. Ақан адам бойындағы жақсы-жаман мінез-құлықты қарама-қарсы қоя отырып жаманнан жирендірсе, жақсыны ғибрат етеді. Сондықтан ол «астыңа сүннет атын мінгізермін» деп сес көрсете сөйлеуі қажеттіліктен айтылған еді. Осындай кейбір шен-шекпенділерді тәубасына түсірмесе, құдайым танымай кетуі мүмкін.

Ақынның «Шалабайға» арнауы бір-ақ шу-мақтан тұрады. Бірақ аз сөзге көп мағына сиғызады.

Шалабай, болыс болдың малды айдап,

Соғыстың досың менен алақайлап.

Жақсылық пен жамандық тең бола ма

Қаларсың ел қаламай жалғыз жайлап [3, 202-б. ], - деген арнаудан Шалабайдың қалай болыс болғанын аңғаруға болады. Бір жағынан, малын шашады. Екінші жағынан, басқалармен талас-тартысқа түседі. Шалабайдың болыстыққа қол жеткізу жолында қанша әуре-сарсаңға түскенін байқаймыз. Осы арада ұлы Абайдың төмендегі өлең жолдары ойға оралады.

Болыс болдым мінеки

Бар малымды шығындап [5, 62-б. ].

Бұл сөздер болыстың өз аузынан айтылады. қалай дегенмен үндестігі аңғарылады. Мал шашып, пара бермесе болыстық та жоқ. Ақын Шалабай болыстың бұл әрекетімен халыққа ұнай қоймайтынын ашық айтады. «Қаларсың ел қаламай жалғыз жайлап». Ақын болысқа сын көзбен қарайды. Жақсылық пен жамандықтың тең болмайтынын еске салады.

Ақанның «Бір болысқа» деген бір өлеңі бар. Онда ел билейтін адам қандай болуы керек дейтін мәселеге ой жүгіртеді.

Жақсы болсаң көпшіл бол,

Көпшіл болсаң дүние мол,

Дүниенің молдық есебі

Жақын қылар оң мен сол.

Оң мен сол жақын болады

Дұшпанның көңілі солады.

Алдымен көпшіл болу, қол астындағы бұқараны бөлмеу. Қара басының қамын күйіттемей, көптің көңілін табатындай әділ болуды ұсынады. Халық қамын ойласаң, көптен де қолдау табады. «Дұшпанның көңілі солады. Оң мен солың толады». Не

Болыс болдым деп мақтанба,

Ол да бір күн қалады.

Қаншама қайрат қылсаң да

Көп тілегі болады [3, 206-б. ], - деп түйеді.

Болыстықта мәңгілік емес. Ендеше мансапқа мақтанудың қажеті жоқ. Өйткені «болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық

пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ» [6, 158-б. ], - депті Абай. Малың шашып, жағынып-жағымпазданып қолы жеткен биліктің қандай құны болмақ. Осыны жақсы сезген Ақанның «болыс болдым деп мақтанба» деген сөзінің жаны бар. Ол болыстардың мінез сипатын ашады. Оларды сабасына түсіруді жөн көреді.

Ақанның арнау өлеңдері не бірыңғай мақтаудан, не бірыңғай дақтаудан тұрмайды. Кейде адамдардың жақсы мінез-қылығына сүйініп ризалық білдірсе, кейбіреулердің теріс кесір-кесел әрекет-қимылын ашуға арналған. Мұндай өлеңдер өткір сын, әжуа түрінде болып келеді. Арнау объектісі – әр түрлі адамдар типі. «Әйбергенге» деген арнау өлеңі бар-жоғы төрт-ақ тармақ. Соған қарамастан Әйбергеннің кейбір сәттерінен мәлімет алғандай боламыз.

Сіздің арғы атаңыз Жылтыр,

Қажыға барып келдің былтыр.

Арғы атанды ар жағынан тірілтсе,

Төрт аяғынан бірдей сылттыр.

Бұл өлеңнен Ақанның Әйбергенді көптен білетіндігін аңғарамыз. Өлеңде кекесін басым, өйткені ақынның көңілі толмайтын сыңай танытады. «Аязби әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деген ұлағатты сөзді ұқ дегендей емеурін білдіреді. Ақанның арнау өлеңдерінен түрлі адамдардың мінез-машығын байқауға болады. «Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды» [7, 35-б. ].

Ақан серінің «Сараң әйелдің еріне» деген өлеңінде әйел затының қонақ күте білмейтін сарандығы сыналады, бірақ арнау еріне қарата айтылған.

Қуарыңқы тартыпты сақал-мұрттың,

Жеңгейдің ұнатпадым ниет-құлқын.

Тұрмысың тұрпатыңның бәрі жақсы

Кім еді түсіндірші қайын-жұртың? [3, 207-б. ], - дейді.

Мұндай ниеті мен пиғылы төмен әйелді қайдан тапқансың дегендей ой танытады. «Кім еді түсіндірші қайын-жұртың?» деп сараң әйелдің шыққан тегіне назар аударады. Қонақты дұрыс қарсы алмау әдепсіздік, көргенсіздік саналады. Жоғарыдағы өлең жолдары пейілі тар сараң әйелге де, оның еріне де берілген мінездеме деуге болады. Себебі арыдан келе жатқан дәстүрлік әдепті бұзуға болмайды. Ақын ойын тағы жалғастырады:

Бұл жеңгейді жақсылап бағу керек,

Шырағын жұрттан асыра жағу керек.

Мейманға сарандығын қоймас болса,

Азуым алты қырыс қағу керек, - деп бекер қағытып отырған жоқ. Қонаққа сараңдық көрсету ата-баба салтына қайшы келеді. Мұны әрбір адам білуге тиіс. Қонақты дұрыс қабылдамау халықтың жақсы қасиетін сыйламау болып табыла-

ды. «Халқымыз ежелден-ақ көңіл қонақжай, меймандос ел болған. Меймандостық – бейбітшіліктің символы іспеттес. Көшпенді ата-бабаларымыз қашанда бейбітшілікті аңсаған. Өз бетімен ешкімге ұрынбаған» [8, 93-б. ]. Демек, қонақты жылы қарсы алып, риза етіп аттандырудың түбінде достық, ынтымақ бар екен. Ендеше ежелден келе жатқан әдепті бұзу үлкен кінә, және жетесіздік болып есептеледі. Сондықтан Ақан «мейманға сараңдығын қоймас болса, азуын алты қарыс қағу керек» деп үкім айтуы өте қажет екен. Басқаларға үлгі болып кетпеу үшін мұндай жөнсіз қылықты дәл кезінде тиып тастауды жөн санаған.

Ақынның «Сара мырзаға» атты арнауы да пейілі тар, қолы қатты адамға арналған. Есімін айтпаса да мырза деуіне қарағанда әл-ауқаты бар адам болуы керек.

Ақанды сыйлады ғой лақпенен,  
Мырзаның дәулеті тең бұлақпенен  
Егерде ықыласпен шын сыйласа

Басы неге келмейді құлақпенен [3, 196-б. ], -  
деуіне қарағанда Ақан осы мырзаның үйіне қонған. Бірақ өзіне берілген қонақасыға разы болмаған ақын әзіл-шынын араластыра шымбай-

ына батыра шенейді. Осы үйге қонғанына өкініш білдіреді. Ақан арнауларынан әртүрлі кейіптегі адам бейнелері ұшырасып отырады. Оның «Науан қазіретке» өлеңінде Науанның пендешілігін түйреп өтеді.

Жаман болса базарың,  
Неге салдың назарың. . .  
Мал алудың қамы ғой

Осы салған азаның [3, 199-б. ], -  
дейді. Заман бұзылып, адам пиғылы өзгерген тұста кейбір дін сөзін айтушылардың да ұятсыздығын мысқылдайды.

Ақан Қорамсаұлының арнау өлеңдері көбіне белгілі бір адамдарға қарата айтылған сын-сықақ түрінде болып келеді. Ақын өз дәуіріндегі қоғамдық ортаның қыр-сырына үңіліп, кейбір кереғар өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырып отырған. Адам бойындағы кем-кетікті бетіне айту үшін сын-сықақты күрес құралына айналдырған. Халық мүддесін қорғап, әділдікті жақтаған. Кейде жамандыққа жақындардың іс-әрекетін көптің көз алдына шығарады. Қандай жағдайда адам адамдық қалып-қасиетті сақтау керек деген тұжырымға келеді.

#### Әдебиеттер

1. Ахметов З. *Жанр әдебиеттану терминдер сөздігі*. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 448 б.
2. Қабдолов З. *Сөз өнері*. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 336 б.
3. Қорамсаұлы А. *Шығармалары*. – Алматы: Жазушы, 1963. – 440 б.
4. Ысмағұлов Ж. *Абай: ақындық тағылымы*. – Алматы: Ғылым, 1994. – 248 б.
5. Құнанбаев А. *Өлеңдер*. – Алматы: Жазушы, 1976. – 240 б.
6. Құнанбаев А. *Аудармалар мен қара сөздер*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 312 б.
7. *Әдебиеттану терминдер сөздігі*. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
8. Жарықбаев Қ. *Аталар сөзі – ақылдың көзі*. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 120 б.

#### REFERENCES

1. Ahmetov Z. *Janr adebiettanu terinder sozdigi*. – Almaty: Ana tili, 1998. – 448 b.
2. Kabdolov Z. *Soz oneri*. – Almaty: Kazakh universiteti, 1992. – 336 b.
3. Koramsaulu A. *Shigarmalar*. – Almaty: Zazushi, 1963. – 440 b.
4. Ismagulov Zh. *Abai: akindik tagilimi*. – Almaty: Gilim, 1994. – 248 b.
5. Kunanbaev A. *Olender*. – Almaty: Zazushi, 1976. – 240 b.
6. Kunanbaev A. *Audarmalar men kara sozder*. – Almaty: Gilim, 1997. – 312 b.
7. *Adebiettanu teriminder sozdigi*. – Almaty: Ana tili, 1996. – 240 b.
8. Zharikbaev K. *Atalar sozi – akildin kozi*. – Almaty: Kazakhstan, 1980. – 120 b.

**Мамыт Амангелды Алтыбайұлы**

Шымкент, ОҚМПИ қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф. ғ. к.  
87025966230, amangeldi\_65@bk.ru

**Мыңбаева Ақбілек Пазылханқызы**

Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторанты  
87022508462, mutlu\_8484@mail.ru

## ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САНАДАҒЫ МӘДЕНИ-ТІЛДІК БЕЙНЕЛЕР

***Түйін.** Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының дамуы ғаламның тілдік бейнесін жан-жақты зерттеуімен ерекшеленеді. Осы тұрғыда фольклорлық сана мен тілдің тұтастығын, әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық сипатын халық ауыз әдебиеті материалдары негізінде арнайы зерделеу өзекті мәселелердің бірі екені анық. Мақалада осы мәселелер қарастырылады*

***Резюме.** Развитие о науке современного казахского языкознания, отличается с исследованием всесторонней языковой картины мира. В этом плане очевидно что, одной из актуальных проблем – это изучения целостности фольклорного языка и сознания, языковой картины мира, национального характера на основе материалов устного народного творчества. И все эти сказанное рассматривается в статье.*

***Summary.** The development of the science of modern Kazakh linguistics differs from a comprehensive study of a language picture of the world. In this regard, it is obvious that one of the pressing problems - a study of the integrity of folklore language and consciousness, language picture of the world, national character on the basis of oral folklore. And all those considered in the above article.*

Адамзаттың алғашқы танымдық әрекеттерінің сырына үңіле келіп, А. Байтұрсынов: «Халықтардың басынан өткізген анайлық шағы – біздің балалық шағымыз мысалда» [1. 228] – дейді. «Күннің тұтылғаны қазаққа қанша қорқыныш кіргізіп, тасаттық бергізіп, қанша қой сойғызып әурелеуші еді. Бұл шақта күн тұтылуы от басындағы құманның отты көлеңкелегені сияқты ғана нәрсе болып шықты. Дауыл соғып бұрқырап, бір нәрсеге ашуланған сияқты болып, дүрілдеп, күрілдеп, көкті күркіретіп, тасырлатып, бұлттарды дүркіретіп айдап, найзағайды жарқылдатып, әуені тітіретіп, дірілдетіп, жапырып жоқ қылатындай дауылдар, жауындар болды. . . Күн күркіреуін періште даусына жору сияқты, найзағай ойнауын шайтанды атқанға ұйғару сияқты, табиғат ісін танымай басқаға ұйғару, басқаға тану бұрын көп болған. . . » [1. 229], - деп ұлттық дүниетанымның талай сатылардан өткенін пайымдайды. Ғалым бір этностың когнитивтік әлемін барша елдердің тұрмыс-тіршілігіне байланыстыра келе, адам танымын тілдік мәселелерді шешуге арқау етті. «Сөйлеу жүйесінің максаты анайы тілдегі асыл сөздердің түрлерімен таныстырып, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету» [1. 232] екенін ескерте келіп, көркем әдебиет туындыларын таным мен сөйлеу жүйелерін байланыстырушы деп көрсетті. Осы орайда ауыз әдебиеті үлгілерін этнотаным ретінде ұсынып, тілтанымның халықтық көздері екенін айқындап берді. Фольклорлық шығармаларды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты екіге бөлді: 1) сауықтама, 2) сарындама. Сарындама сөздерді іштей: 1)салт сөзі, 2) ғұрып сөзі, 3) қалып сөзі деп жіктейді [1. 232].

Халықтық танымның өзегі - фольклорлық мұралар. Бұл ретте Қ. Жұбанов: «Ежелгі дәуір

адамдары әр заттың, нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағаларды құдай, періште, пайғамбар, әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері деп сенген. Алғашқы қоғамдағы адам бұларды нақты өмір сүретін нәрселер деп білген. . . Төрт түліктің пірі, қолдаушысы ретінде сиыр атасын – Ойсылқара, түйе атасы – Зеңгі баба, жылқы иесі – Қамбар ата, қой малының иесі – Шопан ата, ешкінің пірі – Шек-шек ата деп атау сол кезден қалған» [2. 94], - деп халық санасында орныққан танымдық элементтерді сөз етіп, олардың тілдегі көрінісін этникалық қалыптасудың нақты белгісі екендігін атап өтті.

Халықтың дәстүрлі дүниетанымын фольклорлық мұраларды жан-жақты зерттеу арқылы ғана зерделеуге болатыны анық. Мұны орыстың танымал ғалымы Б. Н. Путилов өткен ғасырдың жетпісінші жылдары анықтап, оған «фольклорлық сана» («фольклорное сознание») деп айдар таққан. Бұл туралы ғалым: «Фольклорлық сана жоғары дәрежедегі көркемдік дәстүрге ие, ол шындықты танудың ежелгі формалары болып табылатын, тегі жағынан көне дәуірге тамыр тартатын көркемдік гносологиялық заңдылықтарға негізделген», - деп ары қарай, - «әлемді көркемдік танудың дәстүрлілігі және онда стереотиптер жиынтығының мол болуы, қарым-қатынастарды, жағдаяттарды, адамның мінез-құлқын сипаттауда формулалық тәсілдерге жүгінуі, белгілі эстетикалық әдептерден, қалыптар мен ұстанымдардан аса алмаушылық, белгілі дәрежедегі тұйықтық –осының барлығы тек қана фольклорлық поэтиканың ғана емес, фольклорлық сананың да шынайы сипаттары болып табылады» [3. 183], - деп ой түйеді. Қазақтың ғұрыптық фольклорын зерттеген ғалым К. Исламжанұлы



да осы мәселе жайында былайша тұжырым жасайды: «Фольклорлық санаға тән негізгі сипаттар тұрақтылық, белгілі дәрежедегі тұйықтық, белгілі бір таптаурын қалыптан ұзақ уақытқа ауытқымаушылық, соның нәтижесінде пайда болған формулаларды көп өзгеріссіз қайталаушылық деуге болады. Бұл сипаттар тек фольклорға ғана емес, онымен жан-жақты байланысып жатқан халықтық мәдениеттің барлық саласына, соның ішінде ғұрып пен рәсімге де қатысты» [4. 230].

Тілдің барлық рухани эволюциясының бастауы – миф. А. Потебня тіл дамуын: «Миф – поэзия – проза» [5. 7] сатысында зерделейді. Фольклордың ең көне жанры миф, ол адамзаттың алғашқы қауым болып өмір сүрген шағында пайда болып, қалыптасты. Уақыт өте келе миф өзінің қасиеті мен құпиялық сипатын жоғалтып, әу баста наным-сенім негізінде қалыпқа түскен сөз саптау үлгілері санада тұрақтап қалады. Мысалы: «Қайда барсаң Қорқыттың көрі». Бұл аңыз бойынша былай баяндалады:

«Қорқыт өзінің желмаясына мініп, ел кезіп жүреді. Қайда барса да, алдынан екі адам кезігіп, көр қазып жатады. Қорқыт оларға: «Бұл кімнің көрі» деп сауал қойса, олар: «Қорқыттың көрі» деп жауап қатады. Ақыры ол суда ажал жоқ деп, Сырдарияға кілем төсеп, қалған ғұмырын су үстінде өткізбек болады. Бірде Қорқыт қалғып кеткенде, оны жылан шағып өлтіріпті. [6. 88]

«Қорқыт» атауының этимологиясы туралы ғалым Ш. Ыбыраев: «Қорқыт» сөзінің түп-төркіні «көр» және «құт» деген екі сөзден тұрады. Осы орайда «көр» сөзінің ғор, гөр, гур сияқты фонетикалық нұсқалары болғандай, «құт» сөзінің де ғуд, ғұт, хұт дейтін варианттары кездесе береді. Қорқыт есімінің алғашқы сыңары көр (ғор, гөр) сөзінің мағынасы о дүниелік ұғыммен жапсарлас, екі дүниенің ортасындағы жалғыз заттық айғақ көрмен байланысты болуы әбден ықтимал» [7. 595. ], -деп жазады. Демек, аталған сөз тіркесінің сана түкпіріндегі астарлы мәні тым тереңде жатыр.

«Бақыт құсы кону». Бақытты болу мағынасын беретін бұл тұрақты тіркестің уәжін ертегі сюжеттерінен кездестіреміз: «Біздің патшамыз қайтыс болар алдында жұртын жиып былай деп өсиет айтты: Мен өлген соң сендер патшалыққа қаласындар, менің арнайы бағып келе жатқан «бақыт құс» деген құсым бар. Мені жерлегеннен кейін үшінші күні маған бағынышты халық түгел жиналсын, содан соң осы бақыт құсымды аспанға ұшырып жіберіңдер. Бақыт құсым кімнің басына келіп қонса, сол менің орныма патша болсын» [8. 39. ]

«Ел ханның орнына хан сайламақ болады. Бұл елдің заңы бойынша «бақыт құс» деген болады екен. Сол құсты үш күндік жерден ұшырып, құс кімнің үйінің төбесіне қонса, сол кісі хан болады» [9. 110. ]

Қазақ халық прозасын зерттеген фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов бұл туралы: «Көп

жағдайда қаһарман дарияның жағасында өсіп тұрған жалғыз бәйтерекке тап болады. Ол ағаштың басындағы алып Қарақұстың, яки Самұрықтың ұяда жатқан балапандарын айдаһардың аузынан құтқарады. Сол үшін қаһарманды Самұрық жат сырлы дүниеге жеткізіп салады («Адам білмес тас», «Сиқырлы құс», «Үш қыз» т. б. ). Қаһарманның Самұрық құстың көмегімен жеткен жері малға толы жайлау, көкөрай шалғынды аңғар не үлкен қала болып келеді» [9. 203. ], - деп жазады. «Бақыт құс» бейнесі «Ер Төстік» ертегісінде де суреттелген. Халық жер асты әлемін жылан, айдаһар арқылы бейнелесе, ал аспан әлемін құс арқылы елестетеді. Көкке көтерілу, биіктікті бағындыру қанатты құс арқылы жүзеге асады деген ұғымның фольклордағы көрінісі ертегі-аңыздардан анық аңғарылады. Сондықтан да құс киелі саналады. Халқымыз қасиет тұтқан жеті қазының бірі. Осы фольклорлық түсінік тіліміздегі «басына бақыт құсы қонды» деген тұрақты тіркесті қалыптастыруға негіз болды.

Ертегілер ерте дәуір адамдарының өзіндік дүниетаным түсінігі ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының этногенезін айқындайтын рулар мен тайпалар, ежелгі ата-бабалар өмірінің қилы-қилы кездерінен көрініс береді. Алғашқы қауымдық құрылыс жұрнақтарын, бағзы заман белгілерін сақтап келеді. Мифтер мен ертегі-аңыздарда әдетте көшпелілердің өмірі, тұрмыс ерекшелігі бейнеленеді. Көшпелілер өзін ешқашан жаратылыстан бөле жарып қараған емес. Әлем бейнесі, дүние болмысы туралы олардың бар ұғым-түсінігін жеткізетін – ертегілер.

Қазақ халық прозасында әлем, ғарыш шеңберінде адам орны ылғи өзгеріп, құбылып отырады. Дүниені түсіндірудің байырғы жануарлық сатысы, хайуандарға табыну бірте-бірте шектеліп, ақыры рухани адам болмысы жеткенші мәнге ие болады. Жаратылыстың бәрін адамиландыру – антропоморфистік даму арнасы табиғатпен күресте асқақ бейнелердің тууына кең жол ашып береді. Ол – қорғансыздарды бақытқа кенелтетін жеңімпаз келбеті («Қамбақ шал», «Аяз би», «Ер Төстік» т. б. ).

Ата-бабаларымыз дүние құбылысын игеріп, түр-келбетін санада сақтауға тырысты. Оны кейінгі ұрпаққа аманаттау міндет болды. Бұл тұрғыда, қазақ фольклорының алтын қазынасы эпостық жырлардың орны бөлек. Жер бетіндегі баянды бақыт үшін адам баласының серт еткен бітпес күресі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берген. Тіршілік тынысының түрлі кезеңдеріне орай, табиғатты суреттеуде де соны көркемдік ізденістерге жол ашылып, жалпы ғалам бейнесінің ұлттық моделі қалыптасады.

Соңғы кездері тіл мамандары «сендіру» сөзінің орнына суггестия терминін қолданып жүр. Суггестизм - (латын тілінде suggestio – сендіру, иландыру) 1. поэзияда жеке тақырыптағы ритми-

калық дыбыстардың образды бірлігі арқылы оқырманның қиялына, эмоциясына, санасына әсер ету; 2. иландыру [10. 1279]. Суггестиялық амалдар арқылы адамзат ойына, көңіл-күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, терең әсер етуге болады. Сендіруде эмоцияның күшімен эмоцияналды қиял, психологиялық нұсқау қатысады. Қиял мен күшті эмоцияның бірігуі – сендірудің іске асырушы тетігі [11. 28].

Сендіру – биопсихологиялық құбылыс. Ол ми қызметіне қатысты – биологиялық, формасына қарай – психологиялық, мазмұнына қарай – әлеуметтік.

Адамдар қысылтаяң жағдайларда көмекті қиялдағы елестерден, «күдіретті күштен» күтеді. Діни нанымдарға, тылсым күшке қатты сенеді, олардың қаһарынан қорқады. Сондықтан, әрбір сөз бен қимыл-әрекет арқылы адам өмірін, тіршілігін, күн-көрісін қиындатуға немесе жақсартуға болады деп сенеді. Сол дүлей күшпен байланысу үшін, оны сөйлеу тілімен, ым-ишарамен, іс-әрекетпен вербалды және бейвербалды қарым-қатынастар жасайды.

Талма ауруына (эплевсия) ұшырағандарды қазақ «қояншық» дейді. Оның сыры көне сенімдеріге байланысты. Көптеген халықтардың ескі нанымдарында қоян аса қатерлі хайуандардың қатарына жатады [12. 13]. Оның қатерлілігі күшінде емес, жын-шайтандармен байланыстылығында жатыр. Шамасы мұндай түсінік қоянның өте жылдам қозғалысын жын-шайтанның көзге көрінбейтініне ұқсатудан шықса керек. Қоянды жын-шайтанмен байланыстыру қазақ фольклорындағы бақсылардың қояншық ауруын емдеуінен анық байқалады. Нақты мысал келтірейік:

«Ауланған қоянды бақсы науқасқа береді. Ол қоянды қапсыра құшақтап отырады. Оған ескі көйлектің әр түсті қиымдары байланады. Сөйтіп қуыршақ даяр болады. Бақсы өзінің алдына қанжар немесе пышақ шаншып қойып, қобызда ойнайды, жындарын шақырады. Арасында сырқаттың бетіне және құлағына үш қайтара үшкіреді, құшақтай қысып тұрып, алақанымен арқасынан қағады. Сосын науқастың алақанымен алақандарын қағыстырады. Жердегі қанжарды немесе пышақты суырып алып, оның көзіне әлде ішіне тығып алардай болып, әрі-бері сілтейді. Таң шапағы көрінген кезде бақсы қуыршақ пен аттың бас сүйегін алып үйден шығады. Қоянды құшақтаған қалпы науқас оның соңынан ереді. Олар ауылдың сыртындағы жолға шығады, сол кезде бақсы аттың бас сүйегіне науқасты отырғызып, қуыршақты оның төбесінен үш рет айналдырып қолына береді. Бұдан соң «көш, көш» деп алақанымен науқастың арқасынан үш рет қағады. Науқас: «Тьфу, бәле кет» деп, қоянды қоя береді. Қоян қаша жөнеледі. Науқас та етегін сілкіп тастап, артына бұрылмасатн ауылға қарай зытады. Бақсы ауылға асықпай жетеді. Қуыршақ пен бас сүйек сол жерде қалады» [13. 108].

Келтірілген мысалдан «қояншық» сөзінің магиялық астары айқын көрінеді. Қоян-шық: оның әу бастағы мағынасы қоянды қолдан шығару, босатумен байланысты болса, екіншіден, қоянға ұқсаған зиянкесті тәннен ажыратуды, яғни шығаруды білдіреді.

Магиялық құбылысқа сену әйел затына ежелден тән және осы күнге дейін сақталған қасиет. Сондықтан олар күдіретті күштің орындалатынына күмән келтірмей, оны вербалды түрде, қарғыс сөздермен жеткізіп отырады. Мысалы:

- Албасты! Шық деймін үйден, албасты! Шығар деймін мына бәленді! – деген ызғарлы үні қабырғаны тесіп жіберердей болды. (К. Ахметбеков)

«Құдай тозақтың жетінші қабатында Нимлис атты қасқырды, Хыблис атты жолбарысты жаратқан екен. Олар қосылып, ерлі-зайыпты болады. Алғашқы туған ұлдың атын Іблис, қыздың атын Жын қояды. Екінші туған ұлы – Дио, қыз – Аджина, үшінші ұл – Шайтан, қыз – Албасты аталады.

Албасты ескі қоныстың қираған орнын мекендеп, жаңғақ ағашының астында шашын тарап отырады» [13. 96].

Тағы бір аңыз бойынша адам жүрген жердің бәрінде албасты болады. Олар адамға ұйықтап жатқан кезде зиянкестік жасайды: кеудеге мініп алып тұншықтырады, қанын сорады. Бірақ албасты адамды өлтіруге дейін бармайды, тек жанын қинайды [9. 109]. Негізінен, Ш. Уәлиханов атап өткендей, албасты толғантқан әйелге қастандық жасайтын зиянкес болып келеді. Ол әйелдің кеудесіне мініп алып қылқындырады, сондықтан босанғалы жатқан әйелдің тілі күрмеліп, ақылынан адасып қалады. Осы сәтті пайдаланып, ол әйелдің өкпесін ұрлап алуға тырысады немесе баланың жолдасын тоқтатып қоюы мүмкін. Екі жағдайда да әйел өледі [14. 115].

Келтірілген мысалдардың вербалдануы нәтижесінде қазақ әйелдерінің қарғысы «Албасты басқыр» сөз тіркесі қолданысқа енген.

Әлемнің тілдік бейнесі дүние суретінің басқа бейвербалды формадағы түрлерімен салыстырғанда, оның маңызды құрамдас бөлігін құрайды [15. 27]. Шындық болмыс ойлау арқылы жүзеге асады, тіл оны бейнелеу құралдарының бірі. Адам қоршаған ортадағы беймәлім құбылыстар мен заттарды өзіне таныс дүниелер арқылы бағалап, танып біледі. Ал, оның ұзақ ғасырлар бойы жинақталуы фольклорлық сананы қалыптастырды. Осы орайда фольклортанушы ғалым Е. Тұрсыновтың: «Фольклордың халық өмірімен, күнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сезімімен, дүниеге көзқарасымен біте қайнасқандығы соншама, оны халықтың бүкіл тұрмыс тіршілігінен, тарихы мен сана-сезімінен тұтастай қалпында ажыратып алу былай тұрсын,

иненің ұшымен шұқылап отырып, босатып алу бос әурешілік» [16. 132], - деген тұжырымында ғылыми негіз бар. Әрине, бұл мәселе тілдік тұрғыдан тереңдеп зерттеуді қажет ететіні даусыз.

Тіл білімінің этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттаным, паралингвистика, прагмалингвистика тәрізді жаңа бағыттары тілді жан-жақты, яғни тіршілік иесі адам факторы айналасында ғылыми тұрғыда зерттеуге мүмкіндік ашты. Қазақ тіл білімі де антропологиялық жаңа бағыттағы зерттеулермен толығу, даму үстінде. «Ғаламның тілдік бейнесі» теориясы да өз кезегінде тілдік зерттеулерге негіз болып, тілдің дамуына өз үлесін қосуда. Жер бетіндегі әрбір ұлт ұғымында әлем әр түрлі көрініс табады. Бұл, әсіресе, тілде айқын байқалады. Яғни тілдегі әлем бейнесі адамның әлемді тануының негізі. Бұған Б. Ворф пен Э. Сепирдің пікірлерін ескерсек, әрбір ұлт осы ғаламды өзінше танып, өзінше пайымдайды, өзінің санасында ұлттық танымына қарай бейнелейді. Демек, тіл біздің ата-бабаларымыздың "ғалам бейнесін" қалпына келтіруімізге мүмкіндік жасайды, тіл

арқылы біз ата-бабаларымыздың "ғалам бейнесін" көз алдымызға алып келеміз.

Тілдегі ғалам бейнесі, біріншіден, адамның әлемге көзқарасымен сипатталатын болса, екіншіден, әрбір жеке тілдегі әлем моделіне қоғамдағы ұлттық әлем бейнесіне ұласады. Бұл жеке тілдің өзінше сипатқа ие болуына ықпал етеді. Себебі әр тілдің өзіне ғана тән концептуалдық әдістері бар. Яғни әрбір жеке тіл ғаламды өзінше таниды, әрбір концептуальды тілдің негізінде ғалам бейнесі көрінеді. Ал осы концепт ұғымы - "когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағытта концепт сөзге сәйкес келсе, логикалық бағытта ұғыммен сәйкес келеді. Демек, әлемнің пәк бейнесі (наивная картина мира) когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады" [17;17].

Ғаламның тілдік бейнесі санамен тікелей байланысты. Ал, фольклорлық сана жекелеген ұлтқа ғана тән екені белгілі. Оның ішкі мазмұнын тіл арқылы ғана танып білеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1999.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
3. Путилов Б. Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Москва, 1976.
4. Исламжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. Алматы, 2007.
5. Потебня А. Слова и миф. Москва, 1983.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1991.
7. Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм. // Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. Алматы, 1999.
8. Қазақ ертегілері. 3-том. Алматы, 1986.
9. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. Алматы, 1984.
10. Советский энциклопедический словарь. Москва, 1979.
11. Линицкий М. Л. Внушение, знание, вера. Украина, 1988.
12. Абдулла Б. Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. Баку, 1990.
13. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Алматы, 1993.
14. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, 1961, т. 1.
15. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2004.
16. Турсунов Е. Истоки тюркского фольклора. Алматы, 2001.
17. Қайырбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. –Алматы, 1997. -29б.

Мухамеджанова Сания

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Филология: түркі тілдері» 2-курс магистранты  
Астана, +7 7019159144, sakonya\_93@mail.ru

## ҒҰНДАР – ТҮРКІ ТЕКТЕС ЕЛДІҢ ТҮП АТАСЫ

*Түйін.* Бұл мақала ғұн тайпаларының атауы, бірлестігі, тарихы жайында.

*Резюме.* Данная статья представляет собой гуннскую ассоциацию и историю гуннских племен.

*Summary.* This article presents a history of Hun association and Hun tribes.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышын түгел билеп, әлемді аузына қаратқан түркі тектес елдің түп атасы – ғұндар, кейін көптеген ұлттардың құрамына еніп, мемлекеттерінің өсіп – өркендеуіне негіз болғаны тарихқа белгілі. “Атқа мініп садақ тартқан, қуыс үйді паналаған жұмыр басты жандар түгелімен ғұндарға бас иіп, тізе бүгуге тиісті” деп түсінген ғұн патшалары жаугершілікпен әлемді оңды-солды шарлаған. Айдынды көлдер, айбынды таулар, шалқыған дариялар мен сарқыраған өзендер – ғұндардың ат тұяғы жеткен жердің бәрінде аталып, біразы біздің заманымызға дейін келіп жеткен.

Ғұндар Қытай тарихына б. з. б. VIII ғасырда белгілі болды. Олардың ежелгі тектерін Шан-жун, Гой-фан, Хан-юнь деген жасанды аттарымен өздерінше атады. Ақырында келіп “хун” деген ат тағып, тарихқа солай деп сіңірді. Қытай тарихшылары ғұндарды әрдайым кемітіп “хун” деген, оның мағынасы “зұлым иесі” деген сөз [1, 13].

Қытай жылнамашысы Сыма Цян Орта Азиядағы көп көшпенділерді “ху” деп атаған. Кейін оларды дунху – жабайы басқыншылар деп ат қойған. Сондықтан қытай жазбаларындағы ру-тайпа аттарынан үнемі дыбыстық ұқсастықүздеу нәтиже бермейтінін ескеруіміз қажет. Хунну, дунну, сюнну, дулу, у-сунь, - бәрі туысқан бір тілдес халықтар деуіне қарағанда, осылардың бәрі Өрғұн, Арғұн деген сияқты ғұндар аттары болуға тиіс [2, 81].

Еуропа, парсы, араб, армян жазбаларында ғұн аты сақталған. Ескі қытай деректерін алсақ, көбіне жер-су, ел аттары қытайдың өз ұғымында беріледі, дәлме-дәл аттары ілуде ғана кездесіп отырады. Хүн деген ат тек қана қытай тарихында жіне содан алған зерттеушілерде аталып отырады. Ғұн аты өзінің ұрпақтарында, жер-су аттарында да өз атауымен сақталған. Мәдениеті ерте жетілген Қытай елінің жылнамашылары сол заманның көптеген оқиғаларын жазып кеткені ақиқат. Бірақ біз соның кілтін таба алмай, дұрыс оқи алмай жүргенге ұқсаймыз [2, 81].

Осы ғұндардың негізгі белгісі – өзінің атына сай және географиялық орны күншығысты мегзейтін күн таңбасы – дөңгелек кун суреті. Батысқа үдере көшкен ғұндар осы таңбаны өздерімен бірге ала жүріп, сол елдерге таңбалары арқылы да танылған. Ыдырай көшіп жүрге ғұндардың екі

тайпасы біріксе – екі көз, үшеуінің басы қосылса – үш көз, төртеуі біріксе, төрт көз суретін салған тауларын желбіретіп, көрші елдерге ел бірлігін айбар қылып көрсетіп, бірліктерін осылай бекітіп отырған [2, 82].

Ғұндар, хұндар - ежелгі дәуірдегі тайпалар одағы, түркі халықтарының арғы тегі. Біздің заманымызға дейін 1-мыңжылдықта қалыптасқан. Бастапқы кезде солтүстік Қытайда, Моңғолияда, Байкал өңірінде қоныстанған. Ежелгі Қытай жылнамаларында Ғұндар гуй фан, гун руң, хун ю, шиан ю, шиұң ну секілді, т. б. атаулармен берілген. Біздің заманымызға дейін III ғасырдың соңына қарай Ғұндар бірігіп әскер түзеп, өздерінің мемлекетін құрды. Ғұндар 24 руға бөлінген. Әр руды бектер билеген. Әрбір рудың көшіп жүретін өз жері болды. Жоғары билеушісі "Тәңірқұт" лауазымын иемденген. Қытай деректерінде Ғұндардың жоғары билеушісі "шаньюй" деп аталады. Ғұндардың өмірінде көшпелі мал шаруашылығы басты рөл атқарады. Жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік меңгерген. Ғұндардың ішінде отырықшы тұрмыс кешіп, егіншілікпен шұғылданғандары болған. Ғұндар дөңді дақылдың ішінде тарыны көп өсірген. Қолөнері мен бейнелеу өнері жоғары деңгейде болған. Зергерлік өнердегі полихром стилін дүниеге әкелген. Ат үсті ойындарының негізін салған. Көк тәңіріне табынып, ата-баба рухына сиынған. Өздерінің дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастырған. Онда, негізінен, мыналар көзделген:

1. Ұрлық жасап, кінәлі болғанның жері алынады;

2. Шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күндері етіледі;

3. Ұрыс алаңында қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады.

4. Өз арасында қылмыс жасап айыпты болғандардың бетін тілген. Тілінген беттің тыртығы бұрынғы қылмысын білдіріп тұратындықтан, ондай адамдардың қайта қылмыс жасауға батылы бара бермеген. Себебі, келесі жазаланғанда өлім жазасына кесілетін. Ғұндар соғыс тұтқындарын



күл қылып, оларды үй қызметшілері, бақташылар, қолөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланған. Ер азаматтарының барлығы дерлік қатардағы жауынгер саналған. Ғұндар әскерінің негізі атты әскерден тұрды. Салт атты жауынгерінің қару-жарағы — садақ, семсер, қанжар, найза, бұғалық, ұры құрық. Ғұндардың жауынгерлік күдіретінен сескенген қытайлықтар ұлы Қытай қорғанын салдырған [3, 59].

Ғұндардың күшті мемлекет болып отыруы қытайлықтарға ұнамады. Олар ғұндарды әлсіретудің жолын іздеді. Біздің заманымызға дейін 209 жылдан Ғұндарды Мөде басқарды. Мөде билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, күйрете соққы берді. Кескілескен күресте әскери-саяси қуаты басым Хань әулетін ғұндардың Ордостағы көшіп жүретін жерлерінен дәмеленуден бас тартуға мәжбүр етті. Хань императоры Гаоцзу Мөденің алдында бас иіп, онымен "тыныштық және туыстық туралы шартқа" қол қоюға мәжбүр болды. Бұл шарт бойынша ол Мөдеге өзінің ханшасын әйелдікке беруге және жыл сайын "сыйлық" ретінде салық төлеп тұруға міндеттенді, кейін ол салықты үнемі төлеп тұрды. Шығыста Мөде "шығыс ху" тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сяньби және ухуань тайпалары кіретін еді. Батыста юечжи тайпаларына жорықтар жасады.

Бұл кезде қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ Ғұндардың қол астына түсті. Біздің заманымызға дейін 201 жылы жорықта ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырды. Біздің заманымызға дейін 177 жылға қарай Тынық мұхиттан Каспий тауының жағалауына дейінгі жерлерді өздеріне қаратты. Осылайша ғұндар мемлекеті құрамына дунху, юечжи, гянгунь (қырғыз), үйсін, қаңлы, т. б. тайпалары кірді. Біздің заманымызға дейін I ғасырдың орта шеніне қарай империяға айналған ғұндар мемлекеті толассыз қанды соғыстан, ұшыға түскен тақ таласынан, бір орталыққа бағынғысы келмеген күштердің әсерінен әлсірей бастады. Нәтижесінде біздің заманымызға дейін 56 жылы Ғ. Хухань бастаған оңтүстік

және Чжичжи (Шөже) басшылық еткен солтүстік топтарға бөлінді. Оңтүстік Ордос өңірін мекендеп қалды да, солтүстік ғұндар өз тайпаластарының қысымымен Саян және Байкал өңіріне ығысты. Біздің заманымызға дейін 49 жылы Чжичжи Хань империясының боданына айналған оңтүстік ғұндардың жерін басып алуға, сол арқылы бірлікті қайта орнатуға әрекет жасады. Бірақ оның бұл әрекетінен нәтиже шықпады. Солтүстік ғұндарды қытайлардың сяньби және динлин тайпаларының бірлескен одағы талқандады. Жеңіліске ұшыраған солтүстік ғұндардың бір бөлігі V ғасырда Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияда өз мемлекетін құрып, Ауғанстан мен Иранды, Үндістанның біраз бөлігін жаулап алды [4, 158].

Хань империясының бодандығындағы оңтүстік ғұндар 304 жылы көтеріліс нәтижесінде Лю-хан атты өз мемлекетін құруға мүмкіндік алды. 318 жылы Лю-хан мемлекеті Үлкен Чжао және Кіші Чжао болып екіге бөлінді. 329 жылы Кіші Чжао Үлкен Чжаоны және солтүстік Қытайды бағындырды. 350 жылы шыққан тегі қытай болып келетін Кіші Чжаоның қолбасшысы Жан Мин мемлекет билігін тартып алып, Кіші Чжаодағы ғұндардың көп бөлігін қырып тастады. Бұл көп ұзамай Кіші Чжаоның құлауына алып келді. Оңтүстік ғұндар IV ғасырдың соңына қарай қайта күшейе түсті. V ғасырдың бас кезінде олардың әйгілі қолбасшысы Баба Ся патшалығын, ал Мэн Сун көсем Бэй Лян патшалығын құрды. Ордос пен Нанынан (қазіргі ҚХР-дің Ганьсу провинциясы) өңірінде құрылған осы екі мемлекет 439 жылы тобғаштардың (тоба) шабуылы нәтижесінде қирады. Солтүстік ғұндардың Еділ-Жайықтағы үлкен бөлігі IV ғасырдың 2-жартысында Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі өлкені бағындырды. Сарматтарды тізе бүктірген соң аландарды талқандады. 375 жылы остгот, герул, генид, сақ тайпаларын бағындырып, Қап тауына жорық жасады. Ғұндардың Батысқа жорығы "халықтардың ұлы қоныс аударуына" түрткі болды. Ғұндар Еуропада өз империясын құрды [4, 210].

Міне, осының бәрі, сайып келгенде, көне жазба дерек көздерінде кездесетін деректердің бәріне сол кездің тарихи оқиғаларын басқа мәліметтермен салыстыра зерттеудің қажеттігін көрсетсе керек.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Құрбанғали Халид. Таурих хамса. – Алматы, 1992. – 284 б.
2. Қуанғанов Ш. Т. Ғұн немесе Арғұн тарихы туралы. – Алматы: Білім, 1997. – 146 б.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 446 б.
4. Жетісу энциклопедия. – Алматы: Арыс баспасы, 2004. – 712 б.

**Омарова Бану Аманбаевна**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.  
+7 702 249 06 73, e-mail: o.banu71@mail.ru

### ҚАРА СӨЗДЕР ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЕСІМДІКТЕРДІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйін.** Мақалада Абайдың қара сөздеріндегі белгісіздік есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктері туралы сөз болады. Абай прозасының тілі оның поэтикасы сияқты көптеген зерттеулерге объекті бола алады. Абай тілінде ерекше қолданысқа ие болған сөздердің бірі есімдіктер болып табылады. Қара сөздердің құрамдас бөлігін құрайтын сол есімдіктердің бір түрі – белгісіздік есімдіктері екендігі айтылады. Белгісіздік есімдіктерінің грамматикалық амал-тәсілдері мен стильдік қызметі біршама талданады.

Абайдың қара сөздеріндегі белгісіздік есімдіктері, негізінен, стильдік мақсатты көздейтіні сөз етіледі. Тіліміздегі бір, біреу, әрбір есімдіктерінің қара сөздерді баяндау желісіндегі маңызды орны айқындалады.

**Резюме.** В статье рассматриваются особенности применения неопределенных местоимений в словах назидания Абая. Язык прозы Абая как и поэтика Абая может быть объектом для многих исследовательских работ. В языке Абая особое место занимают местоимения. В статье говорится о том, что неопределенные местоимения являются составной частью лексики слов назидания. Автор анализирует грамматические приемы и стилистическую функцию неопределенных местоимений.

Неопределенные местоимения в словах назидания Абая, в основном, рассматриваются как стилистическая норма. Обращается внимание на то, что такие неопределенные местоимения в казахском языке как бір, біреу, әрбір имеют особую стилистическую и эмоциональную окраску.

**Summary.** The article features of application system is considered indefinite pronouns in the words of edification of Abay. The language of prose and poetics as Abay may be subject to many research papers. In the language of Abai occupy a special place pronouns. The article says that the indefinite pronouns are part of the vocabulary words of edification. The author analyzes the grammatical techniques and stylistic function of indefinite pronouns.

*Indefinite pronouns in the words of edification Abay generally regarded as a stylistic norm. Attention is drawn to the fact that such indefinite pronouns in Kazakh language as bir, bireu, arbir stylistic have a special and emotional.*

Абай прозасында есімдіктер ерекше қолданысқа ие болған сөз таптарының бірі болып табылады. Бұл ерекшелік есімдіктердің лексика-семантикалық мағынасымен тікелей байланысты. Есімдіктерді дербес сөз табы деп тануға негіз болатын басты қағидағардың бірі ретінде ол мағына Абай тіліне талдау жасауда, оның грамматикалық және стилистикалық құрылымын айқындауда басты рөл атқарады. Мағынасы тым жалпы сөздер ретінде есімдіктер қара сөздер тілінен ерекше орын алған. Әсіресе жіктеу, сілтеу және сұрау есімдіктері жиі қолданылатын сөздер қатарында. Р. Сыздық Абай прозасының синтаксистік құрылысын зерттей келе, ондағы сұрау есімдіктерінің қызметін ерекше атап өтеді [3, 301]. Мағжанның ойлау стилін арнайы зерттеген Д. Әлкебаева «Мағжан поэзиясында жалпы халықтық тіл аясында есімдіктердің ішінде қолданылуы мән-мағынасының кендігі жағынан айрықша бөлектенетіндері – жіктеу есімдіктері» екендігін тілге тиек етеді [1, 106].

Негізі, көркем әдебиет тілін зерттеу барысында жоғарыда аталған есімдік түрлері басты назарда болады да, қалған есімдіктер елеусіз қалып жатады. Басқа есімдіктер сияқты аса жиі қолданылмаса да, қандай да бір ақын-жазушының тілінде ерекше стильдік мәнерге ие болатын есімдік түрлері бар. Солардың қатарында белгісіздік және болымсыздық есімдіктерін атаған жөн.

Біздіңше, Абай тілінде жоғарыда аталған есімдіктермен қатар белгісіздік және болымсыз-

дық есімдіктері де өзіндік стильдік бояуымен көзге түседі. Олай болса, Абай прозасындағы белгісіздік есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктерін қарастырып көрелік.

«Белгісіздік есімдіктері заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа, белгілерін, мекен, амал тағы басқаларын анық етіп ашып айтпай, көмескі түрде күңгірт қалыпта ғана көрсете алатын, яғни нұсқай көрсеткен нәрселерін белгілеу мағыналары нақтылы түрде берілмей, белгісіз мәнде айтылып отырылатын сөздер боп саналады» [2, 55]. Хакім Абай прозасында ерекше қолданыс тапқан осынау сөздер әр алуан стильдік мәнерде көрінеді. Олардың қатарында бір, біреу, әр, әркім, бірсыпыра, әрқайсысы, әрнәшік, кейбір, бірдеме, әрдайым, әрне, әлденеше, әлдеқашан есімдіктерін атауға болады. Әрине олардың бірсыпырасы қара сөздер тілінде бір-ақ жерде кездесетін болса, ал кейбірі ерекше көзге түсетін қалыпта жұмсалады.

Ең алдымен, лексикалық тәсіл арқылы жасалған бір, біреу сөздері Абай прозасының құрамдас бөлігіне айналған. Бұл есімдіктер қара сөздердің негізгі кейіпкері болып табылатын адам баласына нұсқай жұмсалады. Бір есімдігінің қара сөздердегі негізгі ерекшелігі, олардың қатар қолданылып, бір-біріне қарсы мәнде айтылуында. Ақын қазақ қоғамындағы келеңсіздіктерді әшкерелеуде осы тәсілді өте шебер қолдана білген.

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас

сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?(3-сөз)

Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды!(3-сөз)

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. (4-сөз)

Екіншіден, бір есімдігінің адамға емес, қандай да бір затқа немесе құбылысқа меңзейтін жағдайлары да кездеседі. Ондай кезде олар бірнеше рет қайталанып, мәтіннің өн бойында экспрессиялық әсері арта түседі.

Егерде екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, жоқ, егер кез болмайтұғын болса, кең құдай өзі кеңшілікпенен кешіреді дағы, мына кезі келіп тұрғанда мұны жіберіп болмас деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе ахиретті дүниеге сатқаным жоқ деп, нануға бола ма?

Қара сөздердегі біреу есімдігінің қолдану аясы өте кең. Ол да – негізгі кейіпкер, адам баласының жиынтық бейнесі. Оның ішінде жағымдысы да бар, жағымсызы да бар. Ақын есімдіктерді қолданудың жарқын үлгісін осы сөз арқылы айқын көрсетеді. Біреу есімдігі – Абай өз прозасында жиі қолданған қайталама элементтердің бірі. Ол «ұзын-ұзақ күрделі сөйлемдерде» де, қысқа күрделі сөйлемдерде де, сондай-ақ жай сөйлемдерде кездесе береді. Бәріне ортақ бір белгі – есімдік сөздің қайталануы. Бұл тәсілді Р. Сыздық «бірдей мөлшерлі параллельдер» деп атай келе, оны Абайдың индивидуалдық белгілеріне жатқызады [3, 300].

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді – бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп. (28-сөз)

Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жиғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді. Ұрылар тыйылмайды. (3-сөз)

Біреу - болыс, біреу - би. (8-сөз)

Осыған орай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке

атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол hareketте жүр. (44-сөз)

Біреу есімдігіне қатысты мөлшерлік параллельдер бір сөйлемге ғана тән емес, мәтіннің өн бойында да кездесіп отырады. Ондай кезде бұл есімдік бірнеше сөйлемде қайталанатын да, екі түр-

лі нәрсені салыстырудың көрінісі ретінде пайдаланылады. Ақын өмір заңдылықтарын бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, оқырманға ойын түсінікті жеткізу үшін тереңінен толғайды. Салыстырудың негізгі объектісіне нұсқайтын сөз ретінде мәтінге ерекше әр береді. Сөйтіп, біреу есімдігі әсерлі ой туғызудың бірден-бір стильдік амалы ретінде қолданыс тапқан.

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйқасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демекшілік. (7-сөз)

Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі - ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырым-ай, мына байғұсқа не болады, енді мұның өзі не болады» дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызартып кетеді. Біреуі сондай ұят, шариятқа теріс, я ақылға, я абиұрлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. (36-сөз)

Абай прозасында өзіндік ерекше орны бар есімдіктердің бірі – әрбір сөзі. Ол да қайталама элементтердің бірінен саналады. Алайда жоғарыда аталған есімдіктермен салыстырғанда қарсы мәнде жұмсалатын ұғымды емес, керісінше, жеткізілер ойдың бірізділігі мен дәйектілігінің көрінісі іспеттес. Әрбір есімдігі ақын ойының заңды жалғасын сипаттайтын тілдік тәсіл ретінде қызмет атқарады. Бірінен соң бірі туындай отырып жалғаса беретін ой тізбегін құруда әрбір сөзі таптырмайтын стильдік амал ретінде қара сөздер мазмұнының салмақты жүгін көтеріп тұр. Мәселен, төмендегі қара сөздерге көңіл аударалық:

Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі! Әуелгісі - әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады. Һәм өзі өзгеше тұтатын демектің түбі - мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады. (38-сөз)

Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады?( 28-сөз)

Үшінші - әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки эне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пай-

да болады екен. Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қарашылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. (15-сөз)

Адам бойындағы әр алуан қасиеттер бір-біріне меңзеліп, бір-біріне ыңғайланып, әрбір есімдігі арқылы сипатталған. Сөйтіп, ойды нақтылай түсіндіру және жүйелі жеткізу мақсатында жұмсалған. Хакім Абай есімдікті осылайша қолдана отырып, негізгі мәселелерге оқырман назарын аудартады. Анықтауыштық қатынаста жұмсалған әрбір есімдігі үшін қара сөздер тілінде осылайша өзгеше стиль тауып беріп отыр. Сондай-ақ олар бұл қызметте ой екпінін өздеріне тартып тұр.

Абай прозасында ерекше қолданысқа ие болған есімдіктердің бірі – әрнешік сөзі. Ол ақын тілінде жиі қолданылмағанымен де, ойды көріктендірудегі маңызы өте зор. Бұл есімдік – әрне сөзінің түрленген нұсқасы және Абай тілінің стильдік ерекшелігі. Қайталау әдісін ақын әрнешік есімдігіне қатысты да өте шебер қолдана білген. Өртүрлі, әр алуан, әрқандай сөздерімен мағыналас, мәндес қатынаста жұмсала отырып, бұл есімдік өзіндік бір экспрессиялық бояуымен көзге түседі және көтеріңкі ой екпінімен айтылады. Қандай да заттың

немесе құбылыстың сипатына меңзей отырып, атрибутивтік қалыпта қолданылады.

Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды.

Әрнешік тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білме-сең, сақтай алмаушы едің ғой (43-сөз).

Сонымен, Абайдың қара сөздерінде кездесетін белгісіздік есімдіктерінің ерекшеліктерін былайша саралауға болады:

1) Абай прозасында бір, біреу, әрбір, әрнешік есімдіктері ерекше қолданысымен көзге түседі.

2) Бір, біреу, әрбір, әрнешік есімдіктері қара сөздер тілінде қайталама элементтер ретінде өзіндік стильдік мәнерге ие болған.

3) Бір, біреу, әрбір, әрнешік есімдіктері қара сөздер тілінде ой екпінін өзіне тарта отырып, айтылар ойдың экспрессиясын арттыра түседі.

4) Бір, біреу есімдіктері, негізінен, бір-біріне қарсы мағынада жұмсалса, әрбір, әрнешік есімдіктері мәндес, ыңғайлас қалыпта жұмсалады.

#### **Әдебиет:**

1. Әлкебаева Д. Мағжанның ойлау стилі. Оқу құралы. Алматы, 2014, 106-б.
2. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. Алматы, 1961, 55-б.
3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 300-301-бб.



Сафуллина Назгүл

2-курс магистранты, 87719994748, safullina\_nazgul@mail.ru

Ғылыми жетекші: Амиржанова Назира

Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, ф. ғ. к., nazira.amirzhanova@mail.ru

### «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

**Түйін.** Мақалада Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) атты жазба ескерткішінің қазақ тіліне аударылуы қарастырылады. Иасауи мұрасына қатысты өзекті мәселе хикметтердің аударылуы жайында болмақ.

Аталған мақалада орта ғасырлық жазба ескерткіші «Диуани хикметтің» бірнеше рет ғылыми және көркем аудармасы жасалып, оқырман назарына ұсынылғаны сөз болады.

**Резюме.** В статье рассматривается перевод на казахский язык памятника письменности Ахмета Иасауи «Диуани хикмет» («Книга мудрости»). Речь пойдет о переводах хикметов, являющихся актуальным вопросом в наследии Иасауи. В данной статье речь пойдет о научном и художественном переводах памятника письменности средневековья «Диуани хикмет» и предложении его вниманию читателей.

**Summary.** Translating into the Kazakh language of monument of the written language of Akhmeta Yassau « Diuani khikmet » («Book of wisdom») is examined in the article. Speech will go about translations of хикметов being a pressing question in heritage of Yassau. In this article speech will go about scientific and artistic translations of monument of the written language of middle ages of « Diuani khikmet » and offering to his attention of readers.

«Диуани хикметтің» бірнеше рет ғылыми және көркем аудармасы жасалып, оқырман назарына ұсынылды. Солардың қатарында М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітов, М. Шафиғов (Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.), Ж. Әбдірашев (Даналық кітабы. Шымкент, 1991. – 31 б.), Е. Дүйсенбайұлы (Хикметтер (Даналық кітабы). Астана: Аударма, 2002. – 112 б.), Ә. Жәмішев (Хикметтер. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1995. – 128 б.), Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова (Диуани хикмет (Даналық кітабы). 2000. – 428 б.), Б. Сағындықов (Дивани хикмет. Ежелгі дәуір әдебиеті: Хрестоматия. Алматы, 1991. – 113-133 бб.), Х. Иманжанов (Қырық хикмет. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық музейі, 1991. – 42 б.), Ә. Ибагов, З. Жандарбек, А. Нұрманова (Хикметтер. Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 208 б.), Ә. Бөкебаев (Ахмет Яссауи «Диуани хикмет». Астана: Сарыарқа БҰ, 2009. – 212 б.) секілді ақындар мен ғалымдардың есімдері зор құрметпен аталады. Орта ғасырда түркі жазба тілінде дүниеге келген шығарманы ақындар көркем сөзбен жеткізсе, ғалымдар ғылыми аудармасы мен транскрипциясын жасады. Олардың «Диуани хикметтен» жасаған тәржімалары баспасөз беттерінде ауық-ауық жарияланды, жеке жинақ болып та жарық көрді. Осылайша бүгінгі оқырман осы кітаптар арқылы осыдан бірнеше ғасыр бұрын жазылған «Даналық кітабымен» жақыннан танысуға қол жеткізіп келеді. Осының өзі-ақ Иасауи шығармасының өміршеңдігін көрсетсе керек.

Көркем шығарманы басқа тілге тәржімалау оңай шаруа емес екендігі белгілі. Әсіресе орта ғасырда түркі жазба тілінде дүниеге келген әдеби жәдігерлерді бүгінгі қазақ тіліне аудару не оны бүгінгі қолданыстағы тілге бейімдеп беру аудармашыдан көп нәрсені талап етері анық. Әуелі, әдеби ескерткіш жазылған араб жазу емлесін игерген болуы қажет (араб жазуы әр кезеңде әртүрлі

хүснихатпен (каллиграфия) жазылған. Исламның алғашқы жылдарында куфа үлгісінде жазылған мәтіндер бергін келе мұсылман халықтарының араб әрпін игеруіне қарай әртүрлі үлгіде қалыптасты. Соңғы ғасырларда дүниеге келген түркі жазба әдебиеті негізінен насталиқ үлгісінде хағқа түскен). Сондай-ақ, аудармашының орта ғасырлық түркі жазба тілдерін (қараһандық дәуірдегі тілді, қарлұқ-оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз, шағатай, османлы) білуі де негізгі міндеттерден саналады. Мұнда көне түркі сөздерімен бірге сол дәуірде кеңінен қолданылған араб, парсы тілдерін жетік білмесе де, осы тілдерден хабары болмағы ләзім. Екіншіден, сол кезең әдеби өмірімен жақыннан таныстығы болғаны дұрыс. Себебі бұл кезең әдебиетінің басым бөлігін ислами-сопылық шығармалар құрайды, сондықтан да шығармада кеңінен қолданылатын діни-тасаууфтық ұғымдар мен түсініктердің түпкі мағынасын толық ұғу қажет. Үшіншіден, аудармашы бүгінгі қазақ тілін де жетік білгені дұрыс. Осы талаптарды игерген тәржімашы ғана көне әдеби жәдігерді сапалы тәржімалай алатындығы дау тудырмайды. Көне жәдігерлерді тәржімалауға қажетті осындай талаптарды ескере келгенде, «Диуани хикметтің» бүгінгі аудармаларының бәрін сәтті шыққан деуге келмейді. Себебі Иасауи мұрасын тәржімалағандардың бәрі бірдей түпнұсқаға барған деуіміздің өзі ағаттық болар еді. «Диуани хикметтің» көркем аудармасы, негізінен, транскрипциядан немесе бүгінгі түркі тілдерінде (өзбек, татар, түрік және т. б.) жарияланған нұсқа бойынша тәржімаланған. Ал, ғылыми аударма жасағандар түпнұсқаға жүгінгенімен де, Иасауи шығармасының түпкі діни-сопылық мазмұнын мейлінше түсінбеген сияқты. Себебі сопылық әдебиет негізінен символдар мен шартты атаулардан тұратындығы ақиқат. Сондықтан да тасаууф шайырлардың басым бөлігі «лисәнұл ғайб», яғни «жұмбақ тіл» аталған. «Диуани хикметтегі» ша-

рап пен жар ұғымы шығарманы түсінбеген адамды әртүрлі ойға жетелеуі мүмкін. Сондай-ақ ғашүк пен мағшүк, Ләйлі мен Мәжнүн, сақи мен шарап секілді ұғымдардың астарында сопылық әдебиеттің өзіне ғана тән мән-мағына жататындығы белгілі. Осындай мазмұны терең терминдерді толық ұқпаған жан шығарманың түпкі мақсатына бойлай алмайды, шайырдың айтпақ ойын анық түсінбейді. Мұтасауф Зәррин Кубтың сопы-шайыр Мәуләуидің шығармаларын зерделей келе: «Көпшілік, шайырдың (Мәуләуидің) ойын толық түсіндік дегенімен де, олар тек сыртқы қабығын ғана қанағат тұтып, ішкі дәнінің дәмін татпаған», - деп жазуы да сондықтан болса керек [4, 4 б].

1990 жылдан бері «Диуани хикмет» еңбегі қазақ тіліне 18 автор тарапынан 17 рет аударылды. Олардың кейбіреуі жолма-жол аударса, біреулері көркем немесе еркін аударма жасаған. Олардың әрқайсының өзіндік ерекшелігі, ғылымға қосарлық үлесі бар. Алайда сопылық дүниетанымға қатысты ұғымдар мен ұстанымдар жағынан қарағанда аудармаларда едәуір кемшіліктер жіберілген. Қазақ тілінде жасалған «Диуани хикмет» аудармалары жайлы «Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің көркемдік және құрылымдық ерекшеліктері» тақырыбында ғылыми зерттеу жасаған А. Әбдірәсілқызының еңбегінде жан-жақты талдау жасалған. Жалпы «Диуани хикмет» еңбегін қазақ тіліне алғаш аударған – М. Тынышлықұлы. Бұл еңбек 1901 жылы Қазан қаласында жарық көрген. Аталмыш туындының аударма тарихында өзіндік орны бар.

1990 жылы қарағандылық С. Битенов «Диуани хикметті» жолма-жол аударып шықты. Бұл – ең сапалы жасалған қазақ тіліндегі алғашқы аударма. Алайда автор сопылыққа тән ұғымдарды толық бере алмаған, сондықтан сопылық ұғымдардың көпшілік бөлігі басқа мағынада аударылып, негізгі мәнінен айырылған. Ал 1991 жылы діни сауаты бар, сопылық жолдың жөн-жосығынан хабардар Х. Иманжанов аударған «Қырық хикметтің» кей тұстары шебер аударылса, енді бір бөлігі шашыраңқы болып кеткен. Дәл сол жылы еңбекті жолма-жол аударған Б. Сағындықов түпнұсқадағы ойды дұрыс түсініп, айқын жеткізе білген. Хикметтердің ар-

найы сөздігі жасалмағанын ескерген автор табиғи мағыналық аударма жасаған. Дегенмен аудармада артық сөздер, транскрипциялауда жіберілген қателіктер салдарынан жаңылыс аударылған тұстар да бар.

1995 жылы түпнұсқадағы ойды, сезімді, мәнер-машықты сақтауға тырысқан Ә. Жәмішұлы хикметтердің көркем аудармасын жасауды мақсат еткен. Мәтінге өз жанынан бірнеше сөз қосқан, сондықтан түпнұсқадағы сөздің түпкі мәнін ашылмаған.

1993, 1998 жылдары жасалған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи аудармасы – «Диуани хикмет» аудармалары ішіндегі ең ерекшесі. Еңбек жолма-жол аударылған. Дегенмен «Диуани хикметтің» мәтініне аталған авторлардың да толығымен бойлай алмаған тұстары бар.

Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова 2000 жылы жасаған «Диуани хикмет» аудармалары алдыңғы авторлар тарапынан жаңылыс аударылып келген жолдарды сәтті аударып шыққан.

Ә. Ибатов, З. Жандарбек, А. Нұрманова (2000) жасаған ұжымдық жұмыстан байқайтынымыз – әр автордың дербес жұмыс жасағандығы, стиль алалығы. Жолма-жол аударылған еңбектің айтарлықтай жаңалықтары, біршама сәтті аударылған тұстары бар. Дегенмен сопылық ұғымдармен жететаныс болмау салдарынан туындаған қателіктер де кездеседі.

Ал хикметтерді бірыңғай көркемдікке бейімдеу салдарынан шығарманың рухы солғындаған, мазмұнына нұқсан келген акын Е. Дүйсенбайұлы жасаған көркем аударманың (1998) эстетикалық құндылығы жоғары, эмоциялық-экспрессивтік бояуы қанық, қазіргі оқырман қабылдауына жеңіл әрі әсерлі.

«Диуани хикметті» аудару үшін де, сол аударманы қабылдап, түсініп, тану үшін де үлкен дайындық қажет. Хикметтерді аударуға талпынушылардың араб, парсы, көне түркі тілдерінің білгірі әрі сопылық дүниетанымның қыр-сырын жетік меңгерген зерттеуші, сонымен бірге рухани тәжірибе жинақтаған тұлға, жүрекпен сезіну қабілеті дарыған акын болуы қиын шарт. [2, 156-б]

#### Әдебиеттер тізімі

1. Д. Т. Кенжетәев. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымның түркі ислам философиясы тарихындағы орны. Монография. Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2012 ж. 288 бет.
2. А. Әбдірәсілқызы, Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің көркемдік және құрылымдық ерекшеліктері
3. М. Малбақов Ортағасырлық түркі және қазіргі қазақ тілдерінің тарихи сабақтастығы мәселесін зерттеу жайында бірер сөз // Қазақ тіл білімі мен түркітану мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2007. -Б 157-160.
4. Д. Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). Түркістан, «Тұран» баспаханасы, 2010. - 400 бет.
5. З. Қинаятұлы. Қазақ мемлекеті және Жошы ұлысы. – Астана: Елорда, 2004ж., – 150-б
6. Л. З. Рүстемов Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздері. - Алматы: Ғылым, 1982. – 45-б.
7. Р. Сыздықова. Яссауи «хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 бет.
8. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітов, М. Шафиғов. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: Мұраттас. – 262 б.

Смагулова Назира

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс магистранты  
Астана, +7 775 5154955, nazart\_17@mail.ru

## Ә. ҚҰРЫШЖАНҰЛЫНЫҢ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Түйін.* Бұл мақалада профессор Ә. Құрышжанұлының түркітану ғылымына қосқан үлесі мен зерттеулері жайында айтылады

*Резюме.* Данная статья посвящена исследованиям профессора А. Кұрышжанұлы, внесшего весомый вклад в тюркологическую науку.

*Summary.* The article gives a coverage the works of A. Kuryshzhanuly who made a contribution to solve of turkology.

Әбжан Құрышжанұлы – көрнекті түркітанушы, «Кодекс Куманикус» пен орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштер тілін зерттеген білгір маман, түркітану және тіл тарихы салалары бойынша шәкірттер тәрбиелеп, өзіндік мектеп қалыптастырған ғалым. Оның орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеуші белгілі түркітанушы ғалым ретінде орны ерекше. Себебі аты әлемге мәшһүр маман-түркологтың қалам тебіrentіп, ой жүгірткен салалары өте мол. Түркі тілдерін, әсіресе ескі қыпшақ тілін зерттеуде ғалымның еңбектерін тар шеңберде қарауға болмайды. Ол өз туындыларында, ең алдымен, жалпы түркологияның ірі жанашыр өкілі ретінде әр қилы маңызды мәселелерді жан-жақты тексеріп, ұқыпты зерттеген.

Әбжан ағаның көптеген сүбелі еңбектері араб жазулы ескі түркі жазба ескерткіштері тақырыбына арналғандығы белгілі. Оның «Куман тіліндегі араб-парсы тілдерінің элементтері» (1962), «Көне қыпшақ тілінің ескерткіштері» (1962), «XIII ғасырдағы көне қыпшақ жазба ескерткіштері», «Түрік-араб сөздігінің лексикасы бойынша зерттеулер» (1970), «Сөз атасы» (1986), «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (2001), «Тіл тарихы жайында ойлар» (2006, 2008) «Ескі қыпшақ тілі» (2007, 2009), т. б. да ғылыми еңбектері жарық көрді. Бұл зерттеулерде ескі қыпшақ жазба ескерткіштері түркітану ғылымындағы теориялық тереңдігі мен практикалық пайдасы тұрғысынан қарастырылады. Сондықтан да бүкіл дүние жүзілік шығыстану ғылымы мен отандық түркологияны жетілдіру, дамыту барысындағы қыпшақтану мәселесіне қатысты профессор Әбжан Құрышжанұлының қосқан өзіндік үлесі туралы кеңінен толғап, молынан айтуға болады. [1; 173]

Филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Н. Ермекованың сөзімен айтсақ, «. . . профессор Әбжан Құрышжанұлы – кең құлашты қаламгер, өрелі ғалым, алымды да іскер зерттеуші. . . » болып табылады.

Әбжан Құрышжанұлы бір ғана қыпшақ

тілін зерттеумен шектелген жоқ. Ұлт тілі мен оның тағдырына әрдайым жанашыр көзбен қараған еңбекқор ғалымның қалам тартпаған саласы кемде кем. Ол үлкен ғылымға қадамға басқан 1956-1973 жылдар аралығында қазақ тілі мен түркі тілдерінің тарихына (тарихи грамматика, фонетика, синтаксис, лексика, т. б. ) байланысты 100-ге таяу ғылыми-зерттеу мақалалары мен бірнеше іргелі монографиялық еңбектер жазып, жарыққа шығарды. Олардың арасында Орхон-Енисей руникалық жазулары, Құмандар сөздігі, Түркі-араб сөздігі, Әл-Қауанин ескерткіші, Әбу-Хаяйн, Ахмед Йүгінеки, Ахмед Йассауи, Жүсіп Баласағұни, т. б. Маңызды мұраларға қатысты терең де пайымды жұмыстары ерекше назар аударады. Әсіресе, оның 1970 жылы жарық көрген «Исследование по лексике старо-кыпчакского письменного памятника XIII в. В Тюрко-арабского словаря» атты ғылыми монографиясы ғылыми жұртшылықтың жоғары бағасын алғаны мәлім. Ә. Құрышжанұлы осы аталған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1973 жылы «XIII-XV ғасырлардағы көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі» деген тақырыптағы докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап шыққан болатын. Сондай-ақ ол отандық көрнекті түркітанушылар Ғ. Айдаров, М. Томанов сынды ғалымдармен бірігіп, «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) атты жоғары оқу орны студенттері мен оқушыларға арналған оқулық жазып шығарды. Ал, 1978 жылы жарық көрген «Куманша – қазақша жиілік сөздік» (А. Жұбанов, А. Белботаевтармен бірге) те көпшіліктің ыстық ілтипатына бөленді. 1985 жылы Әбжан аға белгілі түркітанушы ғалым Б. Сағындықовпен бірлесе отырып, Орта ғасырлық түркі шайыры Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» («Хибатул Хақайык») шығармасын қазақшалап, транскрипциясы мен фото факсимилиесімен қоса жарыққа шығарды. «Кодекс Куманикус» тіліндегі септік тұлғалары мен мағыналары тақырыбында диссертациясын қорғап, филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алған. Өткен

ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Парижде (1828), Будапештте (1880), Копенгагенде (1936, 1942) үш Европа тілінде, Иранда (1972) парсы тілінде жарық көрген қыпшақ тілінің осыншалық бай нұсқасын алғашқылардың бірі болып Әбжан Құрышжанұлы қолға алған. [2]

«Китаб Мухаддима» деген атпен жеке өзі, «Көне түркі тілдерінің ескерткіштерінің тілі» деген атпен авторлары Ә. Құрышжанов, Ғ. Айдаров, М. Томановтар 1971 жылы кітап етіп шығарады.

«Китаб ат-тухфа аз-закийа фил-лұғат ат-түркийа» («Түрік тілі туралы жазылған ерекше сыйлық») деп аталатын кітапты да қазақшаға аударған да осы ғалым.

«Китаб-ул-Айни» (Айн кітабын да) бізге таныстырған, бұл кітап араб филологиясы мен түркітану тарихында өзіндік орны бар еңбек дейді Әбжан Құрышжанұлы.

Ә. Құрышжанұлы Ескі түркі, Қарахан әулеті, Алтын орда тұсындағы жазба ескерткіштерді тілдік тұрғыдан ғана зерттеп қана қоймай, көне жәдігерлердің өн бойында ұшырайтын шұрайлы да мәйекті сөз қолданыстарын, қанатты тіркестер мен мақал-мәтелдерді сүзіп, топтастырып «Сөз атасы» (1987) деген ғылыми танымдық һәм тәрбиелік мәні зор кітапты бастырып шығарып, қалың жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.

Ә. Құрышжанұлы жалпы түркітану саласы бойынша, сондай-ақ, көне түркі және ескі түркі жазба ескерткіштерінің тарихы мен тілін зерттеп, ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежелеріне үлкен еңбек ету арқылы қолы жеткен ғалым. Сонымен қатар қазақ тілі ғылымына Дүниежүзілік әдебиеттердің кітапханасынан орын

алған, жалпы түркі халықтарының көрнекті ғалымдары мен ақындарының: Ю. Баласағұни, М. Қашқари, А. Йүгінеки, А. Йассауи шығармаларын қазақ тіліне аударып, ана тілінің тарихын жан-жақты зерттеп, үлес қосқан орны дара тұрған ғалым деп танымыз. [3]

Профессор айтқан: «Ілкі бабаларымыз көне түркілік дәуірінде-ақ тасқа қашалып түсірілген руналық немесе ойма деп аталатын жазумен бірге соғда, ұйғыр, брахми, манихей, тибет делінетін де әр түрлі жазу үлгілерін пайдаланып, кейіннен біржола араб әліппесіне көшкені мәлім. Осы жазба үлгілері негізінде жасап қалдырған түркілердің көптеген жазба мұраларында олардың талайғы тарихы айқын өрнектеліп сақталған.

Ал, бұл деректер олардың иірімі мол мыңдаған оқиғаларға толы ғұмырының көркем бейнесі болып табылатын жазба мұрағаты, яғни рухани тарихы да күрделі болғандығын, өздеріне лайық дербес, жоғары өркениетті деңгейін көрсететін мәдениет үлгілері жеткілікті дәрежеде болғандығын баршаға айғақтай алады», - деген лұғаты тарихи санамыздың озықтығын дәйектеп, сол мәдениеттің бүгінгі мұрагері ретінде артындағы ұрпағына қазіргі ғаламдасу дәуірінде түркілік бедердің болуы тиіс деген жауапты міндет жүктейді. [4; 75-76]

Сөз зергері, қыпшақтану ілімінің хас шебері Ә. Құрышжанұлының ерен еңбегі ескерткішке, абыройы алтын күмбезге айналып, қашанда тіл қадірін білетін халқымен, шәкірттерімен бірге жасай берері сөзсіз. Ғалымның түркітану ғылымында еңбегі зор. Бізге осындай тарихи қолжазбаларды ана тілімізге аударып, олардан үлкен тарихи мәлімет берген ірі тұлғалардың бірі.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Ә. Құрышжанұлы. *Китаб муқаддима // «Қазақ тілі» энциклопедиясы. А., 1998, 173 б.*
2. Сапарғали Омарбекұлы. // *Жинақ: Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 15 маусым 2001 ж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты. А., 2001.*
3. Г. К. Ибраева: «*Әбжан Құрышжанұлы – түркітану ғылымын дамытушы*» мақаласы.
4. Т. Н. Ермекова, *Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы: Конференция материалдарының жинағы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты: Алматы, 2001, 75-76 б.*



**Тілеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы**  
филология факультетінің деканы, ф. ғ. д., профессор

**Мақұлбек Азамат Болатбекұлы**  
Техникалық мамандықтар бойынша шет тілдері кафедрасының  
меңгерушісі, ф. ғ. к., доцент м. а. 8-701-166-60-70

**Нұрлыбаев Нұржан Мәдірайұлы**  
ф. ғ. к., доцент м. а, mail. dilya@mail.ru  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

## ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМНЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

**Summary.** In article each phenomenon and each object which is discussed and can be studied under a certain point of view which reflects a final problem of knowledge.

**Резюме.** В статье обсуждается каждое явление и каждый объект который может изучаться под определённым углом зрения, который отражает конечную задачу познания.

Ғалымның (дүниенің) топонимиялық бейнесі түрлі концептілерден құрылады немесе суреттеледі, алайда дүниенің топонимиялық көрінісінде негізгі, ең маңызды да елеулі концептілер <<кеңістік>> концептілері болып табылады. Оның себептері де түсінікті: топонимдер кеңістікте орналасқан белгілі бір географиялық және антропогендік нысаналарды (объектілерді) белгілеп, атайды. Сонымен қатар, дүниенің топонимиялық бейнесінде «адам» макроконцептісіне қатысты көптеген микроконцептілер жинақталған, сондай-ақ ғаламның топонимиялық көрінісінде «қоғам» макроконцептісіне қатысы бар тағы да «идеологиялық», «қоғамдық», «экономикалық» т. б. микроконцептілердің өз орындары бар.

Қоршаған ортаны танып дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеуде негізгі бірнеше ұстанымдар, яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Кеңестікті танып, игергенде, сол тану, игеру нәтижесінде тілде, яғни топонимияда белгілегенде Л. И. Дмитриеваның көрсетуінше үш қағида «жұмыс істейді»: ол қағидаларды топонимикалық тұлған санасындағы ментальді модель деп те атауымызға болады – бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель, шеңберлік (радиальдік) модель, тұрмыс-тіршіліктік кеңістік моделі.

Адамзат қауымындағы ең алғашқы топонимдердің пайда болуы осы маршруттық моделдің арқасында, негізінде іске асырылды деп жорамалдауымызға болады. Басқашалап айтсақ, ежелгі адам кеңестікті игеру барысында көкөніс, жеміс-жидек, шөп тамырларын іздеп жүру бағыттарын салғанда географиялық нысандарды атай бастаған. Көшпенділерге тән мал жаю, малмен бірге көшіп-қону шаруашылық тұрмыс тіршілігінде кеңестікті игеру, тану, нысандарын атау осы бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель арқылы іске асырылады. Ең алғашқы немесе негізгі топонимиялық көрініс (бейне) көшіп-қонып кеңестікті танып, игеріп жүргендегі дүниенің топонимиялық

бейнесі болып саналуы керек сияқты.

Бағыт-бағдарлық модель негізінде кеңестікті танып, игеріп, нысаналарын атап отырған географиялық нысандарын бағдарлауы қажет еді. Осы уәждік негізге байланысты дүниенің (ортаның) топонимиялық бейнесінде бірқатар географиялық терминдермен (апеллятив) жер-су аттары пайда болды. Көне түркілік және қазақ қауымдарында дүниенің горизонтальді кеңістік моделі төртбұрышты (төрткүл) болып танылған: сол себепті географиялық бағдарлауда <<оң-сол>>, <<оң-теріс>> сияқты түсініктер қолданылған. Сонымен қатар біздің ойымызша, маршруттық модельде кеңестікті немесе географиялық апеллятивтер құрамынан және топонимияда кездесетін анатомиялық (соматикалық) атаулардан байқауымызға болады. Қазақ топонимдері мен апеллятивтер құрамында төмендегідей анатомиялық терминдер кездеседі: бас, төбе, аяқ, табан, қойын, бауыр, көз, мұрын, арқа, төс, қабырға, бет, қабақ, тамақ т. б.

Кеңестікте орналасқан табиғи объектілерді бағдарлап айқындауда, географиялық нысандардың өзін сипаттауда адам немесе жануарлардың дене мүшелерінің орналасу тәртібіне сүйену – адамдардың ментальді түсініктерін көрсетеді. Сол танымдық түсініктер аясында қоршаған орта, оның нысандары жалпы айтқанда адамға, адам немесе жануар дене мүшелеріне ұқсатылған. Осыған қарағанда әлемді тану процесі, әлемнің тілдік көрінісі, соның ішінде әлемнің топонимиялық көрінісі адамның өзінен басталады, яғни адам – дүние құрылымының моделі, үлгісі болып табылады. Тілдің дүнетанымдық көріністері көбінесе адамның ішкі дүниесі сияқты адамға қатысты сөздер арқылы көрінеді. Адами танымды сипаттауда соматикалық тіркелер – бас, аяқ, көз, тамақ, мойын, іш, өкпе, ми, тырнақ, тіл, бет, жүрек сүйек, тән, қан, арқа т. б. Бұлар- географиялық терминдердің де құрамында көптеп кездеседі және семасиологияның ұқсату заңына байланысты апеллятив

терминдеріне әлдеқашан айналып кеткен адами таным негізінде екінші рет атау болған сөдер. Қоршаған ортаны, кеңістікті бағыттық тану моделіндегі дүниені адамиландыру, антропоморфиландыру көне адамдардың (қоғамның) мифтік, мифопоэтикалық танымына, мифтік санаға да байланысты болған. Ежелгі замандарда орын алған мифтік сана бірден толығымен жойылып кетпейді, оның сарқыншақтары күні бүгінге дейін жеткен. Қазақ топонимиясындағы жоғарыда аталған анатомиялық географиялық терминдер мен топонимдер соның тілдік көріністері. Кеңістікті тану тілдік (апеллятивтік және онимиялық) бірліктермен қоршаған ортаны (кеңістікті, оның нысандарын) белгілеу (таңбалау) жоғарыда көрсетілген бағытта да іске асырылады. Осы үрдістің тілдік нақты айғағы ретінде төмендегідей жер-су аттарын мысал ретінде келтіруге болады: Сарыарқа, Арқалық, Алғабас, Мұзарт, Қарауыз, Аяқамыр, Бастөбе, Бауыр, Тасбел Сарыбет, Қарабүйір, Табан, Мойынды, Қазақ, Иекті, Көзбұлақ, Кіндікті, Еренқабырға, Маңдайтас, Төскейбет, Мибұлақ т. б.

Дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеудегі бағыт-бағдарлық таным моделінде тек қана көлемі шағын келетін кеңістікке тән микротопонимдік атаулар ғана қолданылмаған, осы бағыттық модель аясында бізін пікірімізше, өте үлкен, көлемді географиялық нысандар да атау объектілеріне айналған. Мәселен, Арқа (Сарыарқа) атауының түрлі этимологиясы бар – бірі: тарихи мәні бар - <<артымыздағы ел>>, <<арт жақта орналасқан жұрт>> дейтін болсақ, дегенмен арқа апеллятивінің түпкі мағынасын анатомиялық арқа (жон арқа, <<спина>>) деген сөзге тірелетін сияқты. Сол Ұлы Жонның (Сары Арқаның) шығыс бүйіріне көне қазақтар Ерен Қабырғаны орналастырған, яғни Тянь-Шань тауына сондай атау берген.

Әлемнің топонимиялық көрінісіне тән тағы бір ерешелік – кеңістікті бақыт-бағдарлық модель арқылы игергенде визуалды факторға үлкен мән беру керек болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда кеңістіктің бағыттық моделінде, жылжу барсында (бағыттық саяхатта көшу жолында, малды жаю қозғалысында) географиялық нысанды, әсіресе алыстан, көзбен байқап, көріп сол табиғи объектінің ең алғашында түр-түсіне назар аударылады. Сол себептен географиялық жалқы және жалпы есімдерден құралған: қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағын, ұлан т. б.

Әлемнің топонимиялық көрінісіндегі атауыштық процесінде орын алған радиальді (шеңбер) модель, қағида төмендегі ерекшеліктерімен белгіленеді. Кеңістікте радиальді модель тұрғысынан құрылымдағанда кеңістіктің ортасы, кіндігі және сол кіндіктен: этникалық, семантикалық рухани т. б орталықтан бірінен кейін бірі орналасқан шеңберлей келген кеңістіктерден құралады. Қазақ ми-

фологиялық дүниетанымында Көктөбе, Қазығұрт, Байтерек немесе басқа да киелі табиғи нысандар жер кіндігі, жер ортасы болып табылады. Сол жер кіндігінде қазақ халқының ел ортасы, атамекен шеңберін кеңістігін құрайын тау, өзен, бұлақ, дала, ағаш-орман, сай-сала т. б географиялық нысандар орналасқан. Рухани этникалық орталықтан алыстай келе көп жағдайда жау жат болып келетін танымайтын бөгде кеңістіктер орналасқан. Жорыққа немесе саяхатқа шыққан эпикалық ертегілік кейіпкерлер жат елдерде алыстағы кеңістіктерде жалмауыз, мыстан, албасты, дию, перілермен кездеседі. Топонимиялық танымдағы радиальді моделде <<алыс>> - <<жат, жау>>, ал <<жақын>>- <<ел, жұрт>> деген металды – топонимиялық түсініктерді топонимиялық атаулар арқылы да білдіре білген. Әр топонимиялық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспеттес екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым қазақ топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Алыстағы жат жерлерді, жат елдерді топонимияда белгілеу үшін Барсақалмес, Итжеккен, Балқантау, Ұрым, Қырым т. б топонимиялық атауларды қазақтар қолданған. Жоғарыда келтірілген жер-су аттары біріншіден, <<алыс>>, <<алыстағы жер>> деген ұғымды білдіреді, екіншіден, Барсақалмес және Итжеккен атаулары жағымсыз коннотацияға ие болған болса, Балқантау, Қырым топонимдері жағымды коннотацияларға ие деп айтуымызға болады.

С. Қондыбай: Балқантау – алыста жатқан қиял белгісі, құпиялық пен киеліліктің метафорасы дей келе, географиялық кеңістікте реальді Балқан таулар бар екендігін көрсетеді: <<Гора, часто используемая в фольклоре как метафора отдаленности, таинственности и сакральности >>.

У казахов сохранился только отрывок древнего стихотворенного текста.

Барар жерің Балқантау,

Ол да біздің көрген тау.

Қазақ танымындағы кеңістікте топонимдер арқылы құрылымдаудың тағы бір дерек белгісі мына бір тұрақты сөз тіркесінен аңғарылады.

Ұлың Ұрымға, қызың Қырымға кетсін.

Дәстүрлі танымда Ұрым да (кейде - Үрім), Қырым да – алыс, жетуі қиын шалғай жер мен ел. Әдетте, ғылыми әдебиеттердің өзінде ұрымды көне Рум (Рим), ал Қырымды Крым түбегімен сәйкестендіреді. С. Қондыбай еңбектерінде мифопоэтикалық Ұрым мен Қырымды жоғарыдағыдай сәйкестендіру қате екені көрсетіледі. Мәселен, Ұрым жөнінде С. Қондыбай былай жазды: <<Никому не пришло в голову, что у древних тюрков и их по-

томков в мифопоэтической системе существовал другой, архаический Рум – Уру. Образ подробно Урума сохранился в протобулгарской традиции. По-видимому, булгарский Урум в VI-XII веках локализовался в Северо-Кавказском регионе, в Покубанье и на Таманском полуострове, где в VI-XII веке существовало протобулгарское государство, например, название страны Урум, зафиксированное в надписях Культегина (VIII век) связано именно с тюркоязычными булгарами (утригуры и кутригуры)

Термин <<Крым>> не имеет ничего общего с реальным географическим объектом, полуостровос Крым>>, - деп жазды С. Қондыбай. Осы зерттеушінің пікірінше, Үстірттің көне атауы Қыр болған, XIV ғасырда Үстірт (Маңғыстау) аймақтарында алғашқы қазақ қауымы (<<есен-қазақтар>>) қалыптасқан, сол ортадан шыққан батырлар Қыр (Қырым) батырлары- <<Қырымның қырық батыры>> атанып, Үстірттің бастапқы атауы (Қыр) ұмытылып, Қырым – өте алыста жатқан жер, ел деген топонимиялық ұғым пайда болған.

Бағыт-бағдарлық топонимиялық модель бойынша құрылымданған кеңістікте тағы да қазақ халқына кеңінен танымал Жиделі Байсын, Жерұйық мияқты топонимдер бар. <<Алпамыс>>эпосында Жиделі Байсын Алпамыстың, қоңырат елінің ата жұрты . Жиделі Байсын жер атауы Өзбекстандағы Сурхандарья облысы Байсунтау өлкесінде кездеседі.

Жерұйық топонимінің географиялық орны, мекені белгісіз, себебі бұл топоним мифотопоним, яғни мифтік, қияли жер-су атаулар қатарына жатады. Жерұйық- киелі жер, ұйық – көне түркі тіліндегі ыдук (<<киелі>>) (<<ыдук йерсуб>>-<<киелі жер - су>>) сөзінің фонетикалық вариантв.

Жоғарыдағы дерек-келтірімдерді есепке алатын болсақ әлемнің топонимиялық көрінісінде кеңістік бағыт-бағдарлық модель екі түрлі тұрғыда берілген: шағын аумақтағы кеңістік (маршруттық саяхат, мал жаю, көшу-кону барысындағы) және орасан кең, аумақтағы геокеңістік (Балқантау, Итжеккен, Ұрым, Қырым, Барсакелмес, Жиделі Байсын, Каф (Қап)таулары т. б). Ментальді топо-

нимиялық құрылымағы кеңістіктің шет шекарасында немесе одан ары <<жат территория>> немесе <<мифтік кеңістіктер>> орналасқан.

Тұрмыс-тіршіліктік (болмыстық) кеңістіктің әлемнің топонимиялық көрінісіндегі берілуі, яғни құрылымдауы өз ерекшеліктерімен, өзгешіліктерімен айқындалады. Осы модель бойынша кеңістікті ментальді өрісте құрылымдау, құрамау шаруашылық факторының ықпалына, әсеріне байланысты болып келеді. Географиялық кеңістікті, ортаны тілік санада және тілдің өзінде (лексикада, топонимияда) белгілі бір дискретті нысандарға, бөлшектерге айқындап бөлу, атау, тану, игеру, тілдік, және ментальді айналымға енгізу жоғарыда аталған экстралингвистикалық, лингвистикалық т. б көптеген факторларға байланысты екені мәлім және кеңістіктің ландшафттық ерекшеліктеріне де қатысты екені дау туғызбайды. Басқаша айтқанда, кеңістік жүйелі түрде өзінің санадағы ментальді көрінісін және тілдегі топонимдік (лексикалық) құрамын, келбетін көрсете алады. Осы бүгінге дейін қазақ топонимика саласында жүргізіліп келе жатқан барлық дерлік зерттеулер негізінен топонимдердің тілдік (лексикалық, яғни топонимика) қағидалары бойынша кез келген ономастикалық бірліктер жүйесінің ментальді, когнитивтік (ой-санадағы) көрінісі, болмысы бар.

Әлемнің топонимиялық көрінісі динамикалық процестерге ұшырайды, әр тарихи заманда (дәуірде) өзгеріп тұрады, кейбір элементтері (фрагменттері) ескіреді, ұмыт болады, ал қайсыбірі жаңаланып дүние, кеңістік туралы ментальді ұғым-түсініктерді толықтай түседі. Қазақ топонимдерінде (топонимиялық жүйеде) дүние, адам, қоғам, рухани және материалды мәдениет жайында сан қырлы орасан мол когнитивтік мәліметтер мен ақпараттар жинақталған. Адамның, этностық дүниетанымы, ой-санасы, тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, ғасырлар бойы жинақталған сан-салалы тәжірибесі тілдік жүйеде, сол жүйенің құрамдас бөлігінде – жалқы есімдер жүйесінде, ал дәлірек айтсақ топонимиялық жүйеде өз тілдік көрінісін сақтаған.

### Әдебиеттер:

1. Дмитриева Л. М. *Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая): Автореф. дис. . д-ра филол. наук. –Екатеринбург, 2003. -48 с.*
2. Керимбаев Е. А. *Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: Автореф. дис. . . канд. филол. наук. –Алма-Ата, 1988. -24 с.*
3. Қондыбай С. *Казахская мифология. Краткий словарь. –А. : Нурлы Алем, 2005. -272 с.*

Юлдашева Гулнура Базарбайқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ 2- курс магистранты, gulnura.yuldaweva.91@bk.ru

Ғылыми жетекшісі: ф. ғ. к., доцент, Қобланова Айман Жылқыбайқызы

### ҚҰСТАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулерде қазақ ұлтының болмысы, дүниетанымы тілінде сақталған құнды дүниелермен танылуда. Этнолингвистика термині ғылымда Б. Уорф пен Э. Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға ретінде қарастыратын теориясынан келіп шыққан. Этнолингвистика идеясын одан әрі дамытқан, әр қырынан зерттеген В. Гумбольд, В. Вундт, А. А. Потебня, Ф. де Соссюр, Бодуэн де Куртунэ т. б. ғалымдардың зерттеулері этнолингвистиканың одан әрі дамуына «этнос пен этнос тілі» негізінде қалыптасқандығын дәлелдей түседі.

Қазақ тілі білімінде этнолингвистиканың ғылыми-теориялық алғышарттары Ә. Т. Қайдар, Е. Жанпейісов т. б. ғалымдардың зерттеулерінде жасалса, Р. Сыздық, Н. Уәлиев, Ж. А. Манкеева, Б. Қалиев, Г. Смағұлова, Р. Авакова, С. Сәтенова, Р. Шойбеков, Қ. Ғабитханұлы, А. Жылқыбаева, Ш. Сейітова, Ш. Қарсыбекова т. б. ғалымдардың жұмыстарынан этнолексиканың зерттелуіне байланысты этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты құнды деректерді кездестіруге болады.

«Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал – сайманның, қару – жарактың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет – ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні сыр – сипаты т. б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни, жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал – мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін»[1, 9].

Профессор Е. Жанпейісов тіл мен этностың арақатынас мәселесін әріден келе жатқан, ежелден бар құбылыс екендігін айта отырып, «тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық – шаруашылық және мәдениет

тұтастығы т. б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір – бірімен тығыз байланысты» деп тұжырымдайды [2, 7].

Қазақ этномәдениетін сипаттайтын өзекті арқаудың бірі – қазақ тілінде құстарға қатысты қалыптасқан мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, наным – сенімдер мен ырым – жоралғылар болып табылады. Қазақ наным – сенімінде құстар да, басқа жануарлар сияқты киелі семантикаға ие. Құстар – берекенің бастауы, ырыс-құттың нышаны ретінде сипатталады. Тілімізде құс атауларына қатысты мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер молынан кездеседі. Бұл қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде құстардың алатын орнының ерекше екендігін көрсетеді. Құстарға қатысты мифтік таным-түсініктер жүйесінде бақ құсы, дәулет құсы деген ұғым ерекше орын алады. Бірақ бақ құсы немесе дәулет құсы қазақ мифологиясында нақты бір құстың бейнесінде көрінбейді. Байырғы қазақтардың, сондай-ақ өзге халықтардың да мифтік дүниетанымында әлемнің жоғары әлем (көк), орта әлем (жер), төменгі әлем (жер асты) деп үшке бөлінетіні белгілі. Құстардың өзге жан иелерінен ерекшелігі – олардың жоғары әлемді жалғастырушы, аралық қасиетке ие деген мифтік түсінікпен ұшта-сып жатады. Жаратқан иенің «бақ», «дәулет» тәрізді «сыйы» жер бетіндегі пенденің біріне бақ құсы, дәулет болып қонады деп ұғынылған. Сондықтан басына бақ құсы қонды, басына дәулет құсы қонды дейді. Атақты Шал ақын өлең сөздің өрнегіне сала отырып, дәулет құсы деген түсініктің мазмұнын былай деп ашады:

Тыңдасан, жақсы кеңес құлақ құрышы,

Тәтті ұйқы, қалың төсек жанның тынышы.

Жүйрік ат, түзу мылтық, сұлу қатын,

Мал мен перзент -адамның дәулет құсы [3, 131б]

Құдайдың жіберген бақ, дәулетін ұстай алмаған адамды басынан бақ, дәулеті ұшты дейді. Этностың мәдени – тілдік санасында «бақ», «дәулет» тәрізді бейдерек ұғымдар осылайша метафоралану тәсілімен «құстың» қону мен ұшуы түрінде репрезенттенді. Ел ішінде салтта жаңадан үйленген жігітке жеңгелері оның келіншегін бақ құсына меңзеп қондырған құсың құтты болсын деп ізгі тілегін білдіреді. Бұл – этнос



санасында «келіншек» ұғымының бақ құсы деген түсінікпен байланысты метафоралануы болып табылады.

Байырғы қазақтардың этномәдени санасында жыл құстарының келуімен, қайтуымен байланысты қалыптасқан түсініктер де бар. Мысалы, жыл құстары келіп жатқан, қайтып жатқан кезде баланы сүндетке отырғызбайды. Себебі пышақ тиген жер тез қарақотырланбай, ұзаққа созылып, құс көті болып кетеді дейді. Сондай – ақ жүйкесі әлсіз адамдардың сырқаты қозады деп, құс келгенде, құс қайтқанда оларды ерекше күтімге алады. Ел ішінде киесі бар құстарға бүркіт, үкі, аққу, қарлығаш тәрізді т. б. қанаттыларды жатқызған.

Бүркіт қырық қырсықтың бетін қайтарады деп, байырғы түсінікте қырсық шалған адамды бүркіттің жанына отырғызған; босана алмай жатқан әйелді Марту басты деп, жанына бүркіт әкеліп қоятын болған.

Үкі жың – шайтанды, басқа да зияндастарды жолатпайды деп, баланың бесігіне үкінің тұяғын байлап қоятын салт болған. Қыздың тақиясына тағатын үкінің қауырсыны әуелде сәндік үшін емес, ырым- жоралғыға байланысты түсініктен туған. Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда үкілі қызыл тақия киген қызға шүйіліп келе жатқан бүркіт, үкі қауырсынын байқағанда, тайқып шығатын көрінеді.

Аққуды киелі құс, киесі ұрады деген түсінікке орай қазақтар оны атқызбаған, атуға тийым салған. Ауруға, науқасқа аққудың өті шипа болады деген себеппен аққуды атып алатындай болса, немесе қршыға, лашынға ілдіретін болса, мал бауыздап, дұға оқытатын болған.

Ел ішінде кең тараған аңыздардың бірінде Төле би шаңырағында ұя салған қарлығаштың балапандары қанаттанып ұшып кеткенше тіккен үйін жықпай, жұртта жалғыз үй отыра берген көрінеді. Содан атақты би Қарлығаш би атанып кеткен деседі. Бұдан қазақтардың қарлығашты киелі тұтып, қастерлегені байқалады. Нұх пайғамбардың кемесі туралы діни аңызбен байланысты қарлығаштың адамға жақтасқаны туралы миф көптеген халықта бар, осыған орай қарлығашты киелі санап, ұясын бұзуға, өлтіруге тыйым салған.

Құс – көне түркі тайпаларының ұғымында көктің (аспан әлемінің) символы. Көкті түркілер тәңірі деп білген. Қазақ ертегілері мен аңыздарында құстардың алуан түрі: қарға, бүркіт, алтын құс, самұрық, торғай және т. б. кейіпкер ретінде көрінеді. Мысалы: Алпамыс батыр жырында құс туралы мына жол қатарлары кездеседі:

Алпамыс батыр түс көрді,  
Түсінде жаман іс көрді,

Төсегінің үстінде  
Бір күшіген құс көрді  
Түсі суық құс екен,  
Бір түнде соны үш көрді,  
Ақырында Алпамыс  
Өзі барып ұшырды,  
Айбатымен қорқытып,  
Қайтадан жерге түсірді,  
Кәлласын кесіп денеден  
Өкпе – баурын пісірді,  
Бір сойқанның болғанын  
Ауылын жаудың алғанын  
Ақылмен байқап түсінді [4].

Табиғатпен туа бітіп, біте қайнасқан аңшылық, малшылық шарашылықты ерте дамыта білген далалық көшпелілер үшін көк аспанда қалықтап ұшқан қыран құстарды аңғара біліп, олардың қырағылығына тәнті болып, ежелден қолға қондырған сол дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.

Очень простым и эффективным в сельской школе может стать также просмотр и обсуждение художественных и документальных фильмов по духовно-нравственной проблематике. Тематический выбор при этом может быть очень широким. Главное, что требуется при этом от педагога и от социального педагога, как организаторов, – неформальный подход к проведению мероприятия.

Интересным и познавательным, развивающим может стать также краеведение, организация туристических походов, поисковых отрядов, экологических бригад по охране окружающей среды. Все это воспитывает у формирующейся личности чувство ответственности за себя, своих товарищей, страну в целом, развивает организаторские способности, самостоятельность в принятии решений, патриотические чувства, да и любопытство как основание творчества.

Организация волонтерской деятельности по принципу «тимуровских отрядов» также сформирует важные, социально актуальные качества школьников, подготавливает их к активной жизненной позиции, в том числе в учебной деятельности. Тимуровское движение, хорошо описанное в известном произведении А. Гайдара «Тимур и его команда», подзабытая, но эффективная форма благотворительности, формирует социальную совесть молодежи и состоит в неформальной, добровольной помощи односельчанам: в уборке урожая, помощи в починке сломанной двери; помощи одиноким пенсионерам и т. д. Такое дело на практике рождает чувство сопричастности к делам взрослых, рождает мотивацию оказания социальной помощи ближним, сверстникам. Проведение учителями на селе также таких объединяющих,



«патриотически заточенных» игр, как «Зарница», воспитывает в молодых гражданах дух социальной ответственности. Восстановление этой традиции при проведении досуговой деятельности – важный вклад в развитие современных школьников, их творческих задатков, а главное, учит их сопричастности к делам государства и личной ответственности за свою судьбу.

Грамотная организация разносторонней досуговой деятельности школьников активно участвует в профилактике противоправного поведения учащихся, развивает в них упорство при достижении целей, в том числе учебных, формирует дефицитные сейчас нравственные качества личности, в которых нуждается каждое государство. Такая деятельность содействует складыванию особой социокультурной среды гуманных взаимоотношений между всеми участниками сельской коммуникации [5, с. 10].

По мнению многих ученых, нужны немедленные существенные инвестиции в сельское обучение и культуру села. Нерешенной и болезненной проблемой остается повышение квалификации сельских учителей. Невелика еще доля педагогов, прошедших курсы повышения квалификации по использованию новых педагогических и социально-педагогических технологий. Можно привести такие цифры: 2010 год - 50%, 2011 год - 84%, 2012 год - за 1 полугодие исполнение – чуть более 50%. Однако, есть парадокс: курсы по 12-летнему образованию уже разработаны, их прослушали многие учителя, однако, сам переход так и не состоялся. Анализируя причины невысокого качества знаний сельских школьников, отметим все же главную: качество педагогического состава. В сельской местности доля учителей высшей категории, профессионалов своего дела составляет всего 14% [6, с. 27].

На фоне развернувшейся стратегической борьбы за повышение уровня образования в сельских школах, мы считаем, что, во-первых, в этой работе необходимо полноценно воспользоваться программой уровней курсов Национального

центра повышения квалификации «Өрлеу». Данная программа рассчитана на формирование у учителя навыков критического мышления (рефлексии), способности к самосовершенствованию, овладению методикой активизации процесса обучения. В Приказе и. о. Министра образования и науки РК указаны требования для учителей, согласно которым педагог может пройти уровневые курсы, а также принципы и цели данных мероприятий [7, с. 4]. Но требуется также, чтобы сам педагог активно стремился внедрить те новшества, информацию о которых он получает от высококлассных специалистов, был мотивирован на это материально. Наряду с этим, на наш взгляд, вполне возможно провести эксперимент по обмену учителями между школами, как это делается, например, в США.

Результаты исследования PISA, как известно, засвидетельствовали дефицит сформированности у казахстанских школьников ряда актуальных умений: анализировать процессы проведенных исследований, составлять прогнозы на основе имеющихся данных, интерпретировать научные факты, интерпретировать графическую информацию и пр. [8, с. 95]. Было бы целесообразно в сельских школах широко практиковать проектную деятельность, направленную на совершенствование родного края и собственной школы. При этом ребята смогли бы на практике оттачивать требуемые умения. Пусть школьники сами, своими силами, организовывают различные воспитательные мероприятия, широкий круг которых презентован в казахстанской учебно-методической литературе [9, с. 70-78]. Это позволяет развить у молодых людей навыки рефлексии и самовоспитания. Необходимо также расширение социально-партнерских отношений между школами и семьями сельских учеников, благотворительными фондами и школами, что создает возможность привлечения дополнительных внебюджетных средств для материальной поддержки и технологического развития сельских школ, ее инфраструктуры, инновационных возможностей.

#### Список использованной литературы:

1. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на республиканском совещании по вопросам агропромышленного комплекса (Астана, 5 марта 2007 года.) // <http://www.zakon.kz/83575-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>.
2. The Justice Policy Institute. *Education and Public Safety*. – Washington, D. C., 2007. – 17s.
3. Есжанов А. *Преступность несовершеннолетних*. Астана, 2011. – 418с.
4. А. Сактаганова А. *Преступность несовершеннолетних*. «Дети в клетке». // <http://www.kazreferat.info/read/prestupnost-nesovershennoletnih-detki-v-kletke-MTUyMDg5>
5. Приказ и. о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 4 января 2013 года №1 «Об утверждении Инструкции по организации повышения квалификации педагогических кадров». - Астана, 2013. - 10с.
6. *Сельская школа: финансирование роста. Краткий отчет / Центр исследований «Сандж»*. - А., 2008. – 64с.
7. Михайлова А. *Семь основных причин подростковой преступности и пути их решения*. 2014 // <http://www.garant.ru/article/526482/>.
8. Кусаинов А. *Качество образования в мире и в Казахстане*. - Алматы, 2013. - 196 с.
9. Садуақасова З. М. *Инновационные формы учебно-воспитательного процесса в вузе*. - Алматы, 2015. - 97 с.

**Рамазанова Самал Амиргалиевна**

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы

**Алимова Айгерім**

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ**

*Түйін: Мақалада жасөспірімдердің зиянды әдеттерден аулақ болуы туралы мәселелер қарастырылады.  
Summary: The article examines the topics such as the avoidance of teenagers from harmful habits*

«Біздің жас мемлекетіміз өседі және орнығып, нығаяды, онымен бірге біздің балаларымыз бен немерелеріміз де өсіп жетіледі. Олар өз ұрпағының жауапты және жігерлі, әрі жақсы білім алған, денсаулығы мықты өкілдері болады. Бізге өз қоғамымызды құра отырып, біздің азаматтарымыздың өмір бойы дені сау болуы және оларды таза табиғи ортаны қоршап тұруы үшін кең өріс ала түсетін күш-жігерлерді қолдану қажет. Осы мақсатты іске асырудағы аурудың алдын алу және салауатты өмір салтына ынталандыру»- деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында атап көрсетті [1].

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден бас тарту қажет. Зиянды әдеттерге темекі, ішімдік, есірткі және уытты заттар жатады. Бұл заттарды ұзақ уақыт, кейде тіпті аз ғана уақыт пайдаланғанда организмде психикалық және тәндік тәуелділік дамиды. Зиянды заттарға әуестенудің барлық түрі соңында ауыр науқастыққа шалдықтырады. Бұл аурулар ұзақ әрі арнайы емдеуді қажет етеді.

«Зиянды әдет- қоғамдық дерт». Қоғамның ілгері дамуына кері әсерін тигізіп, жас ұрпақтың санасы мен өмірін уландыратын ауыр әрі қауіпті кеселдердің бірі-маскүнемдік, нашақорлық, шылым шегу екенін біліп, одан аулақ болуымыз керек.

Х. Қ. Сәтбаева және т. б. ғалымдар өзінің еңбектерінде денсаулыққа залал келтіретін факторларды былайша жіктейді: [2].

- мәдениеттің төмендігі;
- дене шынықтыру жұмыстарының жеткіліксіздігі;
- санитарлық-гигиена туралы мәліметтер туралы көпшіліктің жете білмеуі;
- дене салмағының қалыптан көп артуы;
- артық тамақтану;
- зиянды әрекеттерге әуесқойлық.

В. П. Петленко жүргізген зерттеулері бойыша, денсаулықтың құндылық ретінде жете бағаланбайтынын айтады [3].

Академик Н. М. Амосовтың пікірінше «Көптеген ауруларға табиғат, қоғам емес, адамның өзі ғана кінәлі. Бәрінен бұрын ол жалқаулық пен ашкөздіктен, ал кейде ақылсыздық істен де ауырады [4]. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші қазіргі кезде елімізде темекі шегу, маскү-

немдік және нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу өзекті мәселенің біріне айналды. Темекіге әуесқойлық, әсіресе жасөспірімдердің арасында қатты етек алып отыр, ал бұл қайғылы жағдайға соқтыратын құмарлық кесел екені бәрімізге белгілі.

Ал, мектеп оқушылары әсіресе, жоғары сынып оқушылары яғни жеткіншектер мен жасөспірімдердің зиянды әдеттерге әуес болуы, үлкен қауіп.

Осы жастағы жасөспірімдер өз келешегі туралы көп білгісі келеді. Олар бір сәттік қанағаттану сезімін іздеу олардың өмірін толық өзгертіп жіберетін: жүктілік, есірткілерді сақтағаны және есірткілерді, ішімдікті қолданғаны үшін қамауға алынатындығын түсінбейді.

Жоғары сынып оқушыларының арасындағы зиянды әдеттерге бой алдыру мынадай себептерден көрінеді:

- Жасөспірімдік шақтағы физиологиялық және психологиялық өзгерістер;
- Ересек болуға ұмтылу;
- Ортадағы беделдік;
- Өзін жоғары көрсетуге ұмтылушылық;
- Көңіл-күйдің тұрақсыздығы;
- Бұл кезеңдегі жетекші іс-әрекеттің ауысуы;
- Отбасылық сәтсіздік;
- Өз ортасындағы төмендетушілік;
- Күйзеліске төзе алмау;
- Әуестенушілік;
- Еліктеушілік;
- Өзін қоршаған адамдардың зиянды әрекеттерге бой алдыруы;
- Зиянды заттарды қолданудың салдарын толық, дұрыс ұғына алмау.

Сынып жетекшісі мен әлеуметтік педагогтің жоғары сынып оқушыларының арасында зиянды әдеттерден алдын алу бойынша ұйымдастыратын жұмыс түрлері төмендегідей:

- Мектеп оқушыларын зиянды әдеттер жайлы ақпаратпен ақпараттандырып отыру;
- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- «Тәуекел» тобындағы балаларды дер кезінде анықтау және оның алдын алу;
- Зиянды әдеттерге оқушыларда жағымсыз көзқарасты тәрбиелеу;
- Адам ағзасына зиянды әдеттердің теріс әсері туралы түсінік қалыптастыру;

- Ортаның қысымына қарсы тұра білу;
- Оқушыларды зиянды әдеттердің қоғамға келтіретін зиянды зардаптары туралы хабардар ету.
- Мектеп жасындағы балалардың тәуекел тобына кіруіне ықпал ететін факторлар:
  - Отбасындағы маскүнемдік пен қолайсыз жағдайлар;
  - Ата-аналардың зиянды заттарды қолдануы немесе ата-аналардың зиянды заттарға оң қарауы;
  - Академиялық үлгермеушілік, оның ішінде мектептен шығарып жіберу;
  - Сабаққа қатысуының төмендеуі;
  - Сабақтан тыс және бос кездеріндегі ата-аналарымен бірге болмауы;
  - Ата-аналардың өз балаларына уақытының жетпеуі т. б.

Сынып жетекшісі өзінің негізгі жұмыс бағыттарын оқушының сабақтан бос уақытын тиімді пайдалану мен ата-анасымен бірлесе отырып мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізуі қажет.

Жасөспірімдер арасында нашакорлық, ішімдік, темекінің таралуы ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Осы мақсатта 14-18 жастағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыстар кең ауқымда болғаны дұрыс [5].

14-18жастағы кезең даму үшін үлкен мүмкіндіктер береді, осы жастағы балалардың ата-аналары да өз балаларының өміріне үлкен қызығушылықпен назар аударады. Ата-аналардың көпшілігі осы жастағы өз балаларын үлкен адамдар сияқты қабылдайды. Олар өз балаларынан үлкен адамдарға тән қабілеттер мен мінез-құлықты көргісі келеді, сондықтан да осы жастағы өз балаларына іс-әрекеттің белгілі бір бостандығын береді.

Әдетте осы жастағы жастардың қолынан бәрі келеді деп ойлау қалыптасқан, мектеп сабақтары, сыныптан тыс қызметпен айналысу, жұмыс істеу. Көбінесе бәрін жақсы істеу деген тілек жоғары сынып оқушыларының «күйіп-жану» деп аталатын жағдайдың себебі болып табылады және стресске байланысты ақыл-ой мен дене ауруына әкеліп соғуы мүмкін. Осы жастағы балалар өздерін соншалықты тәуелсіз сезінеді. Сондықтан ата-аналар кейде өз балаларының өміріне ендігі жерде үлкен әсер ете алмайтынын сезе бастайды. Нәтижесінде кейбір ата-аналар өз балаларының өмірімен байланыс жасай алмайды, олардың, жоғары сынып оқушыларының бос уақытты ұтымды пайдалана

алмауы; жеткіншектер және жастар арасында зиянды әдеттерге бой алдыруға, жасөспірімдер қылмысы; ерте жүкті болу орын алады.

Балалардың қалыпты өсіп дамуына ең алдымен отбасы жағдайы және ата-анасы жауапты, осы мәселені кейбір кісілер дұрыс түсінбейді. Мұның арты өкінішті жағдайларға алып келіп жатады, сондықтан да мектеп пен ата-ана тығыз байланысты болуы тиіс. Жоспарлы ата-аналар жиналысы шеңберінен шығып, ата-ана мен жұмыстың өзге түрлерін қарастырған жөн деп санаймыз[5].

Жоғары сынып оқушыларын зиянды заттар қолданудан сақтандырудың алдын алу шаралары ретінде ата-аналарға нұсқау:

- Ата-аналар балаларының сезімін, тұлға ретіндегі қадір-қасиетін түсініп саналы түрде қарым-қатынас жасауы тиіс.

- Ата-аналар өз балаларын өзге балалардың көзінше кішкентай бала сияқты айыптамауы тиіс және оның іс-әрекетін талқыламауы керек;

- Ата-аналар балаларының түрлі кештерге, көңіл көтеретін жерлерге үлкендерсіз баруына мүмкіндік бермеуі тиіс;

- Ата-аналар балаларының стресске депрессияға ұшырамауын қадағалау керек және соған жеткізбеуге жағдай жасауы керек;

- Ата-аналар балаларының түрлі сұрақтарға жауап ретінде сенімді көздерден немесе маманнан ақпарат алуын қолдап отыруы тиіс;

- Ата-аналар балаларының жетістіктерін, адамгершілік қадір-қасиетін, қабілетін танып біліп соны нығайтуға күш салуы тиіс;

- Ата-аналар балаларымен көбірек араласып, олардың ішкі жан дүниелерін сезіне білуі және не туралы армандайтынын, ойлайтынын біліп отыруы тиіс;

- Ата-аналар өз өмірлерінің мәселелерін балаларымен бөлісіп отыруы керек;

- Ата-аналар балаларының бос уақытында қайда, кіммен өткізетінін, немен айналысатынын, достарының кім екенін білуі керек;

- Ата-аналар балаларымен зиянды заттар туралы, оның қауіпті әсері туралы еш қысылмай, ренжімей қалыпты әңгімелесуі тиіс және ата-ана мен баланың қарым-қатынасы күрделі болмай анық, жағымды жағдайда болуын ескеруі қажет [5].

Отбасында ата-ананың дұрыс тәрбиесі мен мектепте берілетін дұрыс ақпарат пен білім еліміздің ертеңі болатын ұрпақтың денсаулығын сақтауға көмегі зор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан халқына жолдауы: “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасы //Биология және салауаттылық негізі. -2009. -№5. -61-63бб.
2. Сәтбаева Х. Қ. және т. б. Валеология // Валеология. 2000. №4 37-46 бб.
3. Валеология человека. Здоровье-любовь-красота. В 5 томах. СПб: «Петроградский и К». Т. 1-3. -1998. -718с.
4. Амосов Н. М. Раздумья о здоровье. -3-е изд. -М.: ФиС, 1987. -65с.
5. Мектеп оқушыларын зиянды заттар қолданудан сақтандырудың алдын алу шарттары //Валеология. Денсаулық және өмірлік дағдылар. -2008. -№5. -29б.

**Молдасан Қуаныш Шорманқызы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының доцент м. а., п. ф. к., moldasank@mail.ru

**«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ ІЗГІЛІК ТӘРБИЕСІ**

*Түйіндеме.* Бұл мақалада Жүсіп Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері, басқару ұстанымдары айтылады.

*Резюме.* В этой статье рассматривается об основах и о принципах гуманного управления государством в педагогическом наследии Юсуфа Баласагуни.

*Summary.* This article discusses the basics and the principles of humane governance in the pedagogical heritage Yusuf Balasaguni.

Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан жас ұрпақ бойындағы парасаттылық, ұлтжандылық, ізгілік қасиеттердің рухани негізі ізгілік пен қайсарлықтың үлгісі халқымыздың салт-дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, дана халқымыздың ізгі істерінен бастау алады. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың: «Біз барлық мүмкіндіктерді жұмылдырып, қоғамымыздың ендігі жерде рухани түлеуіне, оның мәдениетін көтеруге, тарихын және мұрасын қалпына келтіруге, оны өркениет дамуынан кенже қалдырмауға ұмтылып отырмыз. Бұл өзімізді танудың әрі тәрбиелеудің, ең бастысы, жас ұрпақтың бойына шынайы отаншылдық сезім дарытудың жолы», – деуі бүгінгі таңда түркі халықтарына ортақ мұраларымызды әлемдік деңгейге көтеру арқылы түркі өркениетінің тамыры тереңде екенін, сондай-ақ, қазақ халқының өзіне тән қайталанбас педагогикалық мәдени мұралардың бастау көзі болып табылатын түркі жазба мұраларындағы тәлім-тәрбиелік қағидалардың маңызы зор екендігін көрсетеді [1].

Қазақ дүниетанымының өзегі саналатын құндылықтың әрбір тынысы, әрбір сөз орамы мен ой-түйіні ізгілікпен байланысты. Қазіргі кездегі саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер ел өмірінің, сондай-ақ адам өмірінің барлық саласына өзінің әсерін тигізді. Айналадағы құбылыстарға, заттарға, адамға деген ішкі сана-сезім, көзқарас, қарым-қатынас түбірімен өзгерді. Адамдардың, қоғамның құндылықтары мен қызығушылықтары да басқаша сипат алды.

Айналадағы болып жатқан өзгеріс, сөз жоқ, адам санасына әсер етеді. Заман қанша құбылса да, адамның адамгершілігі, азаматтығы, адалдығы бәрінен асқақ болуы керек. Қазіргі кезде жастарымыздың жан-дүниесі мен рухани әлемі өз халқының салт-дәстүрінен ажырап, шет ел мәдениетіне бой алдыруы-ойланарлық мәселе. Бұған тосқауыл болу керек. Ол үшін жалпыадамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани ағартушылық қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың меншігіне айналдыру - қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе. Адамгершілік қасиетімізді жетілдіру арқылы ізгілікке, инабаттылыққа, парасаттылыққа

үйретуге баса көңіл аудару – басты парызымыз. Адамгершілік мінез-құлық пен ізгіліктен, кісіліктен, әдептіліктен абзал қасиет жоқ. Адамгершілігі мол адамдар қайырымды да мейірімді, иманды келеді, ол айналасымен, ел-жұртпен сыйластықта, ынтымақтастықта, бірлік пен татулықта өмір сүреді. Ізгілік салтанат құрған қоғамның абыройы жоғары, тіршілігі шуақты болмақ. Ізгілік идеясы өркениеттік құбылыстардың барлық кезеңдерінде болған. Ол адамның ішкі дүниесі, болмысы деп айтсақ та жарасады. Атақты ойшылдар, заманынан озып туған кемеңгер ғалымдардың ұлағатты сөздерінде ізгілік идеясы әрдайым көрініс тауып отырған. Ол тек бүгін ғана пайда болып, бүгін ғана өріс алып, дамып отырған жоқ. Қайта, қазіргі кезде ізгілік идеясы бәсеңдеп, адамның жүрегінен орын таппай, бізден алыстап бара жатыр ма деген ойға қалатын жағдайға жеттік. Мемлекеттен саясат алыстай алмайтыны сияқты, ізгілік те мемлекеттен бөлек дами алмайды. Ізгілік ұғымының тамыры тереңде жатыр. Әрбір елдің, тұтастай алғанда, барлық әлемдік қауымдастықтың болашағы жастарға тікелей байланысты. Ендеше, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінен қол үзбеу жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытады.

Қай халықтың болмасын, өзге жұртқа ұқсамайтын бітім - болмысы, өзіндік тағдырын айқындайтын басты ерекшелігі болады. Қазақ халқындағы перзент тәлім-тәрбиесінің ана құрсағынан басталуы өзге халықтан ерекшелігімізді, тектілігімізді көрсетеді.

Осы орайда, ХІ ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпан, ойшыл, қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының маңызы зор. Жүсіп Баласағұн өзінің құнды мұрасында адамгершілікті, адалдықты, адамды сүюді жырлайды. Дастандағы негізгі идея – ел мүддесін ойлайтын адал басшының бейнесін көрсету арқылы әділетті қоғам орнату, мемлекетті дұрыс басқару, білімді игеру, ақылды, қанағатшыл және ізгілік, кісілік қасиеті бар тұлға тәрбиелеу. Дастанға тән ерекшелік – адамның кісілік қалпын сақтауы. Әр



түрлі адамдар арасындағы қоғамдық мінез-құлық ережелерін, билеуші мен бағынушы арасындағы қарым-қатынас туралы баяндайды. Ұрпақтан ұрпаққа мұра боп қалған бұл дастанда қоғам туралы, адам баласының асыл қасиеті ізгілік туралы айырқша жырланады. Бойынан адалдық, ізгілік қасиеттер табылмаған адамдар өтірікші, қатыгез, өзіншіл, енжар, тоғышар, өркөкірек болады дейді. Сонымен қатар ақын:

Егер қолың ұзын болса, халыққа  
Ізгі қылық, ізгі сөзбен жарылқа!

Жігітшілік өтер, өшер тірлігің,  
Дүние – түс, көшерсің тез бір күні.

Ізгілік – олжа. Тірлігіңді олжа қыл,  
Соңыра ол – жер, киелің, болжағын!

Тыңда, кісі ізгілері не деді:  
«Жүрген – тынып, туған ақыр өледі!»

Жалғанға сан жаңылыс ер келді, көр,  
Біраз жүріп, ақырында өлді көр.

Бек пе, құл ма, мейлі, жақсы-жаман ба,  
Өзі өлді, қалды аты - ізі ғаламда.

Тірі өлер, ақыры жер жастанар,  
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар. [2;98;]

Ел басқарудағы мәнапқорлық, әділетсіздік, жағымпаздық елдің тозуына әкеп соғады. Ел басшысы болсаң, әділ бол, әділет ізгілікке жетелейтін басты қасиет екенін естен шығармауды сипаттайды. Ел билеуші адамның байлыққа мас болмай, халықтың жағдайын жасап, соңында ізгілікті іс қалдыруын айтады. Парасатты адамға тән қасиет – қайырымдылық, әділеттілік, кішіпейілділік шыншылдық. Адам тумысынан текті болса, ол өзінің ізгі қасиетімен қайырымды адам ретінде елдің есінде қалады. Ол ізгі жанның мінезі мен іс-әрекеті кейінгі ұрпаққа үлгі болады. Кім ізгі қасиетке ие болса, сол ел басшысы болуы керек дейді. Дана ойшылдың: «Жақсы мінез-құлық пен ізгілік, адамға құрметпен қарау, басқарушының халқымен жақсы қарым-қатынасы қоғамды тек ізгілікке, жақсылыққа бастайды. Мұндай ізгі бекті елі еш уақытта ұмытпайды», – деуі, «Құтты біліктегі» мінсіз қоғам идеясы, қоғамды ізгі басқару мәселесінде адам мінезін, болмысын терең сезіне толғануы Жүсіп Баласағұн философиясының қазіргі таңдағы ізгілікті басқару мәселесінде ғылыми таныммызды кеңейтіп, рухани бастау болмақ. Жүсіп Баласағұн мемлекеттің дамуы, көркеюі ел басшысының ақыл-парасаты мен біліміне, мінез-құлқына байланысты дейді. Қандай басшы болса да басқару ісінде ақылмен іс қылуды, ең алдымен, адамдық қаси-

етті ұстануы керек. Өз мүддесінен қара халықтың мұң-мұқтажын жоғары қойып, халқына ізгі іс жасаған басшының ғана беделі арта түседі. Олай болса, басқару мәселесінде ғұлама ұстанған рухани құндылықтар: қайырымдылық, ізгілік, адамгершілік, адалдық, шынайылық, парасаттылық, тәрбиелі адамға тән іс-әрекет. Қайшылықты өмірде кездесетін әр түрлі әлеуметтік мәселелерді шешу мен жүзеге асыруда жаны таза басқарушы ғана кез келген мәселені әділеттілікпен шешеді, яғни «Құтты білік» дастанының әр шумағы – басқарушының бойындағы ел басқаруға лайық мінез-құлықтың қоғамда алатын орны туралы философиялық ой - толғамдарға толы.

Зерттеуші ғалым Н. Келімбетов «Құтты білік» дастанындағы ел басқару мәселесі туралы: «Шынында да, «Құтты білік» дастаны ислам дәуірінің моральдық-этикалық нормасын бейнелейтін заң іспеттес болды. Ал, бұл заңның орындалуын Жүсіп Баласағұн патшадан да, қарапайым диқаннан да, бек пен әскер басынан да бірдей талап етті» -дейді» [3]. Ал, мемлекетті басқарудағы адамның осы тұлғалық ерекшелігінің аса қажеттілігі түркі әлемінің ұлы ғұлама-ойшыл Жүсіп Баласағұн бабамыздың еңбегінде толық ашылған.

Ұлы ойшыл ізгілікті, қайырымдылықты, тектілікті бәрінен де жоғары қояды.

Бек білімді, зерек болсын – қырағы,  
Тосын қырсық сонда ығып тұрады.

Мың қасиет керек, қылық мәнді, ірі,  
Ізгі атың қалу үшін мәңгілік!

Асыл текті адам ұлы, парықта,  
Білікпен тек, болды сара, даңқты.

Жақсы тектен туар жақсы адам да,  
Жақсы жандар төрге шығар әмәнда.

Шыншыл, сара болу керек ел бегі,  
Көңіл, тілі – түзу, дара, зерделі!

Шыншыл, сара басшы керек халыққа,  
Халық үшін түсіп шығар тамұққа!

Жасай алар ізгілік пен ірілік,  
Заң, ұятты сақтай білер жүгініп! [2;245]

Жақсы мінез-құлық, ізгілік туралы айта келіп, ақын екі жүзділікті, жылпостықты, еріншектікті, имансыздықты сынайды. Адамды өркөкірек, ойсыз болудан сақтандырады. Кісілік, ізгілік үлкенге де, кішіге де керек қасиет деп біледі. Жүсіп Баласағұн адамның дамуы, өсуі – тәрбиенің жетістігі дей отырып, адам бойындағы ізгілік, ізеттілік, қайырымдылық – бәрі адамға тек тәрбие арқылы беріледі дегенді баса айтады. Ұлы ойшылдың «Құтты білік»

дастанындағы ізгілікті басқару принциптері мен ел басқару қағидаларының тәлім-тәрбиелік үлгілері, ел басқаруға қажетті идеялары қазіргі қоғамды дамыту, жаңарту саясатымен де тікелей байланысты. Жүсіп Баласағұнның мемлекетті, халықтың тұрмысын жақсартудағы әлеуметтік эстетикалық көзқарасының бүгінгі өркениетті қоғаммен сабақтастығы «Құтты білік» дастанының халықтық тәлім-тәрбиедегі тағлымды шығарма екендігін көрсетеді. Асыл мұрадағы басқару туралы ойлар – адамдар арасындағы өзара түсінушілікке, имандылыққа, ізгілікке бастайтыны сөзсіз. Дастан бәйіттерінде басқарушының бойындағы кішіпейілділік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, ұстамдылық сияқты қасиеттер жиі айтылады десек, дастандағы елбасы бейнесі былайша көрініс табады:

Халыққа алып ұлдар керек саспайтын,  
Ұлы істерде ұлы жорық бастайтын.

Жасай алар ізгілік пен ірілік  
Заң ұятты сақтай білер жүгініп.

Ел басқару ісіндегі басқарушының бақытқа жету жолы адамгершіліктен, қайырымдылықтан, білімділіктен, әділеттілік пен ізгіліктен бастау алатындығы, әділдік, жақсылық сияқты гуманистік принциптерімен қатар басқару ісінде ақылдылық, сабырлылық, сақтық, батылдық қағидасы айшықталады. Мемлекетті басқару ісінде барлық әрекеттің заңға негізделуі керек екенін де Жүсіп Баласағұн айтқан. Мемлекетті басқару ісін жетілдіруде билік иесі заңға сүйенуі шарт.

Адамды сыйлау, оған құрметпен, кісілікпен қарау – дастанның басты қағидасы. Дастанда адам бақытқа құт-берекемен, ізгі қасиеті арқылы ғана

жетуге болады деп тұжырымдайды. «Құтты білік» дастанындағы кейіпкерлердің де ізгілікті, құт - береке, бақ сипатын танытатын бейнеде алынуы да бекер емес.

Зерттеуші ғалым А. Егеубай Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы ізгілік туралы былай дейді: «Тарих тәлімі. . . Парасат сабағы. . . Дастанның тәлімі бүгінгі замандасқа да тағлым. Ғасырлар бойына халықты кісілікке баулыған жазушының да несімен қымбат? Несімен қызықтырады? Тағы да сол адамгершілік, имандылық дәстүрімен!. . . Ақиқатқа жығылған, әлеуметке адалдық дәстүрімен. Ежелгі дәуір ақынының әлеуметтік мұраттары қашан да әсерлі, ақиқаттың өз тіліндей ашық естіледі. Қоғамға, адамға зардап атаулыға ышқынған қарсылық, рухани жиреністің күйінішті үні сол тілден төгіліп көкіректерге жасындай жетеді» [2,38].

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбие құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіруде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны үлкен рөл атқарады. Өйткені, «Құтты білік» дастаны – түркі тілді халықтың қоғамдық ой-санасында орын алған рухани құбылысты тұтас қамтыған көркем туынды. «Құтты білік» дастанының мазмұны адамның жетілуінің шыңы – ізгілік екенін көреміз, яғни адам өзінің адами жетілуі мен кісілік кемелденуін, имандылығын өзгеге қайырым, жақсылық жасау арқылы ғана таныта алады.

Өз заманынан озық туған ұлы тұлғаның «Құтты білік» дастаны – тәлім-тәрбиелік құндылықтың қайнар көзі. Бұл дастан адам баласын ізгілікке, имандылыққа үндейді, рухани тазалыққа шақырады. Жүсіп Баласағұн еңбегі–бүгінгі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазына.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Назарбаев. Н. Ә. «Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы», Егемен Қазақстан, 2003. – 29 қараша.
2. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік». Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640б. 2 - басылым.
3. Келімбетов Н. «Ежелгі әдеби жәдігерліктер». – Астана. «Фолиант», 2004. – 223б.

**Молдасан Қуаныш Шорманқызы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының доцент м. а., п. ғ. к., moldasank@mail.ru

**ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ**

*Түйіндеме.* Мақалада ұлттық тәлім-тәрбиенің ұрпақ тәрбиесіндегі ролі туралы айтылады.

*Резюме.* В данной статье раскрываются роль национального воспитания в воспитании подрастающего поколения.

*Summary.* In this article reveal a role of national education, humanity, national idea and national spirituality in younger generation education.

Білім беру жүйесін дамыту мен білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу – заман талабы. Әр халықтың тарихи, мәдени ерекшелігі білім мазмұнын жаңартудың негізгі көзі болып саналады. Бұл ғылыми білімнің, іскерліктің жүзеге асуы болып табылады. Аталған жүйе негізінде тұлғаның ақыл-ойы, қабілеті дамиды, өзіндік көзқарасы, мінезі қалыптасады. Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық тәрбиеге кең өріс ашты. Білім беру жүйесі мен мазмұнының жаңа талаптарға сай болуы өмір қажеттілігінен туындап отыр. Өркениетке қадам басқан қоғамда жеке тұлғаны тәрбиелеуде ең алдымен, білім берудің ұлттық жүйесі адамның ішкі жан-дүниесін, рухани әлемін жетілдіру бағытындағы тәрбие ісі ұлттық тәлім-тәрбие арқылы жүзеге асуы қажет. Замана жетістіктері негізінде ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат ете отырып, жаңа қоғамға лайықты өмірден өз орнын табатын, зерделі тұлға тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Ұрпақ тәрбиесі – қай қоғамның, қай заманның болмасын көкейкесті мәселесі екені даусыз. Себебі, еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесі арқылы көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», – деп атап көрсетті. [1] Яғни, білім беру саласындағы реформалар әлемнің ең озық елдерінің даму дәрежесіне сай болу, заман үрдісінен көріну әлемдік мәдениетте білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналады.

Бәсекеге қабілетті, талғамы биік, жаңа заман адамын қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтары мен ұлы мұраларымызды зерделей білудің мәні ерекше. Ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ұлт тағдырын тереңнен бағалап, болашағын болжайтын тұлға ретінде танылады. Себебі, халықтық педагогика құндылықтары жас ұрпақтың бойында ұлттық сананы қалыптастырады.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің асыл арналары болып табылатын ізгілік, имандылық, парасаттылық ұғымдарының бастауы тарихта мәңгі аты қалған ғұлама өсиеттерінде, мақал-мәтелдер мен тыйым сөздерде, шешендік сөз өнерінде, жұмбақтарда, өлең-жырларда, дастандарда және дала данышпандарының нақыл сөздерінде ерекше көрініс тапқан.

Ғасырлар бойы ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бала бойына жастайынан тәрбие нәрін себетін ұлттық тәлімнің негізінде халықтық тәрбие мәселелерін қозғайтын ойлар жатыр. Жасөспірімді өнегелі қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері мол екенін халқымыз ежелден-ақ бағалай білген. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани жан-дүниесі бай адамды қалыптастыру баланың өмірге келген кезінен басталуы бекер емес.

Мұндай мақсатқа бағытталған жұмыс адамды еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизмге тәрбиелейді. Адамгершілік – әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы халқымыздың салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, отбасында қалыптасады. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Демек, жеке тұлғаға жан-жақты терең білім берумен бірге оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттері адамды құрметтеу, оған сену, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізеттілік, ізгілік, қарапайымдылықты ұялата білсек, жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сыйласымдық қарым-қатынастарында қалыптасады.

Бүгінгі таңда зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы сақтап келген халық педагогикасының негізінде ұрпаққа саналы тәрбие беру мен қатар ұлттық тәлім-тәрбиелік асыл мұралардың назарға алынуы бұл мәселенің көкейкестілігін айқындап отыр.

Ұлттық дәстүр, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесін жаңа сағыға көтеру міндеттерін жүзеге асыру туралы зерттеуші ғалымдар: «Қазіргі білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру процесі кезінде әр ұлт өз мемлекетінің рухани мәдени құндылықта-

рын сақтай отырып, әлемдік өркениетке кірігуі заңды құбылыс» [2;3], «Халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік, ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. . . Ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі», – деп атап көрсетті. [3;348] Мұндағы басты қағида – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы мәдени дағдыларды игеру, өзіне, сондай-ақ, өзгелерге де жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті арттыруда ұлттық тәлім-тәрбиенің мәні ерекше. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, көмек беру, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес негізінде ұлттық құндылықтар жатады.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Халқымызда: «Тәрбие – тал бесіктен» деген ұлағатты сөз бар. Отбасындағы ізеттілік, қайырымдылық, имандылық – бәрі балаға тал бесіктен берілетін алғашқы тәрбие. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты отбасы арқылы беріледі. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-балаларымыздың тағлымында баланы бесігінен-ақ, жақсы әдеттерге баулыған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамның борышы болып саналады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен танымы арқылы қалыптасады. Бұл – ұлттық тәрбиенің ең озық көріністері

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасырдың көкейкесті мәселелері тоғысқан кеңістігінде көне мұраларымыздағы адамның болашағын бағыттауға қажетті рухани күш, ізгі ілім, өшпес үлгідегі ақыл-кеңестердің ұлттық мәдениетіміз, тіліміз бен дініміздің бүгіні мен ертеңіне де негіз әрі тірек болары осыған дәлел. Кез келген халықтың рухани мұрасында әлемдік философияның, әлемдік педагогиканың ортақ қазынасын байыта түсетін құнды ой-пікірлер, пайымдаулар болатыны белгілі. Қазақ дүниетанымының өзегі саналатын құндылықтың әрбір тынысы, әрбір сөз орамы мен ой түйіні ізгілікпен байланысты. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Рухани-

лық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі адамды мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Адамгершілік тәрбие бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Қазіргі ақпараттық ғасыр мен ғаламдандудың күшейіп тұрған уақытында ұлттық идея мен ұлттық сананы қалыптастыруда ұлтымыздың салт-дәстүріндегі үлгі-өнеге, асыл қасиеттеріміз: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлылық, мейірімді болу, қайырымдылық жасау сияқты көптеген адамгершілік, ізгілік, өнеге-сипаттар жайлы ғұлама көзқарастары педагогика тарихын байытып қана қоймайды, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру үрдісіндегі мәнін арттыра түседі.

Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу ұлттық тәлім-тәрбиенің жемісі екенін дәлелдейді. Адам баласы мінез-құлқында отбасынан алған тәрбие мен тәлім арқылы білім мен ақылды ұштастыра білгенде өз орнын адаспай табады. Өйткені, ол қоғамда өзінің адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени - ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім берудің мақсаты: «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», – деп айқын көрсетілген [4;3].

Қазақтың көрнекті педагогы Ж. Аймауытов: «Өткен өмірде күн сайын адам қай бағытта машықтанып әдет етсе, егде болғанда да сол бағытта өзгереді. . . » дейді[5;142]. Бұдан шығатын түйін адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас көбінесе, іскерлік қарым-қатынастың адамгершілік және психологиялық үлгісін қалыптастырады. Ата-ананың болашақ бала тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады.

Жеке тұлғаның бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы қалыпта жүзеге асады, сөйтіп, оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.



Демек, ұрпақ тәрбиесінде ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет.

Қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер айналадағы құбылыстарға, заттарға деген адамның ішкі сана-сезімі мен көзқарасына, қарым-қатынасына өзінің әсерін тигізеді. Ендеше, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінен қол үзбеу жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытады. Ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңген имандылық қағидалары: адамдар арасындағы ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік

қарым-қатынас негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің сыры тереңде жатыр. Тәрбие беру, тәрбиелеу мақсаты қоғамның даму сұранысымен анықталады және оның өзіндік тәсіліне, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынына, педагогикалық теория мен практиканың дамуының жеткен деңгейіне, қоғамның, оқу орындарының, білім беруші мен білім алушы мүмкіндіктеріне тәуелді. Осындай тәрбие жұмысының түрлі формаларын есепке ала отырып, ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістемесін меңгеру аса маңыздылыққа ие.

Ендеше, қазіргі жаһандану процесінде ел болашағын ойлайтын, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдениеті мен ғылыми өресі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы міндет.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. *«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдау. 2014 жыл. 17 қаңтар.*
2. *С. Қалиев, Ж. Молдабеков, Б. Иманбекова. Этнопедагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007– 400б.*
3. *Ж. Әбиев. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480б.*
4. *«Қазақтың тәлімдік ой- пікір антологиясы»: 2 том. Құрастырған: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1998. – 416б.*

**Молдасан Қуаныш Шорманқызы**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының доцент м. а., п. ғ. к., moldasank@mail.ru

**Беже С.**

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының магистранты

**МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН  
ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Түйін:* Мақалада мүмкіндіктері шектеулі балалармен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы туралы айтылады.

*Реюме:* В статье анализируются о технологии социально-педагогической работы с детьми с ограниченными возможностями

*Summary:* The article analyzes the technology of social and educational work with children with disabilities

Әлеуметтік технология бұл объект және субъектінің қатынастарына емес, айтарлықтай дәрежеде субъект-субъект қатынасына негізделген технологиялық процестің бірден-бір түрі болуы ықтимал. Кәсіби көмек көрсетілетін әлеуметтік процестің қатысушысының әрекетінсіз, индивидтің жанұяның, топтың әрекетінсіз және келісуінсіз әлеуметтік технологияларды қайта құру мүмкін емес. Осыған байланысты, әрбір индивид өзі үшін және жақындары үшін әлеуметтік технолог болып табылады деп айтуға болады. Ол жүргізілетін қайта құруларға әрекет ете отырып немесе олардан бас тарта отырып, әлеуметтік басқару органдары қызметінің мақсаттары мен қызмет құралдарын бөлісе отырып немесе оған қандай да бір басқа мақсаттар мен қызмет құралдарын қарсы қоя отырып, әр түрлі деңгейлердегі әлеуметтік технологияның жүзеге асырылуына қатысады [1].

Сондықтан да болар, кез келген әлеуметтік технологияда қандай да бір фундамент, маңызды блок болады – әсер ету объектісі болып табылады. Қоғамды тұтасымен және оның құрылымдық элементтерін тұрақты және терең оқып-үйрену, бұл, біздің қоғамдағы іс-әрекеттер заңдылығын толық, әрі жетік білмеуімізбен емес, сондай-ақ оны құрайтын қоғам мен адамдардың өздері әрдайым өзгеріп тұратындығымен және де кешегі өте әсерлі жайлар бүгінде күлкілі және ескіріп қалған болып көрінетіндігімен түсіндіріледі.

Әлеуметтік технологиялық фундаменттің екінші бір маңызды блогы процестерді операцияландыру мен процедураларының бірлігі.

Әлеуметтік технологиялық фундаменттің үшінші блогы әлеуметтік технологиялардың жоғары субъективтік мазмұны әсер етуді өндіретін тұлғаның және әсер етуді басынан өткеретін тұлғаның мәні. Осыған байланысты әлеуметтік жұмыспен айналысатын адамдарда тек дана теориялық білім емес, сондай-ақ клиенттермен өзара әрекет етудің амалдары мен дағдылары болуы қажет.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың объектілері әр түрлі болып келеді, мүгедектер, балалар, девианттық бағыттағы жасөспірімдер, толық емес немесе көп балалы жанұялар және т. б.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстағы технологиялар деңгейіне байланысты төменгідей болып бөлінеді:

- жай (маман еместердің де қолынан келетін);

- күрделі, белгілі бір салада жұмыс істейтін маманда белгілі бір біліктіліктің болуын талап ететін;

- кешенді, әр түрлі салада жұмыс істейтін бірнеше маман да тиісті біліктіліктің болуын талап ететін.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мәні – әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыруда балаға көмек көрсету. Әлеуметтік құқықтар өте көп шектілі болғандықтан және тұлғаның әлеуметтік қызмет атқаруын қамтамасыз ететіндіктен, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс шешуге ұмтылатын проблемалар өте кең ауқымды және әр қырлы болып келеді, оған қоса нақты бір әлеуметтік жағдайда әлеуметтік проблемалардың әр түрлері мен типтері қиылысып отырады.

Ең алдымен, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс объектісі тек қана жекелеген тұлғалар емес, сондай - ақ олардың топтары болып табылады – жанұялар, еңбек және көршілес ұжымдар, жастар немесе кәсіби топтары, ұқсас қиындықтарды басынан өткеруші тұлғалардың бірігуі. Сондықтан да әлеуметтік педагогтардың әрбір іс - әрекеті, оның қолданатын әрбір технологиясы немесе әдістемесі индивидуалдық және топтық әдістерді үйлестіруі қажет, балалардың және ата - аналардың қатынастарының, жұбайлар арасындағы қатынастарының проблемаларын, қандай да бір кәсіпорын қызметкерлерінің жалғыз басты қарт адамдарды және мүгедектерді әлеуметтік қолдау үшін 309 үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімдері әрекет етеді, олар 31632 жалғыз басты қарт адамдарға қызмет көрсетеді.

Протезді-ортопедиялық көмекке 28 мыңнан астам адам мұқтаж, сурдотехникамен даму етуге – 60 мыңнан астам мүгедектер - естуі бойынша және 19 мыңнан астам мүгедектер көруі бойынша мұқтаждық білдіруде.

Мүгедектерді, демалыс және спортпен айналысуды ұйымдастыру бойынша нақты кепілдемелерімен қамтамасыз ету, осы бағытта мүгедектермен жұмыс істеу үшін, кадрларды даярлаудың тәртібі мен жағдайын анықтау проблемаларын заңдық тұрғыда шешу қажет[2].

Мүгедектіліктің негізгі себептері: бірінші орында жалпы аурудан болған мүгедектілік – 86 %, екінші орында соғыс және соған теңдестірілген мүгедектер – 6, 2 %, үшінші орында бала жастан мүгедектілік – 6 %, төртінші орында еңбектегі зақымданудан – 1, 8%.

Еңбекке қабілетті халық арасындағы мүгедектердің дамуына әлеуметтік және экономикалық факторлар әсер етеді, жұмыссыздық, тегін медициналық көмектің кепілденген көлемін алудағы қиындықтар, медициналық қызметтің жоғары-құны, ауыр созылмалы ауруларды өз уақытында қарамау және айқындамау.

Қалада дене бітімі және ақыл-ой дамуы жетіспейтін балалар үшін арнайы коррекциялық оқу-тәрбие мекемелерінің 8 типі бар, онда 3800 балалар мен жасөспірімдер бар. Осыған орай, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс проблемасын талдау бірінші этапта олардың тұлғалық, топтық, жанұялық және тағы сол сияқты негіздерді айқындайды. Алайда, осыны ескере отырып, әлеуметтік қызметкер клиенттің жағдайын тандаған кезде, оған көмек берудің нақты технологиясын тандағанда ең алдымен ол өзі әсер ете алатын және клиенттің әлеуметтік жағдайын тұрақтандыра алатын немесе жақсартып алатын, жедел сипаттағы проблемалар мен себептерді қарастыруы қажет.

Қазіргі өмірде әлеуметтік-экономикалық проблемалар маңызды рөл атқарады, және де олардың мәні бақылаусыз, экстенсивті дамып жатқан техногендік процестердің жағымсыз салдарларымен ғана емес – техногендік катастрофалармен, табиғаттың ластануымен анықталады.

Әлеуметтік саясаттың тармақталынуы үшін әлеуметтік-экономикалық проблеманың мәні зор және де ол көп жоспарлы болып келеді.

- Біріншіден, қандай да бір әлеуметтік мәселені шешу үшін қоғам мен мемлекеттің бөле алатын қаржылық қорының саны ең әуелі экономика жағдайына байланысты болады.

- Екіншіден, қоғамда көптеген проблема-

ларда таза экономикалық және таза әлеуметтік шектері, өзінің табиғаты бар.

- Үшіншіден, бірқатар экономикалық проблемаларды қоғамда әлеуметтік проблемаларды шешусіз мүмкін емес, елдегі реформаның жүргізілуі де осы реформаның барысында халықтың көп бөлігі өздерінің әлеуметтік және мүліктік статустарын жоғалтумен түсіндіріледі, яғни олардың жағдайы мүшкілдеген [3].

Сонымен қатар, халықтың білімділігін, дене және әлеуметтік денсаулықтың, әлеуметтік жете білушіліктің және саяси сауаттылығының өсуінсіз жаңа, жоғары технологиялы қызмет түрлерін дамыту, көп уәделік әлеуметтік технологияда жүзеге асыру мүмкін емес.

Әлеуметтік-педагогикалық проблеманың айрықша кешенін, мінез - құлықтық проблемалар құрайды. Индивидтердің немесе топтардың девианттық мінез - құлықтарын талдаған кезде әдетте маскүнемдер, нашақорлар, қылмыскерлер, жезөкшелер және т. б. бөліп қарайды.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс проблемалардың кешенділігі, әлеуметтік қайта құрулардың объектілері мен субъектілерінің күрделілігі, әлеуметтік ресурстардың шектеулі көлемінде. Жоғары мәнді және тиімді нәтиже алу қажеттілігі осының бәрі әлеуметтік-педагогикалық жұмысты технологияландыруды талап етеді, ал осы қызмет түрінің ерекшелігі әлеуметтік жұмыс арқа сүйейтін технологияның сипатын анықтап береді.

Айтып өткеніміздей, әлеуметтік-технологиялар тәртіпке келтіру және оптимизациялау мақсатында әлеуметтік процестер мен жүйедегі әсер етудің құралдары және әдістерінің жиынтығы ретінде анықталады.

Әрине, бұл функциялар әлеуметтік жұмыс технологиясының барлық жүйесінде тек жиынтық түрінде толық жүзеге асырылады, нақты жағдай да қандай да бір жиынтығы қолданылуы мүмкін.

Бұл мәселені тереңірек түсінуге, оның салдарларын болдырмауға әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық т. б. факторлар көмектеседі. Сондықтан да мүгедек балаларға көмектесу технологиясы – үлкендер мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әлеуметтік - экологиялық моделіне негізделеді. Бұл модельге сәйкес, мүмкіндігі шектеулі адамдар қиыншылықтарды ауруына сәйкес немесе дамымауына сәйкес емес, сонымен бірге оны қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаның олардың арнайы қажеттіліктеріне сай келмеуінен, қоғамдағы кері түсініктерден де болды.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Ю. В. Василькова, Т. А. Василькова *Социальная педагогика.* –М., 1999.
2. И. Н. Закатова *Социальная педагогика в школе.* –М., 1996.
3. М. М. Плоткин *Педагогические условия социальной реабилитации.* –М., 1994.

**Мамырбекова Гүльсан Ариповна**

к. п. н., доц. кафедры педагогики и образовательного менеджмента КазНУ им. аль-Фараби

## СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ УСПЕШНОСТИ СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ

***Резюме.** В статье проводится анализ воспитательного потенциала семьи, рассматриваются особенности семейного воспитания на различных этапах развития человечества, методы, принципы воспитания в семье, акцентируется значение семьи как главного фактора развития ребенка как личности, а также условия успешного воспитания детей.*

В истории развития общества проблема взаимоотношений семьи и школы в воспитании детей далеко не всегда решалась однозначно. Так, древние римляне считали, что только семья должна и может дать хорошее воспитание, а древние греки отдавали предпочтение школе. Древний философ Платон, вслед за Сократом считал, что истинное воспитание ребенок сможет получить только в государственных школах, куда надо направлять его с семилетнего возраста.

В средние века, когда религия имела сильное идеологическое влияние, считалось, что только в медресе, монастыре, в церковной или монастырской школе дети могут получить хорошее воспитание.

В XVIII и в начале XIX в. меняется взгляд на организацию воспитания. В семьях всех сословий традиционно проявлялась большая забота о воспитании детей. В народе оно чаще всего строилось по принципу «делай как я», то есть в основу семейного воспитания был положен авторитет родителей, их дела и поступки, семейные традиции. В качестве образца в первую очередь выступал отец, глава семьи. Его пример, как правило, был образцом для подражания мальчиков, девочки чаще учились у матери.

Так как крестьянские семьи нередко посещали разные беды пожары, голод, болезни и преждевременная смерть - дети лишались родителей и оставались сиротами. Тогда воспитание детей осуществлялось всем миром, общиной, а иногда и совсем посторонними людьми, которым отдавали детей в ученики. При этом четко срабатывала народная педагогика со всеми традиционными правилами и ясными представлениями о добре и зле, допустимом и запретном, разрешаемом и невозможном.

В дворянских и состоятельных семьях воспитанием занимались кормилицы и няни, приставленные к маленькому барину в услужение. Они прививали любовь к родному краю, родной природе, родному языку; воспитывали «патриотический дух», передавали вместе с народными песнями и сказками народные представления о правде и справедливости, о чести и достоинстве.

Взрослеющих детей передавали на воспитание иностранным гувернерам и гувернанткам, ко-

торые учили правилам хорошего тона, светским манерам, языкам.

Вообще в явлении гувернерства заложен глубокий положительный смысл: нотации и нравоучения читает чужой человек, которого за постоянные замечания можно и не любить, над которым можно подшучивать, подтрунивать. Родители же одаривают детей лаской, положительными эмоциями, поэтому о них дети всегда вспоминают с обожанием и глубоким уважением.

Современные педагоги и психологи утверждают, что даже несколько месяцев «лишения любви» наносят умственному, нравственному и эмоциональному развитию ребенка до трехлетнего возраста непоправимый урон. То есть именно в самом раннем детстве закладывается фундамент всей последующей духовной жизни человека, а от прочности этого фундамента, от того, из каких материалов он сложен, и зависит, какое сооружение потом можно будет на нем воздвигнуть, какой величины и сложности. Значит, создание духовной основы личности и есть цель, смысл семейного воспитания.

Семейное воспитание - общее название для процессов воздействия детей со стороны родителей и других членов семьи с целью достижения желаемых результатов. Определяющая роль семьи обусловлена ее глубоким влиянием на весь комплекс физической и духовной жизни растущего в ней человека. Чем лучше семья и чем лучше влияет она на воспитание, тем выше результаты физического, нравственного, трудового воспитания личности. Семья стоит у колыбели формирования личности в самом прямом смысле, закладывает основы отношений между людьми, формирует ориентации на всю оставшуюся трудовую и социальную жизнь человека. Влияние семьи на ребенка сильнее всех других воспитательных воздействий.

Методы воспитания в семье - это пути, с помощью которых осуществляется целенаправленное педагогическое влияние родителей на сознание и поведение детей. Всеми родителями используются общие методы семейного воспитания: убеждение, личный пример, поощрение, наказание.

Вся система воспитания детей в семье строится на следующих принципах:



1. Собственный стиль поведения родителей должен отвечать их стремлению хорошо воспитывать детей.

2. Родители должны обеспечивать соответствующие условия, при которых различные виды полезной деятельности постепенно сформируют личность ребенка.

3. В семье должно быть единство требований всех членов семьи. Отсутствие единых требований приводит к «раздвоению личности», к выработке приспособленческих навыков.

4. Наличие авторитета родителей. Что же такое авторитет? Это духовное воздействие родителей на формирование сознания и поведения детей, основанное на уважительном и доверительном отношении ребенка к мнению отца и матери.

Какие родители авторитетны? Те, кто может оказать ребенку реальную помощь в учебе. Авторитетны и те родители, которые любят своего ребенка и оказывают ему постоянное и систематическое внимание.

Но нельзя путать авторитет с авторитаризмом. Авторитаризм - стиль руководства, основанный на беспрекословном подчинении.

5. Разумность родительской любви. Чрезмерная родительская любовь характеризуется, прежде всего, повышенным вниманием взрослых к ребенку, проявлением слишком большого интереса к его делам, бездумным выполнением всех его желаний и прихотей.

Нельзя любить ребенка в ущерб себе и другим членам семьи, окружающим людям. У него может возникнуть тенденция к господству над окружающими, навязыванию им своих взглядов. Это мешает формировать самостоятельность, тормозит процесс взросления, ведет к неправильному развитию личности.

6. Традиции в семье. Семья - это небольшой коллектив, и его, конечно же, скрепляют традиции - устойчивые формы. Они могут проявляться в виде праздников, совместных прогулок. Традиции всегда поддерживаются определенными членами семьи. Традиции очень важны, поскольку благодаря ним молодое поколение учится ценить и уважать семейную атмосферу и понимать важность семьи.

7. Учет особенностей пола ребенка.

Замечательный педагог В. А. Сухомлинский призывал родителей к тому, чтобы они не забывали, что в семье живут девочка и мальчик. Образцом для девочки всегда служит мама. Именно у нее она учится готовить, стирать, перенимает другие хозяйственные навыки, учится быть мягкой, терпеливой, разумной, т. е. «хранительницей домашнего очага». Образцом мужского поведения является отец.

Основными условиями успеха в воспитании детей в семье можно считать наличие нормальной

семейной атмосферы, авторитета родителей, правильного режима дня, своевременного приобщения ребенка к книге и чтению, к труду.

Нормальная семейная атмосфера - это осознание родителями своего долга и чувства ответственности за воспитание детей, основанного на взаимном уважении отца и матери, постоянном внимании к учебной, трудовой и общественной жизни, помощь и поддержка в больших и малых делах, в бережном отношении к достоинству каждого члена семьи, постоянном взаимном проявлении такта; организация жизни и быта семьи, в основе которой лежит равенство всех членов, привлечение детей к решению хозяйственных вопросов жизни семьи, ведению хозяйства, к сильному труду; в разумной организации отдыха в участии в спортивных и туристских походах, в совместных прогулках, чтении, прослушивании музыки, посещении театра и кино; взаимная принципиальная требовательность, доброжелательный тон в обращении, задушевность, любовь и жизнерадостность в семье.

Созданию высоконравственной атмосферы в семье способствуют семейные традиции, крепкие устои и принципы. К ним относится проведение общественных и семейных праздников по случаю дня рождения взрослых и малышей. Подготовка детьми и взрослыми подарков, вручение их при особом эмоциональном подъеме создают ту атмосферу торжественности, радости и счастья, которая формирует духовную культуру, «цементирует» семью как коллектив.

Важным условием успеха в воспитании является авторитет родителей и старших братьев и сестер. Отец и мать уполномочены воспитать достойного члена общества, на этом и основывается их родительская власть и их авторитет в глазах детей. Родители являются самыми близкими и дорогими людьми для детей, поэтому дети хотят подражать отцу или матери, быть похожими на них. Поэтому родители обязаны показывать пример своим детям во всем. Нормальные взаимоотношения детей и родителей в семье строятся на взаимном уважении и доверии друг к другу. Дети видят в родителях советчиков во всех своих делах, помощников в борьбе с разного рода трудностями, истинных друзей, с которыми можно поделиться и радостями, и заботами. Родители должны предъявлять к детям высокие требования, одновременно глубоко уважая их личность.

Успешным воспитание в семье будет при соблюдении четкого режима дня для детей. Режим дня включает весь распорядок дня ребенка в течение суток - время на полноценный сон, закаливающие процедуры, на упорядоченный прием пищи, на все виды труда и отдыха. При этом учитываются возраст и состояние здоровья ребенка. Режим дня должен иметь воспитательное значение, что воз-

можно лишь при обязательном привыкании к его выполнению без напоминания взрослых. Со стороны старших должен осуществляться контроль за качественным выполнением режимных моментов и трудовых поручений, оценка их, помощь при возникших затруднениях.

Особое место в воспитании ребенка в семье следует отвести чтению. В дошкольном возрасте ребенок особенно любит слушать сказки, которые ему читают взрослые, рассказы из жизни людей и животных. Из книг он узнает о хороших людях, об их делах, узнает о животных, растениях. В сказке побеждает всегда сильный, ловкий, справедливый, честный и трудолюбивый человек, а злой, недобрый карается людьми и обществом. Слушая сказку, ребенок не остается равнодушным к судьбе героя он переживает, волнуется, радуется и огорчается, то есть у него формируются чувства, постепенно зарождается интерес к книге. С поступлением ребенка в школу, когда он научится читать, важно закрепить интерес и выработать навык самостоятельного и систематического чтения. Этот навык не появляется сам по себе, нужна согласованная и умелая работа школы и семьи. Только это приобщит ребенка к чтению, и он начнет считать книги своими спутниками в приобретении новых знаний. Зародившийся интерес к чтению приведет ребенка в библиотеку, в книжный магазин. У него будут свои герои, которым он будет подражать.

Трудно переоценить значение труда в жизни человека. Физический труд обеспечивает высокий жизненный тонус мышц и всех органов человека улучшает все физиологические процессы в организме - правильное дыхание, кровообращение, обмен веществ, рост всего тела и отдельных органов. Физический труд является средством борьбы с утомлением, особенно для лиц занимающимся умственным трудом. Трудовое воспитание является неотъемлемой частью всестороннего развития личности. По тому, как ребенок будет относиться к труду, какими трудовыми умениями он будет обладать, окружающие будут судить о его ценности.

Важным условием успешного воспитания детей является единство требований, предъявляемых к детям всеми членами семьи, а также единые требования к детям со стороны семьи и школы. Отсутствие единства требований между школой и семьей подрывает авторитет учителя и родителей, ведет к потере уважения к ним.

Развитые в раннем возрасте духовные потребности, умение общаться со сверстниками и взрослыми обогащают личность ребенка, требуют применения возможностей в обществе. А применить их можно, доверившись коллективным формам воспитания.

Продолжая семейное воспитание чрезвычайно важно найти ключ к сочетанию воспитания семейного и общественного, потому что сочетание

такое желательно и совершенно необходимо. Ведь в ранние годы жизни ребенка семья нужна для формирования определенных областей человеческого сознания, человеческой психологии, и отсутствие ее влечет за собой печальные и далеко идущие последствия, такие, например, как правонарушения. Того времени, которое дети проведут дома, после яслей, детского сада, школы вполне хватит, чтобы семья сыграла предназначенную ей роль.

Общественные формы воспитания должны совершенствоваться не в противовес семье, не взамен ее, а как средство, которое, органически сочетаясь с домашним воспитанием, дополняет его, обогащает, необычайно расширяет его «диапазон». И нисколько не освобождает родителей от их родительского долга, нисколько не зачеркивает того, что выращивание детей является основной социальной функцией семьи. Но зато обязывает родителей внимательно координировать свои усилия с внесемейными воздействиями на ребенка, обязывает активно участвовать в работе тех учреждений, где он учится и воспитывается, обязывает помогать педагогам в воспитании детей.

Единство усилий, постоянный дружеский контакт семьи, школы и общественности - это то, к чему мы должны стремиться, это залог верного успеха в воспитании подрастающего поколения.

Итак, каким бы замечательным ни было воспитание общественное, где конечным назначением является формирование идеалов, формирование личности ребенка закладывается в семье, под воздействием родительской любви во имя его будущего, под воздействием авторитета родителей, семейных традиций. Ведь все то, что он видит и слышит в семье, он повторяет, подражает взрослым. А этот этап собственных действий ребенка (именно действий, а не поступка) - ключевой в формировании личности. Благодаря этому совершенному действию ребенок входит в контекст социальных отношений, уже играя определенную социальную роль. Воспитательный процесс в семье не имеет границ, начала или конца. Родители для детей - это жизненный идеал, ничем не защищенный от детского пристального глаза. В семье координируются усилия всех участников воспитательного процесса школы, учителей, друзей. Семья создает для ребенка ту модель жизни, в которую он включается. Влияние родителей на собственных детей обеспечивает их физическое совершенство и моральную чистоту. Семья формирует такие области человеческого сознания, которые только ей и дано по настоящему формировать. А дети в свою очередь несут в себе заряд той социальной среды, в которой живет семья.

В настоящее время в связи с многочисленными кризисами экономики и политики страны проблемы семьи и семейного воспитания приобрели особую актуальность. Несмотря на то, что пробле-

мы семьи долгое время были несколько отодвинуты на второй план, сейчас важность семьи постепенно возрастает: осознается ее роль в развитии подрастающего поколения.

Также мы определили, что духовное богатство личности, ее взгляды, потребности и интересы, направленность и способности во многом зависят от того, в каких условиях протекает их формирование в детстве и юношеские годы. А так как родители составляют первую общественную среду ребенка, соответственно личности родителей играют существеннейшую роль в его жизни. Развитие интеллекта и творческих способностей, познавательных сил и первичного опыта трудовой деятельности, нравственное и эстетическое формирование, эмоциональная культура и физическое здоровье детей - все это зависит от семьи, от родителей, и все это составляет задачи семейного воспитания.

Таким образом, можно сделать вывод, что семья - это первая школа общения ребенка. Семья - это главный фактор развития ребенка как личности. Семья располагает благоприятными условиями для эстетического воспитания детей. С ростом ребенка восприятие прекрасного обогащается при посещении культурных мероприятий, театров, музеев, выставок и т. д. Большую воспитательную силу имеет эстетика быта и внешнего вида самого ребенка и его родителей.

Исходя из вышесказанного, можно сделать вывод, что семейное воспитание играет основополагающую роль в воспитании ребенка.

Также стало ясно, что воспитание не происходит само собой. Семейное воспитание ребенка

строится на определенных принципах, выработанных поколениями.

Каковы же условия успешного семейного воспитания?

Успех воспитания в семье может быть обеспечен в том случае, когда созданы благоприятные условия для роста и всестороннего развития ребенка. Определяющая роль семьи обусловлена ее глубоким влиянием на весь комплекс физической и духовной жизни растущего в ней человека. Чем лучше семья и чем лучше влияет она на воспитание, тем выше результаты физического, нравственного, трудового воспитания личности.

Основными условиями успеха в воспитании детей в семье можно считать наличие нормальной семейной атмосферы, авторитета родителей, правильного режима дня, своевременного приобщения ребенка к книге и чтению, к труду. Конечным назначением воспитания является формирование идеалов, формирование личности ребенка закладывается в семье, под воздействием родительской любви во имя его будущего, под воздействием авторитета родителей, семейных традиций. Воспитательный процесс в семье не имеет границ, начала или конца.

Семья создает для ребенка ту модель жизни, в которой он будет жить всю свою жизнь, а также в дальнейшем строить свою семью, учить и воспитывать своих детей и внуков. Таким образом, воспитывая ребенка, создавая для него модель жизни, необходимо помнить о том, что эта модель может стать основой для многих последующих поколений.

#### *Список использованной литературы:*

1. Азаров Ю. П. Семейная педагогика. М, 2005. - 279 с.
2. Афанасьева Т. М. Семья. М., Просвещение. 2005. - 225 с.
3. Бондаревская Е. В. Психолого-педагогические предметы семейного воспитания. - Могилев, 2005. -256 с.
4. Дружинин В. И. Психология семьи. - М. 2006. -280 с.
5. Кулик Л. А., Берестов Н. И. Семейное воспитание. М, 2009.
6. Куликова Т. А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. - М. : Академия, 2009.
7. Лесгафт П. Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. М., 2001., - 145 с.
8. Спиваковская А. С. Социология семьи: - СПб., 2004. - 275 с.

Есенова Камчат Аугажыевна

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, kamchat\_esenova@mail.ru

Тәліпқызы Ж.

«Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандығының 4 курс студенті  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

### ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Түйін:** Мақалада кәсіптік бағдар беру мәселесімен қатар оқушылардың өзін-өзі айқындау мәселелері, ағымдағы еңбек нарығында және кәсіби білім беру қызметіндегі өзекті мәселелер негізінде жасалған оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде кәсіптік бағдарлауды іске асырудың кешенді басым бағыттары, ұстанымдары, кәсіптік бағдарды жетілдіру бағыттары туралы ұсыныстары берілген.

**Резюме:** В статье наряду с проблемой профориентации даны предложения по совершенствованию профориентации, концепции, комплексные доминирующие направления осуществления профориентационной работы в обучении и воспитании учащихся основанные на актуальной проблеме профориентационной деятельности и текущего рынка труда проблемы самоопределения учащихся.

**Summary:** In the article along with the problem of vocational orientation suggestions are given on perfection of vocational orientation, complex dominant directions of carrying out of vocational orientation work in educating and education of students based on the issue of the day of vocational orientation activity and current labour-market of problem of self-determination of students.

Мамандықтың жаманы жоқ, бұл үлкен өнерді,  
зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

**Ж. Аймауытов**

Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтің 2015 жыл 1 желтоқсанындағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформа, даму» атты Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай: «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланындар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін жасалуда» деп қазақстанның жас азаматтарына өз жолдауында күш жігер беріп отырған таңда болашақ ұрпаққа саналы тәрбие мен дұрыс жолға салу бүгінгі таңдағы педагогтардың жастарға кәсіп таңдаудағы қателіктер жасамауына бағыт бағдар беру жұмыстарын дұрыс жолға қоя білуді қажет етеді [1].

Қазіргі таңдағы ғылыми техникалық прогресс адам қызметінің барлық салаларына әсерін тигізе бастады; адам еңбегінің сенімділігі мен сапасына, жұмыскердің кәсіби қызметін дамытуға қойылатын талаптар арта түсті. Нарықтық қатынастардан өтуімізге байлынысты жұмыс күшінің де биржасы пайда бола бастады, ондағы бәсекелестікті тек қана жоғары білікті маман ғана көтере алады. Осындай жағдайда өскелең ұрпаққа уақыт талабына сай мамандық иесі болуға бағыт беру өзекті мәселеге айналады. Ал кәсіби бағдар беру жүйесін жетіл-

дірудің басты алғышарты оқушыларды кәсіби бағыт таңдауға даярлау негіздерін табысты әзірлеу болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында мамандықты ерікті түрде таңдау мәселесі және жұмыскердің еңбек биржасында бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ету ерекше маңызға ие болып отыр.

Қазіргі кезде оқушылардың неғұрлым ертерек кәсіби бағыт қажеттілігі мен олардың кәсіби бағыт таңдауға нақты даярлығының арасында қарама қайшылық болар даусыз жағдай. Оқушылардың мамандануы мен кәсіби бағыт таңдауы оқудың соңғы кезеңінде басталған жағдайда едәуір саналы болатыны белгілі.

Мамандық таңдау үшін маңызды мәселелердің бірі жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағыт беру мәселесі болып табылады. Оқушылардың мектеп бағдарламасы шегіндегі ақпарат алу деңгейі нақты мамандықты таңдауға жәрдем беретін фактор болып табылмайды. Сондықтан оқушылардың білім деңгейіне қарамастан, олар кәсіби бағыттағы арнайы ақпаратты қажет етеді.

Үздіксіз білімі беру жүйесіндегі жаңа әлеуметтік экономикалық қатынастарға көшу адамның қоғамдағы рөлін өзгертуді, оған кәсіби жұмыскер ретінде қарауды талап етіп отыр. Нарықтық экономика заңдары мен өмір сүруге тырысып жатқан қазіргі қоғамды адамның жеке жағдайын жақсарту мақсатында оның еңбек қызметінің бағыты өзгеріп отыр. Бұл үздіксіз білім беру жүйесіндегі кәсіби бағыт беруді талап етеді. Мамандық таңдау



мәселесі қоғамдағы адамның бір маңызды жағы ретінде оның өз өмірінің негізгі салаларындағы тәуелсіздігінің көрсеткіші болып табылады. Бұл адамды кәсіби мансапқа, оның еңбек биржасында өз кандидатурасын көрсетуге, нарықтық экономика жағдайында кәсібін өзгерту мүмкіндігін даярлауға мүмкіншілік береді

Кәсіби өзін өзі айқындау оқушылардың психологиялық ерекшеліктері негізінде әр жас кезеңінде жүзеге асырылып отырады. Өзін өзі айқындау оқушылар үшін дербестік және таңдау еркіндігін, ал педагогтар үшін бұл процессті күнделікті және шебер басқаруды талап етеді.

Кәсіби өзін өзі айқындау дегеніміз тұлғаның өз кәсіби еңбек ортасына деген көзқарасы мен өзін көрсету тәсілдерін қалыптастыру. Бұл адамның бүкіл өмірлік және еңбек жолында өтетін оның ішкі тұлғалық және әлеуметтік кәсіби сұраныстарын келістірудің ұзақ процесі.

Кәсіби бағыт беру мен ерте кәсіби өзін өзін айқындаудың педагогикалық негізінде А. Е. Голлошок, А. С. Ефимов, П. Т. Мағзумов, Е. М. Павлютинков, А. Д. Сазанов, В. Д. Семоненко, Н. Ш. Шадышев, С. Н. Чистяков және т. б. ғалымдардың еңбектерінде әр тұрғыдан қарастырылған.

Бағытты таңдау мәселесіне әлеуметтік психологиялық көзқарас И. С. Кон., К. А. Абуханова-Славская., А. В. Петровский және т. б. еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы К. А. Абуханова-Славская бағыт таңдауды жеке тұлғаның қатынастар жүйесі координатасында қалыптасатын өз көзқарасын саналы түрде түйсіну ретінде қарастырады.

Е. А. Климов кәсіби өзін өзі айқындау «... Адамның дауына шек қою емес, кәсіби шектелулікке түсу емес, шексіз даму мүмкіндіктерін іздеу, бұл бір рет қана болатын іс емес бұл әр жас кезеңдерінде және әр түрлі мақсаттармен байланысты болып келетін ұзақ көп жылдық процесс»[2]. Оның нәтижесінде келешекте өмір сүрудің мәнінің баянды болу мүмкіндігі артады. Бүгінгі таңда болашақ маманды даярлаудың басты бағыттары: жүйелі ойлау және көзқарас мәдениетін қалыптастыру кәсіби фактор ретіндегі адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырып дамыту; шығармашылықты туындату қызметі әдістемесін меңгеруге бағытталған оқыту мазмұны мен әдістері танылады. Осыған байланысты мектептің оқу тәрбие ісі процесі оқушылардың әрбір кәсіби топтың құндылықтары мен нормаларын меңгеруге бағытталуы және жеке тұлғаның кәсіп таңдауында көрініс табатын ішкі тұлғалық бағыт бағдарларын себептерін қалыптастыруға көмектесуі тиіс

Бұл өмірде қилы -қилы мамандықтар саласы жеткілікті сондықтан кей кездерде мұндай көп түрліліктің ішінде бағыт таңдау өте қиынға соғады. Кейбір адамдарға анау да, мынау да ұнайтын си-

яқты болады, ал бәз біреулерге керісінше балалық шағынан өз кәсіби бағытын бұлжытпай таңдап, кейінгі өмірінде оны іске асырады.

Адам өміріндегі ең маңызды әрі мәнді ісі ол - өмірдегі өз кәсібінді дұрыс таңдау. Осы жолда қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр деген сұрақ туындайды. Мәселен кәсіпке бейімділік, кәсіп таңдау, балалық шақтан басталады десек осы балаларға мектеп педагогтары және ата- аналар қандай көмек беруде? Ата-ана және педагог үшін баланың өз кәсібін таңдауында не маңызды? Ата-ана үшін мүмкін баласының жалақысы мен беделі көп кәсіп таңдағаны дұрыс деп саналатын болар, сонда баланың қабілеті, баланың ішкі жан дүниесінің қалауы ескерілмей қалады емес пе? Ал педагог үшін баланың кәсіп таңдауында не маңызды болуы мүмкін? Балалар кәсіп дегеніміздің не екенін білеме? Кәсіп жайлы ақпаратты қанша жастан берген дұрыс? Бұл қаншалықты нәтиже береді. Көңілде осындай сұрақтар туындайды.

Мектеп оқушылары өзін өзі кәсіби айқындауы үшін кәсіптік бағдар беру жұмысы заман талабына адамзат қажеттілігіне байланысты белгілі жүйеге келтірілуі тиіс. Қазіргі жастар көбінесе өмірде заңгерлік, экономист немесе шет тіл мамандықтарын таңдайды шын мәнінде Батыстың немесе өркениетті елдерді ұстамы бойынша бұл мамандықтар елдің экономикасын көтеретін құрылымын нығайтатын кәсіптер болып саналады және тәуелсіз еліміздің іргесін нығайтатын мамандықтардың озық ойлы иегерлері бізге де керек ақ. Өмірде өз жолын әлі де айқындай алмаған бітіруші өзінің материалдық немесе жанұялық жағдайына қарап кез келген оқыту орынына құжатын тапсыра салады. Осыдан келіп оқушының «таңдаған» мамандыққа деген селкостығы пайда болып жуапкершілігі төмендейді. Үлгерім сапасы, сабаққа қатысуы нашарлайды осыны алдын алу үшін мектептерде оқушыларға мамандықтың әр саласы туралы білімдерін жетілдіру қажет. Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауда өзін өзі айқындауы үшін білім беру саласында өндірістік еңбекті ұйымдастыру мен соған байланысты ғылыми негіздерді үйретудің кәсіптік бағдарды жетілдіру келесі бағытта іске асырылуы тиіс:

- мамандыққа байланысты қызықты іс шаралар ұйымдастырып оны жоғары сынып оқушылары арасында өткізу;
- мамандыққа байланысты арнайы курстар құру;
- жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі айқындауы үшін оларға кәсіптік бағдар беру жұмысының әдістемелік құралдарын жасау;
- мамандықтың әр саласы туралы тарихи мағлұматтармен таныстыру;
- өндіріс орындарымен байланысты күшейту;
- жоғары сынып оқушыларының қабілетіне және жеке қызығушылықтарына байланысты кәсі-

би бағыт бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;

-мектеп пен жоғары оқу орындарының арасындағы сабақтастықты күшейту.

Осы алғышарттар дұрыс жолға қойылған жағдайда жоғары сынып оқушылары өмірде өз мамандығын таңдап болашағының негізін қалауға үлкен мүмкіндік алады.

Әрине мамандық таңдау кезінде кәсіпке қойылатын психологиялық талаптар орындалатын жұмыстың сипаты ғана емес таңдалып отырған кәсіпке деген сұраныс, оған төленетін жалақы т. б. көптеген осы сияқты факторлар есепке алынады.

Егер таңдаған болашақ кәсібінің бейнесі бұрынғыдан айқындала түссе яғни, бүтін болса онда кәсіптер әлемінде өз жолыңызды табу қолайлы болары сөзсіз. Өскелең жас азаматтың болашағы өмірінің мәнді болуының қыры мен сыры яғни тағдыры осы мамандық таңдауға байланысты екендігін жанында шығармауы тиіс. «Қандай мамандықты таңдаған дұрыс» деген сұрақ әрбір

жоғары сынып оқушыларын мазалайтыны анық. Өмірде мамандықты дұрыс таңдау ол еңбекте және қоғамда жоғары жетістікке жетудің кепілі. Белгілі кәсіпті меңгеруі үшін оқушының қабілетін, қызығушылығын, сол мамандыққа физиологиялық жағдайының сәйкестігін, психологиялық дайындығын анықтап алып оқушыларға қазіргі таңдағы қоғам қажеттілігіне ие болып отырған мамандықтар жайында ақпарат беріп, кәсіби бағдар беруге болады.

Мамандықтың жақсысы немесе жаманы болмайды. Кез келген мамандық өз алдына қиындығымен, қоғамдық қажеттілігімен ерекшеленеді. Осы мамандықтарға оқушыларды үйрету, мамандандыру мақсатында кәсіби бағдар беру жүргізіледі. Сонымен қатар мамандық таңдағанда тек бас пайданы ойламай Отанға, мемлекетке қаншалықты пайда әкеле аламын деп мамандық таңдауда асқан жауапкершілік танытқан жөн.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. *Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму. ҚР-ның Президенті Н. Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауынан «Айқын» республикалық қоғамдық саясат газеті. 1 желтоқсан, 2015 жыл 3 бет.*
2. *Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения. М. : Академия, 2004 - 304 с.*

Есенова Камчат Аугажыевна

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, kamchat\_esenova@mail.ru

Намаз Арай

«Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандығының 4 курс студенті

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

«Бізге қажетті - жаны да, қаны да қазақы халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу», этномәдени білім беру тұжырымдамасының негізгі міндеттерінің бірі болатын.

Еліміздің егемендігімен бірге, халықтық тәлім-тәрбие қазыналарын жинақтап, оны этнопедагогика пәнінің мазмұнына енгізсек, оның құралы этномәдениет қазыналары болып есептеледі.

Қазақ халқы ұрпағының «Сегіз қырлы-бір сырлы» азамат болуын, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениет құндылықтарының тәлімдік мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып келеді. Ол халқымыздың ғасырлар бойы жасаған рухани-материалдық мәдениетінің бай мұралары, қазіргі «Этномәдениет тәрбиесі» негізінде жастардың Отансүйгіштік тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруда пайдаланатын тәлімдік құралы болып саналады.

XXI ғасырдың басындағы қазақстандық білім заманауи өркениетке тән, жаңа парадигмалардың пайда болу кезеңінде тұр. Мектепті реформалау процесінде білім берудің алдына ұлттық тәрбиенің жақсы сипатын жоғалтпастан, әлемдік, жаһандық білім беру жүйесіне ену міндеті қойылды.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобада Елбасы Н. Ә. Назарбаев оны іске асырудың басты бағыттарының бірі ретінде жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін, «еңбек сүйгіштік, намыс, парасаттылық, үнемі өзін-өзі жетілдіру мен оқуға ұмтылысы» сияқты қасиеттер құндылықтар жүйесін қалыптастыруды атап көрсетті. Тәрбие ел болашағы үшін оның байлығын еселейтін білікті мамандардың болуымен ғана емес, олардың дүниетанымы, азаматтық, адамгершілік ұстанымының маңыздылығымен де құнды. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін де алға тартып отырғаны белгілі. Демек, педагогика ғылымының осы кезге дейін қалыптасқан озық тәжірибелеріне сүйене отырып, оны жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына оқу-тәрбие процесінде этномәдени құндылықтарды барынша пайдалану – басты талаптардың негізі болуы шарт. Оқушыларға этномәдени білім беру балаларға ана тілін, төл мәдениеті

мен ұлттық құндылықтарын, жалпыадамзаттық мәдени қазынаны игерте отырып, олардың мәдениетаралық ұлттық сана-сезімі мен этномәдени сәйкестілігін қалыптастырып, төзімділігін тәрбиелеуге бағытталған білім беру жүйесі болып табылады.

Этномәдени білімнің дамуы түрлі өркениет пен мәдениеттердің күрделі өзара әрекеті жағдайында өтеді. Сонымен қатар ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тіл, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет этномәдени білімнің негізі болып табылады. Бесік жырынан басталатын ұлттық мәдениетке баулу дәстүрлері қазақ халқына тән негізгі салт болып саналады.

Қазақстан әлем елдерінің ішіндегі көпэтносты халықтар мекендейтін ел болып танылып және жалпыәлемдік және ұлттық мәдениеттердің кірігу процесінде дамып, әлемдік кеңістікте тәуелсіз Қазақстан халықтар бірлігі өркениеттілігінің биік тұғыры тұрғысынан көрініп келеді.

Оқушыларға этномәдени білім беруде этномәдени білім мазмұны жүйелі және бірізділікпен берілуі оқушының ұлттық санасы мен танымын қалыптастыруға әсер етеді. Ал әлеуметтік жағынан қарастырсақ, әлеуметтік орта мен тәрбиелік кеңістікті орнықтыру, тұлғаны әлеуметтендіру үрдісі, әлеуметтік қарым-қатынас негізінде тұлғаның этномәдени құндылығын қалыптастыруға болады.

Сондықтан да, этномәдени білім бере отырып, білім саласының алдында педагогиканың жақсы үлгілерін сақтай отырып, қазіргі қоғамға қажетті, ұлттық мүддені жоғары қоя алатын, барлық құндылықтарды сақтай отырып, жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға ұмтылатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. «Бұлай тәрбиеленген жас қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» - деген Міржақып Дулатов.

Соңғы жылдары этнопедагогика ғылымы қанат жайып, этномәдени білім беру қайта жаңғыртылып, дамытылып отырғанда: М. В. Богуславский, Л. Н. Беленчук, Қ. Бөлесев, Г. Н. Волков, Р. Қ. Дюсембинова, Ш. И. Джанзакова, Б. А. Жетпісбаева, С. Т. Иманбаева, С. Қалиев, К. Ж. Қожахметова, Ш. М. Мұхтарова, Ж. Ж. Наурызбай, Ә. Қ. Нұрғалиева, Ә. Табылдиев, С. А. Ұзақбаева, В. К. Шаповалов және т. б. ғалымдардың зерттеулерінің маңызды екенін көруге болады.

Абайдың этномәдени білім беру идеяларындағы басты нысана - «Атаның баласы болма, адамның баласы бол. . . жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін», – деген гуманистік ой-пікірдің маңызы зор. Абай адамды тұтас жеке тұлға ретінде қабылдады, «толық адам» идеясын ұсынды.

Мәдениет – бұл жүйе, оның құрамындағы элементтер – бұл бірнеше ғасырлар бойы сол территорияда мекендеген халықтардың өмір сүру әдет-ғұрыптары мен салт- дәстүрлері. Кез-келген халық немесе ұлт өзінің тек экономикалық, әлеуметтік, даму дәрежесімен ғана емес, сонымен қатар өмір сүру салтымен, тұрмысымен, тіл дәстүрімен, өзінің мәдени байлықтарымен, психологиясымен, мінез-құлық қалыптастыру мәселесінің негізгі бастауы халықтық педагогикасымен дараланып көзге шалынады. Қазақстанда тұратын этностардың әлемдік қоғамдастық талаптарына тез бейімделіп, жаңа сапалық дамуы арқылы озық дамыған елдердің қатарына кешікпей келіп қосылуы адамдарға қойылатын талаптарды түбірімен өзгертті. Алайда басқа халықтардың әсерінсіз таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. Ұлттар мен халықтардың материалдық және рухани байланысы, қарым-қатынасы арқылы олар бір-бірін мәдени байлығы жағынан толықтырады» – дейді С. Н. Артоновский. Өртүрлі ұлт пен халықтарда кездеспейтін, қайталанбайтын таза ұлттық салт-дәстүр ешбір елде болмақ емес. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді.

Этномәдени білім беру стратегиясы – өз тарихын, мәдениетіне тиісті сфера арқылы берілуіне негізделген, ұлттық этномәдени ұқсастығын жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен бірге, белгілі мемлекетте тұратын барлық этностардың мемлекеттік интеграциясы маңызды болып табылады. Ал бұл жағдай білім беру жүйесі арқылы тиімді жүзеге асырылады. Этномәдени білім беру – ана тіліне, мәдениетіне қатыстырып және әлеуметтік мәдениетті қабылдау арқылы этномәдени ұқсастығын сақтауға бағытталады. Этномәдени білім берудің негізгі тапсырмаларының бірі – ол өз мәдениетін ғана біліп қоймай, сонымен бірге тұтас дүниеге көзқарасы қалыптасқан мәдени тұлғаны тәрбиелеу. С. Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» деген еңбегінде мынадай ой-пікір айтқан болатын, «жалпы ұлт болған жерде ұлттық идея болады». Ұлт болу үшін үш үлкен ұлттың тірегі бар. Бірінші – ұлттың жері, екінші – ұлттың тілі, үшінші – ұлттың мәдениеті. Осы үш тірек мықты болса, ұлт жұтылып кетпейді» - деген пікір білдірген болатын.

Этномәдениет мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі құндылықтар, тарихи мұраларды зерттеп оны оқушы жастардың жадына сіңіру қазіргі таңның басты мәселерінің бірі.

Тәуелсіздік алған жылдан бастап жан-жақты

жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда этномәдени білім беру мен осы саланы зерттейтін ғылым қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық-теориялық негіздері қалыптасты.

Тәуелсіз елімізде оқушыларға этностық-мәдени білім берудің әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелерін шешуде «Қазақстан Республикасындағы этникалық - мәдени білім» тұжырымдамасының маңызы зор болды.

С. Қалиевтың «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты еңбегін қазақ этнопедагогикасы тарихын бір жүйеге келтірген тұңғыш құнды зерттеу деуге болады.

Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім беру теориясының негізін қалаған Ж. Ж. Наурызбай оқушыларға этномәдени білім беру тұжырымдамасы мен моделін, тіл саясаты тұжырымдамасын ұсынып, этномәдени білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін, мақсаты мен міндеттері, құрылымы мен жүзеге асыру принциптерін айқындап берген болатын. Қазақстанда этномәдени білім берудің даму кезеңі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп, халықтың ана тілі, ұлттық мәдениеті, төл тарихымен толыққанды қауышуға мүмкіндік алған тарихи кезеңнен, яғни өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталып, бүгінгі күнге дейінгі, әзірге қысқа да болса ғасырларға бергісіз аралықты қамтиды. Отбасына, мектепке ұлттық тәрбие қайта оралды, қоғамда халықтық тәлім-өнегеге бетбұрыс басталды, Білім беру ұйымдарында этномәдени білім беру бағытында көптеген игілікті істер атқарылып отыр:

- оқу құралдары мен оқулықтар, ұлттық тілдегі терминдік сөздіктер шығару ісі жалғасуда;

- балалар үшін мәтіні үш тілде қатар берілген суретті кітаптар;

- тілашарлар мен тілді өздігінен үйренетін кітапшалар;

- радио мен теледидардан тіл курстары мен ел, жер тарихынан мағлұматтар беретін хабарлар берілуде;

- қазақ тілінде «Балапан», «Мәдениет», «Білім арнасы» т. б. телеарналары ашылды;

- мемлекеттік тіл мен басқа халықтардың этникалық тілін дамытуға бағытталған әдістемелік оқу құралдарын шығарылуда;

- жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан халықтарының тарихы мен әлем тарихы», «Қазақстан халықтарының мәдениеті мен әлем мәдениеті» т. б. біріккен курстар енгізілді. Мұның барлығы көпұлтты мемлекетімізде этномәдени білім беру проблемаларын өз мәнінде шешіліп жатқандығының айғағы бұл үдеріске қазақстандық педагог-ғалымдар да өз үлестерін қосуда.

Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарды болашақ мұғалімдерге ашып көрсету, этномәдени білім беру теориясы мен



тарихы бойынша білім, іскерлік, дағыларын қалыптастыру маңызды іс.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамның интеллектуалдық дамуы, психо - физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге, тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-дегенді.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың мәдени құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Оқушының жалпы адамзаттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлығы, мәдениеттілігі т. б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Сынып жетекшілерінің басты қызметі -баланың бойына ұлттық сананы, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, өз тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру. Оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық қасиеттерді қалыптастыру мен құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдардың еңбектерін пайда-

лануға болады. Осы арқылы оқушының мәдениеті, білімі кеңейеді. Оқушының мәдениетті болуы үшін ұлттық мәдениетті ұштастыруы қажет. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру - тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты.

Қазақстан сияқты Тәуелсіздіктің жолымен енді дамып келе жатқан мемлекетке тұрақтылықпен даму үшін жастарды, оқушыларды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ, олардың ұлттық рухы биік болады. Ал рухы күшті елдің қашанда бағы таймайды. Өршіл намысты, биік рухты ұрпағы бар елдің еңсесі әр уақытта биік болады. Ұлттық рух бар жерде ғана отаншылдық сезімі қанат жаяды. Ал, этномәдени білім мен тәрбие отансүйгіштікті қалыптастыру үшін аса қажет. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата – бабаларымыздың мол мұрасы мен сусындату басты міндет. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы, бабалар мұрасына байланысты. . Ұрпақ тәрбиесі ертеңді күтпейді.

Қазақстанда этномәдени білім беру дәстүрлері (тәрбиенің оқытудан басымдылығы негізінде этномәдени білім беру идеясын іздеу; этномәдени білім беру мазмұнында жалпы мәдениет пен этномәдениет компоненттерінің үйлесуі, халық педагогикасына және оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі формаларына иек арту);

Қазақстанның этномәдени білімі тарихи бастауын еліміздің аумағында мәдени-әлеуметтік құбылыстар пайда болған кезеңнен алып, күні бүгінге дейін желісі үзілмей келе жатқан тарих жолы. Қазақ халқы осы тарих пен мәдениеттің заңды мұрагері. Қазақстандық этномәдени білімнің генезисінде халқымыз бастан кешкен көшпелілер өркениетінің, түркі мәдениетінің, ислам дүниесінің, Еуразия әлемінің, әлемдік құндылықтардың қалыптасу, даму кезеңдерінің мәні мен мазмұны ерекше.

Елдік пен ерлікті, азаматтық пен адамгершілікті жырлаған өршіл өлең-жырларды, туған жер-ата қоныс, ел тағдыры, өмір өткелдері мен қоғам жайлы философиялық, педагогикалық көзқарастарды өскелең ұрпақтың рухани мәдениетін арттыруда, этномәдени білім беру тәжірибесінде кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбілдина С. Қ. Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім беру тарихы. (Оқу құралы) Қарағанды: Гласир баспаханасы, 2008. - 79 б.
2. Әбілдина С. Қ. Ұлттық мектепте оқытудың этномәдени аспектісі // Наука и вызовы времени: материалы международной научно-практической конференции. -Алматы: НЦ НТИ, 2008. - Б. 266-269.
3. Әбілдина С. Қ. Оқушылардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың этнопедагогикалық негіздері // Ұлт тағылымы. - 2009. - №4. - Б. 26-32.
4. Этномәдени білім беру арқылы экономикалық мәдениетті қалыптастыру // Ұлттық тәрбие. -Алматы, 2010. №3. - Б. 110-112.

**Қасымова Роза Садыққызы**

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының доценті, п. ф. к., krs1958@mail.ru

**Амангелді Нурбол**

4 курс студенті

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты негізгі мақсаты – «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру» – деп бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр. Еліміздің алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарынан көрінуі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, педагог мамандарға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Қазақстан Республикасын бейбітшілік пен тыныштықты сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «өткен тарихымызды зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, біздің тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты таңдауға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес» деген болатын» [1, 224б]. Мұның өзі бүгінгі таңда оқушыларды өз елінің тарихы мен патриоттық құндылықтарымен терең таныстырып, соның негізінде патриоттық тәрбие беру қажеттілігі туындап отыр.

Білім беру мекемелері оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беру, әлеуметтік мәні зор құндылықтар арқылы азаматтықты және патриотизмді қалыптастыру мен дамытуды көздейді. Патриотизмге тәрбиелеудің үлкен ортасы - мектеп. Сондықтан да оқушыларды отаншылдық сезімде тәрбиелеу – білім берудің мектепке дейінгі ұйымнан бастап, жоғары оқу орындарының алдында тұрған өзекті мәселе болып отыр. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Білім беру жүйесінің міндеті азаматтық пен патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерді болдырмауға тәрбиелеу»– деп айтылған болатын [2, 6б].

Бұл міндет жалпы білім беретін мектептерде патриоттық тәрбие беру бойынша іс – шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Білім беру саласы барлық кезде ұрпағына елін, халқын,

туған жерін сүйю және қорғау сезімдерін дарытып және дамытып келеді. Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұраты екені даусыз. Әсіресе, жастарды патриотизмге тәрбиелеу мәселесі барлық кезде де қоғам мен мемлекеттің назарынан тыс қалған емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауларының барлығында дерлік «Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары», «Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі» – екендігін алға тартып, «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек» деп, жастарды патриотизмге тәрбиелеу мәселесін назардан тыс қалдырған емес.

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттың тұрмыс -тіршілігін өркендетуші сапалы да салауатты, ұлтжанды, патриот, мәдени-ғылыми ой- өрістері кең ұрпақ өсіру-қоғам алдында тұрған басты міндет. Өрбір қоғам өзінің даму барысындағы зиялы қайраткерлердің педагогикалық мұраларын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған. Расында да, ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық салт-дәстүрге, халықтық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады

Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» - деп тұжырымдайды [7, 35 б. ].

Жалпы патриотизмді адамгершілік, саяси принцип және адалдық, мақтаныш, сүйіспеншілік, сезім тұрғысынан қарастырады. Патриоттық тәрбиенің философиялық астарына, даму үрдісіне үңілетін болсақ, түп тамыры Түркі қағанатынан бастау алатынын ауыз және жазба әдебиет үлгілеріне шолу жасағанда айқын аңғарамыз. Түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алатын көреміз.

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі негізгі міндеттер – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, қоғамға деген рухани-мәдени қатынас, еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау, Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін негізге ала отырып, бүгінгі қоғам мүшелерінің бойында Қазақстандық патриоттық сезімін қалыптастыру.

Сондықтан да жас ұрпақ бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, яғни жастайынан ерлік пен елжандылықтың рухын себу отбасынан бастау алады. Отбасындағы негізгі міндет - баланы жастайынан ата-анасына, туған-туыстарына, әулетіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін жетілдіру арқылы, Отанына, мемлекетке деген шынайы сезімін қалыптастыру болып табылады.

“Отанды сүю отбасынан басталады” дегендей жеке тұлғаның бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыруда отбасы негізгі орын алады. Әсіресе патриотизмге берген Ш. Уәлихановтың тұжырымын негізге алатын болсақ, ең алдымен өз отбасы, туған туыстары, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін деуінен-ақ патриотизмнің негізгі мәйегі отбасы екені дау тудырмайды. Отбасында жеке тұлғаның бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда бірінші орында адам бойындағы адами құндылық қасиеті негізгі орын алады [7].

“Еліңді сүйсең ерлік істейсің”, “Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі” деген елжандылық ұрандар адамның жеке басына қарағанда ел намысы, елі үшін мақтаныш сезімі жоғары екенін түсінеміз.

Расында да, көптеген ғылыми еңбектерді зерделейтін болсақ, патриотизмді қалыптастыруға септігін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана - сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет - ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Патриотизм сапа, сенім тұрғысынан негізделіп, сезім арқылы көрініс береді.
«Ақпараттық қоғам» деген атауға ие болған мәдени-әлеуметтік болмыс, қоғамның индустриал-



ды даму сатысынан жаңа өркениеттік деңгейге өту сәтінің динамикалық қалыптасу кезеңі болып табылады.

Ақпараттық қоғамның басты қозғалтқышы болып бүгінде ақпараттық технологияларды айтамыз. «Ақпараттық технология» деген терминді В. Глушков енгізді. Ол оған былай анықтама береді: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеумен байланысты үрдістер» [2;116-6]. В. Апатова, В. Глушковтың берген анықтамасын жоққа шығармай, оны нақтылай түседі: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеу үрдісі арқылы жүзеге асатын құралдар мен әдістер жиынтығы» [3;61-6].

Д. Матрос «жаңа ақпараттық технология» ұғымын қарастыра отырып, кез келген әдістер немесе педагогикалық технологиялар ақпаратты тәлімгерлер, оқушылар меңгеру үшін қалай өңдеу және жеткізу керектігін суреттейді [4;18-6], яғни, оның анықтамасы бойынша, кез келген педагогикалық технология дегеніміз — бұл ақпараттық технология.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Қазақстан Республикасы да ғылыми — техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», - делінген.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық — коммуникативтік технологиялар, оның табиғи ортасына айналып отыр. Ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын бірден – бір мүмкіндік. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде. Ақпараттық – коммуникативтік технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Ақпараттық — коммуникативтік технологияны пайдаланудың мәні компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан дидактикалық — әдістемелік

проблемалық міндеттерді шешуге бағындыру болып табылады. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген электрондық оқулықтар мен аудио-видео жазбалар қолданыста жүр. Осы ақпарат тасушылардың көмегімен оқушыларға аз уақытта көп ақпарат беруге мүмкіндік мол.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Әр түрлі ғылыми зерттеулер дәлелдегендей, оқытудың интерактивті және электронды әдістерін пайдалану, оқыту-тәрбиелеу үрдісін толық жетілдіруге, педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, оқушылардың білім-білік дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізеді. Қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе – күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу-әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Электрондық оқулықтың бағалық – нәтижелік бөлігі тестер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісінде кеңінен енуі оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, электрондық оқулық көмегімен олардың өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдеуіне, бұрын алған білімдерін кеңейтуіне мүмкіндік береді. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды және де сабақта электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

«Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет», - деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану айтарлықтай нәтиже

беруде. Сондай-ақ педагогтың компьютерлік сауаттылығы ақпараттық – коммуникативтік технологияны пайдаланудағы жеке тәжірибесін тұжырымдау есебінен сапалы түрде артады. Себебі, ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде.

Жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану соңғы уақытта білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Қорыта келе, білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы, 11 Қараша 2014ж. ;
2. В. М. Глушков. Основы безбумажной информатики. — М. : Наука, 1982. — 552 с.
3. Апатова Н. В., Мосейчук О. В., Переход И. А. О реализации курса "Оператор ЕС ЭВМ" в системе СПОК. Сб. "Модели и системы обработки информации". - Киев, Вища школа, 1984.
4. Матрос Д. Основы теории информатизации процесса обучения / Педагогика, Москва, 2007, № 6.
5. ҚР «Білім туралы» Заңы (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы);

**Шағырбаева Ментай Доғдырбайқызы**

доцент м. а. педагогика ғылымдарының кандидаты, 87026869450, mentay77@mail. ru

**Құдайбергенова Алия Мәлікқызы**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м. а., тел: 87012644898, alia80. 80@mail. ru;

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, педагогика және білім беру менеджменті

**Есенова Камчат Аугажықызы**

магистр, аға оқытушы, 87077005280; kamshat\_esenova@mail. ru

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, педагогика және білім беру менеджменті

**Мурзагулова Мейрамкүл Дауренбекқызы**

аға оқытушы, тел. 87470146084, mira\_ulan@mail. ru;

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

**ҚЫЗДАРҒА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ГЕНДЕРЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ**

***Түйін:** Мақалада қыздарға гендерлік тәрбие беру, әйел этикасы мәселелері қарастырылды, гендер, гендерлік тәрбие ұғымдарына анықтама беріледі, сонымен қатар, қазақ халқының салт дәстүрлері, ұлттық құндылықтары арқылы қыз балаға тәрбие беру жолдары қарастырылған.*

***Резюме:** В статье раскрываются понятия: гендер, гендерное воспитание, а также рассматривается гендерное воспитание девушки, этика женщин и воспитание девушек через обычаи и традиции, национальные ценности казахского народа.*

***Resume:** In the article concepts open up : гендер, gender education, and also gender education of girls, ethics of women and education of girls, is examined through customs and traditions, national values of the Kazakh people.*

Қазақстан Республикасы өркениетті елдердің қатарына қосылу жолында, қоғам алдында келер ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылығымен ұштасып жататын елжанды етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Осыған орай білім беру саласы мен тәрбие жүйесінде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыру қажеттілігі туады.

Қазіргі тәуелсіз мемлекетімізде әйел адамдардың рөлі күннен – күнге артуда: біріншіден, әйелдер қоғамда айрықша орны бар әлеуметтік бірлестік, әлеуметтік – экономикалық қатынас жүйесінде халықаралық құқықтары, міндеттері, мүдделері бар тұлға. Екіншіден саяси күштің объектісі, қозғаушы күші. Үшіншіден, жалпы қоғамда, өндірісте, басқару мекемелерінде, отбасында ерекше нақтыланған орны бар.

1998 жылы “Қазақстан әйелдері еліміздің болашағы” атты республикалық форумда сөйлеген сөзінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев әйелдердің еліміздегі саяси процестерге қатысуын жандандыра түсу, олардың экономикалық істерге араласуын күшейту әйелдерге тұрмыста жасалатын зорлық пен ымырасыз күрес жүргізу отбасын, аналар мен балаларды қорғау жөнінде мазмұнды пікір айтты [1].

Жалпы білім беру процесінде тәрбиелеу мен оқытуды қатар алып жүру білім алушыны рухани жағынан дамыта отырып, кәсібилікке жетелейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда тәрбиенің алдыңғы

шарт екенін түсінуіміз керек, өйткені тек тәрбиені, ұлттық құндылықтарды бойына терең сіңірген, рухани байлығы дамыған адамнан нәтижелі еңбек, кәсіби маман күтуге болады. Мектептегі оқушы қыздарға этномәдени құндылықтар арқылы гендерлік тәрбие беру негізгі мақсаты болғанымен, оның ішінде ұлттық тәрбиенің қосар үлесі мол, себебі, ұлттық тәрбие – тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге ұлттық құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін пән. Сонда ұлттық тәрбиеде білім алған жеке тұлғаның Ана тілін, тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық сана-сезімінің, намысының, мінез-құлқының, дүниетанымының дамып, қалыптасуын айтамыз. Тіл қазақ болуымыз үшін, дін адам болуымыз үшін, ал, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін, осылардың негізінде ұлттық діліміз қалыптасары хақ. «Рух» деген сөз, діни түсінік бойынша адамның «жаны» деген ұғымды білдірсе, ғылымда оны адамның ішкі жан дүниесінің шабыт-сезімнің көрінісі деген болады. Адам баласының рухани қалыптасуы мен тәрбиесі туралы мәселелерді көптеген ғылым салалары: философия – дүниетанымын, педагогика – тәлім-тәрбиесін, психология – оның жан-дүниесінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттесе, ұлттық

тәрбиелік ғылым саласы – ұлттық құндылықтарды жаңару сипатымен байланыстыра меңгеру жолдарын қарастыратын ғылым. Ұлттық тәрбие ұлттың қолданбалы тәжірибелік, теориялық негізі осы қалыпқа орайластырады. Себебі, адам алдымен отбасында, одан кейін ел ортасында, қоғамда жетіле түседі. Қоғам ұжымнан, ұлттан, ұлыстан, халықтан құралады.

Елімізде гендер мәселесіне деген қызығушылық екі мың жылдық тоғысында байқала бастады. Философия және саясаттану институтында зерттеушілер тобы “Гендер теориясына кіріспе” деген кітапты дайындап жарыққа шығарды, ап кейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде Орталық Азиядағы бірінші Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеу институты ашылып, онда оқу жоспарларын және гендерлік пән сакральды дерегі ғарыштық орталықпен сәйкес келеді, онда сүтті көл, “құт” қоймасы бар. Міне, сондықтан сүт ұрықтандыратын субстанцияға айналды және сүттен жасалған тағамдарды “жат жұртқа” беруге тыйым салды. Ұрықтандыру идеясы - бүкіл дәстүрлі фольклордан жинақталған турик дүниетанымының жаһандану идеясы.

Шынайы өмірде әйел маңызды әлеуметтік рөл атқарады, дәстүрлі қоғамда жыныстардың абсолюттік теңдігінің абстрактілі идеясы болған жоқ, еркектің санасы мен әлеуметтік мәртебесі әйелге деген қатынасымен байланысты болады.

Көшпелі мәдениет дәстүрінде әйел ерекше құрметтеледі. Ана құқығының дәстүрлі салттары әлемнің көптеген көшпелі мемлекеттерінің әлеуметтік негізін анықтады. Номадтардың мифологиялық санасы басқарушы әулет, ру, тайпалардың ай (әйел) және күн (еркек) мәніндегі түсініктерін қалыптастырады. Көшпелілердің эстетикасы мен мәдениетінің түп атасы сақ дейтін болсақ, олардың мұрагерлері ғұндар, түркілер болды. Геродоттан бастап, Махмұд Қашғариға дейінгі ұлы ойшылдар көшпенділерге тән әскери-жаугершілік қасиет үлкен жер аумағын ұстап тұру қажеттілігінен пайда болғандығы туралы жазды.

Көшпелілердің иен далада еркін, табиғатпен үндес өмір сүруі, олардың қайсар мінезінің қапыптасуына және шешендік өнері, саз өнері, поэзияның дамуына әсер етті. Көшпелі қоғамда мұнымен бірге материалды еңбек әрекетін іске асыруда әйелдер белсенділік танытты. Әйтсе де отбасылық, әлеуметтік, идеологиялық, саяси жүйеде ерлердің рөлі басым болды.

Қазақ ағартушылары XIX - XX ғ. ғ. басында халықтың өмір салтын өзгерту үшін күресті. Әйел мәселесі “Алаш” қозғалысының саяси бағдарламасына енді, баспа беттерінде қызу талқыланды. Алашорда қайраткерлері үшін бұл тақырып тек қана публицистикада ғана емес, сонымен бірге әдебиетте де өзекті болды. Бұл Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Бейімбет

Майлин, Міржақып Дулатов және басқа көптеген жазушылардың шығармаларында көрініс тапты. Қазақтың әдет-ғұрып заңдарын зерттеуші Тайыр Күлтелеев жыныстардың тең құқықты заңдылықтарын бекітумен іс бітпейді деп әділ атап көрсетті. Қалыптасқан қарым-қатынастың сарқыншақтары адамдардың санасында ұзақ өмір сүрді және оны жою үшін ұзақ уақыт табанды да қайсарлы түрде күресті талап етеді.

Табиғатта бәрі екі өрістіліктің, яғни екі карама-қайшылықтың тепе-теңдігіне негізделген. Еркектік бастама бұрынғы ғасырларда ақылды, білімге құмарлықты, батылдықты, пайданы білуді, табандылықты, қайсарлықты, өзін-өзі құрбандыққа шалуды дамытты. Ол болмыстың материалдық жағынан белсенді болып келеді. Әйел бастамасы - бұл ақ пейілді, шыдамды, ар-ұятты, әсерге бой алдырғыш, жанашыр, адамгершіл, өзін-өзі құрбандыққа шалғыш. Демек, рухани мағынада белсенді.

Бастаманың тепе-теңдік заңы еркек пен әйелден бәсеке мен күресті талап етпейді, ынтымақтасты, бірлікті, мәселені бірге шешуді, отбасын, қоғамды, дамытудағы үйлесімділікті қалайды. Осы екі жарты, екі бастама кез келген мәселені шешуде біртұтас болу керек. Қалыпты эволюция бастаманың тепе-теңдігінде ғана мүмкін болады. Оның бірін екіншісінің игеруі міндетті түрде ауыр салдармен аяқталады. XXI ғасыр әйелдің қайта өрлеуімен тығыз байланысты. Адамзатты, ғаламшарымызды азат ету соның қолында. Адамгершілік, руханилық және мәдениет арқылы ғана адамзатты құтқаруға болады.

Еркек және әйел бастамасының тепе-теңдігін қалпына келтіру оларды теңестірумен байланысты емес, керісінше, әр бастаманың дербес дамуын және оны өмірге, отбасы, мемлекет басқаруына енгізуді талап етеді. Бүгінгі күні тең құқылы болуға талпыну көптеген әйелдерді еркек сапаларын көбінесе жаманын көшіруге алып келеді: жаугершілік (әскери өнерді үйрену), теріс қылықтар (шылым шегу, арақ ішу, былапыт сөйлеу, нашакорлық), каталдық рационализм; өз бойындағы әйелдік сапаларды: жұмсақтық, ақ пейілдік, жақынына көмектесуге дайын болу, әсемдікке талпыну, шыдамдылық бір сөзбен айтқанда - руханилықты жоғалту. Өткен ғасырда-ақ физиолог Рудольфи былай деп ескерткен: “Әйел еркекпен салыстырғанда нәзіктеу, жұмсақтау, қозғалмалы, ожданлы болу керек. Жаман тәрбиеленсе, ол әйел фурияға айналады және барлық жағынан еркектен асып түседі”.

Қазіргі кезде, зерттеушілердің белсенді талдайтын тақырыбының бірі “әйел этикасы” болып табылады. Этикалық аспект әдебиетке тікелей қатысты деп ойлаймыз, себебі, эстетикалық, көркемдік өз кезегінде этикалықты, адамгершілікті алдын ала анықтайтын қатынастар мен байланыстарды формалды түрде енгізуді білдіреді. Әйел этикасы туралы дәстүрлі түсінік алғаш рет ХҮІІІ ғ. жасалып, ХІХ ғ. кең тарайды. Әйел нәзік жынысты болғандықтан



да оның моральдық жағынан да, қабілет-қарымы жағынан да төмен болады деген түсінік көбінесе әйелдердің өздерін жете бағаламауына, төменшіктеуіне әкеп соқтырды. Төмендету әйелдердің өздеріне ғана қатысты емес, олардың қызметі мен мүддесіне де қатысты болды. Қазақтың дәстүрлі күй өнері санлақтарының ішінде жалғыз Дина Нұрпейісованың аталуы да осыған айғақ бола алады. Расында, қазақта күйші қыздар аз болмаған. Ойын-тойда немесе кейде іздеп жүріп өнер сайысына түскен кезде, ерлер өнерін қыздардан асыру үшін, қыздар бара алмайтын әдепке жат болардай әрекетке яғни, домбыраны аяқтың саусақтарымен шертү сияқты қимылдар жасап, “өнерін” асырып түсірген. Өнер сайыстарына қыздарды қатыстыруға аса тыйым болмаған. Қазақтың ақын қыздарын ойын-тойда ғана емес, арнайы еліне іздеп келіп айтысатындығын Біржан мен Сара айтысынан білуге болады. Біржан сал сынды ел аузына іліккен жігіт ағасына жас қыз Сараның айтыста төтеп беруді, сөз додасында кем түспеуді сүйсіндіргенімен, некелесер күйеуінің ақын қызға тең болмауын бетіне басқанда, “Келгенде Жиенкүлға шықпайды үнім” деп төменшіктеуі - теңсіздікті тағдырым деп мойындаған мың сан әйелдің болғандығына дәлел. М. Әуезов алғашқы шығармасы “Еңлік - Кебекті” ауыл сахнасында қоймақ болғанда, қыздың рөлін ойнайтын бірде-бір қыз табылмайды. Бұл - халқымыз өнерден қыздарды шеттетті деген сөз емес. Бір жағынан, қазақ өнеріне енген жаңалыққа қызға тән ибашылық сақтай қарауы болса керек.

“Әйел этикасына” деген менсінбеушілік қатынас күнделікті санада көптеген мифтер мен ұғымдар туғызды, оның көпшілігі қазір де таралған. Әсіресе, егер біз әдебиет пен өнер саласына көңіл бөлсек, онда тек қана еркектер осы салада нақты шедеврлерді жасай алғанын, өнер тарихы мен сөз өнері - ұлы еркек дарындылығының тарихы дегенді жиі естиміз. Егер жазылған тарихқа көз жіберсек, мысалы, Сафо, Шарлотте Бронте, Анджелика Кауфман, Вера Мухина, Анна Голубкина, Жорж Санд және басқа дүниежүзілік мәдениетке өз үлесін қосқан әйелдердің еңбектерін де кездестіреміз. Алайда, нақты деректерге жүгінсек, олар өте аз екеніне көзіміз жетеді. Дегенмен мұның өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, көп ғасырлар бойы әйелдер іс жүзінде “еркін өнерге” жіберілмеді, бұдан басқа әдебиет немесе кескіндеме өнері әйел үшін ұят, мүмкін емес, ыңғайсыз іс болды. Кім де кім бұл бағытты таңдауға батылы жетсе, ол лақап атпен жұмыс істеп, қоғамдық сынды көтере білуге мәжбүр болды. (Мысалы Америка мен Еуропада әйел суретшілерді дайындау тек XIX ғ. аяғында мүмкін болды. Еуропадағы суретші әйелдердің жағдайын сипаттайтын Мария Башкирцеваның “Күнделігін” еске түсірейік). Әйел үшін жоғары білімге қол жеткізу өткен ғасырдың екінші жартысына дейін жабық болды. Патриархалды тыйым салудың мұндай жүйесі салдарынан бұл

шығармашылық салада әйелдің өзінің дарынын, талантын ашуына мүмкіндік болмады.

Әйелдің оны қоршаған ортамен қатынасы және оның күнделікті қызметіндегі кеңістіктің өзі - үй, отбасы, үйдегі заттар, өз отбасы мүшелеріне қатысты әйелдің қамқорлығы мен табандылығы идеалдандырылды. “Әйел этикасының” пайдасына феминистік сын өкілдері еркек және әйел санасының өзінің адамгершілік ерекшеліктерінің айырмашылықтарын қарау патриархатты, маскулиндік ұстаным тұрғысынан жүзеге асты, яғни еркектік мәдениет пен оның иерархиялы қатары кез келген этикалық және эстетикалық құндылықтардың әмбебап өлшемі болып болғандығын көрсетеді.

Әдебиетте “әйел мәселесімен” байланысты тақырыптар Ресейде бұрын, ХҮІІІ ғ. аяғы - ХХ ғ. басында көтерілген. Жазушы әйелдер Е. Ган, М. Жукова, М. Вовчок, О. Шапир, В. Микулич, А. Коллонтай, Е. Бакунинаны, т. б. айтпай кетуге болмайды.

Мәдениеттегі әйел үні ХХ ғ. бастап қана айқын шыға бастады. Осы ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде үзбей шығып тұрған “Айқап” журналы қазақ халқының әлеуметтік, саяси өмірінен хабардар етіп, қазақ бұқарасын мәдениетке, білім мен өнерге шақырған басылым еді. Осы журнал беттерінде жарияланған Сақыпжамал Тілеубайқызының “Қазақ қыздарының аталарына”, “Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз” атты арнайы мақаласы мен “Қыз батасы” атты өлеңі, Күләйім Өтегенқызының “Қазақ қыздарына”, Мәриям Сейдалинованың “Зарлау” және “Тұр қазақ!” атты өлеңдері арқылы қазақ даласына келген кеңестік жаңа заманның жаңа өмір мен жаңа мәдениетке деген қазақ қыздарының ішкі сұранысын, өзіндік ойын байқауға болады. Кеңестік заманның алғашқы қарлығаштарына айналған, қаламгерлікті қайраткерлікпен ұштастыра білген қазақ қыздары Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Алма Оразбаевалардың суырылып апға шығуы қазақ әйелдері арасынан мемлекет билейтін, бұқараға бағыт сілтейтін белсенділердің тез арада тәрбиеленіп шыққандығын көрсетеді.

Елді социалистік негізде қайта құру дәуірінде қазақ әйелдерінің қоғамдық белсенділігі күшейе түсті. Қазақ әйелдері саналы түрде коммунистік партияның мүшелігіне өте бастады. “Әйел теңдігі” журналында (1926 №10-11) басылған мақаладан әйелдерден сайланған өкілдер жөнінде үзінді келтіруге болады: “Өкілдер ауылдың шаруашылық ыңғайына қарай сайланады. Қатысушылар кедей, орта шаруадан шыққан әйелдер. Жас мөлшері 25 пен 45-тің арасы. Саны 20-30-дан аспауы керек”. Қаламгерлігімен де, педагогикаға қосқан өзіндік үлесімен де Нәзипа Құлжанова ерекшелене түседі. Оның “Қызыл Қазақстан” журналының 1922 жылғы 13-санындағы “Қазақ әйелдеріне” деген мақаласында Нәзипа бостандық, теңдікке қол жеткізуге ғана емес мәдениет пен өнерге деген дұрыс

көзқарас қалыптастыратын ой айтады. “Сарыарқаның кең сахарасын жайлап, айдын шалқар көлдерге бие байлап, үй тігіп, көкорай шалғынға етегі шырмалып, көрінеу жұмақтағы хор қызындай болып жүріп, ай жарығы, салқын тандарда үйдің сыртына шығып, көздің жасын көл қылып, қорлықта өтіп бара жатқан жас өмірін өлең қылып, еркіншілікпен ілесіп, зарлап ән шырқайтын, шерлі жүрек ақындар бізде аз емес” деген маржандай тізілген публицистикасы оның көркем сөздің хас зергері екенін аңғартады. Қазақ әдебиетінде әйелдер тендігін ұран еткен Б. Майлин, С. Торайғыров, С. Көбеев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов т. б. болды. М. Әуезовтің “Ей, қазақ мешел болып қалғың келмесе, әйелдің халін түзе, бесігінді түзе” деген сөзі бүгінге дейін маңызын жоғалтпады деуге болады.

Қыз баланың тұлға болып қалыптасуында ата-анасы, туған үйі ғана емес, сонымен бірге оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы – құрдастарының әсерін жоғары бағалап, “Қызың өссе – қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе – ұяттымен ауылдас бол” деп қыз тәрбиесіне бүкіл ауылдың жауапты екенін меңзейді.

Халық педагогикасы жеке адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі үйлесімдікке аса көңіл бөледі. “Қыз бала қылығымен сүйкімді”, “Ақылды қыз ибаға иіледі, ақылды ұл иманға үйіріледі” деген мақалдар қыз баласынан ибалықты, ізеттілікті күтетінін білдіре отырып, “Қызым үйде – қылығы түзде” деп қызды тәрбиелеуде оның психологиялық ерекшеліктерді ескеруді ескертеді.

Қыз баланы жастайынан “Үйренгенің өзіңе құт, істегенің еліңе құт” дей отырып еңбекке, қолөнерге және үй жұмысына үйретуге ерекше көңіл бөлген. “Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без” “Ою ойғанның ойы ұшқыр”, “Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде сызу сызбас”, “Аяғын көріп асын іш” деген халық тұжырымдары қыз баласына өз міндеттерін ыждаһатпен үйренуге ықпал еткені даусыз.

Қай заманда, қай елде болса да, отбасының адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Себебі, отбасы мүшелерінің бір – біріне кісілік қарым-қатынасы, ішкі сезімдері, ілтипат ықыластары – олардың жаны мен жанның табиғи бірлігіне, тұтастығына негізделген жақындық, отбасы тәрбиесінің күші осында. Болашақ ұлтты тәрбиелейтін ана болса, ертеңгі аналар – бүгінгі қы-

здарымыз. Олай болса қыз тәрбиесі дегенде, ертеңгі болашақты бүгіннен қалыптастыра бастағанымыз жөн. Халқымыздың қыз бала тұлғасын қалыптастыруда үлкендердің, ата-анасының, елге белгілі кісілердің жақсы істерін үлгі етіп, тәрбиеде «ұят», «намыс», «ар» ұғымдарын кең пайдалана отырып тәрбиелеудің мүмкіндіктерін белгіледік.

1) қазақ отбасындағы тәрбие нысандары: ұлттық салт-дәстүр, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық мұралар, әжелер мектебі, аналар мектебі, жеңгелер мектебі, ұлттық рухани құндылықтар, ғылыми-теориялық тәрбие жүйесі, отбасылық тәрбие, ұлттық мәдениет, қыз бала психологиясы, қыз бала физиологиясы, қоғамдық орта;

2) қазақ отбасындағы қыз балаға тәрбие беру әдістері: сендіру, үйрету, жаттықтыру, көтермелеу, мадақтау, мақұлдау, жазалау, тыйым салу, талап қою;

3) қыз бала тәрбиесіне кері әсер ететін факторлар: жағымсыз мінез-құлық, жалқаулық, жауапсыздық, зиянды әрекеттер (алкоголь, темекі, наркотик және т. б.), әуесқойлық ойын – сауықтар және жағымсыз іс-әрекеттер, салауатсыздық, сауатсыздық, мәдениетсіздік, отбасылық, ұлттық намыстың төменділігі, жағымсыз орта деп белгіледік.

Қыз болып қылтия бастағаннан «ақ отауға» енгенге дейін қызды қаншама сынақ күтіп тұрады. Оларды ең алдымен алып-ұшпа сезімді тежей білуге дағдыландырады. Олай болса, қыз баланың тәрбиесі де осылардан басталады, ол ең алдымен анаға байланысты.

Халқымыз ерте кезден-ақ әдепті жоғары бағалай білген. Қазақ ұлдары мен қыздарының да өне бойынан әдептілік қасиеттері байқалып тұрған. Әдеп, адамгершілік жөніндегі қағидалар қашанда халықтың өлең жырларынан, тапқыр, шешендік сөздерінен, ауыз әдебиеті үлгілерінен тиісті орын алып отырған. Әдептілік барлық адамға жарасатын қасиет. Бұл адамның бала жасынан алған тәрбиесіне, өскен ортасына, төңіреkteгі адамдардың қарым-қатынасына байланысты қалыптасқан қасиет. Қыз баланың әдептілігі оның сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әр түрлі жағдайда өзін ұстай білуінен, құрбы-құрдастарымен және өзге адамдармен арақатынасынан көрініп тұрады. Ата-ананың адамгершілік бейнесі – балаларды әдептілікке тәрбиелеу ісіндегі негізгі көз.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ә Қазақстан – 2030. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 66б.
2. Нысанбаев А. Н., Гендер и народонаселение. // Проблема гендера в контексте трансформации казахстанского общества: Материалы международного круглого стола. Алматы: КазГосЖенПИ 2001. С. 240 (19-22).
3. Ұзақбаева. С. А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы этикалық тәрбие: пед. ғыл. док. дисс. – Алматы, 1994. - 420б.
4. Дайрабаева А. Е. Қазақстанның халықтық педагогикасындағы қыздардың адамгершілік тәрбиесі: пед. ғыл. канд. дис. . . . – Алматы, 1993. -173б.
5. Абубакирова Н. И., Что такое гендер? //ОНС, 1996, № 6).

**Шағырбаева Ментай Доғдырбайқызы**

доцент м. а. педагогика ғылымдарының кандидаты, 87026869450, mentay77@mail. ru

**Құдайбергенова Алия Мәлікқызы**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м. а., тел: 87012644898, alia80. 80@mail. ru;  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Түйін.* Мақалада мектеп оқушыларына бойында жауапкершілікті қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Жауапкершілік ұғымына анықтама берілген, жауапкершіліктің түрлері мен құрлымы сипатталады, сонымен қатар, мектеп оқушыларының бойында жауапкершілікті қалыптастырудың құрылымдық моделі және факультативтік курстық мазмұнын ұсынылған.

*Кілтті сөздер:* жауапкершілік, оқушы, борыш, этика, адамгершілік, әдеп, қарым қатынас, тұлға белсенділігі.

*Аннотация.* В статье рассматриваются проблемы формирования ответственности у школьников, а также дается определение понятию «ответственность», характеристика видов ответственности, а также авторы предлагают содержание факультативного курса и структурную модель формирования ответственности у школьников.

*Summary.* In article problems of formation of responsibility at school students are considered, and also definition is given to the concept "responsibility", the characteristic of types of responsibility, and also authors offer the maintenance of a facultative course and structural model of formation of responsibility at school students.

*Ключевые слова:* ответственность, долг, этика, духовность, школьник, общения.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің: ұлттық мақтаныш, патриоттық сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жеке тұлғасын тәрбиелеуші ретінде қалыптастырудың жаңа тәсілінің дәріптелуін, кәсіптік-педагогикалық білім берудің заман талабына сай жаңа мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінуін, тұлғаның қоғам дамуының белгілі бір деңгейге жетуін талап етеді [1-2].

Бәрімізге мәлім, жауапкершілік әлеуметтік өмір аясында адам, қоғамның табиғи өмір сүруі үшін қажетті жағдай туғызуға себепті салдарын тигізетін еркіндікті (соның ішінде ой еркіндігінде) қамтамасыз етуге қабілетті, жауапкершілікті адамдардың мінез- құлқын қалыптастыру құралы болып табылады. Олай болса, жауапкершілік пен еркіндік өзара байланысты әрі бір-біріне себепті салдарлық құбылыстар. Еркіндік істің байыбын барлай отырып, дұрыс шешім қабілеттілігінен басқа ешнәрсе емес. Еркіндік немесе шешім қабылдауға жағдай тудырған болса, жауапкершілік те арта түседі. Еркіндік шектелген, шектелілген жерде жауапсыздыққа, заңға қайшы келетін мінез-құлыққа әкеліп соқтыратын психологиялық деформацияға жол ашылады. Жауапкершілік бір мезгілде түрлі әлеуметтік байланыстарға тән нәрсе. Жауапкершілік сезімі адамгершілік санаты (категориясы) болып табылады. Алайда, жауапкершіліктің мұндай қасиеті құқықтық жағынан негізделгенде ғана құқықтық реттіліктің көрінісі ретінде жауапкершілік ұғымы түрлі аспектілерге

жиі қолданылады. Кейбір жағдайларда міндеттерді, тапсырмаларды, жүктелген жұмыстарды орындау мен оның нәтижелері, өзге жағдайларда олардың бұзылу, сақталмау жөніндегі жауапкершілігі туралы сөз болды. Бірінші жағынан алып қарастырғанда тұтас құбылыс мінез-құлықтың ондай қылығына тәуелсіз, ал екінші жағынан алып қарастырғында міндеттердің салдары ретінде туындап тәуелдікке ұшырайды. «Жауапкершілік» термині әртүрлі аспектіде қолданылады. Жеке айтатын болсақ: әлеуметтік, рухани. «Әлеуметтік жауапкершілік» түсінігі жалпылама ұқсас. Онымен қоғамдағы болып жатқан жауапкершіліктің барлық түрі қамтылады. Осы тұрғыдан қарағанда рухани, экономикалық, заңдық жауапкершілік - тек әлеуметтік жауапкершіліктің түрі ғана.

Жауапкершілік - бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Өсіп келе жатқан адамда жауапкершілікті тәрбиелеу - қазіргі заман өзекті мақсаты. Мұғалімнің өзінде де жауапкершілік болғаны жөн. Жауапсыз мұғалім - білім саласындағы енбейтін құбылыс; ата-аналардың өз балалары тәрбиесі үшін жауапкершілігін белгілейтін заңды және өнегелі нормалар [4]. Жалпы «жауапкершілік» термині этикалық категориялар санатында болғандықтан, біздің түсінігімізше «әдеп», «әдептілік», «әдет», «әдет ғұрып нормалары», «адамгершілік» «имандылық» түсініктерімен тығыз байланысты ұғым. Қазақ философиясында жауапкершілік мәселелері өзінің тереңдігімен, тарихи дәйектілігімен айқындалады. Жауапкершіліктің алғашқы әлеуметтік философиялық талдаулары адамзат үшін мәңгілік

өмір іздеген Қорқыттан басталады. Ал әл Фараби болса жауапкершілік этикалық ұғымдар: зерде, бақыт, ізгілік, әділеттілікпен, теңестірген. Халқымызда жауапкершілікке аса үлкен мән бергені көрсетілген.

Жауапкершілік екі аспектіде қарастырылады. Бірінші жауапкершілік әлдебір әрекетті жүзеге асырудағы міндет болып табылады. Екіншіден, жауапкершілік өз әрекетіне жауапты қажеттілік. Бұдан жауапкершіліктің ар ождан сияқты кең ұғым екенін, парызбен теңестірілетінін байқаймыз.

Жауапкершілік - адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Өсіп келе жатқан адамда жауапкершілікті тәрбиелеу - қазіргі заман өзекті мақсаты. Мұғалімнің өзінде де жауапкершілік болғаны жөн.

Ганс Ионас жауапкершілік топтамасын парыз күшімен салыстырған және оның түрлеріне тоқталайық.

Ганс Ионас бойынша жауапкершіліктің екі түрі бар:

- 1) Ісі үшін жауапкершілік;
- 2) Қылығы үшін жауапкершілік.

Сонымен қатар, ол мынандай түрлерін көрсетеді: өзара және өзара емес, көлденең және тік, табиғи және келісімдік. Г. Ионастың өзара жауапкершілігі, бұл жауапкершілік отбасындағы адамдардың бір бірімен ара қатынасы кезінде қалыптасатын жауапкершілік болып есептеледі. Өзара емес жауапкершілік болса, оның объектісі «ортақ істің сәттілігі» болып табылады, ол көбіне партнерлер, шағын кәсіпкерлер мен саудагерлер арасында жүреді. Жауапкершіліктің бұл түрі заңдық жауапкершілікке ұқсас, адамдарға мемлекет тарапынан жауапкершілік жүктейді. Одан кейінгі қарастырған өнегелі жауапкершілік. Оның көзқарасынша, ол жауапкершіліктің ең жоғары сапасы бар түрі болып саналған. Егер моральды сипаттармен, нормалар жүрсе, жауапкершілік әлеуметтік сипатта болады. Ата ананың балалар алдындағы, балалардың ата аналар, ұжым, туысқан алдындағы жауапкершілігі осыған жатады, яғни бір сөзбен айтсақ, қарым қатынастық жауапкершілік. Адамдардың әлемтанулық және моральды идеологиясы қоғам, халық, Отан алдындағы жауапкершіліктер болып саналады. Өнегелі жауапкершілік моральды жауапкершілікке жатады, ол құқық пен заңдыққа қарағанда әлдеқайда күрделі. Мұнда ар ождан жауапкершіліктің реттеушісі болады, ұят жауапкершілік көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, Г. Ионастың қарастырған жауапкершілік түрлері ол тік және көлденең жауапкершіліктер. Көлденең жауапкершілік адам арасында тең жағдайда әлеу-

меттік сатып алу, келісім екі жақ теңдігін ұстанымы негізінде жүзеге асады. Тік жауапкершілік өзі жауапкершілікте болатын күшпен пайда болмайтын түрі.

Табиғи жауапкершілік ата ана жауапкершілігі, ол табиғи жолмен жүзеге асып отырады, ал жасанды, уақытша сипаттағы жауапкершілік, ол көбінесе бала асырап алатындар арасында кездеседі. Тәрбиелеу сферасы бойынша жауапкершілік ата аналық, мемлекеттік болып бөлінеді, ата аналық жауапкершілік қамқорлық көрсету болса, мемлекеттік жауапкершілік саясатты білім аймағында жүргізу болып табылады. Ары қарай жалғастырсақ, қоғамға қатысты жауапкершіліктер, топтық, ұжымдық, ұлттық, мемлекеттік болып бөлінеді. Жауапкершілік әлеуметтік құбылыс ретінде адам мен қоғам пайда болуымен шыққан.

Қазіргі таңда қоғамдық өмірімізде кең орын алған ауқымды қоланыстағы түрі Заңдық жауапкершілік. Қоғам заң ережелерін сақтайтын азаматтармен қоса құқық бұзатын тұлғалар болып екіге бөлінеді. Сондықтан құқық бұзушылыққа қарама қарсы қолданылатын мемлекеттік шара жауапкершілік болып табылады.

Заңды жауапкершілік әлеуметтік жауапкершілік формаларының бірі болып есептеледі. Әлеуметтік жауапкершіліктің мәні жеке тұлғаға қоғаммен, мемлекетпен, адамдармен қойылатын міндеттерді орындаудан тұрады. Заңды жауапкершіліктен басқа қоғамда әлеуметтік жауапкершіліктің басқа формалары қызмет етуде: моральдық, саяси, ұйымдық, қоғамдық және т. б.

Әлеуметтік жауапкершілік жеке тұлғаға қойылатын нормативтік талаптар жиынтығы ретінде әлеуметтік жауапкершіліктің объективті жағы болып табылады.

Заңды жауапкершілік заңмен және құқық бұзушыға қатысты мемлекетпен белгіленген тәртіпке сай, мемлекеттік органдар қолданатын, қолайсыз зардаптардан тұратын әсер ету шаралары. Заңды жауапкершілік құқықтық талаптарды орындамағаны үшін емес, оларды бұзғаны үшін белгіленеді, яғни, заң жобаларындағы жауапкершілікті сақтау мен келісім міндеттерін орындау үшін үшін тағайындалады.

Құқық бұзушылық заңды жауапкершіліктің негізі ретінде, яғни заңды жауапкершілік құқық бұзушылықтың негізінде пайда болады. Құқық бұзушылықтың түсінігі белгілі бір әрекеттің әлеуметтік табиғаты мен заң формасын ашатын белгілер жиынтығынан тұрады. Қоғамдық қатынастар жүйесіне, аталған қоғамдық құрылысқа, қоғамдық қауіп, адам әрекетінің белгілі бір түрдегі зияны, құқықтық қатынастардың әлеуметтік мәні болып келеді. Сондай ақ жеке әрекеттер қалыптасқан қоғамдық қатынастарды бұзуға қабілетсіз, бірақ олар өз жиынтығында қоғамның қалыпты шартын бұзады. Сондықтан мемлекет тарапынан құқық



бұзушылыққа қарсы әрекет жасау мүмкіндігі пайда болды.

Азаматтық құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықпен белгіленіп жеке адамдар не болмаса заңды тұлғалар өздерінің міндеттерін орындамағанда, адамның денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде пайда болады. Азаматтық құқықтық жауапкершілік келтірген зиянның орнын толтырып, бұзылған мүлікті құқықты қалпына келтіру.

Азаматтық құқықтық жауапкершілік екі түрге бөлінеді: тараптармен жасалған шарттың бұзылуына байланысты біреуге мүліктік зиян келеді. Шарттан тыс жауапкершілікке міндеттіліктен туатын тараптардың жауапкершілігі жатады.

Әкімшілік заңды жауапкершілік әкімшілік теріс қылық орын алғанда көрінеді: мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, меншікке, азаматтардың құқығы мен бостандықтарына, басқару тәртібіне қол сұғатын құқыққа қарсы, кінәлі әрекет. Кей кездерде әкімшілік жауапкершілікке қылмыс істеген адамдар тартылады. Бірақ олардың қоғамға қауіптілігі жоқ. Қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар болып табылады. Әкімшілік жауапкершілік бойынша белгіленетін жазалар: айып, арнайы құқығынан және көлік жүргізу айыру, заттарын, әсіресе әкімшілік құқық бұзуды істеген кездегі пайдаланып отырған заттарды қайтару.

Тәртіптік жауапкершілік шаралары ұйымдық тәртіпті бұзғаны үшін, сонымен қатар, ішкі тәртіпті, атқару тәртібін, қызметтік міндеттерді бұзғаны үшін тағайындалады. Ол ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс жариялау, үш айға дейін еңбек ақысын төмен жұмысқа ауыстыру, жұмыстан босату. Тәртіптік жауапкершілік туралы жарғылар мен ережелер жұмыскерлер тәртібіне қатаң талап қояды және сонымен бірге тәртіптік жауапкершіліктің жалпы шаралары мен қатаң санкциялары бар арнайы нормаларды да ескереді.

Бұл шараларға қызметке сәйкес еместігі жөнінде ескерту, шешім төмендету жатады. Бұдан да басқа жауапкершіліктің түрлері материалдық, отбасылық, процессуалдық, салықтық, конституциялық.

Материалдық жауапкершілік тұлғаның өз қызметтік міндеттерін орындауда заңсыз әрекеттер нәтижесінде мүліктік зиян келтіруді өндіріп алу.

Этикалық тұрғыдан жауапкершілік ұғымына жақын ұғымдар:

Әдеп қоғамдағы адамдар мінез құлықына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Жалпы мәдени өмірдің қалыптасу барысында мінез құлықтың тұрмыстық белгілері әдептің талаптарына ұлғасып отырғаны белгілі. Әдеп белгілі

заңдар жүйесінде сүйенбейді, немесе белгілі бір тұлғаны қалыптастырған рухани құндылықтарына жағдайды. Қазіргі күндері ғылыми тұрғыдан әдептің тұрпатына ықпал етуші негізгі үш әлеуметтік фактор қарастырылады.

-Қарттар мен жас балаларға қамқорлық,

-Тайпалардың бір біріне қастандық жасауына тиым салу

-Еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі


-Адамдар арасында ынтымақтастықты қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесі сонау көшпенділер мәдениетінен нәр алып, заман ағымына сәйкес түрленіп, жаңара түскенімен бастаулық негіздері сақтап келеді [15].

Азаматтық жауапкершілік азаматтық құқықтық тұрғысынан қарастырса ол құқықтық жауапкершіліктің бір түрі. Өзге тұлғаның субъективтік азаматтық құқықтарының бұзылуына байланысты, өзінің заңда көзделген міндеттерін орындамауынан немесе жеткілікті орындамау себебінен туындайтын салдарлар [16]. Азаматтық жауапкершіліктің ерекшелігі оның арқауына және реттеу әдісіне байланысты. Яғни қоғамдық қатынастардың нәтижесінде туындайтын міндетті түрде жауапкершілікке жүктейтін әрекет. Ал рухани азаматтық жауапкершілік бұл арада парыз тұрғысынан қарастыру керек.

Егер қазіргі нарықтық жағдай болсын немесе әлемдік саясаттағы көрініс болсын өркениеттің дамуында, тіпті планетамыздың сақталып қалуында жауапкершіліктің ойып алар орны бар. Сондықтан қазіргі жасөскелең ұрпаққа отан алдындағы, өз міндеті мен мақсаттарын алдындағы, қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру, нығайту отбасының, болашақ ұрпақ тәрбиелеп отырған педагогтардың алдындағы міндеті. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларға жауапкершілігін қалыптастыру бойынша өзін өзі тану, экономика негіздері, құқықтану, дінтану пәндері арқылы жүзеге асырылады. Ал әлеуметтік педагог мектептің психологымен (психолог жоғары сынып оқушысының жауапкершілігін қалыптастыруда бойынша тұлғалық сана сезімін анықтайды), өзін өзі тану мәні мұғалімі адамгершілік, руханилық, махаббат, достық, жақсылық пен жамандық, ар ождан секілді ұғымдарды бойына сіңірсе, экономика негіздері пәнінің оқытушысы (экономика негіздері пәні мұғалімі оқушыға экономикалық жауапкершіліктің мәнін, негіздерін, ұғым қалыптастырады), дінтану пәні мұғалімі оқушылардың бойына рухани жауапкершілігін қалыптастырады.

Мектеп оқушыларының жауапкершілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі.

Модельдің құрылымдық негізіне оқыту жүйесі болып табылатын, бір-біріне тәуелді байланысқан элементтерімен байланысқан заңдылықтарымен ерекшеленетін модельді ұсынып отырмыз (сурет 1).



Оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының жауапкершіліктерін қалыптастырудың мазмұнын айқындау мақсатында, «Жасөспірімдердің жауапкершіліктерін қалыптастыру» тақырыбында мектеп оқушыларымен факультативтік таңдау курсы жүзеге асырылды (кесте -). Курстың мақсаты: Жоғары сынып оқушыларының жауапкершіліктерін дамыта білуге үйрету.

Курс мына міндеттерді жүзеге асырды:

- коммуникативтілік мәдениетін қалыптастыру;  
- Оқушылар бойында жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас қалыптастыру;  
- Іскерлік қарым-қатынас барысында өз-өзін ұстауға үйрету;  
- Дұрыс қарым-қатынасқа түсе білу.  
Курстың мазмұны төмендегідей құрылып, 34 сағатқа жоспарланды. Курс мазмұнына тренингтер, іскерлік ойындар және т. б. іс-шаралар қамтылды.

Кесте - «Жасөспірімдердің жауапкершілігін қалыптастыру» тақырыбында мектеп оқушыларымен факультативтік таңдау курсы

№	Тақырыптар	Барлық сағат саны	Дәріс	Өздік жұмыс
1	Кіріспе	1	1	
2	Жауапкершілік дегеніміз не?	2	2	
3	Қарым-қатынас психологиясы және адамдармен тіл табыса алу	2	2	1
4	Сөйлеу мәдениеті мен уәде беру және оны орындау	1	2	
5	Менің қарым-қатынас стилім	1	2	1
6	Қарым-қатынаста өзін-өзі дұрыс ұстауы	1	2	
7	«Мен-жеке тұлғамын!»	1	2	1
8	Жауапкершілікті көрінудегі имидждің рөлі	1	2	1
9	Іскер адамның психологиялық потенциалы	1	2	
10	«Мен - ескі, мен - жаңа»	1	2	
11	Қорытынды Барлығы	34		

Курс барысында дәріс, семинар және оқушылардың өздік жұмыстары ұйымдастырылып, оқыту жүзеге асырудың жаңа формалары өткізілді.

Мұғалім мен оқушы қарым-қатынас қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қолданудың мақсаты, мына міндеттерді шешеді [34, 43]:

- тиімді қарым-қатынасқа машықтау (байланыс құру, қосылып отыру, белсенді тыңдау, өз пікірін толыққанды білдіру);

- эмпатиялық дамыту;

- сенімсіздіктен, қобалжудан, қорқыныштан, қарым-қатынастағы қиындықтардан арылу;

- тиімді қарым-қатынасқа деген дайындығын дамыту;

- айналадағылармен қатынаста адамгершілікті дамыту;

-тыңдай білу, жанашырлық, дауды жеңу, іскерлігін игеру;

-қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;

-байланыс жасау іскерлігін меңгеру;

-өз коммуникациялық ерекшеліктерін сезіну;

-өзгелердің қызығушылығымен санасу және оны есепке алу іскерлігін қалыптастыру;

-ашықтық сезімді, адамдарға деген сенімді дамыту;

жауапкершіліктерін қалыптастыру.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілі терминологиялық сөздігі. Педагогика. 2003
2. Есім Ф. Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. Алматы, Ғылым, 2002. Т. 7.
3. Ғабитов Т. Х. Мәдениеттануға кіріспе. Алматы 2003
4. Қазақстан Республикасындағы Азаматтық кодексі. Алматы 1994
5. Алдамұратов Қ., Ғабитов Т. Әдеп негіздері, Алматы, 1997 .

**Стативка В. С.**

Профессор кафедры технического обеспечения ВА МТО имени генерала армии А. В. Хрулёва  
Доктор военных наук, профессор

**Кадиркулов Ш. К.**

Соискатель ученой степени кандидата наук, доцент кафедры МТО ВИСВ МО РК, полковник

### МЕТОДИКА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Основной целью эксперимента является проверка теоретических положений (подтверждение рабочей гипотезы), а также более широкое и глубокое изучение темы научного исследования.

Эксперимент должен быть проведен по возможности в кратчайший срок с минимальными затратами при самом высоком качестве полученных результатов. Различают эксперименты естественные и искусственные (рис. 1).



Рисунок 1- Виды экспериментов

Экспериментальные исследования необходимы в том случае, если затруднительно классифицировать все факторы, влияющие на изучаемое явление вследствие отсутствия достаточных предварительных данных. Экспериментальные исследования бывают лабораторные и производственные (рис. 2).

Лабораторные опыты проводят с применением типовых приборов, специальных моделирующих установок, стендов, оборудования и т. д. Эти исследования позволяют наиболее полно и доброкачественно, с требуемой повторяемостью изучить влияние одних характеристик при варьировании других. Однако такие эксперименты не всегда полностью моделируют реальный ход изучаемого процесса, поэтому возникает потребность в проведении производственного эксперимента.




Рисунок 2 – Виды экспериментальных исследований

Производственные экспериментальные исследования имеют целью изучить процесс в реальных условиях с учетом воздействия различных случайных факторов производственной среды.

Одной из разновидностей производственных экспериментов является сбор материалов в организациях, которые накапливают по стандартным формам те или иные данные. Такие данные хорошо поддаются обработке методами статистики и теории вероятностей.

В ряде случаев производственный эксперимент эффективно проводить методом анкетирования. Для изучаемого процесса составляют тщательно продуманную методику. Основные данные собирают методом опроса производственных организаций по предварительно составленной анкете.



В зависимости от темы научного исследования объем экспериментов может быть разным. В лучшем случае для подтверждения рабочей гипотезы достаточно лабораторного эксперимента, но иногда приходится проводить серию экспериментальных исследований: предварительных (поисковых), лабораторных, полигонных на эксплуатируемом объекте.

На обработку и анализ такого эксперимента затрачивается много времени. Все это возможно, когда экспериментатор четко не обосновал цель и задачи эксперимента. В других случаях результаты длительного, обширного эксперимента не полностью подтверждают рабочую гипотезу научного исследования. Поэтому прежде чем приступить к экспериментальным исследованиям, необходимо разработать методологию эксперимента.



Рисунок 3 – Методология проведения эксперимента

Методология эксперимента — это общая структура (проект) эксперимента, т. е. постановка и последо-

вательность выполнения экспериментальных исследований. Методология эксперимента включает в себя основные этапы (рис. 3).

В последнее время широко применяют математическую теорию эксперимента, позволяющую резко повысить точность и уменьшить объем экспериментальных исследований. В этом случае методология эксперимента включает такие этапы: разработку плана-программы эксперимента; оценку измерения и выбор средств для проведения эксперимента; математическое планирование эксперимента с одновременным проведением экспериментального исследования, обработкой и анализом полученных данных.

План-программа включает наименование темы исследования, рабочую гипотезу, методику эксперимента, перечень необходимых материалов, приборов, установок, список исполнителей эксперимента, календарный план работ и смету на выполнение эксперимента. В ряде случаев включают работы по конструированию и изготовлению приборов, аппаратов, приспособлений, методическое их обследование, а также программы опытных работ на предприятиях.

Основа плана-программы — методика эксперимента. Один из наиболее важных этапов составления плана-программы — определение цели и задач эксперимента. Количество задач должно быть небольшим. Для конкретного (не комплексного) эксперимента оптимальным количеством являет-

ся 3—4 задачи. В большом, комплексном эксперименте их может быть 8—10.

Необходимо правильно выбрать варьирующие факторы, т. е. установить основные и второстепенные характеристики, влияющие на исследуемый процесс. Вначале анализируют расчетные (теоретические) схемы процесса. На основе этого классифицируют все факторы и составляют из них убывающий по важности для данного эксперимента ряд. В тех случаях, когда трудно сразу выявить роль основных и второстепенных факторов, выполняют небольшой по объему поисковый эксперимент.

Основным принципом установления степени важности характеристики является ее роль в исследуемом процессе. Для этого изучают процесс в зависимости от какой-то одной переменной при остальных постоянных. Такой принцип проведения эксперимента оправдывает себя лишь в тех случаях, когда переменных характеристик мало — 1—3. Если же переменных величин много, целесообразно применить принцип многофакторного анализа.

Обоснование средств измерений — это выбор необходимых для наблюдений и измерений приборов, оборудования, машин, аппаратов и пр. Средства измерения могут быть выбраны стандартные или в случае отсутствия таковых — изготовлены самостоятельно.

Очень ответственной частью является установление точности измерений и погрешностей.

Методы измерений должны базироваться на законах специальной науки — метрологии.

В методике подробно проектируют процесс проведения эксперимента. Вначале составляют последовательность (очередность) проведения операций измерений и наблюдений. Затем тщательно описывают каждую операцию в отдельности с учетом выбранных средств для проведения эксперимента. Разрабатывают формы журналов для записи результатов наблюдений и измерений.

Важным разделом методики является выбор методов обработки и анализа экспериментальных данных. Обработка данных сводится к систематизации всех цифр, классификации, анализу. Резуль-

таты экспериментов должны быть сведены в удобочитаемые формы записи — таблицы, графики, формулы, номограммы, позволяющие быстро и доброкачественно сопоставлять полученные результаты.

Особое внимание в методике должно быть уделено математическим методам обработки и анализу опытных данных — установлению эмпирических зависимостей, аппроксимации связей между варьирующими характеристиками, установлению критериев и доверительных интервалов и др.

Возможны три случая проведения эксперимента (рис. 4).



Рисунок 4 – Возможные случаи проведения эксперимента

Экспериментальные исследования необходимо проводить в соответствии с утвержденным планом-программой и особенно методикой эксперимента. Обязательным требованием проведения эксперимента является ведение журнала. Форма журнала может быть произвольной, но должна наилучшим образом соответствовать исследуемому процессу с максимальной фиксацией всех факторов. В журнале отмечают тему НИР и тему эксперимента, фамилию исполнителя, время и место проведения эксперимента, характеристику окружающей среды, данные об объекте эксперимента и средствах измерения, результаты наблюдений, а также другие данные для оценки получаемых результатов.

В начале результаты измерений сводят в таблицы по варьирующим характеристикам для различных изучаемых вопросов. Очень тщательно уточняют сомнительные цифры. Устанавливают точность обработки опытных данных.

Особое место отведено анализу эксперимента — завершающей части, на основе которой делают вывод о подтверждении гипотезы научного исследова-

ния. Анализ эксперимента — это творческая часть исследования. Иногда за цифрами трудно четко представить физическую сущность процесса. Поэтому требуется особо тщательное сопоставление фактов, причин, обуславливающих ход того или иного процесса и установление адекватности гипотезы и эксперимента.

При обработке результатов измерений и наблюдений широко используют методы графического изображения. Графическое изображение дает наиболее наглядное представление о результатах экспериментов, позволяет лучше понять физическую сущность исследуемого процесса, выявить общий характер функциональной зависимости изучаемых переменных величин, установить наличие максимума или минимума функции.

Из неравномерных координатных сеток наиболее распространены полулогарифмические, логарифмические, вероятностные.

Полулогарифмическая сетка имеет равномерную ординату и логарифмическую абсциссу.

Логарифмическая координатная сетка имеет обе оси логарифмические; вероятностная — ор-

динату, обычно равномерную, и абсциссу — вероятностную шкалу.

Масштаб по координатным осям обычно применяют разный. От его выбора зависит форма графика — он может быть плоским (узким) или вытянутым (широким) вдоль оси.

Расчетные графики, имеющие максимум (минимум) функции или какой-либо сложный вид, особо тщательно необходимо вычерчивать в зонах изгиба. На таких участках количество точек для вычерчивания графика должно быть значительно больше, чем на главных участках.

В некоторых случаях строят номограммы, существенно облегчающие применение для систематических расчетов сложных теоретических или эмпирических формул в определенных пределах измерения величин.

На основе экспериментальных данных можно подобрать алгебраические выражения, которые называют эмпирическими формулами. Такие формулы подбирают лишь в пределах измеренных значений аргумента  $x_1$  - хп. Эмпирические формулы имеют тем большую ценность, чем больше они соответствуют результатам эксперимента.

К эмпирическим формулам предъявляют два основных требования — по возможности они должны быть наиболее простыми и точно соответствовать экспериментальным данным в пределах изменения аргумента.

Замену точных аналитических выражений приближенными, более простыми, называют аппроксимацией, а функции — аппроксимирующи-

ми.

Процесс подбора эмпирических формул состоит из двух этапов. На первом этапе данные измерений наносят на сетку прямоугольных координат, соединяют экспериментальные точки плавной кривой и выбирают ориентировочно вид формулы. На втором этапе вычисляют параметры формул, которые наилучшим образом соответствовали бы принятой формуле. Подбор эмпирических формул необходимо начинать с самых простых выражений.

Для исследования закономерностей между явлениями (процессами), которые зависят от многих, иногда неизвестных факторов, применяют корреляционный анализ.

В процессе проведения эксперимента возникает потребность проверить соответствие экспериментальных данных теоретическим предпосылкам, т. е. проверить гипотезу исследования. Проверка экспериментальных данных на адекватность необходима также во всех случаях на стадии анализа теоретико-экспериментальных исследований. Методы оценки адекватности основаны на использовании доверительных интервалов, позволяющих с заданной доверительной вероятностью определять искомые значения оцениваемого параметра. Суть такой проверки состоит в сопоставлении полученной или предполагаемой теоретической функции  $y = f(x)$  с результатами измерений.

В практике адекватности применяют различные критерии согласия: Фишера, Пирсона, Романовского.

#### Список использованных источников

1. Митропольский А. К. *Техника статистических вычислений*. – М. : Наука, 2011. – 576 с.
2. Бусленко Н. П. *Моделирование сложных систем*. – М. : Наука, 2009.
3. Вентцель Е. С. *Теория вероятностей*. – М. : Наука, 2007.
4. Овчаров Л. А. *Прикладные задачи теории массового обслуживания*. – М. : Наука, 2009.
5. Вентцель Е. С. *Исследование операций*. – М. : Наука, 2009.
6. Петренко А. М., Куришин В. В. *Основы научных исследований. Техника эксперимента: Учеб. пособие*. – М. : Высш. шк., 2010.

**Хадырбаева Индира Ескендірқызы**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Философия және саясаттану факультетінің  
оқытушысы, псих. ғ. магистрі, +7 702 737 9000, indirakadyr@bk.ru,

**ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ  
ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ГЕНЕЗИСІ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жүйесін зерттеудің генезисі қарастырылған.

*Резюме.* В этой статье рассматривается генезис исследования системы работы с учащимися низкой успеваемости.

*Summary.* In this article genesis of research of system of work with the pupil of low progress is considered.

Үлгерімі төмен оқушы–бұл оқушының оқу жүйесінде, білімді оқыту бағдарламасы мен білім стандарттарындағы білім беру мазмұнын меңгеру деңгейінен қала беруі арқасында дұрыс білім ала алмауы және соның салдарынан ары қарай толық оқу мүмкіндігі болмай қалуы. Үлгерімі нашар оқушылар мектеп бағдарламасындағы тақырыпты қабылдай алмайды, сынып және үй тапсырмасын орындай алмайды, сабаққа деген қызығушылығын жоғалтады. Дер кезінде көмекті көре алмаған баланың жеке өмірі өзгеріске түседі. Мектеп оқушысында осыдан оқуға, оқытушыға деген бұрыс қарым-қатынас пайда болады. Ақырында, олар өздерін жаман ұстап, сыныпты ыдыратып отырады, кей уақытта мектепті тастап, қиын жас балалар қатарын толтырады [1;238].

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жүйесі сонау ерте кезден бері келе жатқан мәселе болып саналады.

Педагогикалық терминология, сонымен қатар терминологиялық аппарат – бұл үлгермеу мәселесін теория мен тәжірибеде қолданып, педагогикалық және ғылыми жұмыстарда анықтауды лексикалық құралдар мен атаулар жүйесі дейміз

Педагогикалық терминологияға ең маңызды түсініктер мен категориялар термині кіреді, мысалы, үлгермеу түсінігі туралы ғылыми және тәжірибелік мағынада, осы құбылысты анықтау мақсатында қолданылған.

Сонымен қатар, лексикалық салаға терминдермен бірге, құрылымдық бөліністер, үлгермеу мәселесін пайдалануы мен оның ерекшеліктерін анықтайтын педагогикалық заңдылықтар, педагогикалық құбылыстарда кіреді.

Ортақ сұрақ, үлгермеу сияқты құбылысты анықтайтын, негізгі категориялар туралы сұрақ. Ең алғашқы теориялық қалыптасу туралы сөз болады. Аты айтып тұрғандай, бастапқы категория «үлгермеу» және онымен қатар жүретін категория «үлгеру». Басқа категорияларды алатын болсақ бұл «ағымды үлгеру», «қорытынды үлгеру», бұл мынадай түсініктер тарихынан алынған «сәттілік», «артта қалушылар», «үлгермеушілер», «үлгермеуді ескерту», «үлгермеуді бастап кешіру» т. с. с. Бұл

категориялар басқа да педагогикалық және гуманитарлық ғылымдарда пайдаланады. Түсіну аппаратының қалыптасуында, үлгермеуді сипаттауда, ең маңызды сәт, ол басқа ғылымдағы категория мен түсініктің бір-бірімен байланысы, бұл терминологияны педагогикалық немесе осы түсінікке қатысты зерттеулерде пайдалану үшін қолданады.

Үлгермеу және үлгермейтін оқушы түсінігінің қалыптасу тарихи аспектісіне назар аударайық.

Педагогикалық терминология ретінде және басқа да түсініктер сияқты көпғасырлық тарихы бар, сонымен қатар, ең басты түсініктер де бар, олар, үлгермеу құбылысын сипаттауда өзіндік тарихи тамырлары бар.

Мәселен, орыс педагогикалық әдебиеттерде XV-XVI ғасырларда «Геннадияның жолдауы» атты еңбекте «алпыныс», «немқұрайлық» терминдері қолданылды. «Сауаттылыққа үйрене алмайтын», «түсіну қиын» деп үлгермейтін оқушыны айтқан.

Ортағасырлық тәрбие мен отбасылық тұрмыстың идеал көрінісі болып табылатын «Домострой» еңбегінде, «ақылға салам», «үйретем», «ескертем» терминдерінің орнына, «келіспеушілік өмір», т. б., білімдегі ережені сақтамауға қатысты терминдерді қолдану.

I Петрдің кезіндегі педагогикалық терминология өзіне назар аудартып отыр. В. А. Татищев «оқушыларға ілесе алмау» мәселесін көрсетті.

Ресей білімінің ең басты реформаторы болып саналатын Ф. И. Янкович педагогикалық терминологияға «үлгермеу» түсінігін еңгізеді, оны ұстазға арнап жазған бөлімінде қолданады[2; 311].

Ең бастысы, педагогиканың классигі болып саналатын Я. А. Коменскийдің «Ұлы Дидактика» еңбегінде, осы «үлгермеу мәселесінмен күресу» барысында жазылған еңбекте, проблемалық оқушыларға мінездеме берген. «Санасыз, немқұрайлы қарайтын және әлсіз оқушылар да бар. Тек олар қырсық болмаса, оларды түзеуге болады», немесе «... өзгертіп, түзеу сатысының соңғылары болып, санасыз және зұлымдыққа жақын оқушылар тұрады, алайда, оларды түзеу екіталай». Санасыздық, еріншектік, танып білуге деген немқұрайлық, ешкіммен араласқысы келмейтін – міне, осы оқушы-



ларға педагогтар аса назар аударады.

Орыс педагогы П. Ф. Каптеревтің еңбегінде осы мәселеге байланысты «жай дамиды» және «қабілетсіздер» деп бөлінетін тарауларды кездестірдік [3; 247].

М. А. Данилов үлгермеушілікті оқу үрдісінің қозғаушы күштерімен байланыстырады –оның қарама-қайшылықтарымен. Осы бағытқа сәйкес, оқу үрдісі кезінде қойылатын талаптар арасында сәйкестілік болмаса, қарама-қайшылық болатынын айқындап көрсетті. [4; 67].

Осыған ұқсас ойды В. Оконь айтады [5; 82]. Үлгермеушілік – оқушының, ұстаздың және сыртқы орта арасындағы қатынастың бұзылуы. Үлгермеушілікті оның себептеріне қарай зерттеу, көптеген басылымдарда жазылған. Дегенмен, осы бағытқа жасалынған зерттеулерді толық қанды деп есептеуге болмайды, себебі ол сыртқы факторларды қарастырып, ішкі құрылымға мән бермейді.

Бұл бағытта үлгермеушілікті –оның түрлерін анықтау әдісі қарастырады. Осы мәселе бойынша сұрақтар А. А. Бударныйдың көптеген еңбектерінде қарастырылған. Ол үлгермеушіліктің 2 түрін бөледі: шартты және нақты. Себебі мектепте келесі сыныпқа минимумды қанағаттандырған оқушылар жібереді, яғни «3» балға сәйкес. Бұл осы минимум талаптарға сәйкес келетін «абсолютті» үлгермеушілік. Келесі түрі, салыстырмалы үлгермеушілік – қабілеттіліктері мол міндетті талаптардан өзге, қосымша танымдық жұмыстардың берілмеуі.

Бүгінгі таңдағы шығармашылық іс және қарым-қатынасты қалыптастыру жаңалықтардың бірі. Өнерлі белсенді тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы мектептердің заман талабына сай қойып отырған басты мақсаттары.

Тәжірибе көрсеткендей, яғни, қалыпты білім беру үрдісінде мұғалім ең басты назарын үгермейтін оқушыларға аударады. Бірақ оның себебін білуге асықпайды, соның нәтижесінде оқушы мұғалімнің айтқанын орындауға асықпайды. Осындай орын алудан «үлгермеу» құбылысы пайда болады және үлгеруге қабілеті жоқ деген «үлгермейтін» деген анықтама береді.

Оқушының үлгермеуі дегеніміз - оның мінез-құлқы мен білім алу нәтижелері сол мектептің дидактикалық және тәрбиелік талаптарға сай болмауы. Оның үлгермеуі оқушының оқу, санау әлсіздігі, интеллектуалды және қорытынды жасау, жалпылау әлсіздігін айтамыз.

Үлгерімді жоғарлату үлгермеушілікті төмендетумен тікелей байланысты. Салыстырмалы үлгермеушілік, «абсолютті үлгермеушілікті» айқындай алмайды.

А. М. Гельмонт еңбектерінде үлгермеушілік түрлеріне түсініктеме берілген, ал оның 3 түрін жіктеді:

1. Жалпы және терең артта қалушылық. Себептері: дайындықтың жоқтығы, жағымсыз шарт-

тар, жалқаулық, жалпы даму деңгейінің жетіспеушілігі.

2. Жеке, бірақ қиын пәндер бойынша салыстырмалы тұрақты үлгермеушілік. Оқытудың кемшіліктері, алғашқы сыныптардың қателіктері, оқуға деген қызығушылықтың болмауы.

3. Эпизодтық үлгермеушілік бір пәннен кейін басқасынан себептері: оқытудың кемшіліктері, мектепке тұрақты бармау.

Барлық жағдайда А. М. Гельмонт фиксацияланған үлгермеушілікті сипаттайды: үлгерімі төмендерге тоқсан айында көптеген «қанағаттанарлықсыз» бағалармен келетін оқушыларды жатқызады [6; 92].

Осындай көресткіштер бойынша, Ю. К. Банскийде үлгермеушілікті жіктеді. Мұнда да фиксацияланған үлгермеушілік сипатталған, олардың түрлері себептеріне байланысты сәйкестендіріледі.

Үлгерімнің мәнін түсіну барысында, үлгерімі төмен оқушыларды да топтауға болады. Үлгерімі төмен оқушыларды жіктеудің бірқатар ғылыми негізделген типологиясы бар: жеке сипаттамалар және ортақ сипаттамалар бойынша жіктеу.

Мәселен, Л. С. Славина үлгермеушілікті басымдылыққа ие себебіне қарай жіктейді. Бірінші топқа – белгілі бір түрлері жоқ оқушылар жатқызылады, екіншісіне – оқуға деген қабілеттіліктері төмен оқушылар жатқызылады, үшіншісіне – оқу еңбегінің дағдылары дұрыс қалыптаспаған және еңбектенгісі келмейтін оқушылар жатады [7; 38].

Оқушыларды тұлғалық құрылымына қарай жіктеу амалдары бар. Мұндай бағытта П. П. Блонскийдің типологиясынан да көруге болады. Сонымен қатар, ол үлгерімі төмен оқушыларды жіктеді. 1 тип – «жаман жұмысшы» (плохой работник) оның сипаттамалары мынадай:

1. тапсырмаларды ұқыпты қабылдамайды, түсінбейді, бірақ мұғалімге сұрақ қоймайды;

2. пассивті жұмыс істейді (әрқашан ынталандыруды қажет етеді);

3. өзінің сәтсіздіктеріне мән бермейді;

4. мақсатын нақты анықтамаған және жұмысын ұйымдастырмайды;

5. жай жұмыс істейді және қарқындылығын ұйымдастырмайды;

6. жұмыс нәтижелеріне индифферентті қатынаста болады.

Келесі түрі потологиялық-өзіне деген спецификалық қатынасына негізделген эмоционалдык. Жұмыс басынан-ақ «ете алмаймын» деп айтады. Қолдауды қажет етеді. Бұл жағдайда айтылған сипаттамалар, дидактикалық емес, психологиялық сипаттамада болады [8; 97].


Сондай-ақ, үлгермеушіліктің психологиялық типологиясын Н. И. Мурачковский [10; 145] береді: оның негізіне оқушылардың қарым-қатынасының сипаттамасы алынған. Құндылығы: V-VIII сынып аралығындағы үлгерімі төмен оқушылардың

бәріне ортақ сипаттамалар айқындалған. Олар «әлсіз өзін-өзі ұйымдастыру» деген атаумен жалпыланған, яғни оқушының өзіндік психикалық үрдістерін басқара алмау, ақыл-ой жұмысының қалыптасуы рационалдық әдістердің болмауы. Ақыл-ой жұмысынан қашу мақсатында, үлгерімі төмен оқушылар ойланудан босататын әр түрлі жолдарды іздейді. Төмен өзін-өзі ұйымдастыру салдарына жеткіліксіз интеллектуалдық еңбек болып табылады. Тексерілген психологиялық әдістер арқылы жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша, ойлардың, қабылдаудың, көңіл бөлудің, есте сақтаудың төмен көрсеткіштері патологиялық өзгерістердің нәтижесі. Оқушыларда жұмыс істеуге қажетті қабілеттіліктердің, дағдылардың болмауымен түсіндіріледі.

Мәселен, Р. Л. Гинзбург [11; 87] еңбектерінде оқушылардың оқу еңбегіне байланысты жеке сипаттамалары берілген. Автор оқушылардың меңгеруіне қарай бірнеше деңгейге бөледі. Кейбір үлгерімі төмен оқушылар мұғалімнің түсіндіру-

леріне ілесе алмайды және мәтінді, оқулықты және т. б. оқу кезінде күрделі қиыншылықтарды сезінеді. Жалпы үлгерімі төмен оқушылар өзінің интеллектуалдық күштерін жұмыс істегісі келмейді, жұмысының күрделі түрлеріне кері қатынаста болады.

Сонымен қатар, К. М. Хоруженконың үлгермеу мәселесі туралы жүргізген терминологиялық аппарат зерттеуінде, үлгермеу мәселесін анықтайтын 1400-ге жуық терминдер мен түсініктерге сараптама жасалынған [12; 74]. Сонымен қатар, автордың өзіндік концепциясына назар аударайық—«педагогикалық шынайылықтағы жағымсыз құбылыстардың бірі: жалпы білім алу мекемелеріндегі көрініс, бір сабақ бойынша сабақ бағдарламаларын игермеген, академиялық қарыздары көп оқушылар кездеседі». Сондай-ақ, К. М. Хоруженко еңбегінде көптеген категорияларды көрсетеді, олар педагогикалық басқа да әдебиеттерде кездеседі. Олардың кейбіреулерін автордың берген кестелерінен (1, 2 -кесте) көруге болады.



*Үлгермеушіліктің категориясы*



*Үлгермеушіліктің туындау генезисі*

Көптеген тарихи қалыптасқан үлгермеу түсінігін сараптай отырып, өзіндік анықтама беріп көрейік, ол енгізілген дидактикалық категориялардан көрініс табады. Үлгермеу–жағымсыз психо-педагогикалық құбылыс. Оқушының білім процесіндегі уақытша сәтсіздігі немесе уақытша беріктілік аспектісін және оқушы мен мұғалімнің арасындағы педагогикалық процестегі қателіктерді сипаттайды. «Үлгермеу» түсінігінің қасында,

біздің ойымызша жақын түсінік «үлгермеуші» деген түсінік болу қажет. «Үлгермеуші» - бұл ойлау сапасы төмен оқушылар, олар мектепті тастап кетуге асығып жүреді, бірақ амалсыздан «оқушы позициясын» сақтайды. Оқылып жатқан құбылыстың алғы шарттары мен ережелері көптеген себептерге байланысты. Үлгермеудің себебі ретінде оның элементтер мен ережелер жиынтығын анықтауға болады.

#### *Пайдаланған әдебиеттер*

1. Педагогика: Педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждер студенттеріне арналған оқулық / Ред. басқ. П. И. Пидкасистый; Ауд. : Г. К. Ахметова, Ш. Т. Таубаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 237-239 б.
2. Причины неуспеваемости младших школьников и некоторые пути их коррекции. А. С. Гайнанова: Статья / Педагогика и психология // Вестник Башкирского университета. 2009. Т. 14. №1 –310-312 с.
3. Каптерев П. Ф. Избранные педагогические сочинени / Под ред. А. М. Арсеньева. — М. : Педагогика, 1982. С. 704
4. Данилов М. А. Предупреждение неуспеваемости и второгодничества. М., 1950. 94с
5. Оконь В. Основы проблемного обучения. Пер. с польск. — М. : «Просвещение», 1968. — 208 с.
6. Гельмонт А. М., Ривес С. М. Предупреждение неуспеваемости в школе. М., 1940. 235с.
7. Бабанский Ю. К. Об изучении причин неуспеваемости школьников //Сов. Педагогика, 1972. №1. 12-17с
8. Славина Л. С. Индивидуальный подход к неуспевающим и недисциплинированным школьникам. М., 1958. 186с
9. Блонский П. П. Школьная успеваемость. Избр. пед. произв. М., 1961. 187с
10. Мурачковский Н. И. Как предупредить неуспеваемость школьников. Мн, 1977. 179с
11. Гинзбург Л. Р. К типологии усвоения учебного материала школьниками. - Вопросы психологии, 1956, №5. 87с
12. Хоруженко К. М. Педагогика неуспеваемости. Структурно-логические схемы. Таганрог, 2002. 128с
13. Мурачковский Н. И. Психологическая характеристика типов неуспевающих школьников\\Некоторые вопросы совершенствования обучения и воспитания. Мн., 1970.

**Сахариева Нұрбақыт Оразбекқызы**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты  
8-702-288-31-98, orazbekkyzy\_nurbakyt@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының докторы – **Ж.Т.Дәулетбекова**

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Түйін.** Бұл мақалада оқушылардың бойындағы ерекше қабілеттер, оқуға қызығушылықты арттыру, балалардың тілді игеру мүмкіндіктеріндегі лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың психологиялық негіздері қарастырылды.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, оқушылар, лингвистика, психология, дүниетаным, қабілет, ғылым, тәрбие.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются вопросы интеллектуального развития учащихся, повышение интереса к учебе, к изучению языка, становление лингвистического мировоззрения, рассмотрены психологические основы.

**Summary.** In this article is to increase students' interest in reading skills over the development of children's language capabilities at the linguistic basis of the formation of the psychological outlook.

**Keywords:** Kazakh language, student's, linguistics, psychology, philosophy, skills, science, education.

Еліміздің дамыған елдер қатарына қосылуы ғылым мен техниканың дамуына байланысты. Ал ғылым мен техника саласында жетістікке жету білім беру жүйесінің даму деңгейімен тікелей ұштасып жататындығы белгілі. Сол себепті мектеп қабырғасында білім алатын әр баланы ана тілін терең меңгерген, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, іскер, шығармашыл, ұлтының мұң-мұқтажын түсінетін ұлтжанды тұлға етіп тәрбиелеу – қашан да күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, «Білім» мемлекеттік бағдарламасында, мемлекеттік білім беру саясатының тұжырымдамасында және тағы да басқа стратегиялық құжаттарда мектеп ортасында жеке тұлғаның физиологиялық және рухани мүмкіндіктерін ашу, функционалдық сауаттылығын жетілдіру, қарапайым негізгі адами қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық күш-қуатын ашуға қолайлы жағдай туғызуға басымдылығы міндеттелген.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтар белгіленген.

Бұл – үлкен жауапкершілік артатын күрделі жүйе. Оны шешу үшін, ең алдымен, оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір оқушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептен өз өмірін

өзі реттеп, басқара алатын, әлеуметтенген шығармашыл тұлға тәрбиеленіп шығады. Ал тұлғаның бойында осы қасиеттер мен қабілеттерді, оқуға қызығушылықты тудырудың жолы – оқушының өз ойын өрелі етіп, орайлы жеткізуге, лингвистикалық дүниетанымы арқылы сөйлеу мәдениеті мен шеберлігін дамыту. Ал бұл жұмыстың қай-қайсы да оқушының психологиялық ерекшелігін дөп басып, дәл танумен, соған сай жаттығулар мен тапсырмаларды талғап қолдану аясында жүзеге асады.

Тіл – әлеуметтік құбылыс. Мектеп жасына дейінгі балалар ана тілін ең алдымен табиғи ортасынан үйренеді. Бала үшін дем алу, тамақтану қандай табиғи қажеттік болса, жастайынан тіл үйрену де сондай табиғи талап. Затты басқа заттардан айырып тануы арқылы бала сол заттың атын, түрлі қасиеттерін біледі. Қой, ат, ит, мысық сияқты заттарды ойыншық түрінде де, тірі қалпында да көріп-біліп тануы баланың ақыл-ойына олардың атымен бірге ассоциативті түрде қалыптасады да, бара-бара ол атаулар да бала үшін өз үйінде, қорасында көрінген заттары ғана болмай, жалпылық қасиеті бар заттардың абстракт ұғым атаулары болып сінеді. Сөз адамның айналадағы объективті болмысты тануының жалпылама аты, сондықтан оқушының тіл байлығы молайған сайын оның танымы да тереңдей түседі. Осы танымды жүйелеп, белгілі бір ішкі сабақтастықта меңгерту түпкі нәтижеде оқушыға тіл туралы дұрыс дүниетаным қалыптастыруға келіп саяды.

Тілді оқыту үдерісінде психологиялық әрекеттердің табиғатын зерттеп білу – бірден-бір маңызды мәселелердің бірі. Қазақ тілін оқытуда белгілі психологтар Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, Э.Ильенков, Л.С. Выготский, А.А.Алхазшивили, К.С.Ильинский, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя, Б.В. Беляев, Н.И.



Жинкин, Давыдов В.В., Т.И.Бочкарева, Р.Немов, А.Вейн, Б.Каменская, В.В.Петуховалардың көзқарастары негізге алынатыны ақиқат.

Оқушының ой-өрісінің дамуы оқу әрекетімен тығыз байланысты. Оқу әректің негізі иесі – оқушы, түпкі мақсаты – сол оқушының ойлау қабілетін, санасын, дүниетанымын дамыту. Психологтардың пікірінше, оқу әрекеті дегеніміз – оқушының өзін-өзі тануы, өзгертуі.

Адам өмірдің өзіне бейтаныс қыры мен сырын көбірек білген сайын оның ойлауы да, ой елегінен өткізу талғамы да жетіле түседі, ойлаудың практикамен байланысқан сан-салалы қырлары пайда болады. Мысалы, дыбыс, сөз, буын, сөз тіркесі және т.б. тіл білімі салалары туралы мағлұмат алған оқушы оның мәнін, мағынасын, атқаратын қызметін, құрылысын біледі. Алған білімдерін практика жүзінде іске асырады.

Ой мида бірнеше ассоциация арқылы іске асады. Мәселен, көршілестік ассоциациясын алайық. Оқушы бір нәрсені екінші бір көршілес нәрсемен бірге қабылдайтындықтан, ойына бірі түскенде, онымен көршілес басқасы да еске түседі. Мысалы, дауысты дыбысты өткен кезде оқушының ойына онымен қатар дауыссыз дыбыстар түседі. Сын есімдерді оқыту барысында оқушылар сын есімдерді ғана меңгеріп қоймайды, оған ұқсас күрделі сөздер, атаулық тіркестерді ой елегінен өткізіп, есте қалдыруға тырысады.

Мұғалім оқушыларды ойлана білуге баулуда жаттығу жұмыстарын дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқыту үдерісіндегі оқушының дүниетанымдық әрекетіне қатысты негізгі психологиялық теориялар: биохверизм, гештальтпсихология, когнитивизм, әрекет теориясы және ізгілік психологиясы. Олай болса, мектеп оқушыларының түрлі түйсіну, қабылдау, салыстыру, пайымдау, ойлау, қиялдау, есте сақтау сияқты психикалық қабілеттері олардың оқу іс-әрекетін орындау барысында қалыптасады. Мектеп оқушыларының қазақ тілі сабақтарында өтілген материалдарды меңгеруі және қоршаған ортаны танып білуінің барлығы олардың ойша немесе практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыруы арқылы жүзеге асады. Психолог-ғалым Т.Тәжібаев: «Адам психологиясының сипаттамасын беру үшін оның іс-әрекетінің басты-басты белгілерін атап өткен жөн. Осындай айрықша сипаттардың бірі — адамның дүниедегі заттарға, құбылыстарға, еңбек объектісіне, оның процесіне назар соғуы, зейін қоюы, әр уақыт адам санасының бір затқа, құбылысқа, болмысқа бағыт алып отыруы – іс-әрекет»- деп көрсетеді [1, 27].

Психолог А.А. Люблинская оқушылар заттарды не құбылыстарды танып білуде белсенді таным іс-әрекеттерді орындамайынша, балалар сол заттар мен құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін меңгермейді деп тұжырымдайды: «Кез - келген мазмұнды меңгеру оқушылардың оларға ойша

және іс-жүзінде сан алуан қарекеттер жасауды талап етеді. Мұғалім берген немесе оқулықтағы материалдарды меңгеруде оқушы белсене жұмыс істемейінше, қоғамдық тәжірибеде байқалған білімдер оқушылардың санасына өздігінен ене алмайды және фотография суреттері сияқты оның миында бейнеленіп қала алмайды». Демек, оқушыларға сын есімді меңгеруде мұғалім оқуға қызықтырып, олардың оқуға деген түрткілерін, білім алуға деген құлшыныстарын мақсатты түрде бағыттап отыруы – басты талап.

Психология ғылымында іс-әрекетті үшке бөледі: біріншісі, ойын іс-әрекеті (ойын әрекеті балалардың мектепке дейінгі кезеңінде негізгі әрекеті болып саналады), екіншісі оқу іс-әрекеті (оқу іс-әрекеті балаларда мектепке келген күнінен бастап мақсатты түрде қалыптастырылады), үшіншісі, еңбек іс-әрекеті (ересек адамдардың еңбектенуі). Бұл іс-әрекеттер өзара тығыз байланысты. Оқыту — оқушылардың білімін, біліктері мен дағдыларын, дүниетанымы мен танымдық уәждерін (ықылас, тілек, қызығушылық және т.б.) мақсатты дамытатын іс-әрекеттер барысы, жиынтығы. Оқыту үрдісі екі жақтан жүргізіледі, біріншісі - оқушыларға білімді меңгеруде мұғалімнің орындайтын іс-әрекеттері болса, екіншісі, белгісізді, жаңа материалдарды меңгеруде оқушының орындайтын оқу іс-әрекеттерінің жиынтығынан тұрады.

Мектеп оқушылары оқу іс-әрекеттерін саналы орындауға төселуі олардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруда, дамытуда жетекші рөл атқарады. Оқыту үрдісінде оқушылардың танымы мен психикалық қабілеттері жан-жақты дамиды. Оқыту мен даму тығыз байланысты. Даму мен оқыту үрдісі арасында байланыс туралы қалыптасқан үш түрлі көзқарас бар. Бірінші, француз ғалымы Ж. Пиаже концепциясы. Ғалымның көзқарасы бойынша, «даму оқытуға қатысты емес, адамдар генетикалық ерекшеліктеріне байланысты дамиды». Ал американдық ғалым Э. Торндайктың пікірі бойынша, «оқыту мен даму бірдей, біркелкі жүреді». Көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің түйіндеуінше, «оқыту дамудың алдында жүруі керек». Л.С.Выготский бала дамуын кешегі күнгі нәтижеге емес, ертеңгі күнгі нәтижеге қарай жүргізу қажеттігіне назар аударды. Осыған орай ол ең алғаш рет бала дамуының екі аймағын анықтап, бөліп көрсетті: «Бірінші аймақ» — бала дамуының қазіргі қол жеткізген сатысы, мұғалімнің міндеті осыған қанағаттанбай, «бала дамуының жақын аймағына» жетектеу керек. Баланың дамуы екінші «жақын аймақты» меңгеру арқылы жүзеге асады [2, 96].

Ж.Аймауытов білім негізі ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келіп: «Ана тілін жақсы меңгере алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жаралғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі

құламайтын бәйтерегі», – деген [3, 33]. С.Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілінің қысқаша синтаксистік курсы» еңбегіндегі логиканы психологиялық талдау үлгілері психолінгвистикалық талдау үлгілеріне жақын келеді. Ғалымның аталған еңбегіндегі «Сөйлеу мен сөйлем», «Сөйлеу мен ойлау» тақырыптарындағы еңбектерінде стадиялық ойлау мен ұлттық таным ерекшеліктерінің байланысына мән берді [4].

XX ғасырдың басында қазақ даласында оқу ағарту ісімен айналысып, халқына білім беруде аянбай тер төккен педагог-зерттеуші Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» кітабында ойлауды өркендету жолдары туралы былай дейді: «Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен, басқыштап, іс істеу керек. Өркендету жолдары мыналар:

Баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуына иждахат қылу керек. Әсерленулер, суреттеулер өздері аз болып, дұрыс һәм ашық болмаса, баланың ұғым, hükim жасауы, һәм ой шығаруы қата болады. Ойдың өзінің терең болуы үшін әсерлеу, һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек» [5, 37].

Мағжанның «Педагогика» кітабындағы «Ойлауды өркендету жолдары» туралы айтқан ойларын қазіргі таңдағы көптеген ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Осы мәселе жайында Ресей ғалымы И.Я.Лернер проблемалық оқыту туралы айта келіп: «Проблемалық оқытудың жетістігіне оқушының белсенді интеллектуалдық және практикалық әрекетке қатысуын жатқызуға болады. Өйткені мұндай сәтте оқушы күшті жағымды сезімдерге (қызығушылық, қанаттанушылық) бөленеді. Оқушыларда объектіні қабылдау, байқау, қиял, және басқа да интеллектуалдық іскерліктер қалыптасады» деп көрсетеді [5,67]. Сол себепті бала заттарды, көріністерді ұқсас сындары бойынша тап-тапқа бөліп үйренсін. Бірақ баланы, заттар-


ды, көріністерді тапқа бөлгізіп үйреткенде жеңілден-ауырға көшуді естен шығармау керек.

Жеңілден-ауырға қарай көшу әдістемесіне қатысты тұғырлы ой-пікірлерді украин педагогы В.Ф.Шаталовтың еңбектерінен табамыз. В.Ф.Шаталов тәжірибесінің бір ерекшелігі – оқу үдерісін, оқушылардың іс әрекетін, танымдық жұмыстарын кезеңдерге бөліп, мұғалімнің қатаң түрде басқаруға бейімділігі. Шаталов 1-кезеңде тақырыпты жан-жақты түсіндіріп, 2-кезеңде тірек плакаттарын қолданып, қысқаша түсіндіріп, 3-кезеңде оқушыларға тірек сигналдарын (тірек плакаттарының кішірейтілген түрі) беріп, оларды балалар өз альбомдарына желімдеп, 4-кезеңде оқушылар оқулықпен және тірек сигналдарымен жұмыс істейді. 5-кезеңде сабақ үстіндегі тірек сигналдарын естеріне түсіріп, дәптерлеріне жазып, 6-кезеңде оқушылар тақырып бойынша мұғалімге ауызша жауап береді. Шаталов тәжірибесінде бағдарламаның бір-бірімен байланысты немесе қарама-қарсы тақырыптарын сатылап, біріктіріп оқыту басты назарға алынған.

Баланың лингвистикалық дүниетанымын дамыту мәселесін талдау ең алдымен «жеке тұлға», «қабілет», «нышан», «талант», «бейімділік», «дарындылық» ұғымдарымен ұштасып жатыр.

Оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың психологиялық мәні – алдымен оның қажеттілігінде, әрбір оқушының қабілетінің нәтижесін рухани қанағаттану мен қуаныш сезіміне айналдыруға жаңаша қадам жасауда деп түсінеміз. Оқушылар білімді өз дәрежесінде игермесе немесе оны іс жүзінде қолдана алмаса, онда танымдық белсенділік те көрсете алмайды. Бұл олардың дүниетанымының дамуына кері әсер етеді. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек және оқу үдерісінде психологиялық, танымдық, бейімділік пен қабілеттілік ерекшеліктерін басты назарға алғаны жөн.

Біз жеке тұлғаның дамуының психологиялық механизмдері арқылы көрсетіп отырмыз (1-сурет).



1-сурет – Жеке тұлғаның даму деңгейі

Оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын дамыту үшін аса маңызды болып табылатын «қабілет», «бейімділік», «талант», «дарын» ұғымдарын ажырата танып-білу керек: олар – өзара тығыз байланысып жатқан, болмыстары тым күрделі де терең болып келетін ұғымдар. Оқушылардың дүниетанымын, ойлау қабілетін дамытуда, шешендікке баулу үдерісінде бұл мәселені ескеру қажет.

Оқушылар тұлғасының дамуы, шығармашыл қабілетін дамыту мәселесі бойынша қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау негізінде біз жан-жақты шығармашылықты дамытудың құрылымдық-компоненттік құрамын анықтадық, оған қызығушылық, әрекетшілдік, бағалаушылық құрамдары кіргізілді және мұнда әрбір құрамның өлшемдік сипаттамасы берілді.

1-кесте. Оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын дамытуының өлшемдік сипаттамасы

Құрамдары	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1. Қызығушылық	Өзінің дүниетанымын дамыту қызығушылығы мен қажеттілігі. Өз шығармашылығына құндылық қатынасы.	1. Жауапкершілігінің болуы. 2. Мақсатты түрде білім ізденуі.
2. Әрекетшілдік	Өзін қызметтің субъектісі ретінде тануы. Өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен өзін-өзі дамытудың тәсілдерін білуі. Өзін-өзі дамытуы.	1. Өзінің жеке-дара ерекшеліктері туралы білімді меңгеру дәрежесі. 2. Өзін шығармашылықтың субъектісі ретінде тануы. 3. Дербестік танытуы. 4. Коммуникативтік белсенділігі (сұхбаттасуға ашықтығы).
3. Бағалаушылық	Талдау жасау қабілеті.	1. Жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін талдай білуі. 2. Жеке жауапкершілігі.

Оқушының қай-қайсысы болмасын белгілі бір әлеуметтік топтың, әлеуметтік тілдік ортаның мүшесі. Бала, ең алдымен, ана тілін ана әлдиінен үйренеді. Сөйтіп бала миында ана тілінің әуезі, яғни дыбыстық жамылғысы қалыптасады. Ал тілдің мағыналық жағын бала бірте-бірте ұғына бастайды. Ең алдымен бала сөз арқылы, тілдегі сөздердің басын құрап қарым-қатынас жасайды. Ал сөз дегеніміз, көрнекті ғалым, тіл маманы Рабиға Ғалиқызы Сыздықтың сөзімен айтқанда, «тілдің ғимаратын қалайтын кірпіш қой». Міне, осы кірпішті оқушылардың қалай қалайтынын зерделедік. Тіл сөз арқылы жүзеге асады. Белгілі лингвист Н.И. Жанкиннің айтуынша, тіл мен сөз байланысын ажырату үшін алдымен санада ой қандай формада қалыптасады және ол сөз арқылы қалай жүзеге асады соған көңіл бөлуіміз керек.

Жалпы бала психологиясында бала миының көп жері «бос» болып, құбылысты белсенді түрде қабылдауға даяр тұрады. Ал жануарлар миында бос орын болмайды, олардың бәрі инстинкт механизмдерімен толтырылған және туған бойда даму процесі аяқталады. Ал бала миында туғаннан кейін, даму үрдісі жаңа қарқын алады. Бала қағылез болып, жан-жақтағы құбылысты қалт жібермейді.

Балада тіл қабілеттілігі тумасынан пайда

болғанмен, оны жетілдірмесе, ол дамымайды немесе баяулап қалады. Осы табиғи тілдік қабілетті жүзеге асыруда, санадағы ойды қорытып, сөз арқылы сыртқа шығаруда «нейрон талшықтарының» рөлі ерекше. Бала туған күннен бастап мидың сол жақ самай қабатында нейрондар пайда болады. Бала өскен сайын нейрондар да өсіп отырады. Бала 12 жасқа толғанда ғана нейрондар санының өсуі тоқтайды. Міне, осы жас аралығы баланың жетіліп дамуына, сауатты сөйлеуіне, ой-санасының кеңеюіне үлкен септігін тигізеді. Әсіресе, ана тілін игеруге қатты ықпал етеді. Себебі нейрондар үнемі қондырғыш импульсивін тудырып, дыбыстардың анықтылығына, қатаң, ұяңдығына т.б. толып жатқан айырым белгілерін дәл айтуға, ұғынуға әсер етеді.

Ғалымдар бала миындағы нейрондарды зерттегенде, қыз бала миындағы нейрон ер бала миындағы нейрондарға қарағанда өте шапшаң дамидығын айта келе, қыз баланың ер балаға қарағанда сөзі пысықтау, ширақтау болатынына да назар аударған. Бұл тапсырма мен жағтығу жұмыстарын орындау кезеңінде де ескерілуі керек.

Адам сөйлегенде минутына 80-130 сөз, ал секундына 10 фонема айтады екен. Ұл балаларға қарағанда әйелдер шапшаңырақ сөйлейді, яғни екі

минутта 200-150 сөз айтады немесе үсті-үстіне қойылған баланың сұрағына да қиналмастан тез жауап береді. Бұндай айырмашылықтарды психологтар сонай қыз баланың миындағы қалыптасқан нейрондар ықпалының күштілігінен деп біледі.

Адамның жүйке жүйесінде 10 млрд. нейрон болса, оның 1%-і ғана сырттағы хабарларды қабылдап, өндеп, реттеп отырады, қалғаны организмнің жалпы өмір сүруімен тығыз байланысты болады. Түрі мен көлеміне қарай нейрондар әр түрлі болады. Нейрондардың қызметі әр түрлі: ол сөздердің дұрыс айтылуын, дыбыстардың айқын дыбысталуын анықтап қана қоймайды, сонымен бірге артикуляциялық аппараттардың қызметін де реттейді. Сондай-ақ, тіл қабілеттілігі қалыптасуының барлық кезеңін қамтамасыз етіп отырады. Осындай күрделі физиологиялық-психикалық үрдіс нейрондар көмегімен жүзеге асады. Осылайша нейрондар қызметі арқылы тіл қарым-қатынас құралына, адам танымының құралына айналады.

Баланың тілі шығып сөйлей бастағаннан кейінгі өмірінің бәрінде адамның қоғамдағы қызметі, орны, іс-әрекеті айналып келгенде оның ой өрісіне, тілінің дамуына әсер етпей қоймайды. Оқушының тілін ширататын табиғи орталығы оқып-үйрену-

мен, еңбек процесімен ұласып жатса құба-құп. Адамды адам еткен, оған тіл бітірген еңбек болса, келешекте де адамның дүниетанымын, ақыл-ойын, тіл жұмсау әрекетін кеңейтетін еңбек майданы – оның саналы өмірінің мектебі болса, солардың бәрімен ұштасып жататын оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру – маңызды міндет.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қоғамда оқушылардың мінезі, қабілеті, сұранысы, қоғамда өзін-өзі таныта алуы бір-бірімен байланысты интегралды қасиеттер. Жеке тұлға бойында бұл қасиеттердің басымдылығы адамдармен қарым-қатынаста көрінеді, оны сөйлеу тілі, сөз мәдениеті, тілдік қарым-қатынасты тілдік ортаға байланысты құра білу жағдаяты айқындайды. Оқушының білім-білік дағдысын қалыптастырудағы психологиялық жағынан түсіндіргенде білім дегеніміз: тану-жаңғырту-түсіну-қолдану-сендіру-сұраныс.

Тіл арқылы – ақыл-зерде, ой-өрісі, парасаты, мәдениеті, әлеуметтік, бейімділік құзыреттілігі дамиды. Оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру жеке тұлғаға бағыттала отырып, оның көзқарасын, ойын, сезімін, рухани құндылығын, моральдық-этикалық ұстанымдарын, дүниетанымын кеңейтеді деп тұжырымдаймыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тәжібаев Т. «Жалпы психология». -А., 1989 ж.
2. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: «Смысл», 2006. – 700 с.
3. Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері. – Алматы, 1962. - 35 б.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. - 133 б.
5. Жұмабаев М., Педагогика. - Алматы, 1992. - 112 б.



**Ширинбаева Гулбахира Койбагаровна**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, agend66@mail.ru

### **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

***Түйін.** Мақалада балалар үйі жағдайында, рухани-адамгершілік білім беру аймағында әлеуметтік педагогтың кәсіби белсендіру мәселелері айқындалды. Жүргізілген талдау негізінде. 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша бакалавриат даярлаудың ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асырудың өзектілігі және маңыздылығы көрсетілді.*

***Резюме.** В статье выявлены проблемы активизации профессионализма социальных педагогов в условиях духовно-нравственного образовательного пространства в детском доме. На основе проведенного анализа, показана значимость и актуальность реализации государственного общеобязательного стандарта образования при подготовке бакалавров по специальности 5B012300 – «Социальная педагогика и самопознание».*

***Summary.** The problems intensify professional social workers in terms of spiritual and moral education space in an orphanage are revealed. On the basis of the carried-out analysis, it shows the significance, importance and urgency of implementing the state compulsory education standards in the preparation of bachelors in the specialty 5B012300 - «Social pedagogy and self-knowledge.»*

Адамзаттың жаһандық мәселелерінің ішінде жеке тұлғалық дағдарыс есебінен болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің рухани-адамгершілік сипаты, жетім балалардың рухани даму деңгейіне берер кері ықпалы бүгінгі Қазақстанның ғана емес әлемдік тұрғыда аса көкейкесті әлеуметтік мәселелерінің бірі болғандықтан, бұл әлеуметтік-педагогикалық теория мен практиканы айқындаумен байланысты: медицина, педагогика, психология, әлеуметтік-педагогика, философия ғылымдары саласындағы зерттеушілердің назарын аударып келеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап ақ, өзіне әлемдік тәжірибелерді жинақтап, қазақ халқының ұлттық мінезіне, рухына сай келер білім берудің ұлттық үлгісін іздестіріп келген болатын. Қазақстандық білім беру жүйесінің халықаралық тәжірибеге назар аударуына қазіргі қоғамда әлеуметтік маңызды орын алатын «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының ашылуы себеп болды [1].

Себебі қазіргі кезеңде тәрбие мен білім беру жүйесінің халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңаруына толық әлеуметтенген, рухан-адамгершілік білім негізінде саналы әлеуметтік-психологиялық нышандары қалыптасқан, ғылым мен практика жетістіктерінен хабары бар ертеңгі азаматты тәрбиелеу – балалар үйінің және мектептің үздіксіз жүзеге асыратын міндеттері екені баршаға аян. Бұл жөнінде «Балалар үйінің жарғысының» 21-ші тармағында: «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін балалар үйі тәрбиеленушілері өмірінің және денсаулығының сақталуын, балалар денесінің дұрыс жетілуін, оларда мәдени-гигиеналық дағдылардың болуын, сөйлеу тілінің дұрыс дамуын және балалардың мектепке оқуына әзірлігін қамтамасыз етеді» - деп атап көрсетілген.

Жалпы білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагог қызметінің ғылыми негіздемесі ретінде отандық әлеуметтік педагогикадағы, психологиядағы адамның әлеуметтену факторлары мен психикасының дамуы, оның әлеуметтік табиғаты ретіндегі теориялық ерекшеліктері алынады. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен оқу-тәрбие жүйесіндегі қарым-қатынастар мәселесін зерттеген: Слущкий В.И., Прихожан А.М., Шахманова А.Ш., Мухина В.С ғалымдар еңбектерінің тәжірибелерін теориялық тұрғыда талдау барысында мәселенің өзектілігін айқындай түстік. [2].

Ш.А.Амонашвили тәрбиеде: «Рухани өмірдің құлазуы адам дамуының эволюциясын тежейді, ал рухани өмірдің өсуі оның өркендеуі мен дамуын анықтайды», пікірін ескерсек, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мазмұндық құрылымы барлық біліммен іштей кірігіп, жетім балалардың өзін-өзі тану қажеттілігін жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталады.

«Өзін-өзі тану» пәні арқылы балалар үйінде ізгілікті тәрбие ортасын құру әрбір баланың рухани дамуына бағытталған рухани-адамгершілік тәрбиелеу білім беру және әлеуметтендіру іс-әрекеттер жүйесін құруды көздейді. Қоғам мен тұлға бір-бірімен тығыз байланысты. Сол себепті, жеке тұлға өзінің көздеген міндетін іске асыру арқылы қоғамдық мүддені шешеді. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік құбылыстардың барлығы адамдардың тікелей қатысуы арқылы пайда болады. Баланың белсенді мотивациялық іс-әрекетінде оның жеке адам болып қалыптасуы жүреді. Бұл қалыптасу баланың жас ерекшелігіне сай онтогенездің негізгі іс-әрекетінің негізінде жүреді (қарым-қатынас, еңбек, ойын, оқу). Негізгі іс-әрекетті бөліп

көрсету оның өсіп келе жатқан баланың психикалық дамуына әсерін түсінуі үшін қажет.

Осыған орай әлеуметтік педагог қызметінің балалар үйі жағдайында оқыту-тәрбиелеу қызметімен қоса жетім балалардың әлеуметтенуіне, жан-жақты толыққанды дамуына мүмкіндік жасауы, дамуындағы өзгешеліктердің орынын толтыруы, құқықтық және психологиялық қорғауы бойынша міндеті жүктеледі. Бұл міндеттердің орындалуында жетекші орын алатын, балалар мен жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін терең меңгерген әлеуметтік педагог болып табылады. Сондықтан да жетім жеткіншектермен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагогтердің жұмыс жасау тәсілдері ерекше гуманистік сипатқа ие [3].

Әлеуметтік педагог іс-әрекеті құрылымы әлеуметтік-педагогикалық ағарту, әлеуметтік-педагогикалық диагностика, коррекция және дамытушы профилактикалық жұмыстарын да қатар алып жүреді. Әлеуметтік-педагогикалық құрылымның іс-әрекеттік мазмұны өзара байланысты компоненттермен танылады: мақсат, міндеттер, мазмұн, субъектілердің қызметі, әдістер, тәсілдер, құралдар және тәрбиелеудің рухани-адамгершілік бағыттағы нәтижесі. Жүйені қалыптастырушы компонент болып табылатын мақсат рухани-адамгершілік тәрбие үдерісінің қалған барлық компоненттерін өз қарамағына жинастырады. Олардың барлығы тұтас педагогикалық үдерісті қалыптастырып, алдыға қойылған мақсатқа жетуге септігін тигізеді.

Әлеуметтік педагог қызметінде әлеуметтік-психологиялық көмекті қажет ететін балалардың рухани дамуына қиыншылық тудыратын негізгі себептер әлеуметтік ортаға бейімделу белсенділіктері болып саналады. Қарым-қатынас баланың белсенділігінің, оның қоғамда әлеуметтендірудің міндетті шарты түрінде болады. Оның көмегі арқылы тұлғаның психикалық дамуының көптеген қырларының әлеуметтік детерминациясы жүзеге асырылады. Педагогика, психология ғылымында қарым-қатынас – адамның басқа адамдарға, сонымен бірге өзіне деген қатынасын қалыптастырудың күшті құралы. Қарым-қатынас арқылы адам өзін қоршаған басқа адамдармен қатынастарды құрады; басқа адамды тану арқылы өзін таниды, өзіндік «Менін» қалыптастырады. Педагогикалық қарым-қатынас – бұл белгілі бір субъектінің жай әрекеті немесе бір субъектінің екіншісіне әсері ғана емес, сонымен бірге олардың өзара әрекет үдерісі.

Гуманистік өзара әрекеттестік барысында анықталады: көмек беру, келісім беру; бірге күйзелу, бір субъектінің басқа субъектіге қатысты әдептілігі (немесе әдепсіздігі). Әлеуметтік педагог ұйымдастыратын педагогикалық қарым-қатынас, төмендегі функциядан тұратын іс-әрекет мазмұнын айқындайды.

Бірінші функция – адамдардың бір-бірін та-

нуы. Басқа субъектімен байланысқа түсе отырып, адам ол туралы ұғымды құрады. Әдетте, қарым-қатынастағы жағымды нәтижеге жетудің, қарым-қатынас жасаушы адамдардың бір-бірінің адекватты сезімдік көрінісімен, бір-бірі туралы ақпаратты жинақтаумен және дұрыс жалпылаумен байланысты болатыны анықталған. Аталған функцияны тиімді жүзеге асыруда, басқа адамдармен өзара әрекеттестік барысында жинақталатын қарым-қатынас тәжірибесінің үлкен мәні болады.

Екінші функция – тәрбиелік. аса жалпы және әлеуметтік маңызды функция ретінде. Адамды тәрбиелеу әртүрлі құралдардың көмегі арқылы және кез келген формада жүзеге асырылатын қарым-қатынастың барлық сатыларында жүзеге асырылады. Бұл үдеріс барысында тұлғаның интеллектуалды, эмоционалды және ерікті сфералары, оның әлеуметтік-жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі, құнды қатынастары қалыптасады және дамиды. Осылайша балалардың өз қатарластарымен қарым-қатынасы тұлғалық даму аясында әлеуметтік ережелерге негізделеді.

Бірінші ереже – «Біз» сезімін қалыптастыру. Өзара әрекет үдерісінде туындауы мүмкін бірқатар кедергілерді жою арқылы қол жеткізіледі. Әлеуметтік педагог баланың жеке кеңістігіне енбеуге, оған қысым жасамауға ұмтылуы керек. Әдетте, қарым-қатынаста қабылданатын оңтайлы физикалық арақашықтық, бейсаналы түрде бір-бірімен өзара әрекет ететін субъектілердің көңіл-күйіне жағымды әсер етеді. Адамның өзі туралы моральды және жеке ұғымдары, оның кәсібі мен атқаратын қызметі аясындағы әлеуметтік рөлмен берілген талаптардан әлсіз болса, онда әлеуметтік кедергілер пайда болады.

Осы тұста Сара Алпысқызының «Педагогтың міндеті - бала жүрегін тазалау, оны мейлінше лас дүниеден аулақ ұстау, мөлдірлік пен ізгілікке толтыру» деген пікіріне мән берсек, қарым-қатынасты ізгілендіру жоғарыда аталған ереже мазмұнына сәйкес білім беру мен тәрбиелеу саласының гуманистік сипатын нығайтуды қажет етеді.

Екінші ереже – балалармен тұлғалық байланысты міндетті түрде орнату. Бір балаға тактильді түйісу ұнайтын болады (қолдан ұстау, бастан сипау, өзіне қарай қысу), басқа балаға белгілі бір сөздерді айту керек (атына атау, оған қаратып бір-нәрсе айту), ал үшінші балаға мүмкін, оған қараған жеткілікті және визуалды байланыс орнатамыз. Ш.А.Амонашвили тәрбиеде келесі мақсатты алға қояды: кез-келген баланы қандай болса сол қалпында қабылдау: «біз жаны мейірімді адам болуымыз керек және балаларды қандай болса сол қалпында жақсы көруіміз қажет». «Баланы түсіну - яғни оның позициясында болу», - дейді [4].

Үшінші ереже – өзіндік пейілділігін көрсету. Бұл біздің қалай күлетінімізде (ашық, еріксіз немесе мысқылдап күлу), қандай екпінде сөйлей-

тінімізде (достық пейілмен, авторитарлы және т.б.), біздің қимыл-қозғалыстарымыздың экспрессивті түрде қалай боялатынында (ұстамды, қолайсыз, асығып және т.б.) байқалады. Ш.А.Амонашвили «Педагог қуаныш эмоциясының қатынастардың барлық палитрасында басым болатынын еске ұстауы керек. Егер ересектер балалармен бірге жиі қуанатын болса, олар бақытты болуға үйретеді. Бұл ерекше алмасу – ішкі әлеммен алмасу, адамзат белсенділігінің ешқандай басқа түрі оны алмастыра алмайды», - деген тұжырым жасайды [5].

Төртінші ереже – бірлескен іс-әрекеттің айқын мақсаттарын көрсету. Бұл ереженің маңыздылығын А.С.Макаренко сенімді түрде өзінің перспектива туралы ілімінде негіздеді: жақын, орта және алыс.

Бесінші ереже – балаларға тұрақты қызығушылық таныту. Педагог тыңдай білуі және ести білуі керек, балалардың ешқайсысын бөліп-жармай, зейінін аударып, бірге толғану керек.

Алтыншы ереже – көмек көрсету және көмек туралы өтініш жасау. Баланың енетін қайта жасаушы іс-әрекетті, педагог оның жетістікке жететіндей етіп құрастыруы қажет. Балалардың кез келген іс-әрекетінде жағымды психологиялық фонды, қуаныш ахуалын және әртүрлі құралдардың көмегі арқылы қолдауды құру маңызды: жеңілдік беру, жеке тұлғасын атап өту, үрейді түсіру, жасырын көмек беру, белсенділікті жұмылдыру, мотивацияны арттыру.

В.А. Сухомлинскийдің (1900-1970) педагогикалық ұстанымы жан-жақты көрінетін «Жүрегімді балаларға сыйлаймын» атты еңбегінде балаларды үйлесімді тәрбиелеу тек рухани өмірді және әр баланың даму ерекшелігін терең білгенде ғана мүмкін екендігін айқын көрсетеді. Ол «Нағыз адамды қалай тәрбиелеуге болады?» деген кітабында: «Сенің адами тұлғаның адамгершілігі ненің лайықты, ненің лайықсыз екендігін шебер анықтай алуыңмен айқындалады», - деп, адам үшін жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызы туралы айтады. Тәрбиедегі рухани-адамгершілік білімнің алатын орнын жоғары бағалай отырып, Ол: «Мейірімсіз, яни жүректің шынайы жылуынсыз адам жанының әсем болуы мүмкін емес. Мейірім балалық шақта тамырын тереңге жаюы керек, егер уақыт жіберіп алса, оны ешқашан да адам бойына сіңіру мүмкін емес», - дейді.

Ол аса маңызды педагогикалық заңдылықты: әр тәрбиеленуші үлес қосатын рухани-адамгершілік қарым-қатынас сипаты ұжымның ортақ моральдік рухына байланысты болатындығын терең түсінді. Осыған байланысты В.А. Сухомлинский тәрбиенің негізгі міндеті – ұжымда жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген нақты адамгершіліктік және азаматтық қарым-қатынас құру екендігін атап өтті. Ол тәрбие жұмысының мазмұ-

ны тәрбиеленушілер арасында нәзік эмоциялық қарым-қатынас құрудан, басқаларға қуаныш сыйлау мәдениетіне үйренуде екендігін көрді.

Педагогика саласындағы ұйымдастырушылық қызметтерге кіріскен басшыларға нұсқау бере отырып, А.В. Сухомлинский: «Әлемде онсыз да зұлымдық жеткілікті, сондықтан да бір-бірімізге, қоршаған ортаға қатысты мейірімді болуымыз керек. Мейірбандық жолына түсу – адамның ең тиімді, ең жарық жолы. Ол сенімді, пайдалы және сыннан өткен – адамға да, қоғамға да», - деп атап көрсетеді [6].

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің рухани өмірінде қуаныш үйлесімін құру және өзінің басқаларға қажет екендігін сезіну мұндай атмосфераға ұйтқы болады. Тек адамға деген игі қарым-қатынас негізінде ғана ұжымдық қарым-қатынас бекиді, іс-әрекеттің түрлі үдерістерінде: оқу, еңбек, демалыс және т.б. ұжымдық ара-қатынаста көрінетін «ұжымдық рух» пайда болады.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің қарым-қатынасы сипатының ізгілікті мәні әлсіз, бірақ балалар үйі тәрбиеленушілерімен жұмыс жасаушы Өзін-өзі тану және әлеуметтік педагог маман осындағы жеткіншектердің болашағын болжай білуі және өз-өзін өзгертуіне деген алғашқы қадамдарын жасауға жетелеуі маңызды. ЖОО-дағы әлеуметтік-педагогикалық білім беру мазмұнының базалық принципі – әрбір мектепте әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің кәсіби іс-әрекеттерін дамытуды ынталандыратын: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіруге байланысты ізгі білім беру ортасын құруға бағытталған. Сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық білім беруде шығармашылық әрекет жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі, мінез-құлық нормаларын меңгерілуімен жүзеге асырылатын, әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімін өмірге бейімдей отырып, гумандық қарым-қатынасын қалыптастыруға, құндылықтар жүйесінде сол өмірге өзінің үлесін қосатын маман етіп даярлайды.

Осы тұста ғалым Т.И. Петракова ұсынған абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар: «уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар», - деп мәніне берілген сипаттама бізге әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетте мамандардың ізгілікті әлеуетін ашуға, оның рухани дамуына абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтардың (ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тынышты, қиянат жасамау) ықпалы басым екенін айғақтайтын пікір туындатады. Себебі: мамандарға оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәнінің тұжырымдамалық негізі – жалпыадамзаттық құндылықтар болғандықтан:

- ішкі үйлесімділікке әсер ететін ақиқат – зияткерлік аспект
- сүйіспеншілік – адамгершілік аспект;

- дұрыс әрекет – физикалық аспект;
- тыныштық – эмоциялық аспект;
- қиянат жасамау – рухани аспект ретінде қарастырылады [7].

«Өзін-өзі тану» пәнінің болашақ әлеуметтік педагог маманның тұлғалық сапасын жетілдіру-

дегі пәндік рөлі, оның жеке тұлға тұрғысынан әлеуметтену барысында, қоғамға, адамзатқа қызмет жасау үлгісін көрсетудегі ізгілікті қарым-қатынас іс-әрекетін меңгере білуі, білім алушының жеке мінез-құлқының кемелденуінің қамтамасыз етілуімен сипатталады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. «Жоғары білім. Бакалавриат». – Астана, 2010. 09. 01.
2. Мухина В.С. *Возрастная психология: Феноменология, развития детства, отрочество. Учебник для студентов вузов. – 6-ое изд стереотип. - М.: Академия, 2000.- 456 с.*
3. Мукажанова Р.А, Омарова Г.А. *Методика преподавания дисциплины «Самопознание» а школе. Учебно-методическое пособие для учителей. – Алматы: ННПООЦ «Бобек», 2013. – 128 с.*
4. Амонашвили Ш.А. *Без сердца что пойдем?* – Москва, 2004.
5. Амонашвили Ш.А. *Основы гуманной педагогики. Кн.1 Улыбка моя, где ты?* – М.: Амрита, 2012
6. Сухомлинский В.А. *Сердце отдаю детям. Рождение гражданина.* – Кишинев: Лумина, 1979. – 612с., С.140
7. Петракова Т.И. *Ценностный потенциал базового образования в духовно-нравственном воспитании учащихся. // Образование: исследовано в мире – М.: OIMRU, 2000.*



**Керімбасва Ботагөз Талғатқызы**

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
педагогикалық ғылымдар кафедрасының доцент м.а., PhD докторы  
Түркістан, тел.: 8-777-919-05-86, Kerimbaeva-bota@mail.ru

**АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Түйін.* Мақалада болашақ мұғалімдердің ағылшын тілін коммуникация құралы ретінде пайдалануға даярлаудың қажеттілігі негізделген. Кәсіби пәндерді ағылшын тілінде оқытудың негізгі себептері мен кемшіліктері анықталды. Білім беру бағдарламасында білімгерлердің тілдік қиындықтардан шығудың тиімді әдістері көрсетілген.

*Кілттік сөздер:* болашақ мұғалімдерді даярлау, ағылшын тілі, білім беру бағдарламасы.

*Резюме.* В данной статье обоснованы необходимость подготовки будущих учителей к использованию английского языка как средства коммуникации. Выявлены основные причины и недостатки преподавания профессиональных дисциплин на английском языке. Указаны ключевые моменты преодоления языковых трудностей обучаемого в образовательном процессе.

*Ключевые слова:* Подготовка будущих учителей, английский язык, образовательная программа.

*Summary.* The article deals with the necessity to training future teachers in the using English language as the medium of communication. The revealed the basic reasons and weaknesses of teaching professional discipline in English. List the key points of overcoming language difficulties of the learner in the educational process.

*Keywords:* training future teachers, English language, education program.

Әлемдік практикада көптілділік және көптілді білім беру мәселелермен байланысты жан-жақты зерттеулер жүргізілуде. Көптілді білім беруге ЮНЕСКО тарапынан жіті көңіл бөлінуде. Америка психологтарының қауымдастығы педагогика мен саясаттағы көптілділіктің танымдық қабілеттері бойынша арнайы зерттеулер жүргізуде [1]. Көптілділік, білім беру және мәдениет мәселелері жыл сайын Еурапалық қауымдастық комиссиясы мәжілістерінде қаралып келеді. Сондай - ақ аталған қауымдастық электронды оқыту орталарын қолданып, көптілділікті іске асыру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге грант бөліп келеді.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында: «... Елдегі жоғары оқу орындарында көптілді білімге ие педагогикалық кадрларды даярлау» міндеті қойылған. Аталған бағдарламаға сәйкес 2020 жылға қарай қазақ тілін барлық Қазақстандықтар, орыс тілін 95 %, ағылшын тілін 25 меңгеруі тиіс.

Осы орайда жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігудің негізгі құралы ретінде дамыған озық мемлекеттердің ғылыми техникалық әлеуетімен танысу және меңгеру құралы, мемлекеттің, кәсіби мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде ағылшын тілін меңгеру өзекті болуда [2].

Қазіргі кезде түрлі салалардағы адам іс-әрекетіндегі интеграциялық үдерістермен байланыста ағылшын тілін коммуникация құралы ретінде пайдалану бірқатар тенденциялар ықпалынан байқалуда. Атап айтқанда: Tom Hutchinson және Alan Waters:

1. Нақты кәсіби іс-әрекеттерге сәйкес ағылшын тілін білу қажеттілігі оның әлемдік деңгейдегі танылуына байланысты. «Ағылшын тілі технология мен экономиканың жалпы қабылданған

халықаралық тілі» [3]

2. Педагогикалық-психология саласындағы алдыңғы қатарда білімгерлердің өздері мен білім алуға қатынастардың қойылуы. Білімгерлердің қажеттіліктері мен қызығушылықтары олардың мотивациясы дәрежесі мен оқу ықпалдылығы деңгейіне әсер етеді.

3. Еліміздегі экономикалық және әлеуметтік саладағы маңызды аспектілердің бірі тіл бойынша саясат. Бұл өз кезегінде «мектеп – ЖОО» жүйесінде көптілді білім беруді іске асыруға бағытталған ғылыми әдістемелік ұсыныстар кешенін жасақтауды қажет етеді. Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатында қазіргі кезде ағылшын тіліндегі толық немесе бөліктей ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламалар санын ұлғайту процесі жүруде.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім беру бағдарламалары мазмұны болашақ мұғалімдердің көптілді білім алуын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жұмыстар нәтижелі жұмыстар іске асырылуда:

- Таңдау компоненті кредиттері есебінен ағылшын тілі курсының кредит көлемін ұлғайту.

- Ағылшын тілі бойынша қосымша курстар ұйымдастыру.

- Foundation жүйесінің деңгейінде ағылшын тілін оқыту.

- Тілдік даярлығы жеткілікті нәтиже көрсеткен білімгерлердің 1,2 семестрге шетелдік серіктес университеттерінде тегін білім алуы.

- Мәулена академиялық ауысу халықаралық бағдарламасы аясында білімгерлердің бір академиялық кезеңге, оқытушы - профессорлардың екі-төрт аптаға жіберілуі және т.б.

- Бірқатар жалпы және кәсіби пәндерді ағылшын тілінде оқыту.

Қазіргі кезде болашақ мұғалім даярлауда ағылшын тілді білім беру бағдарламаларының саны күрт өсуде. Бұндай бағдарламаларды ендіруге қатысты мәселелерді үш категорияда қарастыруға болады: тілмен, мәдениетпен және бағдарлама құрылымымен байланысты.

Тілдік мәселелер білімгерлер мен пән оқытушыларының тілдік құзіреттілігінің деңгейінің төмендігінен көрініс алады. Бұл әсіресе ауызекі тілде сөйлесу дағдыларының деңгейін көтеру қажеттілігін туындатады.

Мәдениетпен байланысты мәселелер топқа жиналған білімгерлердің түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінен құралуы, оқытушы білімгер қатынасындағы түрлі мемлекеттердегі қалыптасқан қарым-қатынастың ерекшеліктеріне байланысты туындайды [4].

Құрылымдық мәселелер бағдарламаны ұйымдастыру мен оны іске асыруды басқаруға қатысты пайда болады. Ағылшын тілінде оқытуды ендіретін кез-келген жоғары оқу орны бағдарламаны оқытатын оқытушылар құрамын іріктеумен қатар өздерінің білімгерлер мен оқытушылар құрамының қажеттіліктеріне сәйкес қызметтері шекарасын кеңейтуі тиіс. Мысалы білімгерлерге орналасу, білімі туралы шетелдік құжаттарды қабылдаушы елге беру, оқу мәселелері бойынша қосымша көмек беру.

«Әлеуметтік психология» пәнін ағылшын тілінде оқыту барысында алдымен осы пәнді оқыту аясында білімгерлерде қалыптастырылуы тиіс құзіреттер айқындалды. Бұл құзіреттер 5B010300-«Педагогика және психология» мамандығының білім беру бағдарламасында көрсетілген жалпы (GC- general competence) және кәсіби (PC-professional competence) құзіреттерден пәнді оқыту мақсаты мен міндеттеріне, пән мазмұнына бай-

ланысты жетекші мамандар тарапынан талқылау нәтижесінде іріктеліп алынды. Мысалы:

Competencies and requirements necessary to learn as a result of the discipline

GC 20 The perception of diversity of culture and property, the possession of interpersonal relation, ability to work in a group

PC15 The using theoretical knowledge in pedagogy and psychology in the formation of personality

PC36 The practical skills the historical concept of personal self-development and improvement of professional skills.

Пәнді ағылшын тілінде оқыту барысында келесі кедергілер кездесті:

1. «Әлеуметтік психология» пәні бойынша ағылшын тілінде отандық ғалымдар жазған оқулықтар мен оқу құралдарының болмауы.

2. Білімгерлердің пән мазмұнына сәйкес ағылшын тіліндегі ақпараттық ресурстарды оқып үйренулеріне қажетті сөздік қорларының жеткіліксіздігі.

3. Практикалық тапсырмаларды орындауын баяндауда, СӨЖ жұмыстарын қорғауда ағылшын тілінде ауыз екі сөйлеу мен ғылыми терминологияны байланыстыру қиындықтары.

4. Ағылшын тілінен «Әлеуметтік психология» саласы бойынша сөздік қорды ұлғайтуға қажетті шағын қолданбалы бағдарламалардың желілік ресурстардың аздығы.

Аталған қиындықтардан шығу оқытушымен бірлескен студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында кеңес беру сағаттары ұйымдастыру, қосымша дидактикалық материалдар қорын қалыптастыру (презентациялар, видео сабақтар, онлайн режимінде сұхбаттасу, әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалану және т.б.).

### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. *Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка.* – Страсбург: Cambridge University Press, 2001; М.: МГЛУ, 2003
2. Керимбаева Б.Т. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру // «Білім беруде инновациялық және ақпараттық технологияларды қолдану» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция еңбектері Шымкент 2012
3. Tom Hutchinson, Alan Waters «English for specific purposes : a learning-centred approach» – New York: Cambridge University Press
4. Dudley-Evans T., St. John M.J. *Development in ESP. A multy-disciplinary approach.* –Cambridge: Cambridge University Press, 1998. – 301 p.



# ӨНЕРТАНУ ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ АҚТ

**Крыкбаева Сара Мукашевна**

өнертану кандидаты, ҚазМемқызПУ қауымдастырылған профессор м. а.

Алматы қ., тел. 87078202466, sarakm@yandex. ru

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРДАҒЫ КӨРКЕМДІК БІРЛІГІ МЕН ӘРТҮРЛІГІ

*Түйін.* Бұл мақалада дәстүрлі қазақ қолөнері мен бейнелеу өнері арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктердің мәні, құндылығы, қазіргі шығармашылықтағы ролі сипатталады.

*Резюме.* В данной статье описывается важность особенностей, ценностей и различие между изобразительного искусства и традиционных казахских ремесел и их роли в современном искусстве.

*Summary.* This article describes the importance of the features, values and the distinction between fine art and traditional Kazakh crafts and their role in modern art.

Бейнелеу өнеріне карағанда қолөнердің өзіндік заңдылықтары бар, оның ауқымы кең. Мұнда тұтастылық пен бірлік, масштабтылық пен гармония, әсемдік уақыт талаптарымен функциялық қолданыстарына сай үйлесімді шешімін табады.

Дәстүрлі өнердің қазіргі жағдайын толығырақ түсініп, оның болашағына көз жүгірту үшін халықтық дәстүрлі өнердің мәдени-рухани белгілерін меңгеруіміз абзал.

Бейнелеу өнерінде дәстүрлі өнердің канондық мәдени заңдылықтары бұзылғанмен халықтық өнердің керемет динамикалы ішкі энергиясы, үндестігі, философиялы ой-тәжірибесі реалистік өнер үшін маңызды болып табылады.

Бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнер арасында үлкен айырмашылық бар екендігі сөзсіз.

Дәстүрлі халықтық дүниетанымдағы кеңдік, биіктік, тереңдік (бойлық) - масштабты зор ауқымды өлшеммен байланысты. Дәстүрлі өнердің кең масштабтылығы, героикалы асқақтылық, дүниенің біртұтас көрінісі оны бейнелеу өнерінен ажырата түседі.

Сонымен бірге эмоционалды мазмұндық мәннің хабаршысы болып табылатын бейнелеуші және айқындаушы құрал-тәсілдер дәстүрлі өнерде рәмізді мәнге ие болса, бейнелеу өнерінде олар атқаратын міндет күрделене түседі. Ақ, қара, қызыл, көк, жасыл, сары түстердің қазақ өнерінде пайдалану ретіне қарай рәміздік мағынасы бар.

Дәстүрлі өнерде бояу түсі өзінің тұрақты мағынасымен қуатты күшке ие. Ол дүниетанымдық көзқараспен байланысты. Мысалы, И. Кант өнер мен көркемдік кәсіпшілікті ажыратып тарады, біріншісі - еркін өнер, екіншісі табыс үшін жасалатын өнер [1].

Халық шеберінің өзі бізде суретші болса, оның кәсібі - өнер, ал оның қолынан шыққан зат өнер туындысына айналды. Фабрикалар шығарған бұйымға карағанда халық шеберлері жасаған бұымдар жоғары бағаланады. Таза өнер әр уақыт жоғары бағаланатын.

1925 жылы В. С. Воронов былай деп жазады: «Суретшінің міндеті халық шеберінің алдында тұрған көркем-шығармашылық ерекшеліктерді ұғынуға көмектесу» [2].

Көркемдік, авторлық ой-сананың қалыптасуында халықтық өнердің көркемдік тілін меңгеру және басқаларға бере білу, жеткізу әдісі де соңғы рөл атқармайды. Әрине, қазіргі кезеңде халықтық өнердің технологиялық әдіс-тәсілдері мен образды әуендерді туыстық белгілер бойынша атадан балаға берілетін жеке нақты шебердің мұрағаты деп қарастыруға болмайды.

Өйткені халықтық өнердің көркемдік тілі ғылыми және әдістемелік басылымдарда, көрнекі оқу құралдарында, заттық үлгілерде талданып жүйеленген. Қазір шеберлерді тәрбиелеу, оқыту әдісі де өзгерген. Оның мәні бұрынғыдай дағдыла-

ну, шеберлікті жетілдіру, қолдың машықтылығын дамытумен шектелмейді. Ең бастысы - көркем шығармашылық процесін, өнер принциптерін тану, меңгеру, ұғу. Бүгінгі күндері халықтық өнерге арнайы оқу орындарында оқытады. Онда оқушылар алдына мақсатты міндеттер қойылады. Оның ең бастысы - көркем шығарма жасауға, көркем образды сомдауға үйрету [3].

Қолмен тоқып не ойып істеген жұмыстың бәрі бірдей өнер емес, іске зер салып, ой жүгіртіп, материалдың қасиеттерін шеберлікпен пайдаланып, түрлі-түсті бояуды талғаммен енгізген, істің ырғағын түсінген жерде ғана өнер болмақ. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарда осының бәрі бар. Халық даналығы ғасырлар бойында қалыптасып отырды, уақыт озған сайын сұрыпталып, шеберлердің талғамы өнер арқылы шындала түсті.

Қазірдің өзінде дәстүрлі өнерді мирас еткен, ежелден келе жатқан аталар өнерінің рухын қазіргі таңда жеткізуге ат салысып отырған жеке шеберлер де республика бойынша баршылық. Олар халықтық өнердегі бұрынғы табиғилықты қайта жаңғыртуға ұмтылады.

Дәстүрлі өнерге қойылған өркениет заманындағы кәсіпкерлік талап-тілектер мәдени ортаны өзгертпей қоймайды. «Мәдениет өзінің жетістіктерінде ешқандай пайда көздемейді, өркениеттілік әруақытта себепсіз, пайдасыз еш нәрсе жасамайды», - дейді Н. Бердяев [4].

Бірақ шебердің өзіне ғана тән жекелік ой-өріс халықтық өнердегі көркем тілдің жекелік сипатынан озып кетіп отырады. Себебі халық өнерінің көркемдік тілі жекелік болмағандығымен, ұжымдық санамен, дәстүрлік сипатымен құнды. Ол қазіргі болып жатқан сұраныстарды өтемейді, ол өткенге тән. . . себебі оны бізге дейін көптеген ұрпақтар қалыптастырып келді. Сонымен қарама-қайшы жағдай туындайды. Жеке авторлық өзіндік санамен жұмыс істейтін суретшілер индивидуальді авторлық емес шығармалар жасауға қатысады.

Жалпы алғанда бұл жерде халық шеберлерінің қол өнерінің өзіндік функциясын түсінудегі адаушылықтары байқалады. Жалпы, қол өнері өзінің табиғаты жағынан екі қызмет атқарады.

«Дәстүрлі өнер - барлық халықтарда дамудың төменгі сатыларында болатын және барлық негізгі аспектілерде (қызметі, түрі, жанр, образдар және т. т. ) тығыз сабақтастық сақталатын өнер. Оның айрықша ерекшеліктері: шығармашылығының кәсіби сипат алмағандығы, оның жеке бастан тәуелсіздігі, мифологиялық символикаға толы болуы, бүкіл діни табыну комплексімен ажырағысыз байланыстылығы» [5].

Дәстүрлі өнер ғасырлар бойы шындалып, кеңістік пен уақыт ырғағында тұрақты белгілері қалыптасқан өнер. Дәстүрлі қазақ өнерінің табиғи

нышандары тас дәуірінен бастап сақ дәуірін, ерте және кейінгі көшпелі дәуірлерді басынан өткеріп қана қойған жоқ, сонымен бірге ол - синкретті сипатқа ие болып, діни-мифологиялық дүниетаныммен, халықтың өмір-салтымен, ауыз әдебиетімен біте қайнасқан өнер [6].

Кеңес үкіметі тұсында дәстүрлі өнер жаңа сипатқа ие болды. өйткені халықтың әлеуметтік жағдайларында түбегейлі өзгерістер мен ХХ ғасырдағы урбанизация дәстүрлі өмір салтына өз ықпалын тигізді. Дегенмен атадан балаға жалғасып келе жатқан өнер жоғалған жоқ. Әрине, ол кей жағдайда маманданған кәсіби сипат алғандығы рас. Осы кезеңде дәстүрлі өнермен қолында дипломы бар көркемсурет мамандығы бойынша оқыған кәсіпкер қол өнері шеберлері шұғылданатын болды. Дәстүрлі үлгідегі өнер шығармаларын завод-фабрикалар шығаратын болды.

Қазақ ою-өрнегінің көркемдік мәні өте зор. Ою-өрнек тұтас ойлаудан, дүниені тұтас қабылдаудан пайда болған біртұтас жүйе деп айта аламыз. Тұтас қабылдаудың нәтижесінде оның рәміздік, белгілік нышандары қалыптасты. Ою-өрнек пен таңбалар тұтас қабылдаудың, түйсінудің нәтижесінде пайда болған белгі.

Скиф дәуірінен кейінгі кезеңдегі қазақ ою-өрнегінің шындалуы барысында «барлық мәдениеттегідей - низамның ыдырауы болды. Тұтас бейне бөлшекке бөлінді ендігі жерде бөлшек тұтастың орнына жүретін болды. Қасқырдың орнына - аяғы (қасқыр табан), қошқардың орнына - мүйізі (қошқар мүйіз), түйенің орнына - өркеші (өркеш), құстың орнына - тұмсығы - (құс тұмсық), тышқанның орнына - ізі (тышқан ізі) бейнеленетін болды.

Қ. Нұрланова пікірінің құнды жақтарының бірі ол ою-өрнек жүйесін кеңістік пен уақытқа қатысты динамикада қарастырады.

«Үнемі қайталау арқылы санада шартты белгілер орнығады: ал машық («тұрмыс» ретіндегі машық және осыған байланысты ыңғайлылық пен қарапайымдылық сипаттарының да мәні зор) ақыл-еске қайшы келмеу принципі бойынша біртіндеп сұрыптау арқылы белгілі бір ою элементтеріне ғұмыр ықтиярын дарытады. Белгінің жалпыға ортақтығы, яғни оның кейбір мағынаға меңзеу қасиеті (оның көп мағыналығы, жинақтау қабілеті) ою элементінің ғұмырлы болуының мәнді факторы» [7].

Ою-өрнектің алғашқы мағынасында біртұтас дүниетанымдық түсінік пен мифопоэтикалық таным жатқандығы сөзсіз. Дегенмен уақыт өте келе ою-өрнектің алғашқы мағынасы ұмыт болып, бізге әлеуметтік жағдайлармен тікелей байланысты мағынасы ғана жетуі мүмкін. Оның үстіне ою-өрнек өзінің бұрынғы мағынасын жоғалтқаннан кейін жай әшекейге айналады.

Шын мәнінде ою-өрнектер тек әдемі ғана емес, терең мәнге, танымға да ие. Халқымыз өмір-



ден көрген-түйген ойларын әдемі шеберлік шешіммен астастыра білген.

Әрбір бояу нақышқа дейін өзінше бір сыр аңғартады. Мейрам күндері төселетін кілем-төсеніштердің түрі өзгеше болған. Олар бірден көз тартатындай әдемі, шүйгін, ашық бояулармен ерекшеленген. Оның өзі, біріншіден, мейрамға деген көңіл-күйге сәйкес болса, екіншіден, осының өзі үй иесінің қонақжайлылығын, келген адамдарға деген мейірімін білдірген.

Кейде қапрапайым элементтер немесе күрделі әшекейлер астарлы ойды байқатып, бір ауылдағы, үй ішіндегі елеулі оқиғадан хабар береді. Мысалы, қаза жағдайында киіз үйдің кіре берісіне кілемшелер ілінеді. Егер өлген кісі қарт адам болса - ақ, жас болса - қызыл, орта жастағы адамға ақ пен қара оюлы жолақты кілемшелер тұрады.

Халық оюларының аталуы, шыққан тарихы өте қызық. Сыңар мүйіз, сыңар өкше оюларының дүниеге келуі туралы ел аузында мынадай бір аңыз-әңгіме бар. Ою ойып отырған бір қыз көрші үйдегі етікшінің қолындағы балғасының әрбір дыбысы шыққан сайын: «Қап, мына етікті киетін адам көп ұзамай сыңар өкшемен қалатын болады-ау» деп өкініпті. Бұл сөзінің мәнін сұраушыға әлгі қыз: көрші үйдегі етікші өкшенің бірін жаңа теріден жасап, екіншісіне тері жетпей ескіден жасағанын айтады. Ал осы қыздың өзі де «Арқар мүйізінің» біреуін ғана бейнелеп, екінші мүйізді жасамай қалдырыпты. «Сыңар мүйіз» бен «сыңар өкше» содан қалған екен деседі халық.

Көптеген «ай туу», «ай таңба», «ай бас» атты оюлар адамдардың айға деген ерекше наным-сенімінен туған. Ерте-ертеде жер бетінде адамдардың әке-шешесі, тәңірі ерекше сиқырлы қасиеті бар ай болыпты деседі. Ал негізгі кәсібі мал мал бағу болған қазақ халқының өнершілері өз оюларында бұл ерекшеліктерге көп мән берген. Мысалы, шеңбердің ортасындағы «қырық мүйіз» байлықты, асып төгілуді аңғартады екен.

Оюлар, негізінен, орналасуына орай шет оюлар мен шаршы оюлар болып екіге бөлінеді. Шет оюлардың аттары, көбіне, «айбалта», «семсер ұшы», «пышақ ұшы» болып келеді. Бұлай аталуына не себеп? Шет оюлар бейне бір шекараны

қоршаған сарбаздар сияқты әсер етеді. Ата-балаларымыз жаугершілікті басынан көп өткерген. Сондықтан олардың өнерінде де сол заман өзінің ізін қалдырған. Шет оюлар шаршы оюларды қоршай орналасады да, сұстылау келбетімен сыртқы жаулардан өз «отандастарынан қорғайды. Олардың аттарының айбалтамен, семсермен сабақтас болып келуі сондықтан. Бірақ сыртқы жауларға деген бөтен пиғылы жоқ. Бейбітшілікті аңсайды. Оны мынадан аңғарамыз. Шет оюлардың ішінде күн бейнесінен туған «өмір» деп аталатын ою бар. Ал сол «өмір» оюының үздіксіз, жалғасқан түрі «өмір жолы» деп аталады. Яғни, бұл бейбітшілікті сақтайық, ұрпақ өсірейік, болашаққа бет алайық дегенді аңғартса керек. Міне, осыдан кейін шет оюлардың ішкі өрнектерді бостан бос қоршап тұрмағанына көз жеткізгендейміз.

Шаршы оюлар шет оюларға қарағанда әлдеқайда көп. Олар, оюлар тілімен сөйлейтін болсақ, бейбіт жатқан «қалың ел». Шаршы оюлар, көбіне, сұлулық символының - әсем гүлдің, жайнаған жұлдыздың, сүйкімді жан-жануарлардың, т. б. көңілге ыстық көрінетін аттарын иемденеді.

Ою - өрнек шындықтың шартты ұғымын білдіретіндіктен, көбінің алғашқы белгі анықтамалары ұмытылғандықтан және оны біртұтас өнер шығармасы деп қарастырғандықтан ол кейінгі кезде адамның эмоционалды көңіл – күйі мен субъективті түйсіну ерекшелігін білдіретін болды. Оның сәндік әшекей ретіндегі мағынасы күшейе түсті. Сондықтан да ою - өрнектің синтездік қасиетін естен шығармаймыз. Бұл жағынан алғанда мұнда кездейсоқтық болмауға тиіс.

Қазақ қолөнерінде ою-өрнек кеңінен қолданылады. Қолөнер бұйымдарын тұтыну барысында олардың улитарлық құндылығы эстетикалық талғаммен ою-өрнек арқылы әшекейленіп мән-мағынасы айқындала түседі.

Қас шеберлердің қолынан шыққан өнер туындысының өрнегін терең зерттесек, көп нәрсеге көз жүгіртіп, талғам таразысынан өткізсек құндылығын бағалар едік.

Жер жүзіндегі барлық халықтардың ою-өрнек өнерінің өзіндік ерекше сыр сипаты мен рухани мәдени тыныш тіршілігі сабақтасып жатыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кант Иммануил. Сочинения в шести томах /Под общ. ред. В. Ф. Асмуса, А. В. Гулыги, Т. И. Ойзерман]. - Т. 5. - М.: Мысль, 1964. - 564 с. - (319).
2. Воронов В. С. О крестьянском искусстве. Избранные труды. - М.: Советский художник, 1972. - 350 с. - (186).
3. Зиновьева Т. Авторское самосознание мастера //Декоративное искусство СССР. - 1985. - № 9. - С. 30
4. <http://www.studfiles.ru>
5. Мириманов В. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер /Ауд. Н. С. Сыздықов. - Алматы: өнер, 1989. - 328 б. - (310).
6. Байжігітов Б. К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. - Алматы: Ғылым-өлке, 1998. - 192 б. - Б. 9
7. Малаев Ә. Киіз туырлықтағы көркем шежіре //Жұлдыз. - 1995. - № 4. - С. 162-163.

**Крыкбаева Сара Мукашевна**

өнертану кандидаты, ҚазМемқызПУ қауымдастырылған профессор м. а.  
Алматы қ., тел. 87078202466, sarakm@yandex. ru

**Маханова Гүлмира**

магистр, аға оқытушы. ҚазМемқызПУ, тел. 87079301279, makhan. q@mail. ru

**ДӘСТҮРЛІ ХАЛЫҚ КИІМДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ КӨРКЕМДІК МӘНІ**

*Түйін.* Бұл мақалада дәстүрлі қазақ киімдеріндегі ұлттық ою-өрнектердің көркемдік мәні және композициялық шешімі, қазіргі костюм үлгілерінде қолданылуы аясы мен ерекшелігі өнертанымдық мәселе ретінде қарастырылады.

*Резюме.* В этой статье рассматривается художественное значение и композиционное решение национальных орнаментов в традиционной казахской одежде, их применение и особенности в видах современного костюма как искусствовеческой проблемой.

*Summary.* This article discusses the artistic value and composition of national ornaments in traditional Kazakh clothing, and especially in the modern costume as iskusstvennoi problem.

Ұлттық ою-өрнектің ең бір көп кездесетіні дәстүрлі киімдер мен оның сәндік әшекейлері екені күмән келтірмейтіні даусыз. Қазақтың өрнек әшекейлері туралы С. Дудин, Е. Шнейдер, Р. Карутц тағы басқа зерттеушілер де зерттеп, қазақ халық киім үлгілері мен оның сәндік әшекейлі өрнек мәнеріне үлкен мән берді. XVIII-XIX ғасырларда қазақ киімінің көркемдік мәнері талай саяхатшылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың суреттерінде, жазбаларында ескерткіш болып сақталған (П. С. Паллас, И. Г. Георги, А. И. Левшин, А. О. Орловский, И. Фальк және т. б.).

Қазақтың қолөнер бұйымдары өзге мұсылман халықтарының ұлттық өнер туындылары тәрізді ою-өрнекпен көркемделуі, безендірілуі, көркемдік психологиялық ерекшелігі әлі күнге дейін сақталып келеді. Белгілі өнертанушы В. Чепелев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты», -деп таң тамаша қалса, академик Ә. Марғұлан: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүреді десек асыра айтпағандық емес. Халық шеберлерінің қолынан шыққан тұрмыс заттарының ою-өрнекпен әшекейленбегені жоқ», -деп олардың маңызын аса жоғары бағалаған [1]. Қазақ ою-өрнегі ғалымдар жазып жүргендей сәк, үйсін, ғұн, түрік, қаңлы, қыпшақ секілді көне көшпелі тайпалардың өнерінің негізінде қалыптасты. Ою-өрнек кез келген әшекей бұйымда сиқырлы күшке ие, сонымен бірге ол бақыт пен сәттіліктің рәміздік белгісін нышаны. Оның сипаттық ерекшеліктері көшпелі ғұмыр кешкен халықтардың дүниетанымдық ой танымынан туындағанын білдіреді. Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде ою-өрнек қазақтардың өмір тіршілігінің ажырамас бөлігі екендігін айтты және ою-өрнекті белгі ретінде қарастырады. Дегенмен ою-өрнектің көркемдік сипатын, құндылықтарын, әшекей бөлшектерін, ұлттық сана мен дүниетаным ретіндегі біртұтас болмысынан айналып өте алмаймыз.

Қолөнер бұйымдарының бөлшегі ретінде енген ою-өрнектің нұсқасы табиғи бірлікте бағалануы тиіс. Оның көркемдік жарасымдылығын

жазықтықтың бетінен, ою-өрнек арасындағы рауаждан, бұйымға салынған нақыштың үйлесімділігінен іздеген жөн. Бұл оның мазмұндық, рәміздік, стильдік сипатын жалпы көркемдік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Ал ою-өрнек түрлерін, оның жеке бөлшектерін жаттап алып, өрнектің өзіне ұнаған таныс үлгілерін кез келген нәрселерге жапсыра беру дағдысы қазіргі таңдағы ұлттық киім үлгілерінің көркемдеу нақыштарында әлі де толық жойыла қоймады. Мұндай жағдайда өрнектер жасанды әшекейге айналады.

Қазақ даласының әр аймағында ою-өрнек әртүрлі бағытта жүзеге асып, өздеріне ғана тән нақышымен ерекшеленсе, барлық ою-өрнектің негізін салған ою - мүйіз деп есептелінген. Киім, зергерлік бұйым, тоқыма өнімдері, қазақ үй жабдықтары, кілем тоқу, алаша өру секілді қазақ халқының дәстүрлі өнімдерін оюмен өрнектеу тәсілдері кеңінен қолданылған. Ұлттық ою-өрнек адамзат тарихының шығармашылығының ең көне түрлерінің бірі және сол кездің өзінде рәміздік, магиялық, таңбалық, семантикалық қызметтер атқарған.

Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақта, ою-өрнек өзіндік ерекшелігі, белгілі бір тәртіппен орналасқан заңдылық жүйесі ежелгі нұсқаларында құстың, гүлдің, жануарлардың түрін тұспалдайтын бөлшектерде сақталған. Көне түркілердің түсінігінде құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің тіршілік нышаны болып көрініс табады. Ол қазақ ою-өрнегінің мақұлықаты, нәубет аты, ғарышаты, тікесызықты, нышандық, танымдық т. б. сарындарының мазмұнын кеңейте түсті. Көптеген өнер зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, ою-өрнектердің сипаттық ерекшеліктеріне байланысты негізінен төрт түрге бөлуге болады. Себебі ою-өрнектердің бояу түсі, ырғақ, таңба, сызық белгілері табиғат жаратылысымен және кеңістіктегі бейнелерімен рәміздік байланыста екенін аңғаруға болады.

1. Өсімдіктестес ою-өрнектер: («гүл», «жапырақ», «бесжапырақ», «жауқазын» т. б.)

2. Космогониялық ою-өрнектер: («ай», «күн», «жұлдыз», т. б.)

3. Зооморфты ою-өрнектер: (хайуанаттардың, жан - жануарлардың бейнесін сипаттайтын, рәмізді бейне арқылы көрсететін «мүйіз», «арқар мүйіз», т. б. )

4. Геометриялық ою-өрнектер: («бесбұрыш», «ирек», «шеңбер» т. б. ).

Ежелден ою-өрнектің сиқырлылық күші бар деген наным-сеніммен тұрмыс-тіршілікте қолданылатын барлық заттарын жоғарыда аталған ою-өрнек тобының төрт түрімен көркемдеп әшекейлеген.

Сиқырлық (Магия) – кезінде әлемге кең тараған наным. Қазақ ұлттық киім әшекейіндегі өрнектердің кез келгені айналадағы қоршаған ортаны тануынан, бейнелеуінен туған шағын үлгі іспеттес. Оларда космогониялық, зооморфтық, өсімдіктетес, геометриялық өрнектердің нақыштары кеңінен өріс алған. Олар біріншіден сиқырлы күштің, екіншіден бақыт пен сәттіліктің шартты белгілері көрініс тапқан.

Ою-өрнектердің ішінде киімге алғаш сәндік және магиялық сипат бергені зооморфтық ою-өрнектер деуге болады. Ол көшпелілер дүниесімен, ежелгі мифологиямен, алғашқы қауымдық кезең өнерімен байланысты туындаған. Жартастардағы зооморфтық үлгіде салынған өрнектер бөрі құлақ, қошқар мүйіз, «құс мұрын», «түйе табан», «ит құйрық», «қошқар мүйіз», «құс қанат», «қаз табан», т. б. өрнектер олардың көнелігін білдіреді. Осылардың ішінде кең тараған өрнек—«қошқар мүйіз». Өрнектің бұл үлгілері ертедегі Пазырық қорғанынан табылған түкті кілем нақыштарына ұқсас болса, Құндариядағы Алтынасар қалашығының б. ж. с. д. I ғасыр–б. ж. с. VI- VII ғасырларына жататын көптеген ыдыстары қошқар мүйіз рельефті бейнелерімен орындалған. Қошқар–көне ұғымда қасиетті, құрбандық мал. Ежелден қошқар мүйіз күн тәңірісімен байланысты сипатталып, дөңгелек күн сәулесі ою-өрнек иірімінде көрініс тапты.

Ірі қара жануарлардың мүйізді пішімінен үстіндегілерін белгілеп, құдайды-аспан мен күннің байланысында нышандады. Иірімденген қошқар мүйізді ою көшпенділер ұғымы бойынша молшылықтың, тоқшылықты, байлықтың, берекенің белгісі деп түсінді.

Әлемнің көптеген халықтарының түсінігінде мүйізді жануарлар тіршіліктің тірегі киелі болып табылған. Қошқар мүйіздің «қыңыр мүйіз», «сыңар мүйіз», «қос мүйіз», т. т. нұсқалары көп. Кейбір халықтың ұғымы бойынша қошқар мүйіз ағаштың бейнесін сипаттаса, көптеген оюларда адам бейнесін елестетеді. Қос өркештің сүйір басы - ағаштың жапырағы мен төбесін, сүйір төбешілер-тау бейнесін кескіндесе, әлеуметтік шартты белгілері бәйтерек оюымен басымырақ сипатталады.

Ертеде көшпенділер ұғымы бойынша иірімделген мүйізді ою-өрнектерді көп мөлшерде киімге, үй мүлікке т. б. көп пайдаланса, соғұрлым

құдайдың күші, рахымы мол болып, барлық жамандықтан сақтайды деп түсінген. Сол секілді зооморфтық ою-өрнек нақышымен салынған ою түрлері «түйе табан»-алыс сапарға шығу, «ит құйрық»-ауыл аралас қатынас, «омыртқа»-қайраттылық, ерлік, «құс»-бақыттың, бостандықтың, еркіндіктің белгісін білдірген. Ежелден көшпенді ғұмыр кешкен ата бабаларымыз түз құстарын қолға үйретіп, тіршілікте өздерін қоршаған аң мен құстың барлық қасиеттерін бақылай, зерттеген.

Қазақтың құстұмсық, құсқанаты, қарлығаш, аққу, қараторғай ою-өрнектерімен қыз-келіншектердің киімдері молынан көркемделді.

Аққу–кез келген көлге мекендемейтін «құс падишасы» атанған киелі құс. Қазақ оюында ол тазалық пен сұлулықтың, махаббатың белгісі, үкі оюы-тазалық жас баланың қорғаушысы, қарлығаш оюы-шаңырақтың сақтаушысы болып саналған. Бұл оюлар еркіндік, бақыт және өркендеу, өркен жаю тәрізді ойдың мәнін білдірген. Құс атауымен байланысты оюлар ұрпақ жалғастығын айқындайтын белгі болып танылған. «Құстұмсық» оюы-жүзікке салынған сыңар дөңгелек, қос дөңгелек, күн секілді белгі арқылы әділеттілікті, мейірімділікті нышандаған.

Ертеден дәстүрлі салт жорада мынадай әдет болған. Алыс жаққа ұзатылған қыздан көп ұзамай өз еліне төркініне бір жапырақ орамал арқылы кестелеп жіберген сәлемдеме хатта құс бейнесі салынған ою келсе, қызының барған жерінде құстай еркін сол елдің қызындай болып сіңісіп кеткендігінің белгісі ретінде өз туыстарын қуантқан. Осындай сәлемдемемен орамалға ою таңбалармен кестеленіп салынса, онда қызынан жайсыз хабардың келгенін ұққан. Егер орамал бетінде салынған ою жиектеліп жүргізілген тамшымен не болмаса сыңарқанат, бір сағы ұзынша, бір сағы қысқа етіп бейнеленген бүршік өрнегі қара түспен кестеленсе бұл ұзатылған қыздың «барған жерімде бағым ашылмай, көзімнен жас кетпеді, сыңар қанаттай жаным жалғыз, отырсам опак, тұрсам сопақ болдым», - дегендей жайын білдірген. Ұзатылған қыз анасы қосдөңгелекті болып келетін «құдағи жүзiктi» дәстүрлі салттық жорада өзінің жақсы көрген құдағиына күмістен арнайы тапсырыспен соқтырып, жасататын болған.

Көркем өнер дәстүрі колөнер кәсіпшілігінің шеберлігімен ұласып, бірте-бірте ол халықтық өнерге айналды. Ислам дінінің тыйым салғанына қарамастан халық шеберлері ертеден келе жатқан колөнер мұрасын әрқашан жаңартып отырды. Құстарды, аңдарды, адамдарды бейнелеудің көркем үлгілері абстаркты өрнек түріне алмастырылды. Жалпы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне ескерткіштерден көне тайпалар құс тұмсықты аңдар мен жануарлар бейнесін әсіресе колөнерде көп пайдаланғанын көре аламыз. Бұл мал мен жануарлар өмірінен алынған оюлармен

қазақ халқы тек тұрмыста қолданылған, киім безендірілмеген. Ою-өрнектің алғашқы мағынасында біртұтас дүниетанымдық түсінікпен мифопоэтикалық таным жатқандығы сөзсіз.

Ежелгі геометриялық ою-өрнектерде сиқырлық мәнге ие. Бұл өрнектің тепе-теңділікпен сәйкестікте құрастырылып, жеке бөлшектері тұзу, қисық, доға, шиыршық тәріздес сызықтармен біртұтас композицияда шешімін табады. Бұл топтағы ою-өрнектермен киімдер молынан безендірілген. «Ирек» оюы аққан өзен, су секілді түсінікті тоқтаусыз, қозғалыстағы үзілмес өмір тіршілігінің белгісін білдіретіндей әсер береді, мұндай өрнектер әсіресе киімнің өңірлеріне, шеттеріне түсірілген. Толқын тәріздес өрнектер жануарлар әлемінен немесе аспан әлемінен алынған өрнектердің шеттерінде қорғаныш ретінде қызмет атқарған. «Үшбұрыш» өрнегі адамдардың шоғырын сипаттаса, «Шаршы» оюы-күн мен түн, жаз бен қыс секілді табиғат құбылыстарының алмасуынан, дүниедегі жамандық пен жақсылықтан ақпарат берген. А. К. Амброздың айтуынша, ромб нақышы ұрпақ көбейтуді, табиғаттағы аналық бастаудың белгісі болып табылады [2, 17-18 бб.]. Ромб тәрізді тұмарлар орта ғасыр дәуіріндегі [3, 158 б.] Қазақстандағы тас ескерткіштерде кездеседі. Қола дәуірінде де ромб нақышымен әйелдердің алқалары әшекейленген. Түркімен әйелдерінің (годжик. . .) ромб тәріздес әшекейі бар [4, 78-98 бб]. Үйлену тойына арналған өңіржиек әшекейіне ромб тәрізді өрнектің мәні ұрпақ көбейту белгісі ретінде сипатталады. Оның нақышы кейде мүйіз, ілгек тәрізді оюлармен күрделендіріліп, оның іші нүктелермен, гүлдермен, геометриялық өрнектермен толтырылады.

Геометриялық өрнектерге жататын «балдақ», «өрмекші», «итқұйрық», «тұмар», «қос тұмарша», «қос дөңгелек», «тарак», «балта», «қаңқа», «жіліншік», т. б. үлгілер ромб, шаршы, төртбұрыш, шаршының қиғаш жартысын құрайтын үшбұрыш, алтықыр, сегізқыр т. б. пішіндердің композициялық шешімін құрайды. Бұл оюларды киім безендіруде қолданылмаған, басқұр, алаша, ши, текемет, т. б. тұрмыстық заттарға молынан қолданылды.

Ою-өрнектің ең көне түрі космогониялық өрнектер. Космогониялық өрнектер екі түрлі мәселені қамтиды: ол дүниенің құрылымын және мәңгілік қозғалыстағы табиғат құбылыстарын білдіреді. Дәстүрлі өнер шығармалар мен ауыз әдебиетте көрініс тапқан осы екі түсінік мәңгілік қарама-қайшылықты күн мен түн, жарық пен қараңғылық, суық пен ыстық, мейірімділік пен зұлымдық секілді белгіні білдіреді. Қазақ қол өнерінде күн ою-өрнегі алуан түрлі бейнеде ерекше көрініс табады. Қола дәуірінен бастау алған күн, от, ай және жұлдыздарға табыну, оларға арнап құрбандық шалудың ғұрыптық рәсімі тарихи жазба деректерде көп зерттеліп, қарастырылған. Ш. Уәлихановтың

«Қазақтарда шамандықтың қалдығы», -деген еңбегінде «Қазақтар күнді ай секілді қасиет тұтпаған», -деп тұжырым жасағанмен қазақ киімдері мен әшекейлерінде күнге байланысты ою-өрнек негізгі орталық орын алады. Әсем кестеленген күн шеңбері хандардың, халыққа қадірлі ауқатты адамдардың шапанының арқасына салынған.

Күнге табыну киелі апат-отқа табынумен тығыз байланысты көрініс табады. Қоладан құйылған дөңгелектер күнді білдірген, оларды савроматтар қарулары мен киімдеріне, мойындарына тағып, тұмар ретінде пайдаланған Сақ дәуіріндегі шауып бара жатқан аттар бейнесі біртіндеп оюға айналып, көбінесе түймеде, әр түрлі өрнектерде сақталған. Сібірдегі түркі тілдес халықтардың кейбір үйлену дәстүрлерінде күнге, айға табыну деректері ұшырасады, ай мен күнге табыну некені нығайтады және ұрпақ көбейтеді деп түсінеді.

Монғолдарда иірілген қос мүйіз оюының ортасындағы тамшы тәріздес өрнек жарық дүниеге келетін нәрестені, яғни бұл ою қанды туысқандықты білдірсе керек. Тірі ағзаның бәрі бір тамшыдан дамиды деген ой таным жатыр. Күннің ең қарапайым бейнесі–крест белгісі ол ұрпақ көбейту секілді ой-ниетпен ұштасады және сұқ көзден сақтайтын сиқырлы тұмар ретінде дәстүрлі дүниетанымды түсінік береді [5]. «Төртқұлақ» ою-өрнегі қазақ қолөнерінің барлық салаларындағы бұйымның дәл ортасына кеңінен пайдаланылған, бұл ою адамдардың бір күндік, бір айлық немесе жарты жылдық өмірін білдірген. «Крест» танбасы қазақ ою-өрнегінде «төртқұлақ» өрнегінің баламасы дегуге болады. Кресті шеңбермен айнала қоршау ол күнді бейнелеудің келесі бір белгісін нышандайды. Көне дәуірде дөңгелек пайда болған соң, алты радиусты шеңбер түріндегі киелі белгі туындайды, ол айнала қозғалуды білдіреді. Сібір түркі тілдес халықтарының дәстүрлі дүниетанымында «күн нұры» жіп, арқан және шаш арқылы бейнеленіп ұрпақ көбейту, өмірлік күштің түрімен сәйкестендірілген. Ал «Ай өрнегі» діни орындарды, күмбез тамдар мен сәулеттік құрылыстарды безендіруде көп қолданғанмен, ол ислам діні келуден бұрын пайда болған. Көптеген «айшық», «айтаңба», «айбалта» атты оюлар адамдардың айға деген ерекше наным-сенімнен туған. Жұлдыздарға қарап «жұлдыз гүл», «топ жұлдыз», «жұлдыз өрнек» деген ою түрлері де бар. Олар сырт киімдер бешпент, шапан, тон өрнектеуге кеңінен пайдаланылған. Аспаннан жерге жеткендей әсер беретін бұл ою-өрнектің тобымен қазақ халқы киімді мол безендірген.

Әйелдің ұлттық киімдері өсімдіктестес ою-өрнектермен молынан көмкеріліп әшекейленді. Өсімдіктестес өрнектер кескіні араб үлгілерімен (арабеска) ұштасып жатыр және өрнектердің нақыштары адамның қоршаған табиғат әлемімен бірлігін танытады. Өсіп өнетін табиғат дүниесін кие тұту, тәңірі тұту, олардың да жаны бар деп



қабылдау сенімінен туындаған. Төрт жапырақтан тұратын «гүл ою»-дүниенің төрт торабын, кеңістік үйлесімділігін білдірсе, төрт бұрышты ою-өрнектің түп негізі осыдан бастау алады.

Өсімдіктес ою-өрнекті негізгі және жанама деп екі топтың түріне бөледі. Оның негізгі тобына ағаш, алмагүл, масақ, шырмауық, қызғалдақ, бадам деген өрнектер жатады, бұл өрнектерді әйел киімдерінде тығыз және басып кестелеу кейде жапсырма тәсілмен әшекейлеу мол қолданылған. Жапсырма әдісімен гүл түріндегі пішіндер көбінесе киімнің кеуде тұстарын безендірген, киім етектерінде жапсырма әшекей қолданылмайды. Киімдерді безендіруде өсімдіктес топтың жанама түрлері өсімдіктің тұтас емес, оның бір ғана бөлшегін қолдану болып табылады. Жапырақ тәріздес өрнек түрімен киімдердің етек жеңдері безендірілді. Қазіргі ұлттық киімдерде «үш жапырақ», «көп жапырақ», «сандық гүл», т. б. өсімдіктес, алуан түспен боялған өрнектерді жиі қолданылатынын көруге болады. Киім көркемдеуде өсімдіктес ою тізеден, белден жоғары салынған. Бұл сонау ерте кездің өзінде-ақ халқымыз дала төсінде өсімдікті, көкті аяқ асты таптамай, табиғатты қорғай, аялай білгендігін танытады. Киімнің кез келген жеріне кесте тігу немесе жапсырма жапсыру киімнің әрін қашырады. Өрнектің көлемі, түсі киімнің жалпы түсімен, ауқымымен, салмағымен сәйкес үйлесімді болуы керек.

Ұлттық киімінде қолданылатын ою-өрнек түрінің бірі – «Әлем ағашы» өрнегінің түрлі нұсқалары болып табылады. «Әлем ағашы» өрнек ұғымының астарында мәңгілік өмір, Тәңірлік идея, аспан мен жер, ғарыштық доминанта мазмұны жатыр. Бұл өрнектің нұсқасы ұлттық киім, бас киім, шапандарда т. б. кездеседі, әсіресе қалыңдықтың «сәукеле» бас киімінен көре аламыз. «Су оюы» да байырғы, киелі өрнектердің бірі. Ертеде су ұғымы жаратушы аналардың бірі болып саналған. Сумен ауырған адамды ұшықтаған, көне түркі жазбаларында «от ана», «су ана» деген тіркестерде бар. Су оюының негізінде «ирек», «тасқын», «дария» оюлары қалыптасқан. Дария - дарқандылықтың белгісін білдіреді. «Тау оюы» - мәңгіліктің, күш күдіреттің, жаратылыстың рәмізі. «Таудай бол» деп қариялар бата берген. «Тұмар ою» - Орта Азия халықтарының барлығында қорғаушы, жол ашушы, қасиетті дүние ретінде қолданылған байырғы оюдың бір түрі. Көне түрік тілінде «тұмар иер» деген сөз «туған жер» деген мағынаны білдіреді. Бұрын тұмардың ішіне туған жер топырағын салған. «Жер ана желеп-жебейді», «туған жерге қайтып» деген сенімнен туындаған ырым қазақта арасында әлі де бар. Тұмар оюы басқұр, аққұр, кілем, текемет, киіздердің шетіне салынады, ол «Тұмарша» деп аталады. Оның басқа да нұсқалары да бар. Мысалы, «шаршы» өрнегі «қос тұмарша» деп аталады, ол да киелі оюға жатады. Тұмаршаның төбе ұшы

жоғарғы қарап салынса, әйел адамның белгісін, төмен қарап салынса-ер адамның белгісін танытса, бұл екеуінің қосылып салынуы басталып келе жатқан жаңа өмірді білдірген. Ал үшбұрышты тұмардың сақтаушы, қорғаушы секілді табыну қасиеттері сиқырлық мағынаға ие.

Қолөнері бұйымдарындағы көркемдік кеңістік кең байтақтылық пен тұрақтылықты аңғартса, ал ырғақты ою-өрнек әуендері сол кеңістіктегі еркін қозғалысты, көңіл-күй қозғалысын әсерін туындатады [6]. Ертеден қазақ шеберлері оларды түрлендіру барысында аз ғана реңдер мен өрнек жүйелерін пайдалана отырып, ерекше сәндікпен әшекей әуенде шеше білген. Тепе-теңділік принципінің арқасында ғана жарасымды, орнықты көңіл-күй қалыптасады. Онда керемет бай реңдер мен бояу түстері болмаса да ол бір жағынан суреттің жұмбақ қасиетімен қызықтырады. Егер сурет деп өрнекті айтсақ, өрнектің жазықтықта орналасуы адамның Жаратылыстағы орнын анықтайтындай көрініс береді. Олар бір-бірін оңай алмастыра алатындықтан осы тепе-теңділік қасиеті Адам мен Жаратылыстың біртұтастылығын білдіретіндей, олардың ерекше үйлесімді орналасуы осындай дүниетанымдық әлеуметтік жағдайлармен байланысты болған.

Өрнектер әдетте бірінің үстіне бірі салынбай, айқастырылмай бөлек орналасады, кез келген жерге ретсіз көп орындала бермейді. Бұйым бетіндегі ою-өрнектердің ірілігі оның монументті сипатын арттырып, нәрсенің өн бойына, түр-түстеріне және сызық әуендеріне ерекше талғаммен байланысты күш-қуаттылық жинақтайтындай әсер береді. Сонымен қазақтың ұлттық әйел киіміндегі ұлттық ою-өрнектер заттық-материалды дүниенің реалистік көшірмесін бейнелегенмен, көз жауын алардай нәзік, талғампаз, нақыштық пішіндері мен бояу түсінің айшықты үйлесімімен кез-келген адамның ішкі сезіміне әсер етеді. Қазақтың ұлттық әйел киімінің өзіне ғана тән қалыпты сипаттық ерекшелігін ою-өрнектің көркемдік жүйесі негізінде қарастырсақ, оның композициясындағы тұрақтылық, ою-өрнектің тепе-теңдігі, жайсаң жазықтылығы айқындалады.

Әйелдің ұлттық киім үлгілерінде әр түстің өзіндік рәміздік нышаны психологиялық феномен ретінде қызмет атқарған. Ою-өрнек киім матасының түсімен ең алдымен қатынас құралы ретінде тіршілік етіп, белгі ретінде ақпарат берген. Ұлттық киімдегі бейнелі танба белгілердің қызметті тек материалдық затты емес, адамның ішкі көңіл-күйі мен мінезімен және жас ерекшелігінің өтпелі кезеңімен ұштасып, ол сезімдік зат болып табылады.

Жалпы алғанда түс адамның жүйке-психикалық қызметіне ғана емес, оның тәжірибелік жиынтығына да әсер етеді. Дәстүрлі өнердегі бояу түсі рәміздік мағынасында бұйымның, заттың, ою-өрнектің т. б. нәрселердің түсін ғана айқындамайды,

оның мазмұндық мәнін білдірген. Әлемдегі көптеген халықтардың ежелгі мәдениетінде негізгі түстер қызыл, ақ, қара болып табылады, алғашында бұл түстер табиғи өмірлік апаттармен байланыстырылып, оларға ерекше мән берілді.

Ұлттық ою-өрнекте ақ пен қара түстер өмір мен өлімді, адалдық пен жауыздықты, күн мен түнді, кейде жарық дүние мен қара жердің мағынасын білдірген. Көне түркі тілінде «қызыл» - оңтүстікті, «қара» - солтүстікті, «ақ» - батысты, «көк» шығысты білдірген [7, 160 б.]. Қазір бояу түстері арқылы рәміздік таным емес, өзіндік ой қиялды айқындайды. Түстердің мәні арқылы өзіндік таным ойлар нышандайды, қызыл түс билік, күш-қуат, ақ түс ақиқаттың, болашақтың үміттің, о дүниенің белгісі, мысалы, келінге ақ жаулық тағып, бетін ашпас бұрын ақпен көмкеру; қара түс өлім идеясымен байланысты ұғымды да қамтиды. Сонымен қатар еңбек, жер, байлық, сергектік секілді ой ұшқырлықта ұласады. Костюмнің композициялық шешімі костюмнің алуан түрлі қызметтері мен дене бітімінің рәміздік көрінісінде бейнеленді.

Дәстүрлі қоғамда костюм түсіне ерекше мән беріліп, ол көркем талғаммен талап етіліп, рәміздік оймен танылған [8]. Қазіргі кезде киім түсінің рәміздік мәні азая түсуде, өйткені дәстүрлі қоғамда түске қол жеткізу қиын, әрі боялатын материалдың бағасы қымбат және қазіргі қоғамда өмірдің қарқындап дамуы соншалықты тіпті түстің өзі қабылданбаған. Қазіргі киім түсіне ғана емес, сұлбасына, пішіміне және нақыштық шешіміне ерекше мән беріледі.

Қазіргі киім дизайн саласында дәстүрлі ұлттық киімді халық дәстүрінің озық үлгілерімен көркемдеу көрініс тауып келеді. Халықтық киім әрқашан суретші-сәнгерлердің, құрастырушылардың назарындағы объекті болып табылады. Қазір ұлттық киім қайталанбас ұлттық сарынмен негізгі нұсқада жасауға ұмтылады. Ұлттық әйел киімдерінің көркемдік ерекшелік мәнері, киімнің қосымша бөлшектері мен түсініктерінің мәнімен сипатталады.

Қорытындылай келсек, ұлттық киім көркемдік мәнеріндегі ою-өрнектердің мәні өз бойына адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасып келе жатқан қарым-қатынастың біртұтастығы мен бірлігін ерекше рәмізде нышандаған. Сәндік-қолданбалы өнерде киімге алғаш сәндік және сиқырлық сипат бергені зооморфтық ою-өрнектер көшпелілер дүниесімен, ежелгі мифологиямен, алғашқы қауымдық кезең өнерімен байланысты туындаған деп айтуға болады.

Қазақ ою-өрнектерінің жиі қолданылатын жүзден астам бізге белгілі түрі мен нұсқасы бар екені мәлім. Халықтың астарлап, тұспалдай сөйлей білуі музыкадан да, ою-өрнектен де, жалпы дәстүрлі өнерден жақсы көрініс тапқандығы, киім безендіруде оның көркемдік тілі бояу түсі, ырғақ, таңба, сызықтар нақышымен анықталды. Ұлттық әйел киімінің негізгі көркемдік шешімі мен эмоционалды-мазмұны рухани әлеуметтік ортада қалыптасқан, оның көркемдік безендірілу мәнері мен түсініктері негізгі жүйеде дәстүрлі қалыптасқан.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Маргулан А. Х. *Казахское народное прикладное искусство*. – Алма-Ата: Өнер, 1991. – Т. 1. – 256 с.
2. Амброз А. К. *Раннеземледельческий культурный символ (ромб с крючками)*. – Баку, 1989. – 218 с.
3. Шер Я. А. *Каменные изваяния Семиречья* // СА. – 1986. – № 4. – С. 158.
4. Береснева Л. Г. *Декоративно - прикладное искусство Туркмении*. - Л., 1986. – С. 78-98.
5. Малаев А. К. *Орнамент как феномен культуры: семиотический и семантический анализ: дисс. ... докт. филол. наук*. - Алматы, 2008. - 267 с.
6. Тохтабаева Ш. *Функция казахской традиционной одежды* // Известия НАН РК, серия общественных наук. - Алматы: Ғылым, 1994.
7. *Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество*. - Новосибирск: Наука, 1990. – 248 с.
8. Қрықбаева С. М. *Сәндік-қолданбалы өнердегі қазақ әйел киімдерінің семантикалық мәні*. ө. к. дисс. Алматы, 2010. – 120 б.

Омаров Әділет

Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2 курс магистранты, adilet-0692@mail.ru

### МАШУРОВА РАХИЛЯМНЫҢ АКТЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түйін:** Мақалада М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының актрисасы Р. Машурованың театр сахнасында қызмет еткен жылдары сөз етіліп, ойнаған рольдері ғылыми түрде жан-жақты талданған. Актрисаның бейне жасаудағы ерекшеліктері сараланды. Мақалада отандық және әлемдік драматургтардың пьесалары бойынша қойылған спектакльдер зерттелген.

**Кілт сөздер:** Театр, сахна, қойылым, режиссер, актер, режиссерлік шешім, актерлік ойын.

**Резюме:** В статье, посвященной творческой работе в жизни актрисы Академического драматического театра им. М. Ауезова Машуровой которая посвятила многие годы любимой профессии, всесторонне научно рассмотрены редкие замечательные особенности в постановке образа на сцене театра. В статье также глубоко исследованы постановки пьес отечественных и мировых драматургов.

**Ключевые слова:** Театр, сцена, спектакль, режиссер, актер, актерская игра, режиссерское решение.

**Abstract:** In an article dedicated to the creative work in the life of the actress of the Academic Drama Theater by M. Auezov Mashurova who devoted many years of his beloved profession, comprehensively reviewed the scientific rare remarkable features in the training of an image on the stage. The article also deeply studied the performances of native and international playwrights.

**Key words:** Theatr, scene, performance, director, actor, actor's game director's decision.

Өмірін өнермен өрнектеген көрнекті сахна шеберлерінің бірегейі – Р. Машурова 1965 жылы Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияда КСРО халық артисі, профессор Хадиша Бөкееваның шеберханасында дәріс алған. Оқып жүрген кезінен-ақ ол М. Әуезов атындағы академиялық драма театрына қызметке қабылданып бүгінгі күнге дейін сан алуан рольдерді сахна төріне шығарды. Актриса жасаған бейнелер галереясында – М. Әуезовтің «Қобыландысындағы» дегеніне жетпей қоймайтын, қайсар мінезді Күнекей, Ф. Эрвенің «Түлкі бикешіндегі» ерке де, есті Делиза, М. Булгаковтың «Жендеттеріндегі» сұлу да сиқырлы Арманда, Шыңғыс Айтматовтың «Ана-жер анасындағы» жаны жайсаң Әлиман, Д. Файзидің «Башмағымдағы» нәзік жанды Сәруар сынды көптеген арулардың қайталанбас бейнесін жасады. Сахнада өзіндік ерекшелігімен көрініп, қай жанрға салсада жүйріктік таныта білді.

Рахиялам бала кезінен театр өнеріне құштар еді. Апасы Тұрсынқыз жылдар бойы ұйғыр театрында қызмет еткен. Жақын туыстарыда өнер саласында жүргендіктен балаң Рахиялам олардың ықпалы зор болды. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ актриса болуды армандап, ер жеткенде ұйғыр театрынан көрген сүйікті кейіпкерлері Анархан, Санам, Шырын, Баян рольдерін ойнайтынын көз алдына елестетті.

Р. Машурова алғаш рет үлкен сахнаға 1967 жылы шығып, актерлік өнер жолын бастады. Театр табалдырығын енді аттаған жас актрисаның тырнақалды ролі драматург Ә. Тәжібаевтың «Майрасындағы» Айбарша еді. Жастығы мен тәжірбиесінің аздығына қарамастан ол Айбарша кейіпіне еніп, тартымды бейне шығарады. Кейіпкер бойындағы барлық қасиеттерді ашуда тыңғылықты

әрекеттеніп, қойылымның толыққанды шығуына үлесін қосты. Сахнадағы алғашқы қадамы сәтті болды. Актриса Айбарша ролін өзіндік мәнерімен, айшықты шешіммен, өзгеше шеберлікпен орындаған. Бұл рольді сәтті шығарудағы жас актрисаның табысы оның үлкен өнер сапарындағы алғашқы үлкен талпынысы.

Актрисаның театр сахнасында ерекше көзге түскен, кемеліне жетіп орындаған рольдерінің бірі – А. Чеховтің «Сүйікті менің ағатайым» қойылымындағы Соняның бейнесі. Театр өнерінің жауһары саналатын бұл туынды да Соня – Рахиялам өзінің табиғи сүйкімділігімен, жан дүниесінің тазалығымен, тектілігімен көруші қауымды тәнті етті.

Өнердің қара шаңырағы М. Әуезов атындағы драма театрында өткізген әрбір күн, әрбір репетиция институт табалдырығынан аттаған жас актриса үшін жақсы мектеп болды. Аты-шулы артистердің ойыны, тәжірбиелі режиссерлердің ақыл-кеңесі оның талабын ұштап, тәжірбиесін кемелдендіре түсті.

Р. Машурованың актерлік өмірбаянында ойып орын алатын ролі Ш. Айтматовтың «Ана – жер-ана» спектакліндегі Әлиман еді. Бұл қойылымға театр ұжымы бар ынтасымен дайындалып бір деммен ойнап шығады. Қойылымның режиссері Ә. М. Мәмбетов актерлермен ізденіс жолында көп еңбектеніп зор нәтижеге қол жеткізеді. Әрбір артистке бейнені шығаруда өз тәжірбиесімен бөлісіп терең мазмұнға құрылған шығарманы бірлесе игереді. Ш. Айтматовтың «Құс жолы» повесті бойынша жасалған күрделі инценировка режиссер мен актерлердің алдына көптеген тапсырмалар қойып шешіміне аса зор мән беруді талап етті, ұжым бұл қиындықты артқа тастап, халықтың жадында қа-

латын ауқымды мәселені көтерген философиялық мәнге ие қойылымды сахналайды.

Қырғыздың заңғар жазушысы Ш. Айтматовтың шығармалары қазақ сахнасында қойылғалы да талай уақыт өтіп жатыр. Дүниетанымы, көзқарасы, тарихы мен тағылымы бір қырғыз халқымен әдеби мәдени рухани ел болып ес жиғалы да өзгерген емес. Мәдени байланыстың тағы бір көрінісі қазақ сахнасында сәтті қойылған осы «Ана-Жер ана» қойылымы болатын. Бұл қойылым қазақ сахнасына тың жаңалықтармен, актерлік ізденістер мен режиссерлік шешімдердің жаңа үлгісін алып келді. Нағыз талантты өнерпаздарын басын құраған ерекше сәтті қойылым болып театр тарихына енді.

Толғанай бейнесін арқалы актриса Сәбира Майқанова сомдаса, келіні Әлиманды Р. Машурова кескіндейді. Ер азаматтары соғысқа кетсе де қара ауылдың тіршілігі тоқтаған жоқ еді, майданға кеткен отандастарының керек-жарағын, ас-суын дайындап келін мен ененің өмірі өте береді. Жаңадан тұрмыс құрған келіншектің әйел-ана бақытты сезінбей жатып күйеуі Қасымнан айырылуы ауыр соққы болып тисе де, көп жылдарын соғысқа аттанған жұбайының жолын тосумен өтеді. Р. Машурова албырт сезімге құштар күйін нанымды бейнелейді. Әлиманның махаббат майданы сұм соғысқа айналып кетуінің себебінен оң солын тани алмай қалған жас келіншектің күйзеліске түседі. Сол бір сұрапыл соғыс жылдарында Әлиман сияқты жесір қалып, қайсы біреулердің мазағына ұшыраған келіншектердің тағдыры өмір шындығы. Жайнаған гүлдің суық шалғанын кімде болса көрген болар, адал, ақ сезімді Әлиманда сол дерлік. Бірде өмірге разы, бірде наразы. Трагедияның тереңдей түсуіне кейіпкер Әлиманның хал-ахуалы да бірден-бір себепші. Оның үнсіздігі, көңіл күйінің сылбырлығы актрисаның өзі ойнаған қаһарманның ішкі тереңін көбірек сезінгені, қимыл-қозғалысы, барлық жағдайларға аса мән беріп, көңіл пернесіне зерделей қарағаны актриса ойының шынайылығының, кейіпкер үшін толғанатын, жанкешті, ізденімпаз актриса екендігінің көрінісі іспеттес. Сондықтан актриса Р. Машурованың ролі кейде темпераментті, кейде бұған кері сезімді талап ететін күрделі бейне. Қиын-қыстау кезеңде өтіп жатқан жастық кезеңінде осынша бақытсыздықты, ауыртпалықты көтере алмаған Әлиман ақ жолдан адасып кетеді. Қойылымдағы барлық кейіпкерлер заманның зарын тартып өмірдің уытты шақтарын бастан кешіреді. Актриса соғыс зардабынан күйреген Әлиманның әлсіздігін дөп басқан. Р. Машурова Әлиманды сомдай отырып қойылымның трагедиялық ахуалын қоюландыра түсті, адал бола тұрып адасқан, шынайы да шерменде жанның бейнесін жасай алды. Қойылымда театрдың темір қазығына айналған өнер майталмандарымен бір сахнада бірнеше рольдерді сомдап, тәлімі мен тәрбиесін көріп

өскен актриса бүгінде театрға еңбегі сіңген өнер иесіне айналды.

Актерге берілген әрбір роль сахнаға жол тартпас бұрын көптеген дайындықтан өтетіні белгілі. Актерлерді талай ізденіс жолына жетелеген кезекті бір күрделі қойылым драматург Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясы болатын. Аталмыш пьеса драматургтың тырнақалды туындысы. 1959 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында тұсауы кесілген қойылым Алматы жұртшылығы үшін мәдени құбылыс болды. Сәтті шыққан қойылымнан кейін драматург бірнеше пьесалардың авторы атанып драматургия саласына біршама жақсы пьесаларды алып келді. Режиссер Қ. Жетпісбаевпен жазушының арасында байланыс осы қойылымда айқын байқалған еді. Бұл қойылымда да студент жастардың арасында өтетін бұл оқиға шынайы махаббатты, адамгершілік қарым-қатынас пен достықтың беріктігінің айқын көрінісі іспеттес. Адамдардың арасындағы нәзік байланыс, достық көңіл, туыстық толғаныстарын актерлер шебер жеткізе білген. М. Әуезов театр қайраткерлерінің бір жиынында: «Қалтай Мұхамеджановтың тұңғыш талабы татымды комедия туғызды демекпіз. Тегі күлкінің жөн-жосығы, алуаны мол екені көпке мәлім. Жаныңды қуантатын күлкі бар. Сорақыны мақтау, келеңсізді келемеждеу, әр сәті, әр сипаты күлкі жайларын аңғартады» деп жоғары баға берген. [1, 2406]. Осы орайда сыншы: «Замандас болмысын суреттейтін сол кездегі драматургияда кездесетін жаңа мен ескінің арасындағы дәстүрлі тартыс мұнда жоқ. Комедияның тартыс желісі студент жастардың өмір тірлігіне деген екі түрлі қарыма-қайшы көзқарасына құрылған. Мұндағы жас кейіпкерлердің дені оқуларын бітіріп, қоғамның білімді де, саналы азаматтары ретінде елдің игілігі үшін қызмет етуді мұрат тұтса, енді бір бөлігі ауырдың үсті, жеңілдің астымен өтіп, өмірден жылы, жәйлі орын іздеп, қиыншылықтардан аттап өтудің жолын қарастырады. Көздеген мақсатына жетуде бұлар ештеңеден тайынбайды. Осы өмірлік мәселені шынайы суреттеу үрдісінде автор комедиялық бейнелеу құралдарын жанр талабына лайық тапқырлықпен пайдаланған. Ол кейіпкерердің ұнамды, ұнамсыз схемаға жүктемей көркемдік тұтастықта суреттейді" деп театр зерттеушісі Б. Құндақбайұлы драматургтің еңбегіне орынды пікір қалдырған [1, 2406.]. Қазақы наным-сенім, достық әзіл, Арыстан, Сапар, Сұңғат сынды жас ғалымдардың ой-пікірлері сатира арқылы да ашыла түскен.

Театрдың белді актерлері тоғысқан бұл қойылымда Р. Машурова қалалық ақсауақ қыздың бейнесін сомдайды. Марфуға-Р. Машурова бақуатты жерден шықса да қарапайым студенттің жары атанып өмірдің қиын-қыстау шағын өткізіп жатты. Студенттік өмір мен отбасы жағдайды өмірді



бірге алып жүрген жас келіншектің басынан небір жағдайлар өткенімен Марфуға өте көңілді, жайдары жаның бейнесін береді. Бұл шығармада Марфуға бейнесі шынайы суреттелген, аздап қиялшыл келген келіншектің өмір сүріп отырған орталарына үйлесе бермейтін кейбір ойлары күлкі шақырады. Қазақ тілінде кейбір сөздерді дұрыс сөйлей алмағанына да қысылатын Марфуға өте адал, ашық жарқын болып көрінеді. Марфуға қойылымның негізгі оқиғасын өрбітуші ретінде қатысады және комедиялық тұстарына да арқау болады. Драматургтің пайымдауынша ол жалған тәрбиенің, татымсыз ортаның құлы. Тұрмыстың күнгей жағына ғана үйреніп, өмірге жуыса алмай жүрген Марфуға кей ретте күлкіге шақыра отырып, өмірдің көлеңкелі жағын көрсетсе, кей ретте жиренту орайында – жат қылықтарды әшкерелейді. Оның Сұңғатқа деген кіршіксіз махаббатын анық байқауға болады, күйеуімен ренжісіп қалған тұстарында Марфуғаның көңіл-күйі түседі. Мұндай сәттерде өзін қалай ұстарын білмей, іштей өзінің кінәлі екенін сезіп тұрады, іштей қиналып өзінің жағымсыз қылықтарын ой елегінен өткізіп, жақсы жаққа өзгеру үрдісі байқалады. Адамдардың бойындағы ұнамсыз қылықтар, шалыс басқан қадамдар, орынсыз айтылған пікірлер әр кейіпкердің болашақта өмірлерін жақсы арнаға бұрғысы келетін келісті ойлары қойылымның ең әсерлі тұстарын аша түседі. Көрермендердің іштей ынтымақтасып, жақсы ісіне сүйсініп, кемшілігіне күйініп отыратын кейіпкер Марфуғаның кейіпкерлері көңілге қонымды шықты. Комедиядағы әр кейіпкердің күлкісінің сыр-сипатынан, әр алуан ой саларлық астарлы ой жатады. Мысалы, Марфуғаның күлкі тудыратын тұстары күлмей қалуға болмайтын, кінә тағуға да тұрмайтын зілсіз, көңіл ашар күлкі. Осылайша бір қойылымда бірнеше сорақы, келеңсіз, тұрпайы мінездерге арналған күлкілердің бәрі де қонымды, орынды болды.

Қойылымда ойнаған әрбір кейіпкер әлеуметтік тұстарын ғана ашып қоймай сол мінездерден туатын адамдық іс-әрекеттерге философиялық мән-мағына бере білген. Сыртынан қарапайым көрінгенімен әр біреуі еңбекке, терең білімге, орнықты өнер табуға икемді, қабілетті жастардың бар екендігін сырлы сатира, зілді ысқақ арқылы береді.

Спектакль жастар өмірінен алынғандықтан студенттік шақтардың қызықты кезеңдеріне жіті мән беріліп, сапалы білім үшін күрес өзекті мәселе ретінде көтерілген, бүгінгі жастарды толғандырып жүрген әлеуметтік мәселелер де талқыланады. Жалпы Марфуға өзіндік мінезімен ерекшеленетін бейне, ол Р. Машурованың айтулы табысты жұмысы болып табылады.

Драматург А. Тасымбековтің қуғын-сүргін жылдары жазықсыз жапа шеккен жандардың тағдыры жайындағы «Кебенек киген арулар» пьесасы көркемдік шындық тұрғысынан жазылған көркем

шығарма. Аталмыш қойылым театр сахнасында тарихи дерек көздерін негізге ала отырып қойылды. Қараша халықтың сана-сезімін бұғаулаған жымысқы саясат, сүттің қаймағын қалқып алып, сылдыр сұйығын қалдырған іспетті тұтас, бір ұлт ақыл-ойының көшбасында жүрген саңлықтарды сыпырып әкетіп, тіршілік нәрін, таратушы әйел-аналарды түрмеге қамау, бұл «бір халықтың болашағын жатырдан бастап құрту, тұншықтыру» саясаты ауқымды түрде зерделеніп жазылған. Жазушы аса бір күрделі, жан ауыртарлықтай нәзік тақырыпқа бара отырып оның қасіретнамалық табиғатын жан-жақты ашып көрсеткен. Р. А. Машурованың сомдаған рольдерінің бірегейі “Кебенек киген арулар», спектакліндегі Хемичэм бейнесі. Аталмыш спектакльді М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында режиссер Б. Атабаев қойылымның идеясын анық қалыптастырумен қатар, композициялық тұтастығын сақтап сахналаған. Қойылымды даярлау барысында қоюшы режиссер мен әртістер құрамы өткен күндер зобалаңын еске түсіріп қана қоймай, ұлт зиялыларының басына бұлт үйірудегі түпкі мақсатын айқындап, солақай саясаттан туындаған соқыр сенімнің көрінісі мен салдарын ашық сахналаған.

Бұл қойылымда Р. Машурованың кейіпкері – момын әйел. Дүрбелең кезеңде тап болып, түрмеге отанын сатқан халық жауының жұбайы есебінде отырады. Қасіретнамада басты роль болмағанымен, ондағы әр кейіпкердің өзіндік ой-арман, мақсат-мүддесі мен таным қайшылықтары арқылы дараланып көрсетілген. Мұндағы әйелдердің түрмеге жабылуының өзіндік тарихы бар. Актриса Р. Машурова бұл бейнені АЛЖИР-де қамауда болған ұйғыр әйелі Хемичэмнің өмірімен терең танысып, егжей-тегжейлі зерттеп сахналайды. Қойылымда әлеуметтік, адамгершілік мәселелері, түрлі көзқарастардың қақтығыс мен талас-тартысы да қамтылған.

Р. Машурова-Хемичэм болып жатқан жағдайларды сырттан бақылаушы, саясаттан алыс жүретін әйелдің бейнесінде көрінеді. Әйелдер саясат және партиялық билет жөнінде сөз таластырып жатса да Хемичэмді олар талқылап жатқан тақырыптары қызықтырмайды, ол өз көзқарасын ешқашан білдірген емес. Концерт ұйымдастыруда – Хемичэм қатысушы емес, көрермен болып отырады. Басынан өтіп жатқан оқиғадан кейіпкердің жанына бататын бірден бір жайт оның балаларының жайы. Хемичэм ұйғыр тілінде ұлдары жайында толғанас сөйлеп, сағынышпен еске алып, ұйғыр халқының ұлттық биін билейді. Соңғы сөзінде Сталин туралы өлеңдегі бір шумақпен орыс тілінде аяқтайды. Р. Машурова Хемичэмді нақышына келтіріп беріле ойнап, өз кейіпкерін кеміліне жеткізді. Ол Отанын сатқан сатқынның әйелі атанса да, туған халқына адал, елін жерін сыйлайтын парасатты әйел бейнесінде көрінеді. АЛЖИР-де сол сатқын жұбайы-

ның кесірінен отырады, барлық әйелдер сияқты ол да өзін кінәлі деп санамайды, себебі өз еліне қарсы ешқандай қателік жасамағанын біледі.

Р. Машурованың ерекшелігі ол роль сомдау барысында кейіпкермен үндесіп, кейіпкер үшін күйіп өзін мүлдем ұмытып кететін кейіпкер кейіпкержанды, үнемі ізденіс үстінде жүретін талапты актриса. Кейіпкерінің психологиялық көңіл-күйіне терең бойлайтын, ұнамды-ұнамсыз қасиеттерін зерттеп сахналайтын әртіс екенін осы Хемичэм ролі арқылы тағы бір дәлелдеді.

Барлық өмірін театрмен тығыз байланыстырған Р. Машурова талғампаз өнер иесі. Әрбір қазақ актерлері үшін кез-келген қойылым үздіксіз жаттығу алаңы, толғаныстар мен ізденістер мекені іспеттес. Күн санап қарыштап дамып келе жатқан қазақ театры кәсібилікке жол ашып, қазақ актерлері өздерін жан-жақты дамытып, театр тарихына қайталанбас қойылымдар мен рольдерін алып келіп жатты. Актер бейне жасауда бір сәтке өзінің қалыпты өмірінен бас тартып, қойылымдағы адам кейпіне енуі табиғи құбылыс сияқты, дегенмен де өзге адамды сомдау үшін білімді, рухани бай болуы шарт. Екінші адам болып сахнада өмір суру, қойылымдағы кейіпкерді жан-жақты ашу актердің көрермен алдындағы міндеті.

XX ғасырдың Француз композиторы Артур Онеггердің шығармасы Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында «Жалын жұтқан Жанна д'Арк» қойылымы қойылды, басты тұлға Жанна д'Арк бейнесін Р. Машурова сомдайды. Ұлы даланы бағындырған адуынды, қаһарман әйелдің кейпінде актриса ғаламат ойнап шығады. Шығарма Батыс Еуропамен Францияның басына түскен қиын шақтарын суреттеп, жаумен күрес жүргізіп жатқан елдердің тарихи қақтығыстарына құрылған. Осы туындысы арқылы автор халықты ержүрек қадамдарға бағыттап, рухани күш беріп, жеңіске жетуге деген сенімдерін нығайта түседі.

Бұл қойылымға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Базарғали Жаманбаевтың сіңірген еңбегі ауқымды еді. Спектакльдің бір тұтас көркем шығарма болып шығуы тікелей режиссердің кәсібилігіне, байыпты жұмыс жүргізуіне байланысты. Қойылым режиссері Владимир Бегма мен суретшісі Владимир Арефьевтің қазақ сахнасында жүрген табысты жұмыстары еді. Режиссер әр сахнаға ерекше штрихтар ойлап тауып, драмалық үрдісті қызықты мезанценаларға құрып оның шарықтау шегіне жеткізе білген.

Жанна д'Арк бейнесінде талантты актриса Р. Машурова қойылымның негізгі ой-өрісін, даму кезеңдерімен, тартыс күштерін, мақсатымен міндетін дәл тауып, асқан дарындылық танытып ойнайды. Халықтың батыр қызы Жаннаның бойындағы ерлік мінезін, халқына деген ұлы махаббатын айқын көрсеткен. Жалған жалаға тап болып, дарға асылғалы тұрған қыздың қорқынышы мен

үрейін, оны сатып кеткен, сенген адамдарының пасық қылықтарын есіне алып жиіркеніп тұрады, өліммен бетпе-бет келгенде асқан өжеттілік, қайсарлық, көзінде ұшқыны бар дара тұлағаның бейнесінде көрінеді. Бұл қойылым қазақ халқының мәдениетіне оң өзгерістер алып келіп қоймай, халықтар достығына да жол ашты.

Театр сыншысы Әшірбек Сығай Жаннаның бейнесіне енген Р. Машурованың актерлік ойына жайында былай дейді «Артистің үлкен шығармашылық биігі, сөз жоқ Жанна д'Арк бейнесі. Француз композиторы Артур Онеггердің «Жалын жұтқан Жанна д'Арк» атты тарихи –монументалдық, кесек драмалы араториясы 1983 жылы Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында сәтті қойылып, үлкен мәдени оқиғаға айналған еді. «Жанна д'Арк – тұңғыш рет 1950 жылы Францияда сахналанған. Ал, Рахилиам кейіптеген Жанна д'Арк бұрынғы Одақта бірінші болып көрсетілуімен театр шежіреснен орын алары күмәнсіз. Операның атышулы майталмандарымен иық тірестіре жүріп, қаншама хор, би көріністері мол көлемді көлемді музыкалық туындының туын жықпай, жұрт алдына алып шыққан жас драма артисінің табиғи талантына бас игенбіз. Украиндық режиссер Владимир Бегма жас артист Машурованың сахналық кәсіби ішкі даярлығын жоғары бағалап, жергілікті басылым беттерінде оған сүйіспеншілік танытқаны көпке белгілі» деп актриса өнеріне зор бағасын берген болатын [2, 146].

Сахнада жүріп жатқан кез-келген қойылым көрерменді іштей толқытып, көркемдік эстетикалық талғамын өсіріп, рухани байытатыны баршаға мәлім. Мұнда барлық өнер ұжымының еңбектері ақталды, көркемдік-идеясы бай қойылым көрермен жүрегіне жол тартты. Спектакль тарихи терең мазмұнға ие болып, өмірде болатын ауқымды мәселені, нағыз жоғары идеяны алға тартқан. Актрисаның шығармашылық жолына да жаңа белестер мен өзгерістер алып келе отырып, оның кәсібилігінің шыңдалуына зор әсер етеді. Жанна д'Арк бейнесі Р. Машурованың орындауына биікке көтеріліп қойылымның құндылығын арттыра түсті.

Қазақ драматургиясында бұрын соңды болмаған ерекше жасалған бейнелердің бірі Ә. Тәжібаевтің «Майра» пьесасындағы Айбаршаның бейнесі. Жазушы Айбаршаны Майраға қарама-қайшы кейіпкер ретінде береді. Өмірдің солғын шақтарын басынан кешірген Майраның қасында Айбарша әлі де болса балалық мінезі қалмаған, еркіндікті сүйетін жан. Қойылымда Майра көзқарасы қалыптасқан, пайымы биік болып көрінсе, Айбарша уақыт өте келе небір озбырлыққа тап келе есейеді, тағдырымен тайталасқа түседі. Өзін алдаған кейіпкер Дүрбіттің шынайы бейнесі ашылғанда, адал махаббаты Бактияр қайтыс болған кезде Айбарша балалық мінезінен бас тартып ересек өмірдің

ащы-тұщысына араласып өмірде болатын сатқындық, алдау-арбау сынды жағымсыз пиғалдарды көріп үлкен өмірге біршама жақын келеді. Пайымы мен парасаты биік актриса Р. Машурова Айбарша кейіпіне еніп Дүрбітке айтатын сөздерінде терең мағынасымен, астарлы ойымен жеткізеді. Айбарша адамның көңіл-күйін аңғарғыш, сезімтал бойжеткен. Р. Машурова Айбарша бейнесінде драмалық биікке көтеріліп, қойылымға ерекше серпіліс бере түседі. Айбаршаның шынайылығына тәнті боласың. Р. Машурова Айбаршаны сомдауда көп тер төккені байқалады, оның кейіпкер бейнесіне тым еніп өзін сонау шақтарда өмір кешкен албырт, аңғал қыздың образына ене алды. Қойылым басында ол аңқау, әлі де оң-солын тани қоймаған балғын бойжеткен болып көрінсе, шарықтау шегіне қарай Дүрбіттің жасаған опасыздығына қорланып кек алуға дейін барып намысын қайрай түседі, оның өжеттілігі кейбір кейіпкерлердің азасына айналады. Сүйген жігіті Бақтиярдың ішкілікке салынып кетуі қызды біраз әбігерге салады, ғашығына жаны ашып оған қалай көмектесуге болатын білмей дал болады. Әр кейіпкеріне ыждаһаттылықпен дайындалатын актриса Р. Машурова Айбарша роліне де асқан дайындықпен келген. Замана тынысын, уақыт өлшемін, адамдардың арасындағы нәзік байланысты да сырт қалдырмаған. Ол ойнаған рольдердің бояуы айқын, кескіні көркем шығатыны сондықтан болар.

Мәдениет тарихында келешек ұрпаққа өнеге боларлықтай құндылықтарды қалдырған әрбір өнер иесінің орны бөлек. Еліміздің рухани дамуына ерекше үлес қосқан халық қалаулыларының өмірі мен өнерін қашанда қастерлеп, болашақ ұрпаққа аманат ету парызымыз. Актриса Р. Машуро-

ва да театр тарихында көптеген рольдерді сомдап, ел мәдениетіне, ұлт өнеріне зор үлесін қосып келеді. Оның әрбір сомдаған рольдері асқан талғампаздықпен, ауыр еңбекпен келді. Театр сахнасында сан алуан кейіпкерлердің өмірін кешіп, көрермендерді небір әсерлерге бөледі. «Шын сүйіспеншілік болса – қанша болсада бола берсін, ол кісіні шыңға көтереді» деген К. С. Станиславский актерлік өнердің шыңына тек сүйіспеншілік, адал еңбек қана жеткізетінін баса айтады [3, 222б]. Р. Машурова барлық ғұмырын театр өнеріне арнады. Бүгінгі таңда кемеліне жеткен өнер қайраткері, ұлағатты ұстаз. Болашақ қазақ театры үшін актерлер дайындауда өнімді еңбек етіп келеді, актрисаның шеберханасынан шыққан бірнеше лек актерлер еліміздің көптеген театрларында, мәдени ошақтарында жемісті қызмет атқарып жүр. Р. Машурованың өнер үшін кешкен мехнаты аз емес. Өнердің өміршең болуына, театрдың биікке шығуы үшін көп ізденді, талмады, тартысқа да түсіп аянбай күресті және жеңе білді. Қазақ көрермендерін асыл қасиеттерге, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адал сүюге, жаманнан жиіркеніп жақсыны қастерлеуге шақырды.

Театр сахнасында жарты ғасырға аса қызмет ете жүріп драматургтердің сан-қырлы тақырыптағы алуан түрлі жанрдағы әрқалай кезеңдерді суреттейтін қойылымдарында жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді сомдап, олардың көрермен жүрегіне жетуі үшін жан-жақты еңбектенген актриса, қазақ театрының өркендеуіне өзіндік үлес қосқан тұлға. Өнердің өрісін кеңейтіп, театрмен ғұмырлас, тағдырлас болған Р. Машурованың актерлік жолы кеңейіп, өз бағытын тапқан. Актрисаның халық үшін әлі де берері мол деп ойлаймыз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Мұхамеджанов Қ. Екі томдық шығармалар. Алматы: Жазушы баспасы, 1 том. 1978. – 240 б.
2. Сығай. Ә. Қазақ әдебиеті. 1996 ж, №10 - 5 наурыз. 1996ж - 14 б.
3. Станиславский К. С. «Менің искустводағы өмірім» - Алматы: мемлекеттік көркем әдебиеттер баспасы, 1954 – 222 б.

Еспенова Айгерім Тұрсынқызы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2-курс магистранты  
Алматы қ., 8702 668 4045, Aespenova@mail. ru

ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНДЕГІ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түйін:** Бұл мақалада автор қазақ қолөнерінің бір саласы тері өңдеу өнері туралы жазған. Тері өңдеу өнерінің дамуы мен теріден жасалған заттардың көркемдік ерекшелігі талдау жұмыстары арқылы ашылып, жекелеген сипаттамалар жүргізілген. Аталмыш мақаладан еліміздің қолөнерінің даму тарихында маңызды орын алатын тері бұйымдары туралы толыққанды мәлімет ала аласыздар. Сонымен қатар тері өңдеу өнерінің қазіргі таңдағы ерекшеліктері туралы біле аласыздар. Тері өңдеу өнерінің жаңаша бағытта дамып, өзгергенін қазіргі таңдағы суретші, шеберлердің теріден жасалған туындылары туралы ашып көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** бейнелеу өнері, Қазақстан қолөнері, тері өңдеу өнері.

**Резюме:** Статья автора посвящена обработке кожи, как одному из направлений казахского прикладного искусства. Тема развития искусства обработки кожи и особенностей изделий из кожи, раскрывается через описание этих изделий. Из данной статьи вы можете получить полную информацию об изделиях из кожи, которые занимают важное место в истории развития прикладного искусства страны. В том числе вы можете узнать о новых видах изделий из кожи в Казахстане. Рассказывается творчество современных художников и мастеров, изменение в искусстве обработки кожи в новых направлениях.

**Ключевые слова:** изобразительное искусство, прикладное искусство Казахстана, искусство обработки кожи.

**Summary:** The article is devoted to the author's treatment of the skin as the one of the directions of the Kazakh applied art. The theme of art leather and leather products features, opens up through the description of your product from the skin. Because of the leather goods that occupy an important place in the history of arts and crafts of the country. Including you can find a modern kind of leather products in Kazakhstan. It covers the work of contemporary artists and craftsmen and their development, changes in the art of treatment of the skin in new directions.

**Key words:** fine art, applied art of Kazakhstan, art leather processing.

Қазақстанның орта ғасырлардағы өнері өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Бұл кезеңдегі өнер тәңіршілдікпен, түркілердің қуатты саясатымен, қалалардың салынып, сауда мен қолөнердің дамуымен үндесті. Балбал тастар мен құлыптастар да осы кезеңнің туындылары. Зергерлік өнер, тері илеу, қыш құю, тоқыма өнері де дамыды. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесі мен бейнелеу тілінің байлығы ою-өрнек өнерінде, белгі, таңба жүйесінде айқын ізін қалдырған. Адам мен табиғатты тұтас бірлікте қарастыратын қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен өнері киіз үйдің құрылысынан өз көрінісін тапқан.

Қазақстанда тері өңдеу өнері ежелгі дәуірлерде пайда болып, XX ғасырдың бас кезіне дейін дәстүрлі сабақтастығын сақтап келді. Тарихта қалған көптеген ескерткіштер ұлттық өнеріміздің ежелден пайда болып, дамып жетілгенінің дәлелі бола алатыны анық. Оған мысал ретінде Қ. Әмірғазиннің «Қазақ қолөнері» атты кітабында жазып кеткен мына бір тіркестерді келтірсек болады. «Өткен тарихымыздан тағы бір дәлел – археологтарымыз тапқан еңбек құралдары: теріні өңдеуге арналған кремнийден жасалған тас пышақ пен қырғы, мал сүйектерінен жасалған ине мен біз. Олай болса, алғашқы адамдар тек аң аулаумен, болмаса оларды қолға үйретумен ғана шұғылданған жоқ. Олардың терісін өңдеп илеуді, олардан киім тігуді меңгерген» [1, 179].

Сонымен қатар теріні өңдеп, илеп жұмсартуды да үйреніп, одан түрлі заттар жасап үй жабдықтарын қаптап, көші-қон кезінде қолайлы материал екенін ертеден аңғарған. Сынбайтын, оңайлықпен жыртылып, тесіліп қалмайтын болғандықтан,

теріден ыдыс аяқ, киім-кешек жасауды үйренген. Теріден жасалған кез-келген бұйым ыстыққа да, суыққа да төзімді келеді және оны ұзақ уақыт қолдануға болады. Міне, осы ерекшеліктерді ата-бабамыз ежелден назарда ұстады.

«Қазақтың көркемдік көн өңдеу кәсібі, басқанда сәндік қолданбалы өнер салалары сияқты халықтың ерекше дәстүрлі сана – сезімін, ой – мүдде принципінің негізделуі мен дүниетаным болмысын бейнелеп танытады. Мұндағы негізгі қарым – қатынас қазақтың табиғатпен байланысы мен алмасуы, табиғаттың жаратылысын идеалық бағыттағы мәдениет сферасына айналдыру және оның байлығын ұтымды да ұқыпты пайдалану» [2, 179].

Қазақ халқының тұрмыс – тіршілігінде шаруашылық жайында мал өсіру негізгі орын алған. Себебі, негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болғандықтан қазақ халқы малдың етін, сүтін азық етсе, терісі мен жүнін киім - кешек тігуге, тұяғы мен мүйізінен, сүйегінен әртүрлі қолөнер бұйымдарын әзірлеген, тіпті малдың тезегін де тастамай отын ретінде пайдаланған. Ал терісі өте бағалы шикізат көзі болған.

Мал терілерін илеп, бояп, өң беру ертеден келе жатқан ең жақсы дамыған және жетілген өнер. Мал терісімен қатар, аң терілерінен де түрлі бас киімдер мен ішіктер тігіледі. Мысалы: қасқыр ішік, түлкі ішік, сусар бөрік, жанат ішік, бұлғын ішік аң терісінен тігіледі. Кей де мұндай киімдерді аң терісінің жонынан, тамағынан немесе пұшағынан құрап істейді. Бұл киімдерді тамақ ішік, пұшпақ бөрік, пұшпақ ішік деп атайды. Аң терілерінен әр түрлі



төсеніштер жасайды. Оларды бөстек дейтін болған.

Көксауыр - жылқы терісі мен серке терілерінің сауырынан (жондығынан) жасалады. Көбінесе ол көкпен, кейде қызыл, сары, жасыл түстермен боялып, өң беті жалтырап тұрады. Көксауырдың әр түстілерін өзара мүйіздеп, оноластыры немесе бір түсті көксауырдың әзін әр түрлі жібек жіппен кестелеп, өрнектеп, кебіс, мәсі, етік, кісе, аттұрман тігеді. Бұл заттарды да көксауыр деп атай береді. Көксауырларға алтын, күміс, жез шегелер қағып, кейде маржаннан моншақ жүргізіп, өкше сірінің артына, тұмсығына, қоныштың әр жеріне неше түрлі жарқырауың асыл тастар отырғызып әсемдейді. Мұндай заттар өте жарасымды және бағалы жиһаз саналады. Көксауырдан тоқым, қорамсақ, дулыға сияқты заттармен қатар тұскиіз, тон, сәукеле сияқты өте сәнді мүліктер де жасалған. Сондықтан көксауыр ісі көбінесе зергерлер қолына тән.

Теріден киім, аяқ киім, белбеу, белдік, ат әбзелдерін, тоқым, тартпа садақ оғын салатын оқшантай, сандықтардың үстінен салатын әшекей, әртүрлі құтылар мен ыдыстар сонымен қатар кілем де жасаған. Халық шеберлері қолданбалы өнердің бұл түріне ең жоғары технологиялық және көркемдік деңгейге қол жеткізді.

Ел тірегі қашанда ер азамат. Бұрынғы жаугершілік заманда, қазақ батырлары киген көн дулыға – жауынгер, сарбаздарды садақ оғынан т. б. қарсыласының сілтеген қаруынан қорғайтын бас киім. Ол көннен жасалып, жиектері металмен құрсауланады. Көн дулыға өте жеңіл және ыстық, суық өткізбейді. Жұқа, талдырып басқан киізбен немесе сырылған матамен астарланады. Оны жасау үшін ағаштан төрт бөліктен тұратын арнаулы қалып әзірленеді. Содан соң қалыпқа бір елідей мүм жағып, оның сыртын түгі мен шелінен тазарған шикі терімен қаптайды. Көлеңкеде бірер тәулік кептіріп, батырғымен бедерлі өрнек сызады. Әрі қарай дулығаны қалыптан ажыратып, әбден кепкен кезде металмен құрсаулап әшекейлейді.

Ал сарбаздардың садақ оғын (жебе) салып сақтайтын, тасымалдайтын сауыты (қорап, қылшам). Қорамсақ жөнінде Қ. Ахметжановтың зерттеуінде төмендегідей мәліметтер бар:

Көшпелі халықтарда XII ғасырлардан бастап оқ қабының теріден, көннен, матадан (барқыт, парча, т. б.) жасалған жалпақ болып келген жаңа түрі қолданыла бастады. Оқ қабының бұл түрі «қорамсақ» деп аталады. (монғолша «хоромсог»). Кейде қазақтар «қорамса», «қорам» деп те атайды.

«Қазақ батырлары қамшыны да қару ретінде пайдаланған. Сондықтан Ш. Уәлиханов қамшыны қару-жарақтардың қатарына қосады. Қару ретінде жасалатын қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болуымен бірге, кейде өрімге темірден өзек салып дайындаған» [3, 74].

Ер қанаты – ат, демекші теріден ат әбделдері, ер, жүген, тоқым, үзеңгі, тартпа, өмілдірік, құй-

ысқан, қамшы, т. б. заттар жасалады.

Екі тізгін жоқ болса,  
Ат басын адам бұра алмас.

Екі тартпа жоқ болса,  
Ат үстінде тұра алмас.

Екі үзеңгі жоқ болса,  
Атқа адам міне алмас.

Бәрі бірдей сай болса,

Шайтан түгіл, жын алмас. . . деген екен С. Сейфуллин өлеңдерінің бірінде.

Осы өлең жолдарында айтылғандай ер тұрманың жабдықтары түгел болуы шарт. Сонымен қатар мықты, атқа отырғанда үзіліп кетпейтіндей берік, ыңғайлы жасалғаны абзал.

«Адам баласының атты ауыздықтап мінуі және ер-тұрманды ойлап табуы шын мәнінде ұлы жаңалық болды. Ердің шығуы жайында Орта Азия халықтарында мынадай аңыз бар. «Бірнеше мың жыл бұрын мұсылман патшасы Жәмшид ұзаққа созылған атты жорықтан соң, артын жарақаттап алады, ауырған жерін жеңілдету үшін, атының арқасына иленген нан (қамыр) салғызып мінеді. Ауырған жері жазылып, қамырдың аттың арқасына келісті формаға келіп қатая бастағанын байқаған патша, аяғының талғанын қойдыру үшін ат үстінен тұзақ тастап, оған аяғын салады, аяғының талғаны қояды. Сонда патша жайма нанның формасындай етіп, ағаш пен былғарыдан зат жасауды бұйырады. Сөйтіп бұл нәрсені ер деп атайды». Орталық Азияның ғұндарында алдыңғы және артқы қасы бар, сүйегі ағаштан жасалатын қатты ерлер б. з. б. III ғасырлардан кейін-ақ кең қолданыла бастады» [4, 157-158].

Ер қосу, ер жасау қазіргі күнге дейін үзілмей келе жатқан өнер түрі. Ердің сүйегі, қаңқасы ағаштан жасалып, былғарымен, терімен қапталып, түрлі шегелермен бекітіледі. Ер аттың арқасына батпас үшін тоқым салады. Киізден сырылып, айнала жиегі шұға, барқыт сияқты маталармен көмкеріп жасайды. Ауқатты адамдар киіздің сыртын былғарымен қаптап, бедерлі өрнектер салатын болған. Сонымен қатар теріден сағалдырық – жүгеннің ат алқымы астынан орап тұратын бауында жасаған.

Сонымен қатар ер-тоқым жерге, елге қарай әр-түрлі ерекшелікте жасалатын болған. Оған салынатын ою-өрнек ерекшелігі, ердің формасы мен безендірілуі әр жерде әрқалай жасалған. Тарихта ертоқымдар жасалуы жағынан қазақ ері, найман ер, коқан ері (шошақбас), бұхар ері (құранды ер), қозықұйрық ер т. б. көптеген атаулармен беріліп, бөлінетінін кездестіре аламыз.

Ат пен адамды байланыстырар тағы бір құрал қамшы, ер жабдықтарының ішіндегі ажырамас бөлігі және көнеден келе жатқан құралдардың бірі. «Алғашқы атқа мінген адам атты әртүрлі шыбықпен, ағашпен айдап жүргізген. Уақыт өте келе бұл құралды малдың шикі терісінің өзінен жасаған, бертінірек өрме өнері шыққанда шикі қайысты өріп, өрменің санына байланысты қамшылар үш та-

спа өрім, төрт таспа өрім, алты таспа, сегіз таспа, он екі, жиырма төрт, қырық сағіз таспа болып бөлінген. Қамшы сөзінің шығу тегі туралы көрнекті колөнер маманы, ұста – Дәркембай Шоқпарұлы мынадай жорамал келтіреді. Қамшы сөзіндегі қам түбірі қазақ тілінде бірнеше ұғымға ие. Қам – шикі, шылғи, шала, қам-қарекет, қимыл, айла, тәсіл, амал, қам-уақыт, қайғы, қамығу, қам-қамдану, әзірлену, даярлану. Қамшы өрімі иленбеген шикі, шылғи теріден де өріле беретіндіктен: қам – шикі, қамшы, қам – шылғи-қамшы түрінде қамшы сөзі қалыптасты ма деген ой келеді. . . » [4, 191]. Ал қыз-келіншектердің қамшысы ерекше әшекейленіп жасалатын болған.

Алыс сапарға, жолға шыққанда сусын құйып алу жүру мақсатымен торсық жасай бастады. Қазақ халқы ежелден-ақ сәндік қолданбалы өнерінің барлық салаларының өңделуі сәнделу жолдарына аса мән беріп ұқыптылықпен қараған. Соның бірі мал терісінен өңделетін «торсық».

Негізінен алғанда торсық –сусын (қымыз, қымыран, айран, шұбат) құйылатын бұйым. Торсық өнер тарихында сонау андронов мәдениетінен бастап дамыған. Яғни тереңірек айтар болсақ, сол кездерде қыш құмыра жасау үшін мал терісінен форма жасап алып оның ішіне топырақ салып нығыздап сыртынан иленген саз балшықты кептеп жапсырып отырған екен. Осылай торсық бұйымының түпкі тамыры б. з. б ғасырларды қамтиды.

Халық шеберлері қазақ үйдің жабдықтарын, үй жиһаздарын, қабырғаға ілінетін, жерге төселетін кей заттарды да теріден жасаған. Оған мысал теріден жасалған тұс киіз. «Талдықорған облысы шеберлері тіккен тері тұс киізін қырғыз халқының тері мүліктерімен жақын бір ұқсастығы бар әттең, қазақ қол өнерін тағы бір қырынан танытып, мұралардың мазмұнын байытар мұндай аттың терісінен жасалқан тұс киіз біреу – ақ. Тұс киізде еш дерек болмағанмен оны XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың басындағы мұралардың қатарына қосқан дұрыс» [5, 22], деп жазылған. Соған қарағанда өзіндік ерекшелігі бар бұл тұс киіз туралы деректер аз болғанына қарамастан, теріден жасалатын бұйымдар қатарын тағы бір толтырып шықты. Қазіргі таңда Ә. Қастеев атындағы МӨМ қорында сақталып тұрған жылқы терісінен жасалған бұл тұс киіз, өте ерекше мәнерде орындалған. Теріге ою үлкен бір мәнермен, мазмұнмен әсем өрнектеліп түскен. Оның күрделілігі, сәнділігі мата, киіз тұс киіздерден еш айырмашылығы жоқ. Зерлі тігіс орнына күміс нақыштар орнын тауып сәнді қолданылған. Тұс киіздің күнгірт бірбеткей өнін жарқылдаған күміс ашып тұр. Теріден мұндай әсем көркемделген бұйым жасауды меңгерген халықтың теріні пайдаға асыруды ертеден – ақ игергенін ұғу қиын емес. Сонымен қатар біз бұл тұс киізге қарап халық шеберлері ертеден – ақ аралас техникада жұмыс істегенін тері мен металды байланыстыра білгенін көреміз. Сонымен қатар теріні ағашпен де байланысты-

ра білген. Ағаштан жасалған үй жабдықтарын, ер тоқымдарды терімен қаптап жасаған.

Жалпы тері өте қолайлы, төзімді материал. Қазақ өнерінде теріден жасалған заттардың құндылығы ешқашан жойылған емес. Теріден көптеген заттар, құралдар, киім-кешек, аяқ киім, ыдыс-аяқтар, т. б. заттар жасалып отырған. Теріні илеп, икемге келтірудің өзіндік қыр сырын меңгерген шеберлер ұлттық өнерімізді қай заманда болмасын ұлықтап, ғасырдан ғасырға жеткізіп отырған. Тарихы тереңге жайылған ұлттық өнер сан ғасырлар бойы еліміздің өнерін өзге елдерден ерекшелеп, тарихымызды таңбалап келеді. Ұлтты өнер бүгінгі күнде өз жалғасын тауып, өзгеше заманауи қырынан бой көрсетуде. Техника мен техногия дамыған заманда теріні өңдеуде оның түр-түсін өзгертуде жаңа жетістіктерге жетіп отыр. Сол себепті де осы салада еңбек етіп, шығармашылықпен айналысып жүрген суретші шеберлердің де қатары көбейе бастады.

Қазіргі таңда теріден жасалған туындыларымен танылып жүрген суретшілердің бірі - Аманат Назарқұл. Суретшінің «Скифтер – Кентаврлар» (1997); «Бабалар рухы» (1998); «Үш грация» (1999); «Томирис» (1999); «Азия Биби» (2000); «Түнгі жолаушы» (2000), «Аралды аңсау» (2000), «Қорқыттың үш бұлағы» (2000) атты шығармалары орындалу стилі жағынан әрқилы болғанмен, жан дүниесінің тынымсыз ізденісін, тысқы дүниемен үйлесімді байланысын білдіретін туындылар өзіндік көзқарасы бар, батыл, тәуекелі мол суреткер. Бұл тұрғыда оның тері өңдеудің көне, далалық технологиясымен байланысты «Таудағы қыз» (1999), «Заратуштра» (2000), «Тәңірі» (2000), «Құс» (2000) сияқты туындылары жоғары бағаға ие болды. Ол ағашты, тағы да басқа заттарды терімен қаптап, теріден мүсіндер сомдап, түрлі формалар жасаумен де айналысады. Терінің негізгі табиғи түсін сақтай отырып, форма беру ерекшелігінде ұтымдылық танытады. Суретшінің «Тұрандот ханым», «Хан Ерке», «Балбалдар» топтамасында берілген көріністер көне дәуірден қалған қазақ даласындағы тастан жасалған балбар бейнелеріне ұқсас келеді. Ағаштан жасалған мүсіндер көнмен қапталып, оюлап жасалынған. Сопакша келген формаға адамның бет-жүзін, қолдарын нәзік ықшамды да әдемі үйлестірген. Әрбір бейне өзінің тақырыбын айқындап көрсетеді. Мысалы, «Тұрандот ханым» туындысынан түр-тұлғасы нәзік, сұлу қиылған қасы, оймақтай аузы, қолдары өте нәзік, кесе ұстап биязы жүзбен сәл сол жақ бетке қисая тұрысынан ханымға тән мінез бен жоғары қауым өкілі екенін танытатын кескінді келбет көреміз. Бас киімі, дене тұрқы толықтай ою-өрнекпен әсемделген. Бұл жерден мүйіз, қошқар мүйіз, құсқанат, қосмүйіз өрнектерін көруге болады. Оюларды сары, алтын түсте жылтырата түсірген, қоңыр, қызыл, жасыл, сары түстер солғын жеңіл жылы өңде беріліп шығармаға шынайылық беріп форманы ай-

қандай түседі. Дәс осы ерекшеліктерді «Хан Ерке» туындысынан да көреміз. Жұмыстарындағы өзіндік ерекшелік ағашты терімен қаптап қана қоймай оны әшекейлеп бедерлеп ою-өрнек түсіріп, өзіндік болмыс-бітімін аша түсуінде болып табылады.

Шығармашылық жолында тері өңдеу өнерін байқап көріп, өздерінің ерекшеліктерін танытып, композицияларының құрылымында көркем, декоративті туындыларымен ерекшеленетін суретшілер де бар. Сонымен қатар теріден заман талабына сай көптеген бұйымдарға қап, әдемі де әсем сумка, немесе әмиян жасау және әшекей бұйымдарды да жасауды қолға алды. Қазіргі таңда теріден жасалған баулар арқылы әр-түрлі туындыларды ағашқа байлап әсемдеу, әшекейлеу жиі көзге түседі. Мысалға, Ә. Ахметовтың теріден және жүннен жасаған «Молшылық» атты туындысын айтсақ болады. Ақ және қара түсті графикаға ұқсас туынды ағашқа теріден жасалған баулар арқылы байланып, әсемдігімен көзге түседі. Геометриялық фигураларға ұқсас берілген бейнелер арқылы көп нәрсені түсінуге болады. Дөңгелек, яғни, шеңбер формасы – шексіздікті бейнелесе, дөңгелек қара дақтар немесе төрт бұрыштағы үшбұрыш формалары арқылы төрткүл дүниені бейнелесе, композицияның дәл ортасында негізінен молшылықты, жақсылықпен ұрпақтың жалғасуын білдіретін белгі «қошқар мүйіз» оюы салынған. Осындай ерекшелікті біз М. Мәмбетқыновтың ағаш және тері материалдарынан жасалған «Дала үні» атты туындысынан көреміз. Теріге сурет батырып салынған, екі түрлі теріні қолдана отырып оны бір-бірімен таспамен тігу арқылы байланыстырған. Екі түрлі терінің бірі ашық түсті және оған негізгі сурет салынған. Туындының дәл ортасынан қою қоңыр түстегі тері тілімі иректеліп келіп алдыңғы план мен артқы планды айшықтап тұрған іспетті. Ағаш рамаға теріден жасалған баулар арқылы айқастыра тартып, байланған. Жалпы туындыдан кеңбайтақ далада тігілген қазақ үйлер мен түйелерді нәзік иірімді жұмыр формалар арқылы берген. Ойлы қыратты даламен дәл ортасында кесене бейнеленгені көрінеді. Қоңыр түсте жердің бейнесі анық берілген ал суды өзенді автор су өрнегі арқылы көрсеткісі келгендей, су өрнегі – екі қатар сызық аралығында ирек сызық арқылы дөңгелек, төртбұрыш бейнелерді жасайды. Бұл ою-өрнекті «бессаусак», кейде «бесгүл» деп те атаған.

С. Рыстанның да туындыларынан теріден жасалған әдемі дүниелерді көруге болады. Оның шығармашылығының ерекшелігі теріден жасалған картина графикалық картиналар сериясынан еш айырмашылығы жоқтығында. Суретшінің негізгі мамандығы суретші-график, сол себепті оның теріге салынған туындыларына қарап тері екенін бірден байқау қиын. Туындыны ағаш рамаға таспамен байлап, өріп байланыстырғанын көреміз. Автор дәстүрлі материал – теріні өте тиімді пайдалана отырып, суреттің сипатында, көркемдік қатарын-

да, табиғи материалдарды қолдануда (ағаш, тас т. б. ) қазақ тұрмысының қайталанбас ерекшеліктерін көрсете білді. Халық өнерінің стилистикалық желілерін немесе жекелеген кейбір элементтерін, суретшілер өз ойларын іске асыру, авторлық стилін қалыптастыру үшін, творчестволық жолмен қайта қарап байланыстырды. Осыған мысал ретінде Сейфулла Рыстанның шығармашылығын айтсақ болады. «Суретшінің «Мәңгі» (тері, өрім, 40x50, 2000), «Қыран» (тері, өрім, 65x50, 2003), «Бәйтерек» (тері, өрім, 65x50, 2003), «Натюрморт» (былғары, ағаш, металл, өю, өру, бедерлеу, жалатпа), «Ауыл» (былғары, ағаш, металл, өю, өру, бедерлеу, жалатпа) т. б. көптеген туындылары белгілі» [6, 128]. Шебер терімен былғарымен жұмыс жасайды және оны ағашпен, металмен, таспен байланыстыра отырып бедерлеп ою-өрнек түсіріп, жалатпа жүргізіп, өріп байланыстырады. Осының бәрі күрделі де ұзақ процесс болғанына қарамастан автордың туындылары бір-біріне ұқсамай өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Теріге әр-түрлі жанрда натюрморт, пейзаж бен тұрмыстық көріністерді бейнелейді. Суретшінің «Ауыл» атты туындысынан ауылдағы тұрмыс-тіршілікті, отбасы, ана мен бала бейнесін көреміз. Қазақи болмыс пен салт-дәстүрді ұлттық ерекшелігімізді анық көрсеткен. Алдыңғы планда бейнеленген кимешек киген ана мен құшағындағы кішкене нәрестені көруге болады, автор мейірімге толы ананың жүзіндегі балаға деген махаббат пен қамқорлықты жеткізе білген. Бұл шығармадан қазақ дәстүрлі кілем, текемет, түскиіз, торсық, қазақ үйді көруге болады. Сонымен қатар, төрт түліктің бойында болатын жақсы қасиеттердің бәрі түйе малының бойынан табылады, түйесі бардың - киесі бар – деп, ата-бабамыз түйе малын қадір тұтқан. Сол ерекшелікті картинада бейнеленген қосөркешті түйелердің тобырынан көреміз. Бірі түйені байлап жатса, бірі түйе сауып, ал енді біреулері түйемен шауып барады, қолына бүркіт алып аңғада түйемен шығып бара жатыр. Бір шығармаға қазақ даласындағы бар байлық пен тіршілікті сыйдырып аспаннан күннің жарқырап шығып, таудағы жүгірген бұғылар мен қанатын кеңге салып қалғып ұшқан қыран құсты да бейнелеген. Қазақ үй, қазан-ошақ, отбасы көрінісі композицияда жақсы құрылым тауып, жайқалған талды таспадан өріп, терідеге бейнеленген картинаны рамаға жалғап тұр. Шығарманы қорытындылап қоршаған рамада ерекше жасалған. Жоғарғы жағына сары түсті дөңгелек металды орнатып күнді бейнелесе, астыңғы бөлігінде бір шетінде асықтар ал, екінші шетінде ағаштан жасалған кішкене балбал тастың көрінісі берілген. Автор қазақи болмысты, ұлтымыздың ерекшелігін, ұлттық құндылықтарымызды асқан шеберлікпен жеткізе білген. Суретшінің өз туындылары арқылы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты көрсетіп, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп отырғанында көруге болады. Демек Сейфулла Рыстанды өз ұлтының



өнерін ұлықтап, ұлттық дәстүрді дәріптеп жүрген суретшілердің бірі десек қателеспейтіміз анық.

Елімізде теріні өз туындыларына пайдаланып жүрген тағы бір автор Бультрикова Сәуле Төлебайқызы. Шығармаларының көлемі шағын болса да, айтылар ой мен мән-мағынасы көлемді. Суретшінің теріні көркемдеп, өңдеп жасаған көптеген сериялық туындылары белгілі, атап айтсақ «Шежіре» 1, «Шежіре» 2, «Арман ағашы» 1, «Арман ағашы» 2, «Ностальгия», «Абай және О. Сүлейменов сөздеріне» және тағы да басқа шығармаларын айтсақ болады. Өзінің туындыларында терімен қатар сүйек, металл, акрил, лайка және басқа да материалдар пайдаланады. С. Т. Бультрикованың шығармашылығының ерекшелігі лайка материалын пайдалануда болып табылады. «Лайка - жұмсақ терінің айрықша сұрыпы, яғни, өте жұмсақ, икемді мата тәрізді терінің нәзік түрі. Оның «лайка» атауымен берілуінің өзінде ерекше мағына жатқаны анық. Лайка сөзі баршамызға сібірлік иттің атауы ретінде белгілі. Зерттеушілер бұл терінің жұқа түрін иттің терісінен де өңделіп жасалуы мүмкін деп те қарастырады» [7, 48]. Шығармаларынан геометриялық фигуралардың түрлері мен қатар кескіндемеге тән айқын, ашық түстердің берілуін көреміз. Автордың «Абай және О. Сүлейменов сөздеріне» атты сериялық жұмысы тоғыз шағын шығармадан тұрады. Жұмыстары құраққа ұқсас майда төртбұрышты тілімдер арқылы құрастырылған. Туындыларында шаңырақтың, тау мен кең даланың көрінісін бейнелейді. Ал «Ностальгия» атты туындысында қазақ ою-өрнектерінің үлгісін көрсеткен. Ностальгия, яғни, еске алу, грек тілінен аударғанда өткенге оралу, Отанға оралу, сағыну дегенді білдіреді. Автор бұл туындысы арқылы қазақ өнерінің тарихын еске алуды көрсеткісі келгендей. Сан жылдар бұрын қалыптасқан қазақ өнерінің өткенін сағыну. Қазіргі таңда қолданыс аясы тарылып, сағымға айналған қолөнер жәдігерлерін еске салғысы келгені айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар «Шежіре» атты сериясында құрақ тәрізді құралып, күміспен, басқа да металлдармен белгілер салынған. Қазақ мәдениеті мен өнерінде белгінің, таңбаның алатын орны үлкен. Сол себепті әр белгіні жеке-жеке төрт бұрыш ішіне белгілеп көрсеткен. Себебі, бір белгі, бір ру-тайпаның жеке белгісі немесе мөрі болуы ықти-

мал. Жалпы суретшінің шығармалары қазақтың тарихының желісіне құрылған қайталанбас көрініс береді. Бағзы заманда қалыптасып сақталған тарихи жәдігерлерді ұлықтап, ерекше туындылар қалыптастырған авторлардың бірі десек қателеспейміз.

Қазіргі таңда теріден жасалған көптеген заттар, картина, ыдыстар, қаптар мен сумкалармен қатар әшекей бұйымдар да кездеседі. Оған мысал ретінде суретші Н. Вшивцеваның қолынан шыққан кәдесый бұйымдарын, салпыншақ, білезіктерді айтсақ болады. Суретші әртүрлі тастар мен теріні байланыстыра отырып жасаған. Сонымен қатар терімен жұмыс жасап жүрген басқа да шеберлер баршылық олардың қатарында К. Айыпқалиев саба, мес жасаумен көзге түссе, Б. Бейсбеков, С. Бультрикова былғарыдан түрлі панно жасауымен ерекшеленді, М. Асанбаев теріден жағандар жасаса, Т. Бегінбет былғары, ағаш пен сүйекті байланыстыруда өзіндік ерекшелігімен көзге түсті. Ал, Н. Қалиев теріден кебіс жасап, Ж. Наушабаев саба жасап теріден жасалатын бұйымдардың қатарын бірқатар толтырып шыққаны ақиқат.

Қорыта айтқанда, суретшілердің әр жылдары жасалған суреттемелері олардың жоғары кәсіби шеберлігін, оның көрегендігі мен қызығушылығының кең ауқымын көрсетеді. Көпнесе шеберлердің өмірі мен шығармашылықтарының ара жігі болмайды, себебі, жемісті еңбек өмір сүру кепілі. Айналамыздағы заттар әлемі, адамдар мен табиғат бәрі суретші үшін жоғары деңгейлі құбылыс, олар біздің көзқуанышымыз бен зерделеуіміз үшін жаратылған болмыстың барлық элементтерінің үйлесімділігі мен бірлігінің әлемдік заңдылығы солар арқылы меңгеріледі.

Біз суретшінің жаңа ауқымды идеяларды жандандырып екпінді еңбекті жалғастырып келе жатқанын көреміз. Әр автордың өнері өзіне барлық ерекшелік пен теңдессіз көріністерін жинаған. Қазіргі таңдағы техника мен технология өрбіп, кемелденген шағында, сонымен қатар тәуелсіздік алған жылдардан бергі суретшілердің көне дүниелерді қайта қалпына келтірумен айналысып, ұмыт қалған өнерімізді қайта жоғары деңгейге көтеріп отыр. Бұл еліміздің өнері мен мәдениетінің дамуына, тері өңдеу өнерінің қайта жаңа үлгіде жаңғыруына қосқан үлкен үлестері десек қателеспейміз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. Алматы «Дайк – Пресс» 2004. – 162 б.
2. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (Орта ғасырлар дәуірі. II том) – Алматы, «Өнер», 2007. 392 б.
3. Мұсаханова М. З. Қазақ халқының қолданбалы өнері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. / - Алматы, 2012. – 215 б.
4. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2010. – 496 б., суретті.
5. Оразбаева Н. А. Қазақ халқының сәндік ою – өрнек өнері. «Аврора» Ленинград: 1970. 207 б.
6. Қазақ өнері: 5 томдық. II том. Халықтық және қолданбалы-сәндік өнер. – Алматы: Елнұр, 2013. Альбом, - 176 бет.
7. Мастера прикладного искусства Казахстана. Альбом. Издательство ТОО «Деловой мир Астана», 2008 - 200 с.



Мұқышева Назира Рахманқызы

Кинотанушы, өнертану кандидаты, ҚазҰОУ «Өнертану»  
кафедрасының доценті, arizan.kino@mail.ru

### БҮГІНГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ БӨРІ-КЕЙІПКЕР («АҢШЫ», «КЕЛІН», «ШАЛ») ФИЛЬМДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

**Түйін:** Автор бұл мақалада бүгінгі қазақ киносындағы бөрі-кейіпкердің көрініс табу ерекшеліктері туралы баяндайды. Заманауи қазақ көркемсуретті фильмдері, соның ішінде «Аңшы» (реж. С. Апрымов), «Келін» (реж. Е. Тұрсынов), «Шал» (реж. Е. Тұрсынов) шығармаларындағы бөрінің бейнесіне сараптама жасалады. Бүгінгі қазақ көркемсуретті киносындағы бөрі-кейіпкердің көрініс табу ерекшеліктерін мысалдармен талдап, жан-жақты қарастырып, ғылыми тұжырымдар жасайды.

**Резюме:** Статья посвящена особенностям отражения героя-волка в современном казахском кино. Анализируется образ волка в художественных фильмах «Аңшы» (реж. С. Апрымов), «Келін» (реж. Е. Тұрсынов), «Шал» (реж. Е. Тұрсынов). Конкретно обозначив особенности отражения героя-волка в современном казахском игровом кино на основе многочисленных примеров, делаются научно-исследовательские выводы.

**Summary:** at that article, author tells about specifics and peculiarities of wolf-character's image reflexion in modern Kazakh cinema. Modern Kazakh films and wolf's image had analyzed especially in such compositions as «Hunter» (dir. S. Aпрыmov), «Daughter-in-law» (dir. E. Tursynov), «The old man» (dir. E. Tursynov). Modern Kazakh cinema's imaging specifics of wolf'-character had analyzed with examples and widely searched, making of scientific conclusions.

Әлем халқының өнері мен әдебиетінің шығармаларында аңыз-ертегілердің, ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің жиі кездесетіні белгілі. Соның бірі – тотемдік ата-бабаның бейнесі. Е. Мелетинский «Поэтика мифа» атты еңбегінде «Мифтік уақыттың оқиғалары, тотемдік ата-балардың, мәдени кейіпкерлердің т. б. басынан өткерген тарихы ғаламның, табиғат пен әлеуметтік өмірдің моделін қалыптастыратын өзіндік метафоралық коды болып табылады» - деп жазды [1, 242 б].

Шын мәнінде, тотем-кейіпкердің қандай да бір шығарманың сюжеттік желісінде көрініс табуының тарихын, қайнар көзін өте ежелгі дәуірден, аңыз-эпсаналардан іздеудің қажеттілігі туындайды. Соның бірі – тіпті барлық халықтардың фольклорында, әдебиеті мен кинематографында жиі кездесетін және әрқилы мағынада сипатталатын қасқырдың бейнесі. Мысалы, Ежелгі Грек мифологиясында қасқыр алғашқы жауынгер, соғыста мерт болғандардың жебеушісі, ал скандинавия елдерінің аңыз-ертегілерінде, сондай-ақ христиандық наным-сенімде зұлымдық пен хаостың символы ретінде бейнеленсе, ежелгі түркілер үшін хас батырлықтың, жаяу жүректіліктің, тәкаппарлықтың, азаттықтың символы қызметін атқарғаны және өздерін Көк Бөріден тарағанбыз деп есептегені, қасқыр тотемі туралы әңгімелердің ғұндар, көк түріктер, үйсіндер, оғыздар сынды ежелгі халықтардың көне мифтері мен жазба ескерткіштерінде сақ-талғаны белгілі.

XIX-XX ғасырдың әлем әдебиеті мен кино өнерінің шығармаларында кездесетін қасқырдың бейнесі жоғарыда айтылған символдармен тығыз байланысты екендігін көреміз. Мысалы, И. А. Крыловтың «Қасқыр мен қозы», М. Е. Салтыков-Щедриннің «Сұр қасқыр» шығармаларында қасқыр жыртқыш аң ретінде көрінеді. Ал, XVII ғасырда француздық Шарль Перронның жазған «Қы-

зыл телпек» ертегісінің желісімен түсірілген фильмдердің саны бірнеше екендігі әлем киносының тарихынан белгілі. Солардың бірі – 2011 жылы американдық режиссер Кэтрин Хардвиктің «Қызыл телпек» атты фильм-триллері. Бұлардың барлығында да қасқыр тек бақытсыздық пен қауіп-қатер алып келетін «кейіпкер» ретінде бейнеленеді.

XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы қазақ және өзге де түркі халықтарының әдебиеті мен кино өнерінде бөрінің бейнесі жаңа бір леппен көрініс тапты. Бұл елдің егемендік алып, ұлттық рух және халықтық дүниетаныммен қайта қауышу кезеңімен, оның қайнар көзін іздеумен, соған қайта оралуымен сәйкес келді. Осы кезеңде түркілер үшін қасиетті болған бөрінің бейнесі алдыңғы қатарға шығады. Бір айта кетерлігі – «бөрі» сөзінің қазақ тілінде көксерек, қасқыр, арлан, көкжал сияқты бірнеше баламасы бар. Алайда, ірілік, асқақ мінез, тәкаппарлық, батырлық сияқты қасиеттерді бөріге, арланға телиді. Ал, қасқыр деген ұғымның аясында кәдуілгі жыртқыш аң деп түсінеді. Сондықтан болар, әсіресе, қазақ әдебиетінің шығармаларында қасқыр-бөрінің бейнесі біржақты қарастырылмайды.

Фольклор шығармаларында батырлықтың, асқақтықтың символы болған бөрінің бейнесі 1980-1990 жылдардың әдебиетінде моральдық азғындауды, адами қасиеттерден арыла бастауды көрсету үшін салыстырмалы түрде қолданылады. Мысалы, М. Мағауннің «Қасқыр-бөрі» шағын әңгімесінде кезінде ұран болған қасиетінен айырылмаған батыр Бөрінің енді қасқыр болып сорға айналуы, оның ерлігінің қарақшылықпен пара-пар болуы сипатталады. Яғни, асқақ мінез бен жақсы қасиет бөрінің бойында қалып, ал абыройсыз істің бәрі қасқырға телінеді. Ж. Ахмадидің «Кие» атты әңгімесінде қасқырды киелі аңға теңесе, 1988 жылы жарық көрген Ш. Айтматовтың «Жаза» («Плаха»)

аты романында қасқыр-бөрі мен адамдар өздерінің бастапқы табиғи орындарымен алмасады. Яғни, қасқыр-бөрінің тотемистік сипатынан гөрі, оның бейнесі арқылы белгілі бір уақыттың, әлеуметтік өмірдің көрінісіне, табиғат пен адамның өзара қарым-қатынасына, адамдардың моральдық келбетіне, психологиясына барлау жасалады. Ал, қасқыр-бөрінің бейнесі бүгінгі қазақ киносында бар ма, егер бар болса, онда ол қандай мағынаға ие болды деген сұрақ туындайды.

Егер, XX ғасырдың соңғы онжылдығында түсірілген қазақ көркемсуретті фильмдерінде қоршаған ортаға, қоғамға деген сыни көзқарас, өткен күнді қайта електен өткізу басым болса, 2000-2012 жылдары түсірілген фильмдерінің көркемдік құрылымында ата-бабалар уақытының белгісі ретінде мифологиялық символдар, кейіпкерлер, сюжеттер жиі көрініс таба бастайды. Бұл алғашқы тарихының қайнар көзіне үңілу, оған қайта оралу үйлесімсіздіктен құтылып, халықтық сана-сезіммен қауышудың қызметін атқарды. Осы тұста қазақ фильмдерінің көркемдік құрылымында бөрінің бейнесі жиі пайда бола бастайды. Солардың бірі – эпсана жанрында түсірілген «Аңшы» фильмі. Ондағы бөрі-кейіпкердің көркемдік бейнесіне анықтама беру үшін ең алдымен, негізгі режиссерлік ой мен философиялық концепциясының ерекшелігіне назар аудару қажеттілігі туындайды.

Фильм туралы кинотанушы Г. Әбікеева «Шын мәнінде фильм бала-бөлтірікті адам-әкенің тәрбиелегені туралы баяндайды. Және бұған Еркін - күшіктеу кезінде өлген қаншық-қасқырдың баласы болуы мүмкін деген болжам мен Алтайдан келген бестырнақты қасқырдың үнемі аңшы мен бала жүрген жерде пайда болатынын қоссақ, онда қасқырдың ізіне түсіп жүрген аңшы емес, қасқыр-әке өзінің баласын әкету үшін жүр деген түйін жасауға болады. Олай болса, фильмнің тарихы алғашқы түркі, алғашқы адамның қалыптасуы туралы болып мүлдем өзгереді» - деп жазды [2, 244-243 бб]. Дегенмен, кинотанушының бұл пікірімен келісуге де, келіспеуге де болады. Әрине, шығарманың фабуласынан, сюжеттік және бейнелік қатарынан жоғарыда келтірілген көзқарасты оқуға болады. Біздіңше, бұл шығарма алғашқы түркілердің тарихы деген концепциядан алыстау сияқты. Фильмнің сюжеттік құрылымында бөрінің жиі кездесуі және ең бастысы, баланың бөрінің жанына барып жайғасуы сияқты т. б. көріністер алғашқы түркілердің тарихынан емеуірін білдіреді. Бірақ, бұл «емеуірін» режиссерлік ойдың кинематографиялық сыртқы сұлбасы ғана. Фильмдегі режиссерлік ойдың құпиясын ашу үшін, алдымен автордың киношығармашылық өмірбаянына үңілудің қажеттілігі туындайды.

Алғашқы толықметражды «Қиян» фильмінде (1989) өмірді өз «күйінде» көрсетсе, одан кейінгі «Сергелденді» (1993) режиссердің ішкі монологы

ретінде қабылдауға болады. Ал, «Ақсуатта» (1997) тағы да шынайы өмірге бет бұрса, одан кейінгі «Аңшыда» режиссер өзінің ішкі «өміріне» қайта оралады. Бірақ, екі фильмдегі «ішкі монолог» екі түрлі сипатта баяндалады. «Сергелдендегі» ішкі үйлесімсіздік, шарасыздық «Аңшыда» мүлдем кездеспейді. «Сергелденнің» оқиғалары қалада (шындығында, қала екендігіне тек емеуірін жасалады), тар-қапас бөлмелерде, ал «Аңшының» оқиғалары негізінен табиғаттың аясында өтеді. «Сергелденде» «тұншығу», ауыр демалу бар, ал «Аңшыда» керісінше, кең тыныс алу сезіледі. Фильм бірден кең далада қалықтай ұшқан құс көрінісімен басталады. Бұл еркіндік туралы тақырыптың алғашқы белгісі. Әрі қарай фильмнің өне бойында осы тақырыптың сарыны үнемі кездесіп отырады. Алайда, еркіндік тақырыбы психологиялық, әлеуметтік, моральдық тұрғыдан дәріптеуге, жалаң пафосқа ұрынбайды. С. Апрымовтың өзі «Киноман» журналына берген сұхбатында былай дейді: «Мен қаланың өмірінен әбден жалығып, тынысым тарыла бастады. Сол кезде мына дүниеде тек аңшының ғана өмірі баянды әрі мазмұнды деген ой келді. Өйткені, ол – абсолютті еркіндік, социумнан тыс және тіпті, жемтігің болса да, табиғатпен өзара қарым-қатынасың таза әрі адал өмір» [3, 6 б]. Режиссер осы ойын екі уақыттың, яғни мифологиялық және бүгінгі уақыт белгілерінің кейде қатар, кейде қабыса өзара еркін орын алмастырып отыруы арқылы поэтикалық деңгейге дейін көтереді. Кинотанушы Нөгербек Б. Р. : «Аңшы» – тұтасымен фольклорлық өнерге қарай бағытталған фильм. Адам, оның сәйгүлігі, таулар, тұңғық аспан және бөрі барлығы жинақтала келе мифологиялық сарынды қалыптастырады. Бұл – өмірге, табиғатқа деген поэтикалық көзқарас, ата-бабалар және ұрпағының кешегісі мен бүгінгі бірге қатар жүретін фольклорлық шығармалардың бірыңғай уақыт-кеңістігі» - деп жазды [4, 8 б].

Жоғарыда айтылған режиссерлік концепция арқылы фильмдегі орталық кейіпкерлердің бірі – бөрінің бейнесін анықтауға болады. Тауда Алтай жақтан келген бестырнақты бөрінің пайда болуы, маңайдағы малшылардың мазасын алып жүргені туралы аңшы оқ-дәрі, өзге керек-жарақтарды сатып алып тұрған жерінде естиді. Әңгімесін бітірген соң, сатушы ежелгі бір әуенді дыбыстайды. Екі түрлі кеңістік пен уақыт белгісінің ара-жігі білінбей бір эпизодта көрінеді. Яғни, бөрі әрі мифтік, әрі шынайы мазмұнға ие болады. Сондықтан, «Аңшы» фильмін таза мифтік немесе реалистік шығарма ретінде қабылдаудың қажеті жоқ. Мұнда екеуі де астарласып, қабысып жатады.

Бөрінің мифтік бейнесіне қатысты емеуірінді екі тұста көреміз: бірі – аңшы мен баланың жүрген жерінде үнемі пайда болатын таудың басындағы қасқыр, екіншісі – баланың оның жанына барып ұйықтауы. Біріншісінде камераның көзі оған жекпе-жекке шығатын жыртқыштан гөрі, тұ-

манның арасынан пайда болған әлдебір сиқырлы әлемге қарағандай көз тігеді. Кейінгісінде камера шегіне отырып, біртіндеп алыстай береді. Бұл қозғалыс баланың қасқырдың бауырында жатқан бөлтірігіне ұқсайтын сезім тудырады. Бірақ, ол заманауи өмірдің тыныс-тіршілігімен қабысып кетеді, яғни Е. Мелетинскийдің сөзімен айтқанда, «тотемизм «түс көру уақыты» мен бүгінгі адамдардың арасындағы өзіндік медиаторы қызметін атқарады» [1, 247 б]. Жоғарыдағы көріністе тотемистік мағынаға ие болған бөрі, фильмнің жалпы поэтикасымен, табиғат және еркіндік сияқты негізгі тақырыбымен қабысып, біте қайнасып кетеді.

Осы тұста «Егер, бөрінің бейнесі тотемистік мазмұнға ие болса, онда неліктен аңшы онымен жекпе-жекке шығуға ұмтылады және жеңіліске ұшырайды, қаза табады» деген тағы бір сұрақ туындайды. Режиссердің бұған дейінгі фильмдерінің барлығында да кейіпкерлер міндетті түрде жеңіліске ұшырап отырды. «Қиянда» моральдық деградация жайлаған ауылдан белгісіз жаққа кетіп тынады, «Сергелдеңде» ішкі деградацияның құрбанына айналады, «Ақсуатта» «шалдан» жеңіліске ұшырайды, бірақ ауылдан кетпейді. Алайда, соңы ашық, яғни мойынсұнуы әлде жеңіске ие болуы беймәлім күйде қалады. «Үш ағайынды» фильмі де жеңіліспен аяқталады. Бірақ, бұл фильмдердегі кейіпкерлердің ешқайсысы күрескерлік мінез танытпайды, тек «Ақсуатта» ғана қарсылықтың алғашқы нышаны білінеді. Ал, «Аңшы» фильмінде тұңғыш рет аңшының негізінде фольклорлық кейіпкердің деңгейіне көтерілген толыққанды болмысы бар, мінезді, айбарлы, рухы мықты күрескер-кейіпкердің бейнесі алдыңғы қатарға шығады. Аңыз-ертегілердің батырлары сияқты азулы бөрімен жекпе-жекке шығады. Біржағынан алып қарасаңыз, аңшы бөріге, бөрі аңшыға айналады. Екеуінің болмысы біте қайнасып кетеді. Екеуі де азат, екеуі де табиғаттың төл баласы, екеуінің де рухы асқақ. Шынайы-мифтік кейіптегі аңшы шынайы-мифтік бөрімен теке-тіреске түседі. Мифтік кейіптегі аңшы мифтік кейіптегі бөріні жеңер еді, бірақ фильмде жеңіліске ұшырайды. Осы тұста аяқталуы тиіс мифтік сарын қайтадан бой көтереді. Өйткені, аңшының қандай жағдайда қаза тапқаны тағы да белгісіз. Тек, емеуірін, топшылау бар.

«Аңшыдағы» жеңілістің алдыңғы фильмдердегі жеңілістен айырмашылығы – оның ісін жалғастыратын, Алтайлық бестырнақты бөрімен тең жекпе-жекке шыға алатын, рухы мықты избасары бар. Олай болса, аңшының рухы жеңілген жоқ. Ол Еркіннің бейнесінде өзінің жалғасын табады.

Фильмдегі аңшы мен бөрінің мифтік-шынайы бейнесімен тығыз байланысып тұрған тағы бір кейіпкер бар. Ол – жас баланың бейнесі. Кинотанушы Г. Әбікеева «Бала тек суыққанды ғана емес, оның сүйкімсіздеу бет-пішіні қасқырдың бөлтірігі-

не ұқсайды. . . Фильмнің соңына қарайғы бір эпизодта әлдекім (аңшы болуы мүмкін) балаға «Сенің тұлабойың сүп-суық, өйткені бала кезінде ыстық әйелдің кеудесінде жатпағаның. Бар да, өзіңнің орныңды тап» дейді. Сол кезде бала үйден шығады да, төбедегі тастардың арасына барып, қасқырдың жанына жайғасады. Сондықтан, баланың бөлтірік болуы мүмкін деген болжам бар. . . » [2, 242 б] - дей отырып, фильмнің алғашқы түркілердің тарихы туралы пікірін растай түседі. Егер, фильм кинотанушы айтқандай, тек түркілердің алғашқы шығу тарихы туралы ғана болса, онда баланың шығармадағы рөлі де тек осы мазмұнның аясында ғана қалары даусыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, аңшы мен бөрінің мифтік-шынайы бейнесін баладан да көруге болады. Еркін түрмеге түскенге дейін суық, қатал, тұйық, адамдардан саяқ жүреді. Өзінің қатарластары да оны өгейсиді, тобына қоспайды. Оған да айналасы жат, бөтен, бір сөзбен айтқанда, жалғыз. Осы тұста 1990-жылдардағы қазақ киносындағы бала-кейіпкердің жинақталған мифологиялық бейнесін көруге болады. Егер, солай деп қабылдайтын болсақ, онда мифтік-шынайы бала кейіпкер нағыз ер-жігітке тән барлық қасиетке тұңғыш рет мифтік-шынайы кейіптегі аңшы кейіпкерден сабақ алады. Ол, алдымен табиғаттың «тілін», әйелді қалай жақсы көру керек екенін т. б. үйренеді. Сонан кейінгі қасқырдың жанына барып жайғасуы, яғни өзінің алғашқы тарихына оралуы – ата-бабасының өжет, асқақ, еркін рухымен табысуы. Олай болса, бұл 1990-жылдардағы қазақ киносының жинақталған мифологиялық бала-кейіпкердің рухтың еркіндігімен қауышқан поэтикалық бейнесі. Кинотанушы Б. Р. Нөгербек «Аңшы» фильмін бір кездері ата-әжелеріміздің Отанын қорғаған батырлар туралы айтқан аңыз-ертегілерін тыңдағандай, жүреппен қабылдауымыз керек. Бұл шығармадан шынайы өмірдің іздерін табу үшін талпыныс жасаудың қажеті жоқ. Өйткені, ол көрерменнің экрандағы поэтикалық шындыққа деген сенімін жоғалтады» деп жазды [4, 8-9 бб].

Сонымен, бала мен бөрінің, тау-тас пен даланың, аспанда қалықтай ұшқан құстың бейнесі жинақтала келе, аңшы рухының еркіндігін, мүмкін арманын меңзейді. Олай болса, «Аңшы» – жас баланы асырап алған бөрі туралы ежелгі түріктерден қалған аңыздан гөрі, рухтың еркіндігі мен асқақтығын баяндайтын фильм. Ал, киношығармадағы бөрі-кейіпкер сол еркіндіктің символы қызметін атқарады.

Соңғы жылдары қазақ көркемсуретті киносында пайда болған бөрі-кейіпкер режиссер, кинодраматург Ермек Тұрсыновтың шығармашылығымен тығыз байланысты. Егер, «Аңшыдағы» бөрі бүгінгі күнмен астарласып, қабысып жатса, Е. Тұрсыновтың 2009 жылы түсірген алғашқы «Келін» фильмінде Келін мен Енесі өмір сүріп жатқан үй-

дің айналасында үнемі пайда болатын қасқырдың бейнесі арқылы ежелгі түріктерден келе жатқан аңыздың сарыны аңғарылады. Фильмнің соңында кейіпкерлер сол қасқырдың сүтімен дүниеге келген нәрестені асырайды. Яғни, «Аңшы» фильміне қарағанда, «Келінде» ежелгі түріктердің Көк бөріден тарағанбыз деген аңызы басымырақ көрініс табады.

«Келін» фильміндегі оқиғалардың өтетін орны мен уақыты белгісіз. Сондай-ақ, көркемдік құрылымындағы уақыттың «Аңшы» фильміндегідей «бір-біріне ауысуы» немесе «секірісі» сезілмейді. Олай болса, қасқырдың бейнесі де бірыңғай кеңістік пен уақыт ағымында көрініс табады.

Е. Тұрсыновтың Э. Хэмингуэйдің «Теңіз бен шал» повесінің желісі бойынша 2012 жылы түсірілген «Шал» фильмінде де қасқыр тақырыбы жалғасын табады. «Келін» фильмінің оқиғасы ежелгі дәуірде өтсе, «Шалдың» оқиғалар тізбегі бүгінгі күнмен тығыз байланыста өтеді.

Табиғаттың ата заңынан мақұрым қалған қаланың үш «атқамінері» өлтіріп кеткен бөлтіріктері үшін қасқыр адам атаулыдан өшін ала бастайды. Осы тұста Шал мен олардың арасында теке-тірес

басталады. Шал қайткен күнде алдындағы отар қойы мен өзінің өмірін аман сақтап қалуы тиіс. Өйткені, ол әкесіз қалған немересінің аяққа тұрып, азамат болуына жауапты.

Осы тұста режиссер «кешіру-кешірмеу» құқығын Шалдың қарсыласына береді. Өйткені, адамдар оның ұясының шырқын бұзып, тас-талқан етті. Сондықтан, оның қай үкімі болса да заңды. Шал мен қасқыр арасында әрқайсысының өз ұрпағы үшін басталған теке-тірес бітіммен аяқталады. Олардың арасында алдында ғана басталған аласапыран ендігі жерде үйлесімділікпен ұласады.

Сонымен, бүгінгі қазақ киносындағы қасқырдың, бөрі-кейіпкердің бейнесі біржақты қарастырылмайды. Бөрі-кейіпкер кейде аңыздың сарынын еске түсірсе, кейде бүгінгі күнмен астарласып, қабысып жатады. «Аңшы» фильмінде бөрі-кейіпкер рух еркіндігінің символы қызметін атқарса, «Келінде» күллі түркі халқының түп негізі ретінде қарастырылады. Ал, «Шал» фильмінде бүгінгі адамдардың адами қасиеті мен ниетін, рухани діңгегін, өмір, ұрпақ туралы пәлсәпалық толғаныстарын айқындау үшін қызмет етеді.

#### *Қолданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Мелетинский Е. М. *Поэтика мифа*. – Москва: «Наука», 1976. – 407 б.
2. Абикиева Г. *Национализм в Казахстане и в других странах Центральной Азии*. – Алматы: ОФ ЦЦАК, 2006. – 308 б.
3. Ахмедов Р. Серик Апрымов: первобытное кино // *Интервью с кинорежиссером С. Апрымовым* // Алматы: «Киноман» журналы, 2005, № 5. – 4-7 бб.
4. Бауыржан Ногербек. *Удивительное кино* // Алматы: Киноман, 2005, № 5. – 8-9 бб.



Слямқұлов Береке Ермектайұлы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2 курс магистранты  
Алматы қ., 87027057548, Bereke. 9191@mail.ru

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ УАҚЫТ ТЫНЫСЫ

**Түйін:** Бұл мақалада автор қазақ елінің дарынды өнер қайраткерлерінің тағдыры, Жоңғар басқыны, Ресей ге-ноциді кезеңдегі қазақ халқының дәстүрлі музыка мәдениетінің өкілдері жайында жазған. Ән мен күйдің көркемдік педагогикалық, музыкалы-эстетикалық, музыкалы теориялық, музыкалы-психологиялық, тарихи-элеуметтік, пәлса-фалық ерекшелігі талдау жұмыстары арқылы ашылып, жекеленген сипаттамалар жүргізілген. Мақалада дәстүрлі қазақ музыка өнерінің даму тарихында маңызды орын алатын ән мен күй өнерінің дарынды тұлғалары жайлы, ата-бабаларымыздың уақыт жетелей әкелген тәрбие мазмұнаға толы рухты қазынасы ашып көрсетілген.

**Кілт сөздер:** Дәстүрлі музыкалық өнер, ән-күй өнері, Қазақстан, дарынды тұлғалар.

**Резюме:** В данной статье автор написал про судьбу самых талантливых музыкальных художников страны, о представителях казахской традиционной музыкальной культуры периода Джунгарского нападения и геноцида Рос-сии а также про тоталитарное время. Была определена педагогическая, эстетическая, музыкально-теоретическая, музыкально-психологическая, историко-социологическая, философская структура песен и кюев. Статья важна ис-кусством традиционных казахских музыкальных песен и состоянием искусства талантливых людей и их произве-дений доведенных до нашего времени, чтобы открыть сокровища духа, наполненной содержанием традиционных дисциплин.

**Ключевые слова:** музыкальное искусство, талантливые люди Казахстана.

**Summary:** In this article the author wrote about the fate of the country's most talented musical artists, representatives of the Kazakh traditional music culture period Jungar assault and genocide of Russian and about totalitarian time. It was picked pedagogical, esthetic, musical-theoretical and musical-psychological, historical and sociological, philosophical structure of the songs and kyuis. Become an important art of traditional Kazakh music songs and state of the art of talented people, and their works have been brought to our time, to discover the treasures of the spirit-filled content of traditional disciplines.

**Key words:** The traditional musical art, musical art, talented people of Kazakhstan

Қазіргі кездегі рухани болмыс құбылыста-рының көмескіленіп ұмытыла бастауы халықтың өзіндік сана-сезім дағдарысына ықпалын тигізіп, еліктеушілік сияқты құбылыстардың белең алуы-на әкеліп соқтыруда. Осыған байланысты, ұлттық ойлаумен тығыз байланысты сезімдік құбылыстар-дың ерекшелігімен танылатын толғаныс-толғаулар-дың өнер тілімен көрінісін айтуға болады. Өнердің, оның ішінде, қазақ халқының дәстүрлі музыка өнері құдіретінің ақыл-ой мен сезімге қатынасы ерекше. Дәстүрлі музыка өнерінің уақыт тынысын танытарлық көркем тілінің маңызы, ұлттық болмы-сты орнықтырар қадір-қасиеті – адамдардың сана сезіміндегі, өз өміріндегі ұлттық айқындылығы. Ол қоғамдық-этикалық негіздегі тұрмыстық, тіл-дік, мәдениет, өнер ерекшеліктерімен байланысты. Ұлттық айқындылықтың мәні ұлтқа тән саналық қатынастардың ұлтқа тән өзінділікке ие болуын-да, яғни ұлттық өзіндік сананың құрылымдық бөліктері – өнерімен белгілі болған, өзіндік топқа қатысты қасиет. Кез келген халық өзінің тарихи қалыптасу деңгейінде өздерінің ортақ мүдделерін, мәдениетін, салт-дәстүрін қалыптастырып, келек-шекте де өзінің даму ерекшеліктерін сапалы түрде сабақтастырып отырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғам-ның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәде-ни дәстүрлер қашанда элеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді. Өзінің тарихи мәдени тамырларына қайта оралу бұл, әрине оң процесс.

Қазақстанда ұлттық тілді, мәдениетті, экономика-ны дамытуға барынша қолдау жасап отыр», - деген сөзі мұның айғағы [1]. Осыған орай қазақ этноэсте-тикасы – қазақ халқының адам мен әлем арасын-дағы құндылық қатынастардың көрінісі ретіндегі әсемдік пен сұлулық аясын және ұлттық көркемө-нер, мәдениет саласын зерттейтін философиялық ғылым.

Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру жүй-есінде көптеген жұмыстар атқарылуды. Әлемдік деңгейге жақындатылған жалпы орта білім стан-дарты бойынша оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілу-де. Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңының сегізінші бабында жеке тұлғаның шығар-машылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салты-ның негіздерін қалыптастыру, жеке қасиеттерді дамытуға жағдай жасау жолымен ой-өрісті бай-ыту, сондай-ақ әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне келу секілді басты тапсырмалары қарастырылады [2].

Жоғары оқу орындарында әсіресе өнер ошақтарында жоғары деңгейдегі дәстүрлі халық педагогикасының құралдары арқылы кәсіби ма-манның музыкалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі өзінің күрделілігімен, өзектілігімен ерек-шелінеді. Соңғы уақытта Қазақстанда өнердің бір түріне үйрету туралы әдістемелер, зерттеулер көп болғанымен дәл дәстүрлі халық педагогикасының, яғни дәстүрлі халық музыкасының тәлім-тәрбелік құралдары арқылы маманның музыкалық мәде-

ниетін қалыптастыру бойынша арнайы зерттеулер болғанымен, әлі де болса жеткіліксіз.

Жоғары оқу орындарында, соның ішінде музыкалық білім беретін мамандықтарда әсіресе қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетінің тотаритарлық кезеңдегі жағдайы мәселесі ғылымдардың үстіртін шолу жасағанымен, арнайы зерттеу объектісі болмаған. Қазіргі Қазақстанның дәстүрлі музыкасы мен мәдениеті мәселелері талқыланған біраз әдебиет бар болғанымен олар тым аз көлемде. Сондықтан, қазақ халқының дәстүрлі музыка өнері, оның өкілдері, тотаритарлық кезең мен сол заманда өмір сүрген дарынды тұлғалар тарихы жайлы жазылған әдебиеттер сараптамасынан бастаған жөн. Әлемнің музыкалық мәдениет үлгілерінің алуан түрлерінен көрініс тапқан қазақтың дәстүрлі музыка мектебінің қалыптасуы барысындағы музыкалық мәдениет пен оның өкілдері жайлы ой-пікірлердің қалыптасуы бірнеше кезеңдерден өткен. Қазақтың төлтума музыкалық мәдениеті ерте дәуірде қалыптасып, ақын-жыраулар өнерінің құндылығы шығарманың көркем мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы қуатты әлеуметтік-мәдени орнымен және қызметімен айқындалды.

Қазақ халқы ел болғалы не бір қиыншылықтарды басынан өткергені баршамызға аян. Сонау жонғар басқыншылығы кездерінен бастап, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де, жергілікті халық өкілдерінің шылқ етіп, жағдайлары жақсарып кете қоймағаны тарихи ақиқат. Ақтабан шұбырындыда еліміздің ел болып қалуы үшін аянбай күрескен батырларымызбен қатар, сол кезеңде қуғынға түскен қаншама дәстүрлі музыка өкілдерін екі – үш ғасыр өткен соң ғана, жариялылықтың арқасында еске алып, еңбектерін елеп ескеріп жатырмыз. Қуғын-сүргінді көре жүріп, қазақ мәдениетінде халық сазгерлері өзіндік қасиеті ерекше жеке туындыларын шығарған Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей, Қазанғап, Еспай, Сейтек,, Тәттімбет, Ықылас қатарлы күйшілер мен Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Мұхит Мералыұлы, Жаяу Мұса, сияқты әншілер музыка тілінің саздық-ырғақтық қана емес, композиторлық ойлау мәнері де дараланған үрдістік жүйелерін жасап, сол заманның ащы шындығын өз туындыларында «тарихқа таңба басқандай» жазып қалдырды. Оған дәлел Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889) «Кісен ашқан» атты күйін талдап аша түсейік.

Құрманғазының ғұмыр кешкен Ресей патшалығы жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алып, шектен шыға бастаған кезіне дөп келеді. Мұндай озбырлыққа жан-жүрегімен қарсыласу Құрманғазының өмірбаянына айналып, күй тілінде көрініс тауып отырды. Ол өзі беттескен заманның тарихи-әлеуметтік болмысына күйші - философ ретінде ден қояды.

... Перовскийдің бұйрығы әне-міне деп орын-

далмай, Құрманғазы түрмеде жаға береді. Күндерден күн өткенде Құрманғазы амалдың жоқтығын біліп, қалайда қашуды ойлайды. Айсыз қараңғы бір түнде жұмыстан қайтып келе жатып, аяғы ауырып, тіпті жүргізбеген болып Құрманғазы тұтқындар тобынан кейін қала береді. Қапысын тауып, конвойдың біреуін қағып түсіріп, қаша жөнеледі. Қараңғыда күйшінің ізін жоғалтып алған конвойлар түрмеге қайтады. Оның алдында күндіз жұмыс үстінде Құрманғазы баяғы Лавочкиннің шешесі берген болат араны ұлтарағының астынан суырып, кісеннің бір жағын кесіп жай орнына байлап қойған болатын. Қашарда бір жағын қолына алып адымдай жөнеледі. Қаладан алысырақ бір сарайға барып, кісеннің екінші басын да кесіп, сол араға лақтырып тастайды. Біреулердің айтуынша Құрманғазы қашар тұста кісенді жұлып аламын дегенде өзінің майөкшесінің бірін жұлып алады да қаша береді. Ол күні қалың шөптің арасынан ешқайда шықпайды. Кісен қиған жерлерін көйлек-дамбалынан жыртып алып орайды. Кеш бата Құрманғазы Жайықтың бойын төмен қуа жүре береді. Таң ата бір ауыл шетіндегі малшының үйіне келіп, өзінің мән-жайын айтады. Ол үйдің иелері Құрманғазыны тамақтандырып, басқалардың көздерінен тасалап, тыным алдырады. Жарасына сормақта тартып, жақсылап байлап береді. Кішкене тыныққасын, Құрманғазы домбыра алдырып, бірнеше күй тартады. Ең соңғы күйінде қайғының үні шығады. Айналадағыларға Құрманғазы бұл күйдің атын «Кісен ашқан» екенін айтады.

#### *Кісен ашқан күйі*

1 - Күйдің педогогикалық ғылым тұрғысынан талдаса күйінің тәлім-тәрбиелік мәні зор соны әсерлі түрде жеткізе білу керек. «Тәрбиесіз берген білім қауіпті», – деген екен әл-Фараби. Яғни бұл күйде тәрбиенің түпкілікті тамыры жатыр. Енді бір сәт әсерлі талдау ұстаздың шебер орындауында әсем күй әуезіне ұласады. Жетекші күйдің көркемдік, ырғақтық, әсерлі жақтарын көрсетіп, олардың мазмұнын ашудағы атқаратын маңызына тоқталады. Күй көрінісі Қазақ ССР халық суретшісі Сахи Романовтың «Кісеннен босану» атты репродукциясында теңдесі жоқ көркемдікпен көрсетіледі. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде күйлердің философо-психологиялық тәлеуметті-пәлсафасы өте қажетті. Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі

тәрбие қағидалары міне осы күйді орындаудағы осындай жан-жақты жұмыс түрлері мен әдістемелік әдіс-тәсілдер оның көркемдік ерекшеліктерін терең ұғуға, саналы ойнауға мүмкіндіктер туғызады. Орындаушылардың композитор шығармашылығына және күйіне деген қызығушылығы, құмарлығы тәрбиелік мәні арта түседі.

2 - Күйдің психологиялық тұрғысынан талдау - Өзі өткен өмір жолының із соқпақтары дегендей Күйші ағамыздың басынан өткен қиын кезеңнің көрінісі осы күйде белгілінген . Адам басынан не өтпейді қиыншылықтар мен махаббат сезім селдерінің сан түрлісі болар. Суретші өз туындысын ақ параққа бейнелесе, ұлы суретші күйші ағамыз күймен жеткізген екен. Психологиялық ой өріс әрине әр күйде болмасын әнде кездесе береді, бірақ түрі бөлек орындау шеберлігі ерекше жан Құрманғазы ағамыздың ой өрісі ұлыларға ғана тән құпиялы құбылыс десе жалған болмас. Адам сезімінің барлық түрін қамтыған күй елдірпей әкетпесі анық бұл күйдің . Кей сәттерде адам бойында саналы түрдегі психологиялық дайындық болса, сана жүйесінің бірнеше кезеңінен өту әбден мүмкін . Тұла бойды тітіркендіре туындының логикалық бітімін күттіре шарықтап келеді. Күйдің атына сай, аяқ, қолға салу кезеңнен бастап, адамның жан -дүние, сезімін билеп, өзгертумен ортаға, билеуші таппен заманына деген өшпенділік күн санап арта түсері анық. Ал сол қорлық мезгіл кісен алынғаннан бастап, сана сезім өршіп түсері анық. Күйдің музыкалы-психологиялық мәтініне көз жүгіртсек, тарихына үңілесек сезімдердің тізбегі, олардың ішіндегі адамның ішкі және сыртқы күйзелісі, ой өрісі, күш-жігер қайраты сол кезеңнің ауыртпалықтары бәрі ұштаса отырып өте терең мазмұнға бай әуен әсер етпей қоймайды.

3 - Күйді музыка теориялы тұрғыда талдау- Асықпай тебірене басталған күй бойды әлсін елдіртеді. Негізгі тональдігі ля минор болса өлшемі 3/4 . Күй құрылымында басқа өлшемдер кездеспейді . Күй ырғақтары өте ауыр лепті бастапқы естігеннен күй тарихын баяндай бастала жөнеледі, асықпай тебіренткен күй бір бөлімнен екінші бөлімге крешендо белгілерімен ұштаса отырып толқып әсер береді. Әсем саз басында пианомен басталып меццо -фортеға жалғасады арықарай дами келе фортеға көше пианоға орала, бірінші бөлімі аяқталады. Екінші бөлімде шарықтау шегін (кульминация) анық көруге болады. Күйде кездесетін альтерациялық белгі ол бекар . Ұзақтықтары төрттік және сегіздік ноталарынан құралады. Әуен жалғаса келе үшінші бөлімге меццо форте арқылы ұласады. Бөлім крешендо арқылы пианомен аяқталады. Күйдің 2-3 бөлімдерінде кейбір ноталар акцентталған .

4 - музыкалы эстетикалық тұрғысынан талдау-бұл жерде аспабының керемет сақралды (Күдіретті) қасиеті – тілсіз сөйлеу. Аспап – күй

арқылы иесінің барлық ішкі шерін, ойын жеткізе білгендей . Ең бастысы - адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін көтеру, мінез-құлқын толықтыру, түзету. Егер оқушы өзін жаман әдеттен алшақ ұстап, іс-әрекетінің әдемілігін, қажеттілігін түсініп, еңбек нәтижесінен көркемдікті сезіне білсе, бұл оның музыкалы- эстетикалық талғамының, адамгершілік қасиеттерінің жоғары жетіле бастағанын көрсетіп тұрғандай. Бұнда белгілі бір эстетикалық мұраттың белгілірі де бар адамдардың көкесп жүрген әсемдік жөніндегі түсінігі. Эстетика адамның өмірі, іс-әрекеті, тәжірибесімен тікелей байланыста болып келеді. Грек тілінен аударғанда «эстетика» сезім, түйсік деген мағынаны білдіреді. Олай болса эстетика-өмірді сезім арқылы танып, білудің негізгі жолы. Эстетикалық тәрбиенің міндеті - жас ұрпақты өмірдің барлық салаларындағы: адамның өмірі мен тұрмысындағы, еңбектегі, көркемөнердегі, табиғаттағы сұлулық пен әсемдікті көре білетін, ұға білетін, бақылай алатын және оларды өзі жасай алатын азамат етіп тәрбиелеу. Ол үшін жас жеткіншектер сауатты, терең білімді болуы керек . Бұл күйдің ырғағы мен қағыстарынан көп нәрсе аңғаруға болады әлбетте оның эстетикалық тұрғысынанда. мәселен қиын зұлмат кезеңдері еліміздің жанашыры Құрманғазы ағамыз соңына дейін бостандықты дәріптеп үлгі тұтарлық биік шынды яғни бостандықтың сұлулығын дәріптеп тұрғандай . Күш, Жігер беріліп ақ тұр ал күй құрылымы шыдамдылық, азаттық пен бостандыққа деген сұлулыққа ұмтылысты білдіргендей күйде. Адамның жетем-ау деген арманы, өмірде сол бойынша құрғысы келетіні көрсетіліп тұр. Ондаған, жүздеген дыбыстар мен дыбыс аралықтары бірлесіп, екі шекті музыкалық аспабына күш, құдрет бергізіп тұрған Құрманғазы бойындағы бағасы жоқ дарындылық -деп бағалаймыз .

5 - Күйді әлеуметті-тарихи- пәлсафалы талдау. Күй белгілі бір оқиғаға немесе адамның көңіл күйіне байланысты қазақ даласын шарлайды Эстетика— философиялық ғылым. Ендеше, ол да этика сияқты нақты ғылымдар өлшеміне сай келмейді. А. Баумгартен сезім арқылы қабылдауға мүмкін кемелділікті әсемдік деп білген, әсемдіктің бірден-бір көрініс табатын саласы өнер деп қарастырған. Эстетиканың тікелей өнермен байланыстығын есте ұстасақ, өнер тарихы — адамзат тарихы екендігін де мойындаймыз. Адамзат есін білгелі өнермен бірге жасасып келеді.

Әйгілі француз жазушы және музыкатанушысы Ромен Роллан қазақ музыкасының жинағымен танысып, оны құрастырушы Александр Затаевичке былай деп жазған: «Сіздердің байтақ далаларыңызға әсемдік беретін әуенге таң қалдым. Мен олардың маған таныс болып көрінгендігімен таң қалдым. Біздің ғылыми зерттеуімізде анықталғаны әуендердің біздің Еуропалық музыка фольклорына жақындығын сеземін. Перовскийдің бұйрығы

әне-міне деп орындалмай, Құрманғазы түрмеде жата береді. Күндерден күн өткенде Құрманғазы амалдың жоқтығын біліп, қалайда қашуды ойлайды. Айсыз қараңғы бір түнде жұмыстан қайтып келе жатып, аяғы ауырып, тіпті жүргізбеген болып Құрманғазы тұтқындар тобынан кейін қала береді. Қапысын тауып, конвойдың біреуін қағып түсіріп, қаша жөнеледі. Қараңғыда күйшінің ізін жоғалтып алған конвойлар түрмеге қайтады. Оның алдында күндіз жұмыс үстінде Құрманғазы баяғы Лавочкиннің шешесі берген болат араны ұлтарағының астынан суырып, кісеннің бір жағын кесіп жай орнына байлап қойған болатын. Қашарда бір жағын қолына алып адымдай жөнеледі. Қаладан алысырақ бір сарайға барып, кісеннің екінші басын да кесіп, сол араға лақтырып тастайды. Біреулердің айтуынша Құрманғазы қашар тұста кісенді жұлып аламын дегенде өзінің майөкшесінің бірін жұлып алады да қаша береді. Ол күні қалың шөптің арасынан ешқайда шықпайды. Кісен қиған жерлерін көйлек-дамбалынан жыртып алып орайды. Кеш бата Құрманғазы Жайықтың бойын төмен қуа жүре береді. Таң ата бір ауыл шетіндегі малшының үйіне келіп, өзінің мән-жайын айтады. Ол үйдің иелері Құрманғазыны тамақтандырып, басқалардың көздерінен тасалап, тыным алдырады. Жарасына сормақта тартып, жақсылап байлап береді. Кішкене тыныққасын, Құрманғазы домбыра алдырып, бірнеше күй тартады. Ең соңғы күйінде қайғының үні шығады. Айналадағыларға Құрманғазы бұл күйдің атын «Кісен ашқан» екенін айтады.

Дегенмен қазақтың дәстүрлі музыка мәдениеті мен оның өкілдері жайлы тоталитарлық замандағы қорлық, қуғын-сүргін көргені түбегейлі зерттеліп айтылмаған. Сондықтан қазіргі кезде өзекті деп танылып отырған, мәдени байлығымызды сыйлаған ата-бабаларымыздың адам құқығының тең екендігін, әрі теңсіздіктің теңелуін мақсат етіп, осы заманға тәуелсіздікті жеңе әкелген, ұлы дәстүрлі мәдениет тұлғаларының тәрбиелік мектебін терең зерттеуді қажет етеді.

Бұндағы мақсат әрине, Қазақ даласында дәстүрлі музыка мәдениетінің қалыптасуын теориялық тұрғыда негіздеп, тоталитарлық кезеңдегі дарынды тұлғалар тағдырын зерделеу болып табылуы керек.

«Қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениеті Орта Азияның көшпелі халықтарының суперэтноикалық (Л. Н. Гумилев бойынша) өркениетіне жатады» - деп жазады «XIX – XX ғғ. дәстүрлі қазақ музыкасының зерттелуі» - атты еңбегінде Әдетов Бекболат 1993 жылғы аудармасында.

XX ғасырдың басында қазақтар Ресей империясының ең ірі түркі тілдес этносы болып қана қоймай, сонымен қатар дүниежүзіндегі ең ірі көшпелі этносты құрады. Қазақтардың музыкалық мәдениеті көшпелі қоғам мәдениетінің типологиялық көрсеткіші болып табылады. Бұл жағдай

бүгінге дейін оны зерттеудің көптеген қырларына қиындық келтіріп жүр, олар, бірінші кезекте, рухани, мәдениеттанушылық мәселелерге қатысты. Жалпы жағдайды бұрмалайтын субъективтік-даралық немесе идеологиялық себептерді еске алмаған өзінде бұл мәдениеттің дәлме-дәл бейнелену іздеу жолындағы объективтік және әзірге еңсеруі қиын кедергі көшпелі мәдениеттерді зерттеудің жалпы гуманитарлық әдіснамалық жолдарының жоқтығы болып отыр.

Екі ғасырдан аса зерттелу тарихы болуына және оған қыруар еңбектердің арналуына қарамастан, қазақтардың мәдениеті әліде болса өзінің көптеген аса маңызды түрлері бойынша танылған жоқ. ХҮІІІ – ХІХ ғ. ғ. қазақ музыкасы «сырттан» келген, басқа халықтар мен өзге мәдениеттер өкілдерінің, әрі отарлаушылық идеологиясымен уланғандардың зерттеу объектісі болды. Қазан төңкерісінен кейін өткен кезеңнің субъективтік идеялық-сезімдік ұстанымдары қатаң идеологиялық өктемдікпен алмасты және бұл да зерттеушілерді өзгеше мәдениеттің көптеген шынайылығынан сырттатумен болды [3].

Кәсіби музыканы жасайтын салдар, серілер, ақындар, жыраулар мен күйшілер өз шығармаларында магиялық, эстетикалық, әлеуметті ендіруші және коммуникативтік функцияларды біріктірді. Олардың шығармашылық жанрлары: ән – лирикалық ән, жыр – эпикалық шығарма, терме - речитативтік өсиет өлеңдер, күй – бағдарламалық әңгімемен (аңызбен) бірге орындалатын аспаптық пьеса.

Революцияға дейінгі кезеңдегі орыс зерттеушілерінің еңбектерінің құндылығы бірдей емес еді. Осы еңбектердің кейбіреулерінің басты кемшілігі «зерттеу такырыбына теріс, немқұрайды қарағандық, соның салдарынан қазақ халық шығармашылығы және оның иесі – қазақ халқының өзі туралы қате көзқарас қалыптасады. Бұған негіз болған нәрсе – қазақтардың музыка мәдениетіне және патшалық Ресейдің «бұратана» халықтарының дербес шығармашылық дамуға қабілетсіз, жалпы «төмен-нәсәлді» халықтардың тұтастай мәдениетіне деген ұлы державалық-шовинисттік көзқарас еді» [4]. Бірақ бұл пікірді бәрі құптаған жоқ. Мәселен, Н. Ф. Катанов өзінің «бұратаналар (қазақтар) құрып бітуге душар, сондықтан олармен әуре болудың қажеті жоқ дейтін осында қалыптасқан пікірмен табанды күрес» жүргізуіне тура келетінін жазған [4]. Көптеген еңбектердің арасында объективті ғылыми зерттеулерге бастау болғандары да болды.

XX ғасырдың соңына таман, дәстүрлі мәдениеттің (әсіресе кәсіби музыка саласының) ұзақ уақыт бойғы бұзылуынан кейін осындай көбіне-көп шашыранды деректердің өзі аса құнды құжаттың куәлік мәніне ие болып, қазір өзіміз көруге де зар болып қалған көшпелі мәдениеттің сол бір «табиғи» жай-күйін бейнелейді. XX ғасырдағы қа-



зақтардың әлеуметтік тұрмыс жағдайының өзгеруі – отырықшылыққа өту, индустриаландыру, кенттендіру, демографиялық құлдырау кезеңі, мәдени басқару-қысымдаудың тоталитарлық амалдарымен қоса идеологиялық үстемдік, дінсіздікті орнату, жаппай байланыс құралдарының ықпалы – дәстүрлі музыканың жағдайын елеулі түрде өзгертті. Оның қоғам алдындағы құндылық мәртебесі мен шығармашылық әлеуеті адам айтқысыз құлдырады [3].

Демек Қазақстанда дәстүрлі кәсіби музыканың кенттенуі (урбанизациясы) табиғи, эволюциялық жолмен емес, ұйымдастырылған үкіметтік әрекеттердің нәтижесінде күрт секірмелі түрде, екі-үш жылда жүзеге асты. Бұл тармақты жасау қазақтардың тарихындағы аса бір қиын, нәубетті кезеңде жүргізілді. 1916 жылдан 1995 жылдарға дейін қазақтар «демографиялық тоқырауды» («демографическая депрессия») бастан өткеріп, халқының саны үнемі кемуге болды. 20-шы жылдардағы аштық пен күйзелістің шығыны демограф М. Тәтімұның деректері бойынша 730 мың адамға жетті, ал 1931-33 жылдардағы күштеп ұжымдастырудың салдарынан аштық пен іш сүзегінен Қазақстан халқының 49% -ы (2 млн. 20 мың адам) опат болды, жаппай шет елдерге қоныс аудару басталды. Соның салдарынан түп-кілікті халықтың саны бұрынғысының 25%-дай ғана болып қалды. Туған жерде аман қалғандары 1937 жылдың зобалаңына және тағы 300 мың боздақты жалмаған Ұлы Отан соғысының таукіметіне тап болды. Осының бәрі дәстүрлі қоғамның құрылымын күрт өзгертті. Дәулетті жіктердің жойылуы, халықтың қайыршылануы кәсіпқойлықтың материалдық негізін шайқалтты. Сан мыңдаған музыканттар және музыканың шынайы білгірлері мен құйма құлақ тыңдаушылары өлім құшты. Әлеуметтік зілзалалар дәстүрлі мәдениет үшін жойқын жағдай қалыптастырды [5].

Осы тоталитарлы кезеңде қазақтың музыкалық тілі де вербальді тіл секілді қыспаққа алынып өзгерді. «Феодалдықтың қалдығы» деп танылған дәстүрлі музыканың орнын халықтың «социа-

лизмге секірісінің» дәлелі боларлық XIX-ғасырдың европалық жазба музыкасының тілдік жүйесінде жазылған шығармалары күштеп енгізілді. Бұл бағыт көпшілік әндер, опералық, симфониялық туындылардан бастап, оған қоса 30-шы жылдары құрылған ұлт аспаптар оркестріне арналған шығармалар қосылды. Бұл кезде халық аспаптарынан құралған оркестр дәстүрлі музыканың «сапалануы» және «дамуының шыңы» деп танылды.

XX-ғасырдың 20-40-шы жылдарынан бастап халықтың көркем санасына өрескел қиянат жасалды: ұлттық музыка тілінің орнын европалық музыкалық тілдің қарапайымдалынған «егізі» басты. «Жана» тілдің ұлттық «септіктері» – монодиялық ладофункционалды элементтері, «сөздері» – дәстүрлі әуендік-ырғақтық иірімдері, ал, «сөйлемдері» – цитаталы негізде қолданылған дәстүрлі ән мен күйлердің әуені болды.

Егемен республикамызда күні бүгінге дейін ғасырлық тарихы бар европоцентристік концепцияның «қаратүнек заманның келмеске кеткен фольклоры» турасындағы ойы күні бүгінге дейін өз өміршеңдігін жоймай келеді. Алайда, тек дәстүрлі музыка шығармалары тарихшылар айта алмаған XX-ғасырдың шынайы тарихын жеткізді. Олар ғасыр басында болған халық толқулары мен Қазан төңкерісінің беттерін ақтарса (Динаның «16 жыл», Мәменнің «17 жыл» күйлері), Т. Ахметовтың «Жетім бала» күйі 30-шы жылдарда халық ақиықтарының репрессиялануын ашып көрсетеді. 80-ші жылдары күйшілер шығармашылығының тарихи парақтарында жаппай «елу сегіз» күйлері (бұл заңның бабына сәйкес миллиондаған совет адамдары репрессияланды) туады. Қазақтың музыкалық санасында Ұлы Отан соғысы елеулі орын алды. Ол Р. Елубаевтің «Жас қазағы» т. б. мысалдармен жалғастыруға болады. 1986 жылдың желтоқсанына соң жас сазгерлердің шығармашылығының дүмпуі, олардың дәстүрлі қыр, толғау, күй жанрына қалам тартуын, европалық аспаптармен қатар домбра, қобыз аспаптарына жазылған туындылар жан айқайы боп шыққан ұлттық музыкалық тілдің жаңғыруы деп білеміз [6].

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде. - Алматы. Қазақстан – XXI ғасыр. 1993.
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
3. Әдетов Б. «XIX – XX ғғ. дәстүрлі қазақ музыкасының зерттелуі» А., 1993ж.
4. Россия // Киргизский край / Под общей редакцией П. П. Семенова-Тяньшанского. Т. 8. Спб., 1903.
5. Әдетов Б. «Қазақтардың дәстүрлі музыка мәдениеті XX ғасырдың әлеуметтік ауқымында». 1990ж.
6. Аязбеков С. А. «Қазақтың музыкалық тілі - мемлекеттік мәселе» 1986-2000 жж.

Кенжетаева | Арай Әуелханқызы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2 курс магистранты  
Алматы қ., 8775-291-22-24, Arai-1234@mail.ru

## ОШЛАКОВ КОНСТАНТИН КИРИЛЛОВИЧ - МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНІҢ КЕМЕҢГЕРІ

**Түйін:** Бұл мақалада Қазақстандық музыка өнерінің шарықтауына зор үлес қосқан, тұңғыш орыстың баян(сырнай) аспабын енгізген, баян өнерінің кемеңгері - К. К. Ошлаковтың өзінен кейінгі жас ұрпаққа көлемі үлкен шығармашылық мұра қалдырғаны туралы баяндалады. К. К. Ошлаков бүкіл ғұмырын ұстаздыққа, сонымен қатар, шығармашылық өнеріне арнады. Ол керемет орындаушы, виртуоз, әдіскер, композитор, педагог, үйретуші, көптеген өңделген әндердің, методикалық оқу құралдарының, нұсқаулықтардың авторы. К. Ошлаков 4 томдық «Школа игры на баяне» әдістемелік оқу құралының авторы. Бұл оқу құралы қазақ халқының фольклорына, музыка мәдениетіне негізделген.

**Кілт сөздер:** баян өнерінің кемеңгері, шығармашылық мұра, виртуоз (асқан шебер орындаушы), майталман, құндылығы.

**Резюме:** В этой статье освещается творческий жизненный путь великого виртуоза-исполнителя К. К. Ошлакова, который открыл новую страницу в музыкальной культуре Казахстана - профессиональное баянное искусство, средствами которого неустанно пропагандировали шедевры казахской национальной музыки. Ему как педагогу и организатору казахстанское музыкальное образование обязано открытием первых в истории республики баянных классов, музыкальных факультетов, учебных пособий, организацией первых ансамблей и оркестров баянистов. Как методист Ошлаков известен своим новаторским подходом к музыкальному образованию, который основывался на практических принципах комплексного обучения игре на баяне.

**Ключевые слова:** виртуоз-исполнитель, баянное искусство, шедевры, новаторский подход, комплексное обучение, репертуарный материал, исчерпывающие ответы

**Summary:** This article highlights a creative way of life magnificent virtuoso performing musician K. K. Oshlakova, which opened a new page in the musical culture of Kazakhstan - professional bayan art, by means of which tirelessly promoted the masterpieces of Kazakh national music. He was a teacher and organizer of the Kazakh musical education is required to the opening of the first in the history of the republic bayan classes, musical faculties, teaching aids, the organization of the first ensembles of accordionists and orchestras.

**Key words:** virtuoso performer, bayan art, masterpieces, innovative, comprehensive training, repertoire material detailed answers

Сырнай аспабы қазақ халқында кең тараған музыкалық аспап. Сырнай аспабы қазақ жеріне орыстар арқылы келген. Орыс халқы бұл аспапты «гармонь» деп атайды. Гармонь (сырнай) аспабы қазақ, татар, украин халықтары арасына таралған, бірнеше ұлтқа ортақ музыкалық аспап. Қазақ халқы бұл аспапты «сырнай» деп атап келген. Он тоғызыншы ғасырдың соңында жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ сахарасында өмір сүріп, өнерімен атағы елге жайылған, сырнай аспабымен ән салып атағы шыққан Шөже, Шашубай, Нартай, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Естай Кенен, Майра, Дөнеш, Хафиза сынды сырнайдың әуезді үнін кезінде елге танытқан тарландардың есімі қазақ халқына белгілі.

Алғаш рет сырнай аспабын Қазақтың халық аспаптары оркестріне белгілі сазгер, музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов енгізген. Ахмет Жұбанов (1906-1968) — қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик. Қазақ жерінде қалыптасқан жүзден астам ұлттар арасындағы достық саясатының арқасында, бір халықтың мәдениеті екінші халықтың мәдениетіне пайдалы ықпалын тигізіп отырғанын Қазақстандық өнердің шарықтауына зор үлес қосқан баян-сырнай өнерінің кемеңгері, Константин Ошлаковтың шығармашылық

өмірінен байқауға болады. Ол өмірінде бақытсыз жағдайға ұшырап, көз жанарынан айырылып зағип болғанына қарамастан, қолына ұстаған баянымен орыс халқының музыкалы мұрасын жырлаумен қатар өзінің жерлес туысқан қазақ халқының ән-күйлерін де шерте білді. Ол қазақ халқының тілін, музыка мәдениетін өзінше игеріп, оны баян сырнай музыка аспабының тіліне, сарынына түсіріп, қазақ халқының музыка тіліне баулыған тұңғыш таратушылар қатарына жатады. К. Ошлаков өзінің аспабына бүкіл ғұмырын арнады. Оның қолындағы орыс аспабы жарқырай түсіп, қазақша шырқады. Бүкіл өмірін туысқан қазақ халқының музыкалы мәдениетіне жолдаған К. К. Ошлаковтың туылу шағы қазан төңкерісімен тұспа-тұс келеді. Ол 1916 жылы Шығыс Қазақстанда Зырянск қаласында қарапайым көпбалалы отбасында туылды. Константин жастайынан музыкаға әуес болғанымен, әкесі бір музыкалы аспап алып бере алмады. Сонда да ол тиіп-қашып жүріп музыкалы үйірмелерге қатысады. Ата-анасы баян сүйемелдеуімен ән айтатын, осының бәрі оған керемет әсер беретін. Константин Ошлаковтың балалық шағы қазақ балаларының арасында өтті. Қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнап, қазақ тілін жетік меңгеріп алды. Орыс ертегілерімен бірге қазақ ертегілерін, аңыздарын жақсы білді. Қазақ халқының салт-дәстүрін, мереке-мейрамдарымен де жақсы таныс

болды. Қазақ халқының мәдениетін терең білетін ол өзінің өнер шығармашылығында анық көрсете білді. 1933 жылы әскер қатарына алынып, әскери міндетін орындап, байланысшы оқуын оқып жүрген кезінде, оның өмірінде өкінішті жағдай орын алады. Байланыс сымын жалғап жатқанда электр үшқыны тиіп, қасындағы динамит жарылады. Соның зардабынан екі жанарынан айырылады. Томск госпиталына жеткізілгенімен, дәрігерлер көмек бере алмайды. Осылайша оның өмірі күрт өзгеріп, қараңғы қапаста қалады. Жастайынан музыканы жаны сүйген Константин, жарық сезімінен айырылып, қиын жағдайға тап болды.

Бір күні госпитальға Томск музыка училищесінің оқушылары мен мұғалімдері келіп концерт қояды. Оны естіп Константин қатты қобалжиды. Осы концерт берушілермен әңгіме үстінде көзі көрмейтін әнші, баяншы мұғалім Майковпен танысады. Бұл таныстық К. Ошлаковқа өмірлік жолын айқындап, жастайынан армандаған мақсатын ашып, бүкіл тағдырын өзгертіп жібереді. Себебі, Майковтың түсіндіруімен, К. Ошлаков Луи Брайлдың (зағиптарға арналған оқыту жүйесі) оқу системасымен таныса бастайды. Мақсаты алдынан табылғанына қатты қуанған Константин барлық күш – жігерін салып, аз уақыттың ішінде жаңа системаны игеріп алды. Госпитальдың басшылары Константинның талабын біліп, оны музыкалық училищеге үлкен күшпен орналастырады. 1934 жылы бір жылдық дайындық курсын жақсы аяқтаған Константин, 1935 жылы студент атанды. Оның педагогтары А. Рожков пен И. Дорофеев шәкірттерінің жетістігін мақтаныш етті. Музыкалық қабылдауы, қабілеті өте жоғары болды. 1939 жылы үлкен жанкешті еңбегінің арқасында училищені үздік аяқтады. Осы уақытта Красноярск қаласында өткен сайыстың жеңімпазы атанады. Одан кейін оны Абакан қаласындағы Хакасск радиосына жұмысқа шақырады. Осы радиода қызмет ете жүріп, бүкіл Сібірді аралайды. Ансамбльдер ұйымдастырып К. Ошлаковтың аты Қазақстанның барлық жеріне танымал болады.

1936 жылы К. Ошлаков студент кезінде Алматы қаласына келіп, радиодан өзінің өнерін көрсетіп, баян ойнайды. Сол ойын Алматы тыңдармандарының жадында жатталып, керемет әсер қалдырады. Осының нәтижесінде 1940 жылы оны Қазақстанның Мәдениет Министрлігінің шақыртуымен Алматы қаласының Қазақ радиокомитетіне қызметке алынады. Осы уақыттан бастап осы жерде оның табанды 20 жылдық еңбегі басталады.

Баянның әсем үнінен қазақтың ән-күйлерін радиодан есіткен Алматы музыка училищесінің директоры Құсманғалиев К. Ошлаковты мұғалімдік қызметке шақырып орналастырады. К. Ошлаковтың сол училищеге кірген күнінен бастап, өмірінің соңына дейін 45 жылдың ішінде оның тәрбиесінен жүздеген баяншылар шығыпты.

К. Ошлаковтың сүйемелдеуімен танымал әншілер: К. Байсеитова, Р. Джаманова, Абдулиндер әндерін орындайды. Онымен бірге композиторлар М. Тулебаев, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Л. Хамиди бірге жұмыс жасайды. Л. Хамиди, Б. Байқадамов пен К. Ошлаков арасында шығармашылық достық орнайды. Ол кезде Алматыда музыка техникумы болғанымен баян класы болмаған. Сонымен. 1941 жылы П. Чайковский атындағы музыкалық училище базасында республикалық ең алғашқы баян класын ашып, оқушылар қабылдайды. Кейін өз шәкірттерін жинап, баяншылар (сырнайшылар) ансамблі құрады. Соғыс уақытында алғашқы Қазақстандық баяншыларымен (сырнайшыларымен) оркестр ұйымдастырып, жаралы жауынгерлерге концерт береді. Осы уақытта өзінің ғылыми – әдістемелік зерттеу жұмысына кіріседі, ол еңбегін «Музыкалық аспаптарда ойнаудың кешенді оқытуы» деп атады. Ол еңбегі жоғары сұранысқа ие болып, қажетті құралға айналады.

Алматыға соғыста көз жанарынан айырылған жаралы жауынгерлер келе бастайды. К. Ошлаков олардың тағдырын өзгертуге күш салып, мамандық қана беріп қоймай, келешек өміріне азық береді, әрі қарай өмір сүруге бейімдейді. К. Ошлаков ұстаздық қызметпен қатар концерттік қызметін де бірге атқарады. Қазақстанның облыс, аудандарын түгел аралап, өз өнерін жұртшылыққа таныстырады. Оның репертуарында Л. Хамидидің «Қазақ вальсі», А. Жұбановтың «Тәжік биі», Е. Брусиловскийдің «Қазақ марші», М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсы, Құрманғазы, Ақан сері, Тәттімбет, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова сияқты ақын, домбырашылар шығармалары болды. 45 жылдан артық мұғалімдік тәжірибесін өзіндік етпей баян ойнаймын деген жастарға үйрету мақсатымен республикамызда баянға түрлі пьесалар мен ән-күйлерді өңдеп жинақтап және «баянды ойнау мектебі» атты төрт бөлімді екі оқу құралдарын шығарды. К. Ошлаков ұстаздық, концерттік әрі қоғамдық қызметтерді атқара жүріп, Алматының Мемлекеттік консерваториясын (1945 – 1950) жылдар ішінде бітіріп алады. Өнер иесі және шебер тәрбиеші К. Ошлаков жастарды тәрбиелеуде сатылау системасын пайдаланды. Ол Әміре Қашаубаев атындағы жас балалар музыкалық мектебінде де ұстаздық етті. Мектепті бітірген жас өнершілер училищеге, консерваторияға түсіп білімдерін жалғастырды. 1948 жылы музыкалы училище жанынан Н. Тілендиев, К. Жантілеуов болып ұлт аспаптар бөлімін ашып, қазақ жастарын музыкаға үйрете бастайды. Олардың музыкалық іргетасын қалап, баян мәдениетін дамытып, көркейтіп, насихаттау жұмыстарын жүргізді. Облыстардың мәдениет сарайларындағы ұйымдасқан алты айлық, бір жылдық баян үйрену курстарының бағдарламасын жасаған да Константин Ошлаков болды.

Ұстаз өнерінің шеңбері тек музыкалық мектепте, училищеде әрі институт деңгейінде қалып қоймай, бүкіл республикамызға танымал болды. Қазақтың музыкалы мәдениетін орыс мәдениетімен үндестіріп, одан әрі өркендету саласында оның өңдеген халық әндері, күйлері, үлкенді-кішілі шығармалары радио, теледидардың алтын қорында сақтаулы. К. Ошлаковтың шығармашылық еңбегін талдай отырып, оның ауқымдылығына таңдануға болады. 160 этюд, 300 ден аса өңдеу мен қазақ әндеріне, күйлеріне, билеріне жасаған аранжировкалары танымал. Оның музыкалық шығармалары, сюиталары, марштар мен әндері өзінің сазымен, композициялық құрылымымен таңдандырады. К. Ошлаков баян өнеріне бүкіл ғұмырын арнады. Маэстро қолындағы сырнай жаңа қырымен көрініп, қазақ жерінде қазақша шырқады. Қазақстан елінде 1940 жылы басталған баян (сырнай) өнерін К. Ошлаковсыз елестету мүмкін емес. Керемет майталман орындаушы, баян аспабында шебер ойнаушы, әдіскер, композитор, педагог, оқу процесін ұйымдастырушы, автор, профессор Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім К. Ошлаков Қазақстан өнеріне өзінің зор үлесін қосты. Осы еңбегін бағалай отырып А. Затаевич пен Е. Брусиловскийдің ізбасары деуге әбден болады. А. В. Затаевич Қазақстанда кәсіптік фортепиано өнерінің бастау алуына ықпал жасады, сонымен қатар, фортепиано мектебін қазақ халық сазымен толықтырды. Е. Г. Брусиловский қазақ операсының шыңына шықты. Қазақстанда хормен ән орындау және музыкалық драматургияның пайда болуына ықпал жасады. К. Ошлаков болса кәсіби баян өнерінің Қазақстан жерінде дамуына үлкен үлес қосып, оның өшпес әсем үнін тұңғыш таратушы ұлы ұстаз болды. Үш негіз: фортепиано, опера және баян мектебі, осылардың арқасында Қазақстан өнері даму алды. К. Ошлаковтың қазақ халқының әндері мен күйлеріне жасаған аранжировкалары тек Қазақстанда емес, Ресей Украина, Белоруссия, Әзірбайжан, Татарстан және шет елдерге де тарап, зор құрметке ие болды. Кеңес Одағының көптеген баяншылармен тығыз достық қарам-қатынаста болды, олар: Ю. Казаков, В. Галкин, А. Беляев, И. Паницкий - Ресей халық артистері, Н. Ризоль, И. Яшкевич-Украина халық артистері. Алғашқы мұғалімдік қызметі басталғалы бері тынбай еңбектеніп жүріп, қоры-

тынды шығарып отырды. 1953 жылы тұңғыш рет баян үшін өңделген «Қазақ әндері», 1958 жылы «Композиторлардың мектеп әндері» Кейінгі еңбегі 1959 жылы Қазақтың оқу-құрал баспасынан басылып шыққан К. Ошлаковтың «Школа игры на баяне» деп аталған 1-2 кластар үшін жазылған оқу құралының бірінші бөлімі болды. Бұл оқу құралында қазақтың, орыстың халық әндері әсем музыка тілімен шебер өңделген. 1960 жылдары К. Ошлаковтың осы оқу құралының екінші бөлімі де баспадан шықты. екінші бөлімін 3-4 кластарға арнады. 1970 жылдары үшінші, төртінші бөлімдері жарық көріп, өнерпаз жастардың ең қажетті оқулығына айналды. К. Ошлаковтың ұстаздық еңбек жолында көптеген шәкірттерді баулып, оларға керемет білім үйретті.

К. Ошлаков 1987 жылы 71 жасында инфарктан қайтыс болды. СССР Халық артисі, аса талантты баяншы Ю. Казаков К. Ошлаков пен оның отбасымен етене жақын араласатын, бұл жағдай оған қатты әсер етті. Ол сол кезде: «Қазақстанның музыка өнері ұлттық өнерді бәрінен жоғары қоятын талантты баяншы К. Ошлаковтай музыканттан айырылды» - деп жазды. Орыс азаматы қазақ халқының тілін үйреніп, қолындағы музыкалы аспабы - баянын қазақша сырлы әуенімен жырлатқан, сөйлеткен ұстаз Константин Кириллович Ошлаковтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Біздің өткен шағымызбен болашағымыздың одан нәр алып сусындары анық. Өмірінің соңына дейін баян өнеріндегі салып кеткен сара жолымен бүгінгі күні оның ізін жалғап ізбасарлары келеді, атын жаңғыртып өнерін дамытуда. Артында қалдырған кешенді методикалық оқулықтары таптырмас құралға айналды. Өз өнерін жанымен сүйіп, жұмысына тәнімен берілген нағыз ұстаз, елінің шынайы патриоты бола білді. Баян аспабын қазақ еліне сіңдіріп, ұлттық аспап етуіне көп еңбек етті. Еңбегі еш болмай, жалғасын тауып ұлттық нақышқа келтірілді. Қазақ мәдениетінде басқа да скрипка, гитара, фортепиано, домбыра, қобыз, шертер аспаптарымен қатар баян да ұлттық мәдениет өнерінде өз орнын тапты. Бұл жетістік баян өнерінің негізін қалаушы К. Ошлаковтың жетістігі. Келешек ұрпақ та баянның (сырнай) әсем үнін дәріптеп, одан әрі дамытып, көркейту жолында жемісті еңбек етері анық.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Аль-Фараби. Музыка туралы трактаттар Алматы «Ғылым», 1992 ж
2. Е. Простомолотов «С верой в каждого из нас» мақаласы., 1986 ж.
3. Е. Простомолотов «Мне повезло, у меня был учитель» мақаласы., 1992 ж.
4. Е. Простомолотов «Певец грядущего и уходящего» мақаласы., 2000ж.
5. Е. Простомолотов «Константин Ошлаков» кітабы., 2002 ж.
6. Ошлаков К. « Комплексный метод обучения игре на музыкальных . инструментах». Алма-Ата, 1980.
7. Простомолотов Е. «Играй, оркестр. » Алма-Ата: «Ғылым», 1992ж



**Макан Лаура Ерболатовна**

магистрант 2 курса Казахской Национальной Академии Искусств имени Т. К. Жургенова,  
г. Алматы, 8777 2185200, seksenbaeva-laur@mail.ru

## К ВОПРОСУ О СТИЛЯХ И ЖАНРАХ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНСКОГО БАЛЕТА

*Түйін.* Бұл мақалада Қазақстан хореографтарының классикалық және халық билерінің негізінде туындаған балет қойлымдарының жанрлық және стильдік ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен бірге Қазақстан балет өнерінің ұлттық ерекшеліктері сарпатталған.

*Түйін сөздер:* жанр, стиль, хореографиялық стиль, фольклорлық стиль, этнографиялық стиль, жыр, би.

*Резюме.* В данной статье проведен анализ жанровых и стилевых характеристик балетных постановок казахстанских хореографов, основанный на синтезе канонов классического балета и народного/народно-сценического танца.

Автором определяются национально – специфические характеристики современного балетного искусства Казахстана.

*Ключевые слова:* жанр, стиль, хореографический стиль, фольклорный стиль, этнографический стиль, поэма, танец.

*Summary.* The article aims at analyzing genre and style of ballet performances by Kazakhstani choreographers, which comprise features of classical and folk dances. The author makes an attempt to clarify specific national properties of the modern Kazakhstani ballet art.

*Tags:* genre, style, choreographic style, folk style, ethnographic style, poem, dance.

Казахстанское хореографическое искусство стремительно развивается и расширяет свой жанровый и стилистический диапазон. За годы независимости в республике были открыты: театр оперы и балета им. К. Байсеитовой, театр современного танца «Самрук», «Астана балет», «Астана опера», театр оперы и балета в городе Шымкент и многие другие.

Казахстанские хореографы, режиссеры, балетмейстеры развивают искусство балета, обогащая репертуар отечественных театров. Хореографы осваивают новые направления, стили и жанры в балетном искусстве, а так же продолжают свои творческие поиски в уже сформировавшихся направлениях и решают эстетические и идейно-художественные задачи. Однако насущной проблемой, по мнению искусствоведов, остается недостаточное обращение казахстанских балетмейстеров к национальной теме.

Как будет рассмотрено далее, национальная тематика может не только идентифицировать идейные и патриотические чувства художника балетмейстера, режиссера, хореографа, но и обогатить сферу именно балетного искусства, порождая новые жанры и стили на основе взаимообогащения классики и национального искусства. Рассмотрим более подробно стилевые и жанровые особенности балетных постановок, которые были созданы со значительным временным разрывом, разными по художественной манере балетмейстерами, но постановки, на наш взгляд, характеризующиеся единичными жанровыми и стилевыми признаками.

Жанр балетного спектакля обуславливает особый характер структуры балета, который включает в себя хореографический сценарий (сюжет), музыку и пластический стиль.

«Под хореографическим жанром традиционно понимается совокупность хореографических произведений, объединённых кругом затронутых тем и концепцией их воплощения». [1, 18]

Стиль в хореографии более изменчив и адаптивен к внешним условиям. Если под стилем понимается «совокупность признаков, характеризующих искусство определенного времени, направления или индивидуальную манеру» [2, 245], то стиль должен отражать нравственные, идейно-эстетические, философские и многие другие характеристики эпохи, эксплицировать индивидуальную манеру постановщика и исполнителя и соответствовать типу и форме хореографического мышления данного исторического отрезка времени.

Многие теоретики балета/искусствоведения уделяют большое внимание определению понятия хореографический стиль. Детальное описание данного понятия представлено в типологии хореографов Л. А. Блум, Л. Т. Чаплина, у искусствоведа, музыковеда, балетоведа В. В. Ванслова и др.

В настоящей статье под стилем мы рассматриваем индивидуальное музыкально-хореографическое мышление балетмейстера как представителя определенной национальной культуры.

Анализ балетных постановок разных лет дает основание утверждать о существовании выраженного стиля в хореографических постановках казахстанских балетмейстеров, который можно охарактеризовать как смешанный/синтезированный на основе канонов классического и фольклорно – этнографического стилей. Несмотря на индивидуальный почерк каждого автора, синтезированный стиль становится довольно узнаваемым и своеобразным. Балетные жанры широко представлены в репертуарах казахстанских театров. Так на про-

тяжении нескольких десятилетий на национальную тему были поставлены такие балетные спектакли как:

«Калкаман и Мамыр» муз. Великанова, балетм. Л. А. Жуков. 1938год

«Коктем» муз. Надирова, балетм. А. И. Черыгин. 1940год.

«Камбар и Назым» муз. Великанова, балетм. М. Ф. Моисеев. 1950год

«Дорогой дружбы» муз. Тлендиева, балетм. Д. Т. Абиоров. 1958год

«Легенда о белой птице» («Акканат») - муз. Г. Жубановой, балетм. Д. Т. Абиоров. 1966)

«Аксак кулан» - (муз. А. Серкебаева, балетм. М. Тлеубаев. 1976).

«Гакку - Клич лебедя» - (муз. А. Исаковой. балетм. Б. Аюханов. 1967г. первая постановка: 1985год. (последующая постановка) Молодой балет Алматы).

«Козы-Корпеш и Баян-Сулу» - (муз. Е. Брусиловского, балетм. Д. Т. Абиоров. 1972г. ).

«Алия»- (муз. М. Сагатова, балетм. Байдаралин. 1978).

«Фрески» (муз. Т. Мынбаев, балетм. З. Райбаев. 1981)

«Тамыр» (муз. К. Шильдебаев. балетм. Г. и Г. Габбасовы. 2004).

«Алкисса» (муз. Р. Салаватов. балетм. В. Гончаров. 2006). Театр им. К. Байсеитовой.

«Кыс киялы» (муз. Р. Салаватов. балетм. В. Гончаров. 2008). Театр им. К. Байсеитовой.

«Глеп и Сарыкыз» - (муз. А. Серкебаева, балетм. Марго Саппингтон (Германия) 2009.

#### **ГАТОБ им. Абая.**

«Байтерек» (муз. А. Бестыбаев. балетм. Д. Авдыш. 2010). Театр им. К. Байсеитовой.

«Алем» (муз. Б. Гафаров, балетм. Н. Дмитриевский (Россия), 2014г. Astana ballet.

«Жусан»(муз. С. Рахманинов, А. Пярта, К. Дженкинс, К. Шильдебаев, балетм, М. Авахри. 2014. Astana ballet).

«Жезтырнак»(балетм. Г. Адамова).

«Легенды Великой степи» ( музыка казахских композиторов., балетм. Г. Туткибаева).

«Каракоз»(муз. Г. Жубановой. балетм. Вакиль-Усманов(Австрия)2015. Астана-Опера.

Драматический балет, как правило, это сюжетный балет, представленный множеством разноплановых героев, что, несомненно, определяет богатство хореографических решений, как образа главного героя, так и кордебалета.

Поэма «Кыз-Жибек» - своеобразное литературное свидетельство родовых устоев казахов, устный памятник патриархальной старины. Первым балетмейстером, поставившим танцы для одноименной оперы, был А. А. Александров. В опере, а в дальнейшем и в балетном спектакле использовались казахские народные танцы: Шашу, Былкыл-

дак, так называемый танец птиц (гусей). Данные танцы – первые образцы профессиональных сценических казахских танцев. Немного позднее вышла новая редакция танца Былкылдак (авт. Д. Абиоров).

Спустя годы (1967г. ) к поэме «Кыз Жибек» обратился балетмейстер Б. Г. Аюханов. В его постановке увидел свет «Гакку» - двухактный драматический балет, созданный на основе данной лиро-эпической поэмы.

Жанр определил хореографическую лексику спектакля. Балетмейстер мастерски сочетает казахский народный и классический танец. Сохраняя каноны классического танца, автор благодаря использованию национальных элементов передает самобытность и национальный характер истории. Это чувство усиливается под воздействием симфонической музыки, которая так же является синтезом классической и народной музыки.

Но искусство прекрасно тем, что оно интерпретируется сквозь призму творца, сквозь призму времени. А. А. Александров, Д. Абиоров и Б. Г. Аюханов используют кюй великого народного композитора Таттимбета Былкылдак, сохраняют его семантику, но находят совершенно разные хореографические решения в тексте оперного и балетного спектаклей. Былкылдак это танец радости, веселья, жизнелюбия и светлой грусти о том, что в жизни все преходяще, неуловимо. Но если А. А. Александров видел этот танец исключительно как женскую партию, Д. Абиоров как женскую партию, но массовую(4 танцовщицы), Б. Г. Аюханов усилил это ощущение яркого эмоционального содержания, включив вместо одной женской партии массовый мужской и женский танец. Роль данного и других танцев в обоих спектаклях не сводится просто к зрелищному эстетическому явлению, они выполняют смыслообразующую и сюжетообразующую функции. Балет, несмотря на множество партий это единый текст, смена танцев или партий это начало нового повествования. Танец птиц исполняется в белых сценических костюмах. «Птицы» одновременно символизируют безмятежность, беззаботную жизнь юной Жибек, но они же и предвестницы трагедии в сцене гибели Толегена. Как балетмейстеру удастся передать два противоположных чувства через один и тот же объект? Смысловая нагруженность образов передается через язык пластики и поддерживается музыкальной линией.

Основной мотив поэмы – стремление Толегена, главного героя, к свободе, к любви. Поэтизируя эту черту Толегена, балетмейстер пользуется различными хореографическими приемами. В хореографической партии Толегена доминируют прыжки, символизирующие стремление к свободе и независимости. Эта идея гармонично воплощена и в музыке.

Образ Жибек, возлюбленной Толегена, не является стереотипным. В ней сочетается нежность

и твердость духа, скромность и благородство, терпимость и непреклонность. Адажио Жибек с Толегеном в первом акте спектакля раскрывает лиричность и романтичность образа Жибек. Однако, адажио Жибек и Бекежана показывает совершенно другую, противоположную грань образа героини. В этих сценах балетмейстеру удается передать враждебность Жибек по отношению к коварному Бекежану, непреклонность ее характера. Такой эффект достигается благодаря продуманной пластике и подбору музыкального материала.

Как отмечал один из первых национальных профессиональных балетмейстеров Д. Абилов, характеризуя индивидуальный стиль автора спектакля «в сочинении казахских танцев почерку хореографа Б. Аюханова свойственна изобретательность в комбинации и движении, лиричность, яркая танцевальность». [3, 81]

Проводя сравнительный анализ отметим, что в балете «Гакку» национальный колорит, соотношение элементов классического и народного танцев сбалансированы в равной степени, тогда как в нижеследующем балетном спектакле наблюдается сочетание классического и народного, но уже в другом соотношении, пластика народного танца не доминирует, она завуалирована, но присутствует и дирижирует общей хореографией. Но оба этих спектакля родственны по жанру и стилю.

В симфонической поэме «Фрески» повествуется история жизни древних скифов, населявших территорию Казахстана более тысячелетия назад. Сюжетную основу составляет поэма выдающегося современного поэта О. Сулейменова «Глиняная книга» в постановке З. Райбаева. По своему жанру спектакль является трагедией, в нем ярко выражена трагедийная драматургия. Через стремительное развертывание характеров героев, стремительную смену событий автору удается раскрыть масштабность и трагичность исторического момента «Балетмейстер избрал приём оживающих девяти фресок, из которых создается целостный спектакль. Приём оживающих картин достаточно разработан в мировой хореографии, особенно балетмейстерами, обладающими картинным мышлением. Для З. Райбаева этот приём послужил для воплощения мозаичного типа драматургии, где целое складывается из частного», [4, 19]

Спектакль имеет оригинальную концепцию: каждая фреска хореографически оформлена, каждая фреска – это часть общего повествования, сменяя одна другую, объединенные единой музыкальной темой они образуют своеобразный художественный дискурс.

Поэма «Глиняная книга» - это философское размышление поэта о народном духе, об осознании народом своего характера, роли в истории. Поэтом создан не историко-документальный опус, а реконструирован эмоционально – художественный

облик времени. Переложив содержание поэмы на язык пластики, балетмейстеру удалось не только не утратить изначальное эстетическое содержание, но и обогатить его с помощью нескольких семиотических систем: пластики, музыки, сценографии.

В целом спектакль построен на антитезах: герои противоположны в начале действия и в финальной сцене, пройдя испытание любовью, они перерождаются в героев сильных духом. Антитезой выступают религиозные устои и вероотступничество хана, любовь и воинский долг также противопоставлены друг другу. Все эти коллизии, присутствующие в поэме, балетмейстер решает, смело вводя в хореографический текст формы классического танца, спортивную пластику, акробатику, пантомиму и наконец, орнаментирует элементами народного танца. Простое сложение элементов, как известно не приводит к успеху, тем более в такой сложной и специфической форме человеческого общения как художественная коммуникация.

Балет – это не только зрительный ряд. Балет – это полиязычное явление, это сплав хореографии, музыки, сценографии. В данном спектакле синтезированность характерна не только для пластики, но и для музыкального текста, в котором сопряжены этномузыка и современная музыка. Национальный музыкальный жанр кюй органично вплетается в канву современной оркестровой музыки, метафорически соединяя прошлое с настоящим и будущим. Возможно, подобная гармония на первый взгляд несовместимых явлений есть залог сценического долголетия спектаклей.

Третья составляющая рассматриваемого балета – сценография, дополнившая экспрессивность спектакля и в некоторой степени определившая язык пластики. Как правило, в спектаклях подобного жанра сценографию создают художники-живописцы, но сценография «Фресок» создавалась художником-графиком Е. Сидоркиным. Тема каждой из девяти фресок была создана в скифском тератологическом стиле, ассоциативно и опосредовано возвращая к сюжетной и музыкальной теме. Три семиотические системы создали единую художественную систему спектакля.

Если выше рассмотренные спектакли объединить одним определением как жанры большой формы, то последующие можно назвать малыми формами. Как правило, они не основываются на литературных источниках, но доминантной является музыкальная составляющая. В данном случае под малыми формами следует понимать небольшие по временной протяженности хореографические композиции.

Очень близкой по своему художественному решению с предыдущими балетными спектаклями является хореографическая композиция «Ер -Туран» поставленная молодым хореографом А. Садыковой.

В основе хореографической постановки лежит текст поэтического произведения малой формы (песня Ер-туран, авт. Е. Хусаинов). Идея постановки состоит в художественном воспроизведении определенного исторического момента из жизни тюрков, творческое осмысление истории, быта тюрков.

Данную постановку можно отнести к героическому жанру. В основу сюжета положены сцены баталий, битв, сражения, которые были неотъемлемой частью жизни тюрков. Как и любая война, она сопровождается победами и потерями, утратами. Эта тема искусно решена в музыкальной теме, где происходит диалог домбры и кобыза. Партии домбры и кобыза определяют хореографическую лексику постановки. Динамичный звук домбры диктует ритмопластику постановки. Под звуки домбры создается образ всадников. Балетмейстер комбинирует движения казахского народного танца, такие как шабыс, жорга, тебинги, тизгин какпа, монкиме с элементами классического танца. Данный прием не нарушает восприятие зрителя, а придает действию динамичность и хореографическую красочность.

Когда вступает кобыз, происходит смена музыкальных тем и повествования, возникают новые образы, меняется характер повествования. Ритмичная музыка сменяется более спокойными и умеренными по темпу звуками кобыза, что позволяет балетмейстеру сменить характер хореографии. В соответствии с темпом музыки автор переходит на язык классического танца. Постановка продолжается мужским соло, построенным на больших прыжках (*tombe jette entournent*). На наш взгляд постановки молодого балетмейстера показали зрителю яркие и самобытные национальные образы, построенные на своеобразной пластике, гармоничном сплетении классического, народного и модерн танца. Пластическая лексика передала эмоциональную окраску народной казахской хореографии, танец передал воинственный дух, дух свободолюбия, независимости и гордости.

Хореографическая миниатюра Дала әуендері. (Звуки степи) в постановке А. Садыковой создана как лирическое бессюжетное танцевальное действие. В ней присутствуют характеристики классического, народного и свободного (модерн) танца. Своеобразие данного номера проявляется в рас-

пределении и в выполнении сочетания элементов. Техника ног представлена только классическими элементами (*Arabesque, pa de bouree...*), в то время как техника рук представлена в основном элементами народного танца. Одновременно в танце присутствуют признаки свободного (модерн) танца (позы). Особенностью элементов народного творчества является их образность, они воспроизводят этно реалии, которые легко считываются зрителем, так как они основаны на знакомых явлениях, традициях и образах. Например: движения кайнар (родник)...

По определению самого хореографа (А. Садыковой) стиль ее постановок можно условно назвать как «неоказахская хореография».

На основе проведенного обзора и анализа можно сделать попытку терминологически обозначить хореографический стиль казахстанских хореографов и балетмейстеров для определения тенденций в национальной хореографии.

Национальная самоидентификация в глобальном социо-культурном пространстве – эта неотъемлемая черта любой национальной культуры, которая отразилась и на эстетических взглядах казахстанских хореографов.

Типичным для творчества современных казахстанских хореографов становится обращение к эпическим жанрам, сюжетную основу которых составляют исторические события, народные легенды, сказания, предания.

Существуют также бессюжетные постановки, синтезирующие фольклорно-этнические и классические черты.

Большую роль в балетных спектаклях играет музыка. Музыкальную основу современных балетов, наряду с классическими, представляет широкий спектр современных стилизованных музыкальных произведений. Инструментальная аранжировка опирается на использование национальных инструментов. На основе сопряжения универсальных канонов танцевального искусства и национально-специфических, сочетания музыкальных жанров, современные жанры и стили хореографии не схоластически эксплуатируют культурный код, а используют как способ отражения этнической концептуальной картины мира.

#### Литература:

1. А. А. Меланьин. *Методы анализа танцевального движения. диссерт. М., 2010. – С. 18*
2. Н. Ю. Русова. *Терминологический словарь-тезаурус по литературоведению. Наука, 2004. – С. 245*
3. Д. Абиров. *История казахского танца. Алматы., 1997. – С. 81*
4. А. А. Садыкова. *Балетный спектакль «Фрески» и его роль в судьбах национальной хореографии Казахстана. Простор. <http://zhurnal-prostor.kz/assets/files/2010/2010-12/2010-12-17.pdf> – С. 19*



**Мәулетұлы Ардаби**

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты,

**Сабырова Алия**

өнертану ғылымының кандидаты

**ІЛЕ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КҮЙШІЛІК ӨНЕРІ**

***Түйін.** Бұл мақалада Іле күйшілік аймағының өзіндік көркем тілі және орындаушылық ерекшеліктері сипатталады. Күй өнерінің орындаушылары мен сазгерлерінің күйшілік шеберліктеріне талдау жасалды.*

***Резюме.** В этой статье описаны особенности исполнения и личный художественный язык искусства исполнения кюй Илийского края.*

*Разбор исполнительского мастерства исполнителей и композиторов в сфере кюй искусства.*

***Summary.** This article describes the features and performance of a personal artistic language arts of performance kuy of Ili region. Analysis of performing arts of performers and composers in the field of art kuy*

Күй - халқымызбен бірге жасасып, атадан балаға жеткен, ең киелі де, қастерлі, қасиетті өнер. Күй өнері қазақтың кең байтақ даласында мейілінше дамып өркендеді.

Алтайдан Атырауға дейінгі кең байтақ қазақ даласында күйшілік өнер өңірлік және орындаушылық ерекшелігіне сай бірнеше орындаушылық мектептерге бөлінді. Әр өңірдің өзіндік ерекшелігі бар.

Атап айтсақ: Шығыс Қазақстан, Жетісу, Арқа, Қаратау, Сыр бойы, Батыс Қазақстан, Маңғыстау күйшілік мектептері қатарлы жеті үлкен орындаушылық мектеп болып қалыптасты/1/. Осы орындаушылық мектептің ішінде Шығыс Қазақстан күйшілік мектебінің тамыры тереңнен бастау алып, аймақтық жағынан кең ауқымды болып дамыды.

Бұл орындаушылық мектептің үлкен бір тармағы - Қытай Халық Республикасының Шыңжаң ұйғыр автономиялы районындағы қазақтардың (өлке деп түсінген дұрыс) күйшілік мектебі/2/.

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң ұйғыр автономиялық районуна қарасты Іле қазақ автономиялық облысының Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарында Санжы, Бұратала облыстарында, Құмыл аймағында, Гансу өлкесінде, Күйтүн, Шыхызы, Үрімжі қалаларында өмір сүріп жатқан екі миллионнан астам қандастарымыз бар. [1, 265-296 бб].

Қазіргі кезде қазақтың домбырашылық өнерінде "төкпе" және "шертпе" күйшілік дәстүр - даму кезеңі жағынан аймаққа тән орындаушылық, композициялық, аспаптық даму жүйелерімен ерекшеленеді [2,84-85бб]. Батыс Қазақстанның күйшілік өнері көптеген ғылыми еңбектерде зерттелсе, шертпе күй туралы тек соңғы кезде ғана дәйекті тұжырымдар жазыла бастады. Әйтсе де, шертпе күй мектептерінің орындаушылық ерекшеліктері оның ішінде, әсіресе ҚХР Шыңжаң өлкесіндегі қазақтарда сақталған күй мұралары қазіргі кезде толық зерттелген жоқ.


Осы орайда, өңірдегі күй мұраларымыздың бізге белгілі Байжігіт, Тәттімбет, т.б. күйшілік

өнер иелерінде сақталған аймақтық және орындаушылық ерекшеліктерімен ортақ немесе өзіндік қолтаңбаларын айтуға болады. Қытайдағы қазақтардың күйшілік өнері туралы толық зеттеулер ғана емес, жалпы осы өңірдің күйшілік дәстүрлері туралы материалдардың өзі бүгінгі күнге дейін мардымсыз болды.

Қытай жеріндегі қазақтардың этникалық қоныстану жағдайы яғни, Ұлы жүз қазақтары (негізінен албан мен суан) Жетісу өңірі мен Шыңжаңның Іле өңірінде қоныстанған. Орта жүз қазақтары (наймандар, абақ керейлер) қазіргі Қытай территориясындағы Алтайдың Жеменей, Сауыр өңірінде қоныстанған. Ал наймандар мен уақтардың біразы Тарбағатай өңірі атап айтқанда, бүгінде Қытайдың Іле өңірінде жасап отырған іргелі Қызай тайпасы [1, 265-296 бб]. Осы аймақта рулы ел болып қоныстанған қазақтың рухани мәдениеті оның ішінде күйшілік өнері әр аймақтағы рулардың салт-дәстүрімен біте қайнасып дамыды.

Іле аймағы, жері жағынан Қазақстанның Жетісу аймағымен шекаралас жаз жауыны мол, қысы жылы құнарлы аймақ. Қорғас, Шапшал, Күнес, Тоғызтарау, Текес, Нылқы, Құлжа аудандары қатарлы сегіз аудан бір қаладан құралған, орталығы-Құлжа қаласы. Осы сегіз аудан бір қалада ханзулар (қытай), қырғыздар, ұйғырлар, моңғолдармен қоса қазақтар жиі қоныстанған. Негізінен, Найманның Қызай тайпасынан басқа бір ауыл қоңыраттар, Албан-Суан рулары өмір сүреді. Бұндағы қазақтардың тірішілік көзі- негізінен көшпелі мал шаруашылығы және жартылай отырықшы егін шаруашылығы. Іле аймағы күйшілік мектебі арыда Қоңқай, Қожекелерден басталып, төменгі кестедегі мұрагер күйшілер арқылы қаймағын бұзбай бізге жетті. (Ол туралы кесте келесі бетте көрсетілді)

